



**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТАРИХИ
ТОПОНИМДЕРІНІҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ, ТАНЫМДЫҚ
ЖӘНЕ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ**

ұжымдық монография

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТАРИХИ
ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ,
ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ
СИПАТЫ**

ұжымдық монография

Астана, 2023

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

У 49

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған ұжымдық монография ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» жобасы аясында әзірленді

Жауапты редакторы Кенжалин Қ.К.

Пікір жазғандар:

Жұмағұл С.Б., филология ғылымдарының докторы, профессор
Қартаева А.М., филология ғылымдарының докторы, профессор

Кенжалин Қ.К., Данияр Ә.А., Байбосын Ә.М., Ахмет А.Н.,
Набиолла Н. Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерінің
лингвистикалық, танымдық және этимологиялық сипаты.
Ұжымдық монография. – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023.
– 335 бет.

ISBN 978-601-337-951-7

Ұлы Жібек жолы бүгінге дейін түрлі сала мамандарының қызығушылығын тудырып, өзіне назар аударған тақырып. Монографияда Ұлы Жібек жолының тарихи топонимдері лингвистикалық, танымдық және этимологиялық тұрғыдан сөз болады. Ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, пәнаралық байланыс негізінде кешенді талдаулар жасалады. Топонимдер ұлы даланы игеру тетігі, халықтың табиғаттану әрі шығармашылық ізденістерінің нәтижесі ретінде қаралады. Монография гуманитарлық және тіл, әдебиет, тарих және мәдениеттану саласындағы зерттеушілерге бағытталған.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1-тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қытай аумағы топонимдерінің танымдық сипаты	7
2-тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстан аумағындағы топонимдерінің танымдық- этимологиялық сипаты	82
2.1. Жетісу бойындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	82
2.2. Еділ-Жайық бойындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	127
2.3. Сыр бойындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	136
3-тарау. Ұлы Жібек жолының Орталық Азиядағы сілемі	196
3.1. Өзбекстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	205
3.2. Қырғызстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	217
3.3. Түркіменстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	218
3.3. Тәжікстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	222
4-тарау. Иран аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	229
5-тарау. Түркия аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері	253
Қорытынды	312

Кіріспе

Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы ең елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасыр дәуірінде сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ үзігі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті. Ол әлемнің әртүрлі бөліктері арасындағы мәдени, экономикалық және технологиялық алмасуда шешуші рөлде болды.

Ұлы жол мәдениеттер алмасуына, өркениеттің дамуына жол ашты, алайда бір мәдениеттің екіншісін құлдыратуына ықпал еткен жоқ, еркін экономикалық айналым өз ырғағымен жүріп жатты. Бұл қалып бүгінгі жаһандану заманы үшін де аса маңызды, сондықтан оның тиімді тұстарын бүгінгі күннің қажетіне жарату, бүгінгі уақыт талаптарына сай жаңғырту – қажеттілік. Бұл мәселе түрлі сала мамандарының назарынан тыс қалған жоқ, Батыс пен Шығыс елдерінің ғалымдары Ұлы жол туралы біршама зерттеу еңбектері мен ойларын жариялады.

Қазіргі уақытта аймақ мәдени және туристік орталық ретінде өзінің маңыздылығын сақтауды жалғастыруда, әлемнің түкпір-түкпірінен зерттеушілер мен саяхатшыларды тартады.

Ұлы Жібек жолының басталуы Ежелгі Қытайдың Чжанцзян қаласында (қазіргі атауы – Ксиань) болған. Ксиань Қытайдың ең көне астаналарының бірі болып, батыс аймақтарға барар жолда маңызды стратегиялық жағдайға ие болды.

Орта Азиядағы Жібек жолы қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Солтүстік Ауғанстанның бір бөлігі арқылы өтті. Бұл бағыт көптеген ежелгі қалалар мен сауда нүктелерін қамтыды. Орта Азиядағы Жібек

жолының топонимикасы маңызды сауда және мәдени жолдың қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқарды.

Тіл білімінде топонимдердің лексика-семантикалық мәнін айқындау, этнографиялық сипатын саралау, оларды этимологиялық жақтан талдау қашан да ерекше маңызға ие. Жалқы есімдерді семантикалық қырынан ғана емес, оларды ұлт дүниетанымымен, салт-санасымен, мәдениетімен, ғасырлар бойғы тарихымен байланыста қарау тілдің танымдық қызметінің зор екендігін көрсетеді.

Жібек жолы бойындағы топонимия өзінің тарихилығымен және көне өркениет бойындағы мәдениеттердің халық өміріне әкелген жаңалығымен қызықты. Тілдің ономастикалық кеңістігінде топонимдердің жіктелуіне қатысты әртүрлі тәсілдер мен көзқарастар бар, олардың жүйеленуі лингвистикалық, танымдық, этимологиялық сипатта зерттелуі маңызды. Себебі ежелден бастау алатын Ұлы Жібек жолы топонимдері аймақтың тарихи өткенінің сенімді дәлелі болып табылады, этникалық және мәдени қабаттардың өзгеруін көрсетеді.

Ұлы Жібек жолының бойындағы аумақтар тарихи, мәдени және тілдік аспектілерімен тығыз байланысты.

Лингвистикалық аспект: географиялық ерекшеліктердің атаулары дәуірдің тілі мен мәдениеті туралы көп дүниені аша алады. Мәселен, олар аймақтар арасындағы тілдік ұқсастықтарды немесе айырмашылықтарды, сондай-ақ мәдени топтардың орын атауларына әсерін көрсете алады.

Танымдық аспект: топонимдерді талдау Жібек жолы бойында болған тарихи оқиғаларды, сауда байланыстарын және мәдени байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Олар уақыттың өзіндік іздері болып табылады және әлеуметтік-мәдени ортаның ерекшеліктерін көрсетеді.

Этимологиялық аспект: топонимдердің этимологиясын талдау олардың шығу тегі мен тарихи шығу тегін анықтауға көмектеседі. Көптеген атаулардың тамыры ежелгі тілдерде және ежелгі мәдениеттерде болуы мүмкін, бұл бұл жерлердің ежелгі және маңыздылығын көрсетеді.

Жібек жолы бойындағы топонимдердің танымдық, этимологиялық және лингвистикалық ерекшеліктерін анықтау арнайы зерттеп-зерделеуді талап етеді. Себебі Ұлы Жібек жолының бойында бабалардың табанының ізі қалды, өркениет көшінен алғаны мен бергені туралы көп ақпараттар жатыр. Ұлы бабаларымыз Еуропа мен Азияның ортасындағы ұлы даланы мекен ете отырып, бұл өлкедегі геосаяси жағдайдың тұрақтылығы үшін үлкен қызмет етті.

Ұлы жолдың өркениет көшінің жолы ретінде қалыптасуы мен ұзақ уақыттар бойы өмір сүруіне ықпал етті, осылайша тарихтағы өз миссиясын адал атқарды деп толық сеніммен айтуға болады. Зерттеу жұмысы осы Жібек жолының бойындағы тарихи топонимдердің этимологиялық, лингвистикалық және танымдық тұрғыдан зерделеуге арналды, монографияда хронология, тілдік сипаты мен талданатын жер атауларының ауқымы келтірілді. Жібек жолының Қытай, Орта Азия елдері, Қазақстан, Иран, Түркия елдеріне тән топонимдер таңдалып, олардың этимологиялық талдауы жүргізілді. Себебі топонимдер – ұлы даланың географиялық бағдарын айқындау мен табиғатты тану туралы бабалар қолымен жазылған хат іспетті.

1-ТАРАУ. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ АУМАҒЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Қазіргі айтып жүрген «Жібек жолы» бірден пайда бола қалған жоқ. Ең әуелі сол кезеңдегі (сақ, ғұн, үйсін, түрік кезеңдеріндегі) сауда керуен жолының жүлгесі негізінде барлыққа келген. Олай дейтініміз «Түрік» атауын иеленген халықтардың ежелден келе жатқан даңықты тарихы бар екені белгілі. Оның алып жатқан территориясы Монғолия, Қытайдың солтүстік шекарасынан Қара теңізге дейін созылып жатқан үлкен аумақты қамтып жатқан. Ертеде көршілес халықтар болғандықтан олар Қытайдың орта жазығынан өздеріне қажетті тұрмыстық бұйымдарға әртүрлі аңдардың терісі, алтын, күмістерді айырбасқа салған, кейін келе төрт түлік мал да сауда айналымына түскен. Көбінде жылқы түлігі зат айырбастаудың тиімді құралына айналған. Алып жүруге, айдап баруға қолайлы болғандықтан жылқы саудасы барынша жанданған.

Біз айтып жүрген «Жібек жолы» бертінде неміс ғалымы, географ Фердинанд фон Рихтгофеннің атауы негізінде ғылыми айналымға енген. Ол өзінің 1877 жылы жарық көрген «Қытай» деген кітабында «Біздің заманымызға дейінгі 114 жылдан біздің заманымыздың 127 жылға дейін Қытай мен Орта Азия, Қытай мен Үндістан жібек саудасын жасады. Оны «Батыс аймақтардағы алғашқы көлік жолы» деп сипаттады. Онда «Жібек жолы» атауын қолданды. Бұл термин академиялық қоғамдастық пен жұртшылық тарапынан тез қабылданып, ресми түрде қолданысқа енді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында кейбір батыс зерттеушілері Шыңжаңда, Ганьсуда және басқа жерлерде зерттеулер жүргізіп, ежелгі Қытайдың Азия, Африка және Еуропамен сауда алмасуының нәтижесінде ие болған

көптеген жәдігерлерін тауып, «Жібек жолы» атауын кеңінен қолданды. Бұл «Жібек жолы» түсінігін одан әрі кеңейтіп қана қоймайды, адамдардың жүрегінен орын алған, сонымен бірге оның кеңістігі мен уақытын одан әрі кеңейтеді. Осылайша «Жібек жолы» Қытайдан басталып, Азияны басып өтіп, одан әрі Африка мен Еуропаны байланыстыратын құрлық артерияларының жалпы атауы болды.

Жібек жолының ашылуы ежелгі географиялық зерттеулерге ықпал етті. Ежелгі Жібек жолы бірте-бірте кеңейіп, оны саудагерлер, зерттеушілер мен саяхатшылар басып өткен сайын жақсара түсті. Марко Поло мен Чжан Цянь сияқты атақты саяхатшылар мен географтар Жібек жолы арқылы құрлықтарды аралап, әлемге кеңірек географиялық ландшафтты көрсетті.

Ежелгі Жібек жолының маңыздылығы мен ықпалын елемуге болмайды. Бұл тауар айналымының арнасы ғана емес, сонымен қатар мәдениет, технология және идеялар алмасудың алтын көпірі болды. Қытайда тапқырланған дейтін төрт ірі тапқырлығының әлемге кең таралуына жол ашты. Жібек жолының ашылуы мен дамуы Шығыс пен Батыс арасындағы экономикалық, мәдени өркендеуге, ғылыми-техникалық дамуға және географиялық барлауға ықпал етті. Дәл ежелгі Жібек жолының болуына байланысты Шығыс пен Батыс арасындағы тауар алмасулар сол кезде бүкіл ежелгі дүниенің дамуына әсер етіп, жаңа тарихи кезеңге аяқ басты.

Бұл жол қазіргі Қазақстанның Талас, Шу, Іле, Сырдария алабынан өткені белгілі. Осы бағыт еліміздегі негізгі сауда жолының бірі саналады. Алайда оның тармақтары Қазақстанның әр өңірінде тарамдалып жатқаны белгілі. Осы сауда жолының біздің жыл санауымыздан бұрынғы II ғасырдан бері қарай бар екенін ғалымдарымыз дәлелдеп жазды. Арысы сақтан тартып, бүгінгі қазақ даласы сол жолдың негізінде сауда жүргізіп келгені түсінікті. Бұл жерде тек Қытайдан ғана басқа елдерге жібек таралды, сондықтан жібек жолы қалыптасты деген түсінік болмауы керек. Сол жолмен Еуропа мен Азиядағы халықтардың бір-бірімен тауар алмасып, сауда жасағаны анық. Оның мысалы

ретінде Қазақстандағы сақ қорғандарынан шығып жатқан әр елдің өндірген бұйымдарының көптеп кездесуі соны айқаптаса керек. Бұл жолдың тек сауда ғана емес, өнердің, әртүрі мен дәстүрлі діндердің таралуына да айрықша әсері болғаны байқалады. Сол тармақталған сауда бағыттары Қытайда құрлық және су жолы арқылы үлкен сауда тізбегінің пайда болуына әкелді. Жібек жолы қытайда «Құрлық жібек жолы» және «Су жібек жолы» деп екі екі бағытта аталады. Қытайдағы ежелгі теңіз Жібек жолы әлемдегі ең алғашқы мұхит сауда жолдарының бірі болды. Екі мың жылға жуық ұзақ уақыттан кейін ол Қытайды Оңтүстік-Шығыс Азиямен, Үндістанмен, Таяу Шығыспен, Африкамен және басқа да аймақтармен байланыстырып қана қоймай, сонымен қатар ол Шығыс пен Батыс арасындағы сауда алмасу үшін маңызды көпір саналды. Оның тарихи құндылығы негізінен келесі аспектілерде көрінеді:

Ерте кезеңдегі сауда мен шаруашылықтың дамуына ықпал етті. Ежелгі теңіз Жібек жолы әртүрлі аймақтар мен мәдениеттер арасындағы экономикалық және сауда алмасуды байланыстырып, әртүрлі аймақтардың экономикалық және мәдени өркендеуіне ықпал етті.

Қытай мен шет елдер арасындағы мәдени алмасулар мен барыс-келіс қарым-қатынастарды жеделдетті. Ежелгі теңіз Жібек жолы Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің алмасуы мен интеграциясына мүмкіндік берді және адамзат мәдениетінің дамуына маңызды үлес қосты. Сонымен қатар, Жібек жолы бойындағы елдер мәдени алмасуларды нығайтып, адамзат өркениетінің алға жылжуына ықпал етті. Ежелгі Қытайдың халықаралық ықпалын күшейтті. Қытай көне заманда Шығыстағы үлкен мемлекет ретінде сыртқы әлемге кең жол ашып, айырбас пен ынтымақтастықта болып, Қытайдың халықаралық ықпалы мен мәртебесін арттырып, Қытайдың дамуы мен мәдени экспортына маңызды үлес қосты. Ежелгі теңіз Жібек жолы аясында елдер арасындағы мәдени алмасулар адамзат өркениетінің алға жылжуы мен дамуына ықпал етті. Жинақтай келгенде, ежелгі теңіз Жібек жолының тарихи және

мәдени құндылығын елемеуге болмайды, ол әлемдік тарих пен мәдениеттің дамуына маңызды үлес қосты, сонымен қатар бүгінгі әлем үшін маңызды тарихи және мәдени мұра болды. Көне теңіз Жібек жолы әлемдік мәдени-тарихи дамудың маңызды бөлігі болып табылады және оның тарихи-мәдени құндылығын үздіксіз зерттеп, жалғастыруды қажет етеді.

Бұл күндері Қытайдың құрлық жолын, яғни, Жібек жолын жандандыруға айрықша мүдделі болып отырғандығының саяси да, тарихи да себебі болып отырғаны анық. Сауда жолының ұлы құрлықтарды тұтастыратын бөлігі қазіргі кезеңде «Жібек жолы» атауын жаңғыртып, жаңадан бастағаны білінеді.

Ерте заманның ең бай, мәдениетті жері Жер Орта теңізі мен Азия және Африканың Ніл, Тигр, Эфрат, Гангы, Үнді, Тарым, Аму, Сыр, Хуаңхы (Сары өзен), Шаң Жияң (Ұзын өзен) өзендерінің жағасы болған. Шығыс пен батыстың Қытай, Үндістан, Грек, Рим арасындағы сауда жолы көбінесе Орта Азия арқылы жүретін керуен сауда жолы болған. Осы Орта Азия арқылы өтетін үш сауда жолы бар:

Біріншісі: Персия, Күншығыс Бұқар арқылы (Бадақшан мен Памир) Қашқар, Күшар, Тұрпан, Құмыл арқылы Қытайға өтетін жол;

Екіншісі: Персиядан Ферғана, одан ары тау асулары арқылы Қашқарға, одан Қытайға өтетін жол. Бұл «Жібек жолы» деп аталатын, Өйткені Қытайдың жібегін тиеген керуендер осы жолмен жүретін;

Үшіншісі: Персия, Самархан, Ташкен арқылы Жетісуға қарай өтіп, осы күнгі Шыңжаңның терістігіне барып (Жоңғар қақпасы) арқылы Қытайға шығатын жол. Бұл жол «соғыс» немесе «көш жолы» деп аталушы еді. Себебі көшпенді халықтар осы жолмен көшкен;

Төртіншісі: Орта Азия арқылы Үндістанға (Аму дариясындағы Термізге, одан Амуды басып Кабулға, Одан Индияға), ал, Амудың төменгі ағысындағы Хорезм арқылы Еділге қарай Ресейге өтетін жол болған. Көшпелі халықтар барлық дүниеге осы сауда жолын жабдықтап тұрған (Мыңжанұлы, 2011:

Төменде біз Қытайдағы сауда керуен жолының таралуы мен ондағы елдімекендердің атауларына қысқаша тоқталып, бүгінгі күнге жеткен, болмаса кейбір тілдік өзгеріске түскен топонимдер туралы мәлімет беруге қадам жасаймыз. Бұнда негізінен елімізбен шегаралас, Жібек жолының ауқымды бөлігін қамтып жатқан, бұл күндері Қытай территориясы саналатын Шыңжаң өлкесінің аймақ, аудандары мен тау-тастарының пайда болуынан хабар беретін топонимдерге қысқаша тоқталып, солар туралы айтылатын аңыздар мен әпсаналарға шолу жасаймыз. Бұнда негізінен Іле Қазақ автономиялы облысына қарайтын, Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтары аумағына орналасқан аудандардағы, ауылдық елдімекендердегі, сондай-ақ, Санжы облысына қарайтын Мори қазақ автономиялы ауданы мен Құмыл аймағына қарайтын Баркөл Қазақ автономиялы ауданындағы топонимдерге барлау жасайтын боламыз.

Қазіргі Қытайдағы Ішкі Монғол, Хыби, Шанси, Ниңша, Гансу, Шыңжаң қатарлы өңірлер ерте кезде алтай тілдес, соның ішінде түркі-монғол тілдес халықтардың тарихи атамекені болған. Оны сол кезеңнің тарихи құжаттары көрсетіп отыр. Бүгінгі күндері ашылған сол тарихи, археологиялық материалдар, еуразия құрлығында сақ, ғұн, үйсін, түркілердің тарихи дүниелері, құнды ескерткіштері сақталғанын айғақтайды. Сонда жасаған халықтардың мол рухани мұрасы сол елде, сол жерде қалыптасып дамыды. Сол өңірлерде өмір сүрген түркі тектес тайпалар бірігіп үлкен елге айналған. Оның дәлелі күні бүгінге дейін сол жерлерде сақталған бұғытастар, сақ пен үйсіндердің ескерткіштері, ғұндардың мәдени жәдігерлері көптеп табылғандығында. Сондай-ақ Қытайдың ежелгі астанасы Чаң-Ан, қазіргі Ши-әннің солтүстік іргесінен (Шаньси провинциясында) табылған Аньцзиян моласы мен Шэньсидің орталығы Тайюань қаласының іргесінен табылған Юйхунның моласы да сол өңірдің түріктердің атамекені болғандығын көрсетіп отыр. Шыңжаң жеріндегі есепке алынып, тексеріліп-зерттелген көне түрік тас мүсіндердің ұзын саны 186-ға жеткен.

Тіпті ондағы ежелгі қалалардың да орыны көрсетілген. Олардың қатарында Алмалық қаласы, Бесбалық қаласы, Чамбалық қаласы, т.б. атауға болады (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректері, 2005. Т.2: 43-45).


Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы қазірге дейін Шыңжаң көлемінде 279 дана сынтасты тізімдікке алып, оны 17 түрге бөлген. Оның 125 данасы Алтай өңірінен табылған. Олар негізінен Алтай тауының шығысы мен батысында және Сауыр тауының оңтүстік, солтүстігіне орналасқан. (Көбенұлы, 2012: 30). Ондағы тарихи жәдігерлерді сынтастар, балбалдар, құлыптастар және бұғытастар деп төрт топқа бөліп қарастырған. Осы тарихи ескерткіштердің барлығы да сақ, ғұн, түркі дәуірлерінің көзіндей бүгінгі күнге жеткен құнды мұралар.

Шыңжаң тарихында Қытайда билік жүргізген Чин, Хан патшалықтары тұсында «Тияншанның солтүстік баурайында, ұлы Жібек жолының бойында, Тұрпан ойпатында көптеген «Қала бектігі» болған. Чаң Аннан, онан кейін Лояң қалаларынан басталған бұл сауда керуен жолының бойында көптеген қала бекіністері болған. Солардың бірі – қазіргі Баркөл ауданы. Онда да өткеннің мұрасы, тарихи құнды жәдігерлер сақталған. Баркөл жері кезінде қытайлар мен түркілердің тоғысатын, сауда жасап, алым-берім жасайтын бекінісіне (қалаға) айналған. Кейінгі XVIII ғасырда да ол қазақ хандығы мен Қытайлардың сауда жасайтын, зат ауыстыратын орыны болған. Баркөл 2800-3100 жылдық тарихқа ие байырғы аудандардың бірі болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 138-114 жылдары батыс өңірдегі 36 бектіктің бірі болған. Тұрғындарының көбі мал шаруашылығымен айналысқан. Баркөл географиялық жағынан өте тиімді болған. Біріншіден, Баркөл өте маңызды әскери әкімшілік район. Екіншіден, Баркөлдің әкімшілік орыны өте жоғары болған. Үшіншіден, Баркөл Шыңжаңның сауда істерінде маңызды орын саналған. Төртіншіден, Баркөл мал шаруашылық бектігі болған. Баркөл жылқысының ежелден бері орыны бар. (Баркөл ауданының өлең-жырлары, 1994: 6-7). Сондықтан да осы өңірде Сақ, Ғұн, Үйсін, Түрік қағанатына байланысты тарихи

ескерткіштердің көп табылуы заңдылық. Жібек жолындағы әйгілі қалалар тізбегі Қытай мен қатар еліміздің бірқатар елдімекендерінде де орналасқан. Оған Жетісудағы қалалар, Тараз бен Шымкент қалалары маңында сақталған көне қалалардың орыны дәлел. Бірнеше ғасырға жалғасқан Жібек жолы саудасы қалалар мен тұрақты елдімекендердің, бекіністер мен бекеттердің қалыптасуына негіз болған.

«Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресінде» Үйсін елінің астанасы «Шығу» қаласы жөнінде де деректер жазылған. Бұл қаланың орыны қай жер екені күні-бүгінге дейін белгісіз. ...Археологтардың зерттеуіне қарағанда сол кездегі астананың орыны Іле аңғарында, тіпті анығырақ айтқанда Іленің бір тармағы Текес аңғарында десек орынды. Қытай археологтары Мұңғұлкүре ауданына қарасты Шаты көне қаласының орынын бір кезде «Шығу» (Үйсін елінің астанасы) қаласы болуы мүмкін деп болжам жасайды. Бұл әрине тереңдете зерттеуге қажетті мәселе (Мырзаханұлы, 1992: 37-38).

Ұлы жібек жолы саудасы Қытайда бірнеше бағытта қатарынан іске асқан. Соның бір тармағы Чаң-Аннан басталып, Хыши каридоры арқылы Қытайға қарайтын Ішкі Моңғол автономиялы өлкесі арқылы, қазіргі сыртқы Моңғол, Моңғолия бағытына кеткен. Ал, Тарым ойпатын басып өтетін тармақтары – Шыңжаң арқылы Орта Азия елдерінен өтіп, Еуропа құрлығына тұтасқан. Бұл өңірлерде кезінде ғұндар мен түркілер



1-сурет. Сақтардың немесе үйсіндердің аып обасы. Б.з.д. V-II ғғ.ҚХР, ШҰАР, Іле Қазақ автономиялы облысы, Моңғолкүре ауданы, Шаты жайлауы (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері, 2005: 1.24-сурет)

мекен еткені тарихи кітаптарда тайға таңба басқандай анық берілген. Жібек жолы құрлық сауда жолының Орта Азия арқылы өтуінің бір себебі – сол кезеңде Түрік қағанаты күшейген ел болғандықтан, сауда-саттық жұмысының қауіпсіздігіне кепіл болғаны белгілі. Осы өңірлерде сол дәуірден жалғасып келе жатқан кейбір жер-су атауларының бұрынғы атауларымен емес, бүгінгі күні Қытай тілінде аталып (өзі аталуы бойынша емес) келе жатқанын байқаймыз. Әрине, сақтар мен ғұндар, түркілер дәуірінде қалыптасқан жер-су атаулары, онан кейін тарих сахнасына шыққан монғол кезеңінде де біраз өзгеріске түскені анық, алайда кейбір жер-су атаулары күні-бүгінге дейін өз жалғасын тапқан. Бұрындары қалай аталса, тарихи кітаптарға солай түсіп отырған. Қытайдағы жер-су атауларының өзгеруінің де бірнеше себептері бар. Оның әуелгісі басып алған елдердің өз

үстемдігін мәңгілікке орнықтыру үшін, жауланушы елдің санасындағы тарихи жадты жою, онда өмір сүріп жатқан елдің болашақта бұл жерді ата-бабасының тарихи мекені екенін айта алмауы үшін зорлықпен өзгертуі болса, енді бірде сол өңірде ұзақ уақыт, тіпті ғасырлап орныққан соң, тілдік қолданысқа байланысты уақыт пен заманның өтуімен өзгеріске түсуі деп айтуға болатын секілді. Сондықтан да жер-су атауларының көмескіленуіне тарихи да, саяси да себептердің әсері болатыны сөзсіз.

Қазаққа қатысты дүниелердің Қытайдағы саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерде, атап айтқанда ғұн дәуірі мен түркі-монғол дәуірі, кейінгі Цин патшалығы дәуіріндегі мұраларда көбірек сақталғандығын көруге болады. Олар: VII ғасырда жазылған «Ұлы Таң әулеті заманындағы батыс өлке туралы жазбалары», VIII ғасырда жазылған «Батысқа саяхат естелігі» кітаптарында жазылған (杨建新. 古西行记. 1987).

Уақыттың өтуіне байланысты көптеген тарихи дүниелердің, соның ішінде ертеден жалғасып келе жатқан жер-су атауларының да тілдік жақтан өзгеріске түскенін көреміз. Солардың қатарында бүгінгі күндері орны жоқ қалалардың да аты тарихи құжаттар мен кітаптарда сақталып қалған. Қазіргі Шыңжаң жеріндегі Санжы облысына қарасты жерде XII-XIII ғасырда бар болған Чамбалық қаласы бүгіндері жоқ. Аты да аталмайды, қаланың орны да өзгеріп кеткен. Тіпті бүгінгі күндері Санжы аталып жүрген сол қала атауының да түбірі тереңде екенін, кейінгі тілдік өзгерістер негізінде қалыптасқаны туралы да мысалдар кездеседі.

Бұл секілді және бір қала бүгінгі Мори ауданының төңірегінде болған Бірбалық қаласы. Бұл да тарихи әдебиеттерде бар, алайда бүгінгі күндері қолданыстан шығып қалған, тіпті қаланың орны да көрінбейді. Мори атауының өзі де бертінде моңғол шапқыншылығы кезеңінен кейін қалыптасқан деген де мәлімет бар.

Ежелгі Алмалық қаласының ескі жұрты Іле өзенінің бойында, қазіргі ҚХР-дың Іле Қазақ автономиялы облысы

аумағында, Қорғас ауданының орталығынан солтүстік-шығысқа қарай он бес шақырым жерде орналасқан. Қазір бұл қаланың да орны жоқ (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректері. Т.2., 2005: 43).

Уақыттың өтуімен, тарихтың алмасуы сол өңірде жасаған хандықтар мен патшалықтардың бір-бірін басып алуы мен сол өлкелерде уақытша болса да билік басына келуі жер-су атауларының да өзгеріуіне аз да болса ықпалы болғаны анық. Белгілі дәрежеде жаулаушы елдер өзі басып алып қоныстанған аумаққа өз тіліндегі атауларды қоятынын тарихтан білеміз. Сондықтан да ежелгі сақ, ғұн, онан кейінгі үйсін, түркілер заманында сақталған қыруар мұралардың бүліншілікке ұшырап, өзгеріске түскені белгілі. Оны бүгінгі күні Қытай жері саналатын сол елді-мекендердегі жер-су атауларының өзгерісінен де анық байқаймыз.

Жалпы Қытайдағы Жібек жолы бойында орналасқан жер-су атауларының бүгінгі күндері өзгеріске түскенін бірнеше сатыда бөліп айтуға болады. Әуелгісі бүкілдей басқа атаумен айтылуы: оларға қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарайтын Алтай аймағына қарасты Буырылтоғай, Көктоғай атауларының мүлде басқа атпен аталуын айтсақ болады. Бурылтоғайды қытайша – 福海县 (фу қай шиан), Көктоғайды – 富蘊县 (фу уын шиан), ал, Боғда көлін – 天池 (тиан чы) атауы соны көрсетіп отыр.

Бурылтоғайдың аты қалай шыққанына байланысты мынадай аңыз бар: Ертеде Бурылтоғайдың жоғары жағы үш Буырыл деп аталған. Олар – Шіңгіл, Шағанғол, Бұлғын өзендері. Бұлар кезінде Түрік қағанаты мен Теле тайпаларының мекені болған. Кейіннен 1922 жылы ғана сол аумақ Буырылтоғай ауданы деп аталған. Ол кезде қазіргі Шіңгіл ауданы орналасқан жер – Шұңғыл деп аталған. Және де кезінде Алтын тау аталып жүрген (Моңғол шапқыншылығы кезеңінде) қазіргі Алтай атауы 1225 жылы Юан патшалығы тұсында өзгертілген. Сол кезеңде олар Бесбалыққа (қазіргі Үрімжі қаласына) қарасты болған (Буырылтоғай ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 175-177).



2-сурет. Алтай петроглифі: Дулати петроглифтері. Қола дәуірі. ҚХР, ШҰАР, Алтай қаласының маңы (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері, 2005, 1.17-сурет)

Алтай тауының қалайша Алтай аталғаны туралы аңыздар Асан қайғы атымен байланысты айтылады. Асан қайғы бейнесі фольклорлық шығармаларда бірнеше образда көрінеді. Әуелгісі ел мен жердің қамын ойлап, еліне жайлы қоныс, құтты мекен іздеген әпсанадағы Асан бейнесі. Екіншісі Қазақ хандығы тұсындағы Өз Жәнібек ханның кеңесшілерінің бірі, би, жырау, яғни қазақ хандығы тұсындағы әйгілі тарихи тұлғалардың бірі болған Асан Сәбитұлы. Ел арасындағы аңыздарда көбінде Асанның фольклорлық шығармалардағы бейнесі жақсы таныс. Асан әулие жер жаһанды желмаясымен кезіп жүріп, Алтайға келгенде «Алты ай десе, алты ай екенсің, жаздың алты айы – жаннат-ақ екен, қысың қатты, жазың тәтті жер екенсің. Алтының

мол екен. Ат тұяғы тоздырар» деп бағалап кеткен заманның алдында ма, артында ма, Асқар Алтайдың қойыны құтты бір тәуір заман болған екен дейді. Әрине, Алтай тауының Асан қайғы заманынан бұрын да Алтай аталып келгені тарихи құжаттардан белгілі. Сол тарихи атаудың, түркі дәуірінен бері жалғасып келе жатқан ұғымның XV ғасырда өмір сүрген Асан атымен байланысты айтылуы да – тарихи қоныстың біздің тарихымызбен тікелей қатысты екенін көрсетеді.

Қытайдағы қазақтар шоғырланған елдімекенде Асан қайғы атын қойып кетіпті деген аңыздардың бірсыпырасы күні бүгінге дейін айтылады. Соның біреуі Тарбағатай аймағы Толы ауданы аумағында орналасқан «Майлы» тауы атауының шығуы жайлы. Желмаясын желдіріп келіп, Майлығы тоқтаған Асан «Түгін тартса, майы шығатын, малға жайлы, шұрайлы құт мекен екен» деп айтып кетіпті дейтін аңыз ел арасында сақталған. Сондай-ақ Іле өңіріне келгенде:

Әйелі семіз, ері арық,

Екі аттам жері бір арық.

Өлімі де көп, өсімі де көп

Болғалы тұрған жер екен, – деп баға беріп кеткені де осы Асан атымен байланысты айтылады.

Асан қайғыға байланысты, яғни, Асан қайғы атын қойып кетіпті дейтін жер-су аңыздарының бір шоғыры Асанның өзімен қатар, келініне де байланысты айтылатыны аңыздардағы мәтіндерден аңғарылып отыр. Сонымен бірге Асан атымен байланысты аңыздардың ішіндегі Алтай тауының өзі және оның баурайындағы тау жоталары мен сай-салаларына байланысты аңыздардың атау жөнінде бірнеше түрлі айтылатын мәтіндердің барлығына көзіміз жетіп отыр. Мысалы Сауырға байланысты айтылатын бірнеше мәтін ел арасында сақталған.

Асан қайғының желмаямен жер кезуі. Асан қайғы жер шалып жүріп Алақбек-Білезікке келгенде:

– Тоғыз ай құлпырып тұратын төсің мынау тоқталмай бәйге шабатын бөктерің мынау, жер-ақ екенсің. Әйелдерің білезік салса, бойжеткен қыз алқа салса, азаматы қару-жарақты болса

жарасатын жер екенсің, Алқабек-Білезік боларсың, – деп желіп өтіп Сауырға келіпті.

– Шіркін, жер-ақ екенсің! Тайың туып, тайлағың боталайтын жер екенсің, аман не? тынысың тар, аттың сауырындай-ақ екенсің, – деп өте шығыпты. Алтайға келіп, Сарсүмбе (Қыран өзені) өзенін өрлеп-құлдап:

– Амал не?! Жазың алты ай, алты ай – ақ екенсің, алты өзен бірлесіп ақса арыстан өтпейтін дария боларсың, ашыған қымыз сабаңнан үзілмейтін боларсың, қыс алты айында сарсүңгі қар сенен үзілмес, жаз алты айда ат табанымен тозып тұрарсың, жаз алты айың болмаса, қыс алты айыңда опа жоқ жер екенсің, топырағы жұқа, жұттан қан көп төгілетінжер екен. Жеті жылда желігерсің, он төрт жылда адамың бір желікпей тұрмас, – дейді. Іле аңғарын бойлап, Текес суынан өте бергенде желмаясының артқы аяғы суға малынған екен. Сонда Асан ата арт жағына бұрылып:

– Бұл су елге тоқшылық жарататын, еске алатын су екен, – депті. Күнес басының оңтүстігімен жүріп, Тоғызтараудың Мойынкүре жотасына барғанда, Асан атаның желмаясы болдырып, босаңсыған екен. Сол жерге түнеп, таңертең тұрса желмаясы бұрынғы қалпына келген екен. Сонда Еренқабырғаға көз тастап:

– Аяғың құлан керіш, басың құзарлы құс ұшып, аң жортпайтын өте биік, ақбас тау екенсің, елің бір қалпында тұрмайды-ау, айқайлаған ер дауысы, асыра атқан оқ дауысыбасыңнан үзілмес, бұлбұлдың көкірегің шер алған, отынға біткен орманыңды сел алған, пендеге панаң аздау боларма екен, – деп бұл жерге «Еренқабырға» деп ат қойыпты.

– Асан ата Шонжыға келіп:

– Шыңның баурындағы өзен екенсің, аяғың ақ ши, басың құзар шың, шыңнан түскен бір өзенсің ғой, – деп өтіп кетіпті. Асан ата желмаясын желдіртіп, Баркөлге келіпті. Баркөлдін былқылдақ шымды сазын, сыңсыған орманын, қаңқылдаған қаз-үйрегі жүзіп жүрген жарқыраған айнадай көлін, тусыған қопалы, шилі алқабын, қойша өрген қоңыр аңын көріп:

– Баркөлде бәрі бар жер екен, нанбасаң барып көр, – деген екен. Баркөлдің солтүстік батысынан бір құдық қаздырып, ол құдықтың кісі бойы биік топырағын құдыққа қайта толтыртқызыпты. Сонда құдық өз топырағына толмай қалыпты. Асан ата салмақпен бас изеп:

– Е, тамаша жер екенсің! Шөбің тазғыр, суың сортаң, адамың тымырсық, ғұмыры аздау болар ма екен. Кісіге жөнді сыр айтпайтын, өзі тым жауынгер, көзге ашық, көңілдегідей бәрің бар екенсің, – деген екен. Қазіргі «Баркөл» деген ат содан қалыпты. (Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. Аңыз-ертегілер. Т.13., 2011: 124-125).

Ел арасынан жиналып, жарық көрген мәтіндердің ішіндегі оқшау айтылатын бір түрі – аңыздың, яғни жер атауларының қойлуы Асан қайғының келінінің сұңғылалығымен байланыста айтылуы болса керек. Ол мәтін төмендегідей болып келеді.

Асан қайғының Алтайға сапары. Асан ата келінінің: «Ата, ел-жер аралағым келіп жүр, бірге шықсақ» деген соң, мақұл болып ұзақ сапарға ертіп алады. Бұлар Сауыр келген екен, жер жазықша, шөбі шүйгін кең даланы көргенде Асан: «балам, біз ел-жер аралап қайтайық, елдің ертеңіне шұрайлы мекен іздей жүрейік, сонда мына жер қандай екен?», – дегенде келіні: «Мынау аттың сауырындай аз жер екен, шындаса бір үйір жылқының сауырына қанша еліміз сияды», – деп жүріп кетеді.

Бұлар Алтай тауын сілемдеп келе жатып, Асан ата келініне: «Артымызда ауыл талай жерде қалды, мына жерде сая болар тау, сағалайтын суы бар екен, қандай?» дегенде, келіні: «Бұл жер алты ай жүрісі, алты ай қонысы бар жер екен» деп аялдамай кетеді. Жолда Асан ата және де: «Артымызда екі өзен қалды, содан бекер ұзадық па?» дегенде, келіні тағы да: «екі өзеннің арғысы қатты, ақ өркеш болып жатады екен, тебіні тентек қанды өзен болғандай, өйткені қыранның төнген тұяғы сияқты екен. Ал, бергісі адамға берері мол болғанмен, жылып ағып құлығын арттыратын түрі бар» деп Қыран өзені мен Қуертіс өзенін айтқан екен. Сонда Асан ата: «Мына тұрған жеріміз асқар биік, арасы жыныс, мал мен басқа панасы болмай ма» дегенде, келіні тағы да: «басын бәй тігіп,

қашып-пысқандар мекендейтін жер екен» депті. Бәйтік тауынан өтіп, Асан ата көз ұшында тұрған қызыл тауды нұсқап: «Ана тауға бара кетсек» дегенде келіні: «Ол туды көрген де, көрмеген де арманда, қыс қонысы тым тар мекен көрінеді» деп Арманты тауына бармай өте шығады да, шырылдақ бұлақ бар жерге келгенде: «ал, мына жер-ші, мынау шырқырама бастаудың ақыры ойдым көрінеді, бұдан ары бармас та, оппа жұтқан су бір жерден шығып, көл пайда болары хақ. Сонда осы етекте бір көл бар болар» деп Баркөлді меңзейді де, енді бір жотаға шыға көз ұшындағы жарқылдаған нәрсені көрсеткен Асан ата: «Анда бір көл тұр ма?» дегенде, келіні: «иә, тұр, бір көл тұр» депті, содан «Түркөл» атанып кетеді. Бұлар ұзақ жүрістен арып-шаршап, құмды даладан жосып өтіп келе жатқанда: «Мына жер не деген күдір жол еді?» деген Асан атаның сөзіне келіні: «құбы-құбы жер екен, өзі де қиын болады ғой» депті, «Құбының құмы» деген сөз содан қалады. Олар құмнан келе жатқанда Асан ата көз ұшында сары жазыққа соға кетсек дейді. Сонда келіні: «Болды ата, мынау есі кеткен шал, еңделген әйел жүретін жер ғой, қарамай-ақ кете берейік» деген екен, «Қарамай» деген жер аты содан қалған дейді (Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. Аңыз-ертегілер. Т.13., 2011: 128-129). Бұл аңыздан Қытайдағы Сауыр, Бәйтік тауларына байланысты топонимдік аңыздардың екінші нұсқасы анық аңғарылады. Бәйтік тауының атауы туралы ел арасында бірнеше аңыз мәтіні сақталған. Біреуі жоғарыдағыдай болса, екіншісінде Бәйтік-Қаптық таулары қосарланып айтылып, кезінде елін жау шапқанда сол елді жаугершіліктен құтқаруға атсалысып, елін құтқарған соң өздері тауға сіңіп жоқ болып, тауға айналып кеткен екі батыр туралы аңызды арқау етеді. Бәйтік-Қаптық таулары туралы айтылатын сол аңыз төмендегідей болып келеді. Көбінде түркі елдері қоныстанған жер-су атауларының біразы, ру-тайпалардың, болмаса, содан шыққан белгілі батырлардың атымен айтылатындары да болады. Алтай өңірдегі Бәйтік-Қаптық тауының атаулары Қазақ ру-тайпаларының ішінен шыққан батырлардың атымен байланысты айтылатынын да осы аңыздан білеміз. Онда сол заманда Алтайда керей-найманның

аруақты батырлары, Алқалық аталары жасапты. Алтайдың ақ даласы мен жасыл белдеріне, аңғарлы сайларына кереге жайып, күлін төгіп мекендеген екен деп аңыздайды. Алтайдағы қазақ елін моңғолдар Қобда жерінен Байыншаған деген батырын шығарып, әскер бастатып, мал қууға жіберіпті. Бір мезет тәтті тұрмыстың рахатына бөленген қазақтар бейғамдықпен ойсырай жеңіледі. Қапелемде елді басқан жауын көрген сол кездегі керейдің Бәйтік, Қаптық деген екі батыры сайлауыттармен сайысқа шығады. Сан жағынан үш есе көп моңғолдар қазақ сардарларын зор шығынға ұшыратады. Соғыста сан сарбаздар қаза табады. Кескілескен сайыс бір жұмаға созылып, ақырында Бәйтік пен Қаптық бірдей қалмақтардың қолына түсіпті. Байыншаған бастаған қалмақтар қазақ елін шұбыртып, Шіңгіл арқылы Мори, Баркөлге айдапты. Алтайдан айдаған ел Бұлғынға барғанда, шұбырған елден жібекпен тысталған бұлғын ішік қалғандығы үшін, бұлғын ішік қалған жер «Бұлғын» аталыпты. Елді айдаған Байыншаған бастаған қалмақтар елді айдап-айдап, Мори жеріне өткен соң моңғолдар біраз күн тыныстап, елді Баркөл жеріне өткізіп, Алтайға қайта айналмастай етудің мәжілісін құрыпты. Сол кезде Қалмақ батыры Байыншаған ермек ету үшін қазақ елінен үш сұлу қызды таңдап шатырына әкелдіріпті. Осы мәжіліс үстіне келген сұлулар, әр тілден хабары бар зерделі жандар екен. Байыншағанның сөзін білген олар Байыншағанды өлтіріп қашуды, ауашада кеңесіпті де, сол күні түнде Байыншаған бастаған моңғол батырлары арақты өлердей ішіп, мас болып, қазақтың үш аруын қолтықтап шатырына кіргізіп, қолымен ымдап төсекті нұсқапты. Қыздар ұялғандай сыңай байқатып отыра беріпті. Моңғолдың үш батыры киімін шешіп, көрпесіне кіріп және кел деп ымдапты. Осы орайды күткен арулар жаудың өз қылышымен өзін шауып, Байыншаған бастаған қалмақ батырларының көзін жойып, Бәйтік пен Қаптықты босатып жолға салыпты.

Байыншағанды өлтірген үш қыз моңғолдың қарауылынан аман құтылып, жапан кезіп зыр жүгіріпті. Тас қараңғы түнде зыр жүгірген үш қыз, әлде қандай бір жерге барып демалып жатып

ұйықтап қалады. Келесі күні үш қыздың отырған жерінен үш төбе пайда болып, сол үш төбе қазіргі күнге дейін «Үш қыз» аталыпты. Қазіргі Байыншаған жері моңғол батыры өлгендігі үшін «Байыншаған» аталыпты.

Үш қыз босатқан Бәйтік пен Қаптық батыр айдалған елге келіп, түнімен жігіттерін сайлап, таң атпай бассыз қалған моңғол әскерлерін қырғындап, елдің жартысын таң ата Алтайға, жартысын Баркөлге көшіріп, екеуі екі атқа мініп екі тауға қарауылға шығып кетіпті. Алыстан көрінетін екі тау – қазіргі Бәйтік-Қаптық екен. Екі батыр сол кеткеннен қайтып оралмапты (Көктоғай ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 218-221).

Алыстан қарағанда мұнартып көрінетін, бір-бірінен онша алыс емес бұл екі тау туралы аңыздарда мифтерде кездесетін құбылушылық мотиві айқын көрінеді. Сонымен бірге белгілі бір заттың белгілі бір жерде қалуына байланысты жер атының пайда болуы туралы аңыз да жүз береді. Айталық «Бұлғынның» бұлғын аталуы – бұлғын терісінен жасалған ішіктің сол жерде қалып қалуынан шыққан деп аңыздайды. Бұндай аңыздар «Қозы Көрпеш-Баян Сұлуға» байланысты айтылатын жырлар мен аңыздарда да кездеседі. Онда да Баян сұлудың әрбір затының қалған жеріне байланысты Қазақстан топырағындағы біраз жерлердің атауы сол жағдайлармен байланыста айтылатынын білеміз.

Сонымен қатар бұл аңызда адамдардың белгілі бір қауіп-қатерден құтылу үшін басқа затқа құбылу сарыны қазақ мифтерінде бұрыннан бар мотивтер. Оны бұл аңыздағы үш қыздың жаудан қашып, сілесі қатып шаршап жатып қалғанда тауға айналуынан, «Үшқыз» тауының аталуынан көрінеді. Сондай-ақ Бәйтік-Қаптық таулары да тауға айналған сол батырлардың бейнесі екен деп аңыздалуы да соның жарқын мысалы. Бұл аңыздардан оның тарихының тереңде екенін, көне дәуірлерден бүгінгі күнге жеткен құнды мұралардың сарқыны екені байқалады. Бүгінгі күндері сол аңызға куә елді-мекен (北屯) (бей түн) аталып, тарихи атауынан алшақтап бара жатқаны, уақыт өте келе аңызбен бірге жер-су атауларының да өзгеріске

түсетінін аңғартады.

Боғда атауына байланысты да миф ел арасында күні бүгінге дейін сақталған. (Кейбір деректерде қазіргі Боғда тауының баурайында Боғда қаласы болған деген де мәлімет бар. Оны тереңдете зерттеу алдағы күннің еншісінде). Онда Боға батыр туралы төмендегідей баяндалады: Ертеде қазіргі Боғда шыңынан бастап шығысы – Құмыл, Аратүрік, солтүстігі Көктоғай, Шіңгілге дейінгі ұлан-байтақ өңірді меркіт тайпасы мекендепті. Меркіт хандығы Құмылдың батысындағы Астана деген жерді орталық етіп, ұзақ өмір сүріпті. Сол кезде Моңғол ханы Ясукей мен меркіттер арасында талай рет соғыс болыпты. Осы соғыста Меркіттер ішінен Боғда деген батыр шығып ерекше көзге түсіпті. Оған найза, қылыш өтпейді екен дейді.

Бір соғыста меркіттер Ясукейдің әйелі Бөртеңі тұтқынға түсіріпті. Кейін бітімге келіп, Бөртеңі қайтарып беріпті... ата кегін қуған Теміршін әскер жиып, меркіттерге кең көлемді шабуыл жасапты. Алдымен әйгілі меркіт батыры Боғданы жоймақ болып, бір топ жасауылды арнаулы жіберіп, Боғданы өлтіруге аттандырыпты. Бұл кезде Боғда батыр сексеннен асып, сақалы белуарына түскен шал болыпты. Тауға шығып, аң аулайды екен. Кейде тұлпарын қаңтарып қойып, кеудесін күнге қақтап, ұзақ ұйықтайды екен. Теміршінің Боғданы іздеген тобы Едіқұт тауының етегінде бейғам жатқан Боғданы іздеп тауып, тамағынан найза салыпты. Содан Боғданың ақырған дауысы тауды тітіретіпті. Боғда кеңірдегінен салынған найзаны ұстай орынынан тұрыпты. Аппақ қардай сақалы қызыл қанға боялыпты. Боғда найзаның сабынан ұстаған бойы артына шегініп, мұз шыңға қарай қайқайып, көзден ғайып болыпты. ...бұлт сейіліп күн ашылғаннан кейін қараса Боғда батыр кіріп кеткен мұз шың әуелгісінен биіктеп, адамның саусағы тәріздес салалы үш шыңға айналыпты, осыдан бастап бұл тау – Боғда батырдың атымен Боғда тауы аталыпты (Мори ауданының аңыз-ертегілері, 1999: 37-41).

Бұл аңызда тарихта болған оқиғалардың ізі, ру-тайпалар арасындағы бақ таласы мен тақ таласының ушығып тұрған кезеңі,

көшпенділер сахарасының тізгінін кімнің қолына алатыны әлі белгісіз кезеңінің көзіндей көрінетін аңыз мәтіндерінің бірі екені айқын көрінеді. Шығыс хан мен меркіттер арасындағы соғыс, адам барымтасы туралы деректерде де осы аңызда көрсетіледі. Ал ол тарихи оқиғалар ауыздан ауызға көшіп аңыз негізінде кейінге жетіп отыр.

Батырдың тауға айналу мотиві қазақ мифтерінде көптеп кездеседі. Жалпы, мифтің дамуында байқалатын заңдылықтардың бірі қазақ сияқты жоғары дамыған елдің мифтерінде адамның затқа, хайуанға айналуы басқаша түсіндіріледі. Көбінесе, мұндағы басты себеп – шаршап ұйықтап кету немесе қарғыстанып, жазалану, яки болмаса зор қауіптен қашу, т.т. Ал, австралиялықтар сияқты елдердің мифі – алғашқы қауымдық (первобытный) миф. Мұнда тірінің өліге айналуы, адамның затқа, құсқа, аңға құбылуы мифтік сана аясында түсіндіріледі де, құбылушылық мақсатты (целенаправленный) болады. Мысалы, Океания жұртының «Тагароның теңізді қалай жасағаны деген мифінде көлдің суын тоқтату үшін бір әйел өзі тасқа айналады (Сказки и мифы Океании, 1970: 133-134). Ал, қазақ мифіндегі құбылушылық амалсыздықтан болған деп түсіндіріледі. Жеті қарақшы, Жеке батыр, Қырық қыз, т.б. жайындағы мифтерде кейіпкерлер амалсыздың күнінен басқа кейіпке түседі. Бірақ мұндағы амалсыздық – зорлық деген мағынада емес. Кейіпкер өз еркімен өзін-өзі тасқа, не аңға айналдырмайды. Оны басқа субъект немесе басқа бір себеп құбылдырады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ мифі жалпы архаикалық мифтің табиғатына қайшы келмейді. Миф міндетті түрде себеп-салдарлы болады. Қандай да бір құбылушылықтың, яғни өзгерістің (айталық, қарлығаш құйрығының өзгеруі) себебі бар. Мифтердегі құбылушылық үш түрлі себепке байланысты болып келеді. Бірі – адам өте шаршағандықтан ұйықтап кетіп, сол бойда тасқа, я болмаса аңға, құсқа айналып кетеді. Мұндай мифтер Африка мен Австралияның жергілікті тайпаларының фольклорында өте көп. Қазақ арасында да мұндай мифтерді кездестіруге болады. (Қасқабасов, 1984.) Мысалы, жоғарыда

баяндалған «Ұйықтаған батыр» деп аталатын тасқа байланысты миф. Бүгінгі Қытай жеріндегі Боғда тауы «东山» (дұңшан) Еренқабырға тауының сілемдерінің құрылымына байланысты айтылған.

Ертеден бері ел арасында «Тәңір тауы» атауымен белгілі тау сілемін Қытайлар 天山 (Тиян шань) деп атап жүр. Бұл термин де біздің сөздік қорымызға кіріп, қалыпты атаулардың біріне айналып кеткен. Бұл сөздің мағынасы қазақшаға жақын болғанымен тілдік өзгеріске түскені айқын. Бұл күндері көбінде Тиян шань атуы қалыптасып келеді.

Шыңжаң өлкесі, Іле аймағына қарайтын, ондағы алты ауданның бірі саналатын Күнес ауданы тарихта сақтар, үйсіндер мір сүрген, кейіннен моңғол, Қазақ хандығының халықтары қоныстанған құт мекен. Онда көптеген үйсін төбелері, жартас жазулары, тасқа ойылған ойма суреттер молынан табылады.

Күнес атауының (新源县) (шин юан шиан) атауына байланысты да ел арасында аңыз бар. Онда Іле атауы мен Күнес атауының этимологиясы ашылады. Ол төмендегідей баяндалады: ерте-ерте заманда жер жамылғысы бүтін жатқанда әрбір таң мөп-мөлдір болып атқанда қазақ елінде Арсылан деген хан болыпты. Ол билік жүргізіп «кеңдік», «теңдікті» ұран етіп ұстанып, елін бастап отырыпты. Ол «Көк Тәңірі» жайлы көп уағыз айтып, тұрмыс-әдеттерін де соған бейімдепті. Оның Құбатөбел атты ақылшысы болыпты. Ол Тәңірдің аян етуімен алдағы болатын істі болжайды екен де: «Елім, ойлана бір қараңдаршы, Көк Тәңірім өзі жыл сайын төрт мезгілді, күн мен түнді алмастырады. Енді біз де тәңірдің ісіне бейімделіп, тұрмыс-салт орнатуымыз керек. Жазиралы жер, жайлы мекеніміз кең болумен баршамыз да Тәңір берген ныпсыдан тең пайдалануымыз лайық!» деп насихат айтып елін ұйытып отырады кен. Күндердің бірінде Арсылан хан ел басыларымен кеңес құрып отырғанда бір ұлттың ел басысы: «Хан ағзам, үрім-бұтағымыз өсті, ел көбейді, енді бізге жайлы қандай бос жер бар, соны білмекші едік» деп талап қояды. Сонда барлығы Құбатөбел әулиеге қарасыпты.

Құбатөбел дереу: «олай десеңдер айтайын, Көк Тәңірінің аян етуіне қарағанда шығыста бір үлкен тау бар. Оны «Тәңір тауы» деп атағанымыз жөн болар. Ол таудың екі жағында екі үлкен ойпат жатыр. осы таудың қалың қатпарлы өлкелерін өрлесеңдер көресіңдер, ол бұдан бірнеше мың жыл бұрын үлкен көл болған екен. Тәңірімнің жарылқауымен ол көлдің суы ығысып, көкше теңізге құйылыпты. Сол өлке мың жылдан бері гүлденіп, өсіп тұрыпты. Бұл өлкені өрлей-өрлей тұйығына жетсеңдер күн Тәңіріміздің шұғылалы мейірін әбден көресіңдер» депті. Онан соң қазақтың бір ұлыс елі Құбатөбел айтқан жаққа көктем шыға көшіпті.

Айтса-айтқандай бұл өлкеде жүгірген аң, ұшқан құстан басқа ештеңе көрінбепті. Ойы лықсыған орман-тоғай, қыры шүйгін шөп, одан өрге самырсын, арша, ну болыпты, одан ары алып ақбас тау қоршаған. Сай-саласы сыңғыр қаққан бұлаққа толы жер екен. Көше жүріп өлкенің тұйығына жеткен ел қуанысып, бірқанша адамын Құбатөбелге жіберіп рахмет айтып, сәлем жолдапты.

Құбатөбел елдің сәлемін алған соң «Ол бұрын судың астындағы сулы жер еді, енді нулы жер болды, оның осылай толықсыған кезінде іле-шала сендер барып мекен алыңдар. Сондықтан бұл өлке «Іле» деп аталсын, ал оның ең басқы тұйығы күн Тәңірімнің шұғыласы ашық түсіп, сәулесі есіп тұратындықтан «Күн ес» деп аталсын» депті. Содан бері Құбатөбел бабамызға Тәңір өзі аян беріп, жерге ат қойғызғанда қойылған «Күн ес» деген атау күні бүгінге дейін «Күнес» аталып келеді. (Күнес ауданының аңыз-ертегілері, 1991: 127-129).

Қазіргі Іле қазақ автономиялы облысы Тарбағатай аймағына қарасты Шәуешек (塔城市) (та чың шы) қаласының атауы да белгілі бір әпсанамен байланысты. «Шәуешек бастауы» деп аталатын әпсанада ол төмендегідей баяндалады. XVII ғасырдың бас шенінде бір бөлім қашқарлық байлар қажыға барып қайтарда Мұхаммед пайғамбардың әулетінен Аллақожа (Идабатолла яғни Аппақ қожа) деген арабты ұсыныс етіп, ертіп келе жатқанда Бұхара, Тәшкен, Қырғыз жолдарында

тонаушылар көп дегендіктен Аллақожаның амандығына кепілдік ету үшін қазақ сахарасын басып, жолшыбай Шәуешекке түсіп дамылдаған екен. Осы кезде Шәуешек қаласы жоқ болып, Дөңши (Шоқши) бастауына түнепті. Алыс жолдан әбден шаршап-шалдығып, шөлдеп келе жатқан Аллақожаға Дөңши бастауы Сауди-Арабиядағы Зәмзәм бастауына ұқсап кетіпті. Өйткені, сахара шөліндегі Байтолла бастауы дөң жерден шыққан. Араб аңыздарында Зәмзәм бастауын бірқанша мың жыл бұрын Ибраһим пайғамбар көріп, оның суын ішіп, сахара шөлінде су таба алмай қаңғып жүрген арабтардың сауабын алу үшін сол бастаудың басына Байтолланы салдырып, атағы жершарына тараған. Кейін Мұхаммед пайғамбар тұсына келгенде әйелі Қадисшаның 6000 түйесінің сомасына қайтадан жаңартып, мұсылмандардың қажышылайтын киелі жайы «Мекке», «Байтолла» яғни, Алланың үйіне айналған. Аллақожа түнеген осы бастауды Меккедегі Зәмзәм бастауына ұқсатып киелі бастау және Мекке секілді тоғыз жолдың торабы екен деп – келешекте бұл жер Байтолла бастауынан кем болмайды, бастаудың аты менің шөшегімнің (тостағанымның) атымен аталып жүрсін деп ойға келіп, алып жүрген шөшегін тастап кетеді. Кейін бұл арадан өткен-кеткендер тостағанды су ішкенде пайдаланып, ел құлағына таралып, Дөңши бастауы, Шөшек бастауына айналыпты. Уақыттың өтуімен шөшек атауы Шәуешекке өзгеріп, бүкіл Орта Азияға белгілі болған дейді. (Шәуешек қаласының аңыз-ертегілері, 1995: 141-142). Бұл аңыздан мынадай түйін түюге болады. Әуелгісі Қытайда қоныстанған қазақтардың арасына қожа-моллалардың келіп, дін таратуы туралы мәліметті алуға болады. сонымен бірге Мекке мен Медине туралы да қысқаша мәліметтің де жіп ұшы осында көрінеді.

Шәуешек қаласының (塔城市) аталуының және бір себебі ретінде кезінде онда темір барабайлардың көптігімен байланыстырады. Оны қытайлар бейнелі түрде (塔) (барабай) сөзіне қала деген қытайша атауды қосып (барабайлы қала) атады десе, енді бірде Тарбағатай атауының басқы буыны «Та» буынына қытайша (城)(чың) сөзін қосып бірге атауынан шыққан деген де

дерек кездеседі. Әрине, бұндай атаудың шығуының тарихы тереңде емес екені аңғарылады. Сондықтан да бұл тереңдей зерттеуді қажет ететін тақырып.

Шыңжаң өлкесінің Іле Қазақ автономиялы облысы, Тарбағатай аймағы, Толы ауданына қарасты Сарғусын (моңғолша желді жер жегенді білдірсе керек) деген жерге байланысты да айтуға болады. Онда Сарғусын сөзінің бүгінгі қытайша атауы – 老凤口 (лау фың ку) болып аталып жүр. Қытайшадағы мағынасын тіке аударса «жел өті» дегенді білдіреді. Өйткені бір жылдың 360 күнінде бұл жерден жел үзілмей соғып тұрады. Кейде тіпті желдің қаттылығынан ауыр көліктерді де аударып тастайтын кездері болған. Алайда осы жердің бұрыннан орныққан Сарғусын атауынан гөрі, бүгінгі қытайша бейнелі атауы көп қолданысқа түскені байқалады. Осындағы күндіз-түні үзілмей соғып тұратын желді жергілікті халық «ебі» деп атайды. Осы Ебінің пайда болуының да мифологиялық астары бар.

Екіншіден Қытайдағы көне жер-су атауларының басқы әріптері ғана алынып, аталып жүрген жайлары да бар. Оған: Тарбағатай – 塔城 (тачың, Қорғас – 霍城 (қочың) атауларын айтуға болады. Бұнда да Қытайлардың өздерінің тілдерінің үндестік заңына сай бейімдеп, қолданғаны да анық аңғарылады.

Бүгінде Қытайдағы қазақтар шоғырланып орналасқан, ежелгі жібек жолы бойындағы жерлердің атауына байланысты топонимдер әлі де мол сақталған. Бұл жерде жібек жолының ертедегі сауда керуен жолы екенін ескерсек, оның Шыңжаңдағы жүлгесі бірнеше тарапқа тарамдалғанын. Сондықтан да жалпылама қазақтар шоғырланған аумақты жібек жолымен байланыстыра алып отырмыз. Әдетте топонимдерді біз бірнеше түрге бөліп қарастырамыз. Мысалы, топонимдік аңыздар, әпсаналар, хикаяттар, т.б. топонимдік аңыздарда тек жер атауының сол кезеңдегі оқиғалармен байланыста айтылады. Онда мифтердегідей түсінік жоқ. Төменде бірнеше жер атауының пайда болуы туралы топонимдік аңыздарға қысқаша тоқталамыз. Олардың шығу тарихына барлау жасайтын боламыз. Кейбір топонимдік аңыздардың пайда болуы негізінен тарихтағы болған

қазақтар мен моңғолдардың арасындағы соғысқа байланысты туғаны анық көрінеді. Яғни, бұл аңыздан XVIII ғасырдағы қазақ хандығының жоңғар шапқыншылығын тойтарып, олардың қолында қалған атамекенін қайтару барысымен сабақтасып жатады. Бұл бағыттағы аңызға төмендегі таулардың қалай аталғанын баяндайтын мәтіндер ысал бола алады.

«Орқашар деген ат қалай қойылған?». Орқашар тауы қазіргі Шыңжаңға қарайтын Тарбағатай аймағындағы Шәуешек, Дөрбілжін, Толы аудандары аумағына сұғына кіріп жатқан таудың аты. Негізінен Дөрбілжін ауданының иелігіндегі жер саналады. Осы тау атауының қалай пайда болғандығы туралы бірнеше аңыз сақталған. Соның бірі он сегізінші ғасырдағы қазақ пен жоңғарлардың шапқыншылығына байланысты айтылады. Ол мәтінде төмендегідей болып келеді: Ор – адам аты. Сол кездегі қалмақтың басшысы екен. Қара ағаш жер аты мен адам аты қосылып айтылып «Ордың қара ағашы» деп аталыпты. Осы кезде қазақтар мен қалмақтар арасынан жер дауы, мал дауы сияқты дау-шарлар өршіп ақыры қанды қырғын соғысқа айналып, қазақ жеңіп, қалмақтар жеңіліп, қалмақ осы Емілге қашып келіп Мыңшұңқырға тығылады. Қалмақтың ламалары Лабаға келіп бекінген екен. (Қазір Лабада сол кездегі ламалардың бекінісі дейтін қазған ойдау бекініс бар). «Лаба» деген жер аты осыдан бастап аталған делінеді. Жеңіліп қашқан қалмақты қазақтың Қабанбай батыры бастатқан жасақтары қуалып келе жатып, Тарбағатайдың төсіне шыққанда ішінде Барақ батыры, Көтеш батыры бар бүкіл елге Қабанбай былай деген екен:

– Баяғыда мен бір соғыста келіп осы ұлы тауды (Орқашарды меңзеп) көрген едім. Бұл тау соғыста өте қолайлы шың құз, терең шатқал, бекінісі мен суаты мол шөбі шүйгін тамаша жер еді. Қалмақтар осы ұлы таудың ең қолайлы жерінен бекініс алды. Сол себепті осы реткі соғыста біздің жеңілуіміз мүмкін. Егер соғысты сәтті жүргізсек, қалмақ жеңіліп тағы қашатын болса Орды тірі жібермеңдер. Ор жеңілсе қашады. Егер қашса қалай қашар? Мен сол жерде жүргенімде арғы жонды жоталап Қайрақтысаймен түсетін жота жолды кезген едім. Егер

қашатын болса сөзсіз жота жолмен қашып Қайрақтысаймен түсіп Жоңғарға өтіп кетеді. Көтеш сен Қайрақтысайының басында Қарауылшоқы бар, дәл сол шоқыға барып, Ордың жолын тосып жат, тірі жіберме, – деген екен.

Қалған жасақтарын Қабанбай бастатқан батырлар неше топқа бөліп шабуылға өтіп, қалмақтың қырғанын қырып, қалғанын қуып шығады. Айтқанындай Ор орта жонмен қашып бара жатып Қаруылшоқыда жатқан Көтешті өзінен бұрын көріп атып өлтіріп кеткен екен. Немере інісі Көтешті өлтіріп кеткеніне Қабанбай қатты кектеніп, Орды сол қуғаннан қуып Дауаншыңнан өткізіп тастап «Жаулассаң шекарам Тиан Шань, елдессең Жоңғар» деп қайтыпты.

Қарауылшоқыдан Көтештің сүйегін әкеліп Қайрақтысайдың босағасына жерлепті. Содан бастап «Қайрақтысай» «Көтешсай» аталып кетіпті. Қазірге дейін Қайрақтысайынан қайрақ алатын ақ найманның кәрілері аз емес. Көтештің осы жерге жерленгеніне 240 жылдан асыпты. Ал содан бастап осы таудың аты «Орқашар» атаныпты. Мәгінді Жинап берген: Ақаш Қасымұлы, Жазып реттеген: Гүлсінқан Жүнісқожақызы. (Дөрбілжін ауданының аңыз-ертегілері, 1994: 128-130). Жоғарыдағы Орқашар тауының атауына байланысты аңызда Тарбағатай аймағындағы тағы басқа да жерлердің аты қоса айтылғанын көреміз. Олар бүгінгі күндері әлі де аталып жүрген «Лаба» деген жер атауы мен «Көтеш сайы». Жоғарыдағы мәтіннің өзі айтып тұрғандай, жер атының пайда болуы, белгілі бір тарихи оқиғамен байланысты айтылып, онда мифтің ізі жоқ екенін көреміз. Сондықтан да бұл топонимдік аңыз ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр. Бұндай жеңілген жоңғар (қалмақ) батырларының атымен айтылатын бірсыпыра жерлер қазақ даласының әр бұрышынан табылады. Қазіргі Алматы облысына қарайтын Шамалған, Қаскелең, Бұрындай қатарлы жер аттарын атасақ та жеткілікті.

Кейбір топонимдік аңыздардың белгілі бір жануарлармен, соның ішінде жылқы түлігімен байланысты айтылатыны бар. Әрине, көне дәуірден (қола дәуірінен) бері бірге жасасып келе

жатқан жылқыға деген түркілердің көзқарасы мүлдем ерекше. Тіпті көне мифтерде жылқы үш әлемде еркін жүретін киелі жануар, адам рухын ана дүниеге жеткізуші көлік саналғаны да белгілі. Ертегілер мен мифтердегі қанатты тұлпар бейнесі соның жарқын мысалы. Көне эпостарда, батырлық жырлар мен тарихи жырлардағы ат образының орны тайға таңба басқандай айқын. Сол қасиетті жылқы түлігі халқымыздың прозалық фольклорының бірі саналатын топонимдік фольклордан орын алуы кездейсоқ жағдай емес. Бұнда да жылқының ұшқан құспен жарысқан жүйріктігі, болмаса, өзінің туған жеріне деген махаббатын бейнелейтін, қайда жүрсе де түбі өзінің туған топырағына бір соқпай қоймайтын жершілдік қасиетін де арқау еткенін байқаймыз. Жылқы түлігінің қасиетін арқау еткен аңыздардың да біраз шоғыры Қытайдағы қазақтар арасында да сақталған. Күй аңыздарын айтпағанда, топонимдік аңыздарда да бірқатар мәтіндердің сақталғанына куә болып отырмыз. Оны «Көкбестінің қорығы» және «Қырықошақ» аңызынан көреміз. Ертеректе найманның бір тармағы шотай ішінде сүйегі Жанторы Төлеміс деген бай қайтыс болып асын берерде ат жеткен жерге сауын айттырады. Осы асқа Тарбағатайдың теріскей бетінен (Қазақстан жағынан) сүйегі бегетей Тіленші қажы көк бесті атын жетелеп Құстының күншығыс жақ жанындағы отырған құдандалық жақыны бар Күшікбай ауылына келеді. Төлемістің асында ат шабатын болғанда Күшікбай Тіленшіге:

– Мына көк бестіні менің атымда қосайын, – дейді.

– Ойбай-ау, Көшке сізден ат аяйын ба?, – деп Тіленші ризалығын береді. Ат Күшікбай атында бәйгеге қосылады. Аттарды Шәуешектің шығысындағы Қарақабақтың аяқ жақ жанынан жібереді. (Мөлшері 90 километр) де атты қазіргі Қырықошақтағы Шобаның белінен тосады. Көкбестімен таласып Ажының күреңі келеді де, бірінші келген менің атым деп бас бәйгеге таласып әр екі жақ бір-біріне жол бермегендіктен, қайта билік айтылып екі атты қайта ат шапқан жеріне айдайтын болғанда Күшікбай көкбестінің кекілінен сипап тұрып:

– Көкбестінің келер жеріне, күреңнің өлер жеріне айда,

көкбесті кел, кел де осы бәйгені алып беріп өл, – деп сауырынан сипайды. Сонда Күшікбайдың сырын білетіндер «Бұл айтқаны айтқандай келетін шайқы адам еді» деп іштерін тартады. Айтқандай көкбесті ат өзі жалғыз көмбеге келеді. Ажының күреңі жолда өледі. Кешінде көкбестіні белдеуге байлап таң асырады. Ертесі төңертең таң намазын оқитын болып аяғына тасибх тартып жатып қой өргізгелі шыққан қойшы баладан «Көкбесті тұр ма?» деп сұрайды.

«Жоқ белдеуде жатыр екен» дейді бала. Сонда Күшікбай:

– Е, бәсе бітегімді екі етпе демедім бе, – деп орнынан тұрып дәретін алып намазын оқиды. Ат сол жатқан беті өледі. Оны үйге таяу маңдағы тасбау басына апырып тастайды. Сонымен бұл жер «Көкбестінің қорығы» аталып қазірге дейін айтылып келе жатыр.

Осы аста асқа жиылған адам көп болғандықтан қаншалаған үйлер тігіліп, қаншалаған мал сойып ошақ қазады. Бұл жер астың артынан «Қырықошақ» деп аталады да қазірге дейін сол атпен аталып келеді. Айтып берген: Арқалық. Шаңху ауылы, Обалы қыстағы. Жазып алған: Асқар Игенұлы (Дөрбілжін ауданының аңыз-ертегілері, 1994: 130-132). Бұнда жылқының жасына байланысты да түсініктің жатқанын көреміз. Әдетте «Бестінің бет алдынан қақпа», немесе, бәйге атының серті екен дейтін «бестімде бәйгеге қос, келмесем басымды кес» деген секілді қанатты сөздердің де бекер айтылмайтынын аңғарқандай көрінеді.

Жылқыны киелі санау, оны ес көріп, ол туралы, оның басқа жануарларда бола бермейтін қасиеті туралы аңыздар көбінде осы түлік төңірегінде айтылады. Жылқының жершілдігіне тәнті болған халық, оған да түрлі аңыз-әңгіме, күй шығарғаны белгілі. Сол аңыздың бірі Шәуешек қаласынан жиналып, «Шәуешек қаласының аңыз-ертегілері» жинағына енген «Боз айғыр асуы» аңызынан да айқын көрінеді. «Бозайғыр асуы» аталатын топонимдік аңыз төмендегідей болып келеді:

Тарбағатай тауының Қабарасу дейтін әйгілі асуы бар. Бұл асуды онан бұрын «Бозайғыр асуы» дейді. Оның Бозайғыр асуы атануы Тарбағатай тауының Ақшоқы өзенін мекендейтін бір бай

адамның қолындағы жалшысы байдың ауыр жұмысына шыдамай жүргенде бір жылы көктемде байдың «жақсы ат болады» деп піштіргелі ұстап отырған боз дөненін ұрлап мініп арғы бет асып кетіпті. Бұған байекең қатты назаланыпты. Жалшы жігіт боз дөненді арғы беттің Жайсаң бойын мекендейтін бір байға тарту етіп, өзі сол елге сіңбек болыпты. Пішілмеген боз дөненнің сүйек бітіміне көзі түскен әлгі бай, піштірмей оған он екі қысырақ қосып үйірге салыпты. Келер жылы боз дөнен үйірін шашау шығармай, ит пен құсқа жегізбей он екі қысырақ түгелімен боз құлын құлындапты. Бұған байдың көңілі шалқып, мәз болып жүргенде, бес жасар боз айғыр екінші жылы көктемде үйірін бастап өз мекеніне қайта өтіп кетіпті. Бір үйір жылқы бастап жеріне келгеніне бұрынғы байы жарыла қуанып «киелі мал» деп ырымдап той жасайды. Боз айғырдың бұл жершілдігі барлық елге жайылып, ол асып келген асу «Бозайғыр асуы» атанған екен. Жинаған: И.Байғалыұлы (Шәуешек қаласының аңыз-ертегілері, 1995: 154-155). Аңыздағы айтылып отырған жылқы малының естілігі туралы ауызекі әңгімелер бүгінгі малшы қауымның арасында да айтылады. Көбінде бұндай жағдай бәйге атына байланысты жиі ұшырасады.

Жоғарыдағы аңызбен үндес мәтін Еренқабырға тауының етегінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының арасында да кең тараған. Оны Тарбағатай аймағына қарайтын Сауан ауданынан шыққан төрт топтама кітаптың бірі саналатын «Сауан ауданының аңыз-ертегілері» жинағына енген «Қара ат сайы» аңызынан да айқын көреміз. Мәтінде аңызды көркемдеп айту байқалады. Ондағы оқиға XX ғасырдың басындағы аумалы-төкпелі жағдаймен байланыста өріледі. Қанша адамның қолына өтіп, тау асып, тас басқанымен бәрібір өзінің туған топырағына қашып келген жылқының біреулердің қолынан ұшты-күйлі жоғалғанын баяндайды. «Қара ат сайы» аңызы ел арасында төмендегідей тарап, хатқа түскен. Еренқабырғадағы Қызыл өзеннің тау ішіндегі жағасында «Гүлді қоныс» деген жайлау бар. Осы жайлауға тән жерге өзеннің шығыс жағынан түсетін басы тұйық бір сулы сай – «Қара ат сайы» деп аталады. Оның «Қара ат сайы»

деп аталу себебі былай екен. 1911 жылдардың шамасында Толыда өткен Тобықпай көпестің баласы Жұртбай деген адам бір күні «Гүлді қонысты» жайлағанда бір қара бесті атты ала жаздай сол «Қара ат сайына» қамап қойып мінген екен. сол жылдардан бастап бұл сай «Қара ат сайы» аталыпты.

«Қара ат сайы» деген атаудың тез қалыптасып ел есінде қалуының тағы бір басты себебі: сол қара бесті кейін келе мынадай екі түрлі ерекшеліктен Еренқабырғадан Тарбағатайға дейін даңқы шыққан әйгілі ат болыпты.

Бірінші: сол қара бесті алдына ат салмайтын, шашасына шаң жұқтырмаған тұлпардың өзі болып шығыпты. Ол Жұртбайдың Манас ауданындағы Қодас-Мәнбектің қолында тұрғанда бүкіл Еренқабырғаның бәйгесін тиыпты. Осы тұста ел айдаған Тоқтағанның қасындағы Ақымжан сыбызғышының астындағы аты тауықтың боғын жеп уланып өліпті. Сонда Тоқтаған: «Бұл өлген ат кезінде елу қойға басы шыққан Қызыр төренің қара жорға аты еді. Ауған ел сендердің кеселдеріңнен өлді, өзінен артық ат төлейсіңдер», – деп қиғылық салады. Сонан соң оның айдауына түсіп отырған ел амалсыздан алпыс үш бойдаққа әлгі бәйге қара атты сатып алып Рақымжанға мінгізіпті. Сонымен ол қара ат Рақымжан арқылы Тарбағатайға барып, Шағантоғайдың «Қара бура» деген жерінде болған бірнеше ауданның бас қосқан бәйгесіне үш рет қосылып үшеуінде де тоғыздан берілген бірінші бәйгені алыпты. Екінші, бұл қара ат жер көксегіш, кетеген және қашаған ат болыпты. Ол өзі Манас ауданының «Көктекше» деген жерінде туып дөнен жасына дейін сол Көктекшеде тұрыпты. Кейін қайда барса да Көктекшеге қашып келеді екен. ол дөнен жасында қалыңмалға беріліп, Сауанның Қызыл өзен деген жеріне келіпті. Бесті ат болғанда «Қара ат сайына» қамап қойып, жайлап отырғанда күзге жақын құзар шыңдар арасындағы жалама жартас, ну ормандардың ішінен жол тауып Көктекшеге қашып барып сол бетімен Мәнбектің қолында тұрып қалған екен.

Ақымжанның астынан «Шепейзіден» бір рет, «Бұғытыдан» да бір рет, екі рет қашып Көктекшеге келіпті. «Қарабураға»

барып үш рет бәйгеден келгеннен кейін тағы да бір қора жылқыны ертіп қашып Сауанның «Шөгей» деген жеріне келгенде Елубай деген адамға жолығыпты. Елубай қара аттың қасындағы құла жылқыны ұстап қалыпты да, қара ат өз мекенін бетке алып ұстатпай қашып кетіпті. Сол кеткеннен мол кетіп, жоғалыпты.¹

Аңыздың шығуы тым тереңде емес, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы оқиғаға негіз болған. Ақымжан Болдырғанұлы Қытайдағы қазақтар арасына кеңінен танымал, керейдің жастабан руынан шыққан сыбызғышы адам болған. Ол сол кезеңдегі Тарбағатай аймағының Толы ауданына қоныстанған керей тайпасының төресі Мамырбек төренің жанында жүрген сенімді, өнерпаз серіктерінің бірі болған. Тіпті, Мамырбектің үлкен ұлы Тұрысбекке Бұтабай болыстың қызын айттыра барғанда оның қасында болып, өлең-тойда өз өнерімен қалың елді тамсандырған тұлға ретінде де белгілі. Ал бұл аңызда елдің жарыла көшкен тобымен келіссөзге келге, елшінің, төренің шабарманы ретіндегі бейнесі көрінеді.

Жылқы түлігіне байланысты туған топонимдік аңыздар, әдетте, баяндалып отырған оқиғаны немесе әңгіме арқауы болып отырған жануарды көзімен көрген кісінің ауызекі әңгімесінен пайда болады. Ондай әңгіме бірден-бірге айтылып, елден-елге таралғанда ғана, яғни әңгіменің оқиғасы тұрақты сюжетке айналып, көпшілікке тарап, ел қажет кезде айтып отыратын болғанда ғана аңызға айналады. Әңгіме алғашында таза хабарламалық сипатта ғана айтылса, аңыз мағлұматтықпен бірге ғибарттық, сейілдік мақсатта да айтылады. Сондықтан алғашқы жай әңгімеге қарағанда аңыз көркемдеу, қызықтау болады, бірақ ол ешбір кереметтік араластырмайды. Осындай аңыздардың бірі «Керқасқа жоны» деген аңыз. Бұл аңыздағы оқиғада шамамен XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қызай елінің ауа көшіп

¹ Айтып берген: Қабден Балықшыұлы. Жазып реттеген: Қайранбай Әбікейұлы (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 259-261).

Тарбағатайға қоныстанған кезеңін еске түсіреді. Алайда онда ұзақ тұрмаған қызай елі кейіннен Іле бойына қоныс аударғаны белгілі. Осы тарихи оқиғаға байланысты дүниелер «Керқасқа жоны» деп аталатын топонимдік аңызбен сабақтаса айтылатыны байқалады. Тарбағатайдың Сібеті өзенінің шығыс жағында Керқасқа дейтін жер бар. Ол әрі жайлау, әрі асу. Оған Керқасқа деген ат былай қойылыпты. Қызай елі Жетісудан ауып, Жеменей және Тарбағатайға келіп қоныстанғаннан кейін қызай елінің ел басы Сасан дегенмен аталас адамның баласы, Сасанның қолында жүретін пысық бір жігіт болыпты. Ол жақынды ары, алысты бері асыратын баукеспе ұры екен. Бір жылы арғы беттегі Маңырақтан жүйрік кері ат ұрлап мініп жүреді. Бұны сезген Сасан: «Сен мына пәленді жоғалт, қуғыншының көзіне түссе мен саған ие бола алмаймын», – дейді екен. Ұрлауды білген, жасыруды да білмей ме?! Ол қара жусанды жаншып, қайнатып, қасқалай кері аттың басына таңып, жүнін жидітіп түсіріп, үш ай таудағы қараңғы үңгірге байлап, жем-шөп, суын үңгірден шығармай беріп бағады. Тірі малдың жүні түскен жері жарық көрмейтін жерде үш ай тұрса, үш ай емес, бір айда да орнына ақ жүн шығатынын әлгі ұры әбден білетін болса керек. Ұры кері атты, кері қасқа атқа айналдырғаннан кейін, жасырмай ашық мініп жүріпті. Бір кезде кері аттың жоқшылары керқасқаны сыртынан көріп танып Сасанға келіп: «Сенің адамыңның астынан жоғалған кері атымыздың ен-таңба, түс-тұлғасын таныдық. Ұрыңды өзің сұрап – атымызды айыбымен алып бер», – деп сөз салыпты. Сасан өз адамының кері атты ұрлап келгенін білетін еді. Ол жалтармай-ақ, ұрыны алдына шақыртып жығынды етпек болады. Бірақ, ұры тайсалмай кері атты мініп келеді. Сасан мен жоқшылар алдына келген кері аттың барлық ен-таңбасы айтылғандай шықса да, жалаң кері емес, кері қасқа ат болып шығады. Сол жерде Сасан: «Малға ен-таңбаны адам салады. Мынаның ен-таңбасын сендер салған боларсыңдар, ал, малдың өңін, ала-құласын құдай жаратады. Онда құдай болдыңдар ма? Сендердің аттарың кері ат екен. мынау кері қасқа болып шықты ғой. Бұған құдайдан басқа кім айғақ болады дейміз», – деп жоқшыларды беттетпей, табанда

еліне қайтарып жіберген екен. бірақ, біреудің ақ малы ұрыға да бұйырмапты. Келесі жылы жазға салым қайда байланса, қайда отқа қойса да Тарбағатай тауына қарай елеңдеп, есіней беретінді шығарған соң ұры оны күндіз-түні қолынан шығармай кісендеп ұстапты. Жер аңсаған хайуан ақыры кісенімен қашып, Тарбағатайдың жонына жеткенде қарлы боранға жолығып, қасатқа түсіп өлген екен. Міне, бүгінгі Керқасқа дейтін Тарбағатайдың жоны осы аттың атымен аталып кеткен деседі.²

Ел арасында сақталған осындай аңыздардың шоғыры мол. Енді бір топ топонимдік аңыздардың пайда болуында кереметтей тарихи оқиға болмағанымен сол кезеңдегі ел ішінде беделі бар белгілі тұлғалар мен бай-бағландардың өмірі, олардың отбасындағы тағдырлы оқиғаға байланысты туған дүниелер негізінде пайда болғаны байқалады. Оның бір парасы төмендегі топонимдік аңыздан айқын көрінеді. Бұл туралы С.Қасқабасов: «Топонимикалық аңыздың екінші түріне жер-су, мекен атын нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндайтын, сондай-ақ белгілі бір жер-судың пайда болуын ешбір мифтік ұғымға байланыстырмай, бірақ қиялға негізделе әңгімелейтін шығармалар жатады. Бұл аңыздардың мазмұны көбіне қайғылы болады, әңгіме кенеттен аяқталып, оқиға күрт үзіледі, ал кейіпкерлер бақытсыз жағдайға душар болады (Қасқабасов, 2009. 179), – дейді. Төмендегі «Үкілібейіт» аталып кеткен жерге байланысты аңыз да сол негізде туғаны байқалады.

Үкілібейіт бұрын Мори жері, қазір Баркөл ауданына қарайды. 1915 жылдары Кәрібай деген мекендеген. Сол Кәрібайдың үлкен қызының тойын жасап ұзатқалы отырғанда қыз тосаттан ауырып қайтыс болады. Кәрібай қызын сол жерге қояды. Мезгілсіз қазаға қабырғасы қайысқан ата-ана қызының шоғы мен үкісін қабір басына шанышқан ағашқа байлап қояды.

² Айтып берген: Зекен. Жазып, хатқа түсірген. И.Байғалиұлы (Шәуешек қаласының аңыз-ертегілері, 1995: 155-157)

Содан бастап бұл жер «Үкілібейіт» атанған (Мори ауданының аңыз-ертегілері, 1999: 203).³

Қазақ елі 1864 жылғы шекара келісімінен кейін екіге жарылып, екі мемлекетке қарап кеткені белгілі. Сол бөлінген қазақтың әр мемлекеттегі өмір салты мен күрес жолына байланысты да көптеген фольклорлық дүниелердің барлыққа келгені анық жағдай. Төмендегі бір аңыздың шығу тарихы сол оқиғалармен сабақтасып жатқанын көреміз. Кезінде Қытайға қараған керей елі «Төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды» деп Әбілпейіздің ұрпағы Көгедайды арнайы қалап апарып хан көтергені бар. Сол Көгедайдан кейін ел тізгінін ұстаған оның ұлы Ажы төре ондағы халыққа онша жайлы болмағаны тарихи деректерден белгілі. Ажының алман-салығына шыдамаған ел жан-жаққа ауа көшіп, жайлы қоныс, құтты мекен іздеп ауа көшкен болатын. Төмендегі аңыз да сол кезеңнің елесі айқын көрінеді. Ол «Қырыққұдық» атты топонимдік аңызда былайша берілген: Төрт би-төренің тұсында алман-салыққа шыдамаған бір бөлім ел Алтайдан Боғдаға көшіпті. Бәйтіктен өтіп қалың қамысты сортаң жерге келген ел судан қатты қысылыпты. Сол кезде бір ақсақал, ауыл басы бірден құдық қазуды айтыпты. Сондағы қырық ауыл қазған қырық құдықтың бәрінен су шығып, мал мен адам суға жырғапты. Кейін бұл жер «Қырыққұдық» атаныпты (Мори ауданының аңыз-ертегілері, 1999: 203-204). Ел аузынан жинаған Ядолла Үрістемұлы, Реттеген: Бақыт Мәдіұлы.

Қытайдағы Мори ауданында күні бүгінге дейін аты сақталған төмендегі аңызда бір-біріне қосыла алмаған қос ғашыққа байланысты айтылады. Аңыздың баяндауында шамамен XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басы меңзеледі. Жер атаулары бір-біріне қосыла алмаған қос ғашықтың трагедиялы тағдырының баяны секілді көрінеді, бұл аңыз күні бүгінге дейін сол сарында жеткен. Онда аңыз мәтіні «Баян-

³ Айтып берген Оспан Әбенұлы, жазып алған: Ядолла Үрістемұлы, реттеген: Бақыт Мәдіұлы.

Құмар», «Қашқанақ», «Сарымбұлақ» қатарлы жер аттары туралы аңызбен астасып жатқаны байқалады. Бөке заманынан бір ғасыр бұрын қазақтың Құмар атты жігітімен моңғолдың атақты байының Баян атты қызы бір-біріне ғашық болыпты. Бірақ, азулы бай қызын қазақ жігіті Құмарға беруден бас тартыпты. Ақыры Баян мен Құмар қастарына Құмардың досы Қанақ батыр мен тағы бір жігітті (Құмардың немересі) ертіп Зайсан жерінен қашып шығып Мори жеріндегі жайлау таудағы бір жотаға келіп бекінеді. Сол тұста бұл жерде Сарым деген адам бар екен. Қазіргі «Сарымбұлақ» сол адамның атына қойылыпты. Ал Баян мен Құмар мекендеген осы тауды да солардың атымен «Баян-Құмар» жотасы аталыпты.

Бір күні бұлар бұлақтың басына келіп, тамақ істеп ішіп отырғанда Зайсан жерінен шыққан қуғыншылар келіп қалады, осы кезде Құмардың немере інісі қарауылда тұрған екен. Ол қуғыншыларды көріп, «Қаш, Қанақ қаш, жау келді!» деп айқай салыпты. Қуғыншының күші басым болғандықтан Құмар бастаған төрт адам сол арада қаза тауыпты. Қариялардың айтуынша осы жерлердегі ескі қабірлерді солардыкі дейді.

Өлгі бастау кейін Қанақтың атында, яғни «Қаш, Қанақ! Қаш!» деген қапылыстағы айғайлаған сөзбен «Қашқанақ» атаныпты.⁴

Әрине, аңызда кейінгі айтушылар мен баспаға дайындаған жинаушы, редакторлардың қолтаңбасы бары анық. Солай бола тұрса да бұл аңызда бірқанша жер атының қалай пайда болғаны туралы мәліметтерге ие бола аламыз. Бұл жерде және бір назар аударатын жағдай «Бөке заманы» деген сөз болса керек. Бөке тарихта аты қалған керейдің ел бастаған мықты азаматтарының бірі. Оның денесі Тибет үстіртінде, басы Алтайға жерленген. Қазақтың қанды қасап тарихының бір парасы осы Бөке атымен байланысты айтылады.

Қос ғашықтың арманына жете алмай, өмірінің соңы

⁴ Айтып берген: Қайдар Әукешұлы, жазып алған: Ядолла Үрістемұлы, реттеген Бақыт Мәдіұлы (Мори ауданының аңыз-ертегілері, 1999: 204-205).

трагедиямен аяқталған жағдайларды баяндайтын аңыздар Қытайдағы қазақтар шоғырлана қоныстанған байырғы қоныстарының біразынан жолығады. Сондай бір топонимдік аңыз «*Байынжүрек*» атты жердің атауына байланысты кездеседі. Іленің Күнес алқабында орналасқан Нарат деген жердің қиыр шығысында аумағы үлкен көк жота бар. Көк жотаның үстінде кеңірек шұңғылдау жер бар да, оның шетінде қатар жатқан екі төбешік бар. Бұл бұрынғы аты мәлім емес, қазіргі аты «*Байынжүрек*». «*Байынжүрек*» деп аталатын осы жерге байланысты ел аузында бұрыннан келе жатқан мынадай аңыз бар:

Абылай хан дәуірінде моңғол мен қазақ арасындағы бір жолғы соғыста қазақтың бір жігіті моңғолға қолды болып кетеді. Айлар ауысып, жылдар өте келе ол жігіт моңғол ханның қолында кембай болып жүріп ханның Байын деген сұлу ханшасына ғашық болады. Ханша бұл келбетті, батыр жігітке күйеді.

Бір күндері болғанда олар құпия сөз байласып, қашып шығады. Артынан қуа шыққан моңғол хандығының адамдары осы Байынжүрек айналасын торуылдай жүреді. Олардың ішіндегі сұңғыла, ойшыл, сыншы адам жотаның үстіндегі қалың қамыстықта бір шымшықтың айналып қонып-ұшып жүргеніне қарап, «осы қамыстың ішінде адам болуы мүмкін» деп топшылайды. Моңғол қуғыншылары бұл қамыстықтың ішіне кіреді. Шынында қыз бен жігіт сол жерден табылады. Мінген аттары жоқ, қайда өліп, қайда қалғаны белгісіз. Ал, өздері арып-тозып, ашығып, тек иықтарын тиістіріп қана хал үстінде жатқандарын көреді.

Моңғол қуғыншыларының рақымсыз бастығы екі ғашықтың бастарын кесіп алып, тәндерін жасырмай тастап кетеді.

Бір күндері Абылай ханның Қабанбай, Есенгелді бастаған шолғыншылары әлгі көк жотадан өтіп бара жатып, қамыстықтағы сауысқанның шықылықтауына қарап, бұнда бір нәрсе болар десіп қамыстықтың ішіне кіреді. Бақса бір қыз, бір жігіт басы кесіліп әкетілген. Киімшең денелері ғана жатқан екен.

Олар бұл өлі денелерді тексере келе жігіттің сүндеті барлығына қарап «мұсылман» екен деп қорытындылайды. Ал қыздың моңғолша киім-кешегіне қарап, моңғол қызы екен деседі.

Жігіттің жанқалтасынан «ғашық жарым Баянға» деген арабша жазылған бәйт өлең шығады. Осы деректерге қарап, шолғыншылар Қабанбай мен Есенгелдінің ұсынысы бойынша жігіт пен қызды мұсылмандардың әдеті бойынша жаназа шығарып, арулап, екеуін екі бейітке қояды. Жаназа оқығанда жігіттің атын таба алмағандықтан Қабанбай:

– Жігіттің аты жүрек болсын, өйткені моңғол қызы Баян оның шын жүрегінен сүйген ғашық жары екен. Олардың тәндері құрбан болса да, жүректері бірге соғып, бірге тынған екен, – депті. Есенгелді батыр да қосылып:

– онда бұлардың аты «Баян-Жүре» болды. Бұл тіпті де қасиетті сөз. Жүрек сүйсе, Баяндай болсын демек дүр, – депті. Бұл жердің қазірге дейін «Байынжүрек» болып аталуы осыдан деседі жұрт.⁵

Аңыз оқиғалығы Абылай хан дәуіріндегі батырлардың есімімен нақылана түседі. Бұндай оқиға тарихта болды ма, болмады ма, оны зерттеу бөлек мәселе. Ал осы жер атының пайда болуы туралы аңыз, ауыз-екі әңгіме негізінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп, баспа жүзін көргені белгілі боп отыр. Жоғарыдағы аңыздардың баяны бір-біріне қосыла алмаған ғашықтардың трагедиялы тағдырының куәсындай бүгінгі күнге жетіп отыр. осындай бір аңыздың жүлгесі Тарбағатай аймағы Шағантоғай ауданы мен Толы ауданының шекараласқан аумағына орналасқан жер атына да байланысты айтылады. Ол жер күні бүгінге дейін «Алтын-Еміл» аталады. Алтын деген қыз бен Еміл деген жігіттің махаббатының ескерткішіндей боп бүгінгі күнге жеткен аңыздардың куәсі болған ескерткіштей әлі сол атымен аталады.

Дәл осындай аңыздың бірі, яғни ғашығына қосыла алмай

⁵ Айтып берген: Оспанғали Қаңбақұлы. Жазып, реттеген Дәулет (Нылқы ауданының аңыз-ертегілері. 1-кітап., 1990: 279-280).

өмірінің соңы қайғылы жағдаймен аяқталатын топонимдік аңыз, қазіргі Алтай аймағы Көктоғай ауданындағы жер атына байланысты айтылатыны белгілі болды. Ол ел арасынан жиналып, жарық көрген *«Қашқырты және қыз құлаған»* аңызынан айқын аңғарылады. Онда оқиғаның барысы қазақтардың Алтай төңірегіне үшінші рет қоныс аударуымен байланыстырылады. Қазақтардың үшінші рет қара жұртына қоныстанып жатқан сол бір мезгілде, Өр Алтайға келіп қоныстанған, Қашқырты, үсті-үстіне келіп жатқан елге өктемдік жүргізе бастайды.

Қашқыртыдан бұрын келіп қоныс алған, өз ортасының инабатты Әмір деген ақсақалы таңертегі ас үстінде отырғанда «өзі инабатты, сөзі дуалы адам ғой, балама ат қойып берсін» деп шақыртқан хабарымен, «талай жыр шыр еткенді көрмей зарығып жүріп көргені ғой барсам барайын» деп Әмір ақсақал аңшы Жақыптың үйіне барады.

Әмір ақсақал Жақыптың дүниеге келген баласының әйел бала екенін ұғып, армандап жүргені ғой деген оймен баланың атын «Арманай» қояды да, дәл қазір көкірегінде уыздай ұйып, тебіrentіп отырған ойын да жасырмай «ата салт қой, білмейсіңдер емес, білесіңдер. Кіндігімнен жалғыз Сауытбай еді, енді басына үй, бауырына қазан ала қаза тауып, келінім ауыраяқ қалған. Иә, ұзамай Сауытбайымның көзі өшпесін деп Алла тағала артына бір ұл қалдырды. Оның атын ұлымның көзі өшпесін деп Тәңір берген ғой деп «Тілек» қойдым. Өне, сол тілегім талпынып отыр. Сонда «жас өспей ме, жарлы байымай ма» сонда өз тілегім, арманым, көзім барда көңілім тойып кетсін – құда болсақ, құдай деген құда болайық», – деп талабын қояды. Қарттың бұл талабына ойлана-толғана отырған Жақып та бөтен көрмей мақұл болады.

Жақып жар дегенде жалғыз қызына аузындағысын жырып беріп, қолындағысын ырып беріп, оқу оқытып, ахылақты етіп өсіреді. Жылдар жылжып, қыз бен жігіт ержетеді. Жақып та қорасына қой, өрісіне жылқы салған орта шарықты адам болады. амал не, сұм тағдыр оны жер ортасынан ауа әкетті. Әкеткенде өз жылқысын аралап жүргенде, өз жылқышылары жылқыға келген

ұры деп жаңсақ танып сойылға жығып өлтіреді. Жақып өлер алдындағы өсиетінде бәйбішесі Айсәулеге Арманай мен Тілекті қосуды қадағалай тапсырады.

Арманай келбетті, істі, әнші болып ержетсе, Тілек те әнші-күйші, балуан болып ержетеді. Әрі бір-біріне ғашық болады. арманайдың сымбатына ынтыққан Қашқырты байлығына мастанып, тоқалдыққа сұрайды. Бұған Айсәуле бәйбіше: «саған қыз бергенді қойып, қанды кек құзамағанымға тәубе» деп «Жақыпты сойылға жыққан Жалпақтанау деген осы Қашқыртының туысы екенін ескертіп, Арманайдың құдаласқан жері барын айтып жолға салады» да Арманай мен Тілектің жұмысын тездеп бітірудің қамына кіріседі.

Бұл хабарды естіген Қашқырты, біліктілігін көрсетіп Арманайды шешесімен көшіріп өз жанына алдыруға адам жібереді. Бұдан хабар тапқан Тілек жігіт бастап келіп Қашқыртының адамдарымен соғыс салып, қиян-кескі соғыста Айәуле ханым қаза тауып, Тілек жараланады. Үш күн қара жамылып еңіреген Арманайды Қашқырты молла әкеліп, неке оқытады да, көшіріп әккетеді.

Арманай олармен қарсыласып неке суын төгіп, қарсылық көрсеткенімен қолынан не келеді? Ақыры ойлана отырып «бұрын ойламаған екенмін, болды ризамын, өзіңе барайын, талабым – отауым айырым тұрсын, еркін жүріп-тұрайын» деп Қашқыртыға тілегін білдіріп, мақұлдатады да, шешесінің талай рет құлағына құйып, «әкеңнің түбіне жеткен осы Қашқырты. Кезінде бір қасқырдың терісіне араз-ашты болатын. Сол затпен Жалпақтанауға сойылға жықтырып отыр. Ендігі салған лаңы мынау, ата жауыңнан, ата кегінді алуды ұмытпа» деп атадан қалған абдыраның түбіндегі ақ қанжарды берген еді. Арманай осы бір қанды жас мамарлы құнды және бір қайталап шықты да, ақ қанжарды ішіне жасырды да Қашқыртының отауға келетін күнін сәт деп біліп, көрпеге ене берген қасқырды ақ қанжарымен жайратып қашып шығып, Тілектің үйіне келсе Тілек жоқ екен. Тілектің шешесіне көзінен қанды жасын төгіп шағынып алады да, Тілектің садағын асынып, Тілектің сол жерден табуын айтып

кетеді.

Арманай төңірегі ашық құзар шыңға шығып, тілекті күтеді. Бірақта, Тілектен бұрын Қашқыртының қуғыншы адамдары келіп қоршауға алып атқылайды. Арманай өзінің құтылмасын аңғарып, қолынан қан шығарып жалама-жартасқа «Арманай-Тілек» деп аттарын жазады да, өлсемде жастығымды ала жатайын деген оймен жауымен атысады. Жауының әлде нешеуін атып өлтіреді де өзі жаламадан секіріп өледі.

Өне сол қыршын жас Арманай қыздың тастан секіріп өлген жерін күні бүгінге дейін «Қыз құлаған» дейді де, Қашқыртының өлген жерін «Қасқырды», «Қашқырты» деліне келіп, қазір «Қашқырты» деп атайды. Бұл жерлер қазір Көктоғай ауданы Қаратүңке ауылдығының жайлаулары.

Бұл аңызды 1955 жылдары Көксеген деген қарияның айтқанынан естігендерім деп айтып берген: Қабдай Рабайұлы. Жинап, реттеген: Баяхымет Жұмабайұлы (Көктоғай ауданының халық аңыз-ертегілері, 1993: 214-218).

Ғашығына қосыла алмай, арманда кеткен қыздың тағдыры туралы топонимдік аңыз Баркөл ауданынан жиналған тарихи материалдардан да табылып отыр. Онда Баркөл атауының қалай пайда болғаны туралы аңызбен қоса, онда өмір сүрген бір байдың қызының атын Баркөл қоюы, бұла өскен қыздың жігіт таңдап жүріп, өз ойындағы жігітті кездестіріп, онымен сөз байласуы, маңайындағы көре алмаған дұшпандарының оған қастық жасауы, сол жолда өзінің опат болып, сүйген жарына қосыла алмай мерт болуы баяндалады. Бұл оқиғалық «*Баркөл туралы аңызда*» төмендегідей беріледі:

Ерте, ерте ертеде қазіргі Баркөл қаласының орнында ештеме жоқ екен. Бірақ, осы жердің астында көл барын сезетін адамдар «Мына жердің астында көл бар» деп аңыс етіп жүргенде, айтқанындай күндердің бірінде, сол жерден көл пайда болыпты да, адамдар содан бастап «Баркөл» атап, ол жерге қоныстана бастаған екен.

Баркөлден ұзамай хан сарайы түсіп, шаһары кеңейіп кетіпті. Қаланың иесі болған мұндағы лапкасы мен малы даланы

алып жатқан қазақтың бір байы өзінің жалғыз шолжаң қызының атын да Баркөл қойған екен.

Күндер, айлар өтіп, байдың қызы да ержетіпті. Көптің көзіне түсіп, талай мырзалар, ханның ұлдары, не бір өнерлілер келсе де байдың айтатыны: «қызым кімді сүйсе соған беремін» деп құтыла береді. бір күні серуенде жүрген Баркөл, Бесбалықтан келіп Баркөл қаласын тамашалап жүрген бір жігітке ғашық болып қалады да нөкерлеріне жігітті шақыртып танысса, Бесбалықта тұрған қазақтың бір батыры Қозы деген болып шығады. Бұлар танысып, шынымен бірін-бірі ұнатып, шынайы ғашықтардан болып қалады.

Қыздың Қозымен танысқанын және талай менменсіген мырзалардың бетін қайтарғанына жауы көбейіп, ақыры Баркөлге талай жерден жасауыл бастап келген қызғаншақтар соғыс қозғайды. Бұндай төніп келген соғыстарда, Баркөл қыз Қозыға деген уағдасында берік тұрады да Қозыға хабар жібереді.

Қозы істің жайынан хабар тауып, қаруын асынып, жасағын сайлап ұмтылады. Қозы келгенше Баркөл қаласын ойрандап жатқан жауға түйғындай тиіскен Қозы жауын ықсырата жеңіп, қашқан жаумен қуа соғысып, осы соғыста Қозының дүлдүлінің бір аяғын «шашасынан» тиген оқ кесіп түседі. Үш аяқтап шапқан дүлдүл жауды ығыстыра береді. Сондағы Қозының атының шашасынан қырқылып түскен жерін ел «Шаша» деп атап кетеді. Қашқан жау Көкшоқы тауындағы қара халықты қырғындап, тауға өрт қояды. Содан бастап «Көк шоқы» аталатын таулы өңір өрттен қалған соң сары тауға айналады да, халық «Сары шоқы» атап кетеді.

Жыл өткізіп, қаруы мен жасағын сайлап келген жау және қиян-кескі соғыс жүргізеді. Қозы да жаумен аянбай айқасады. Бірақ, күші мығым, айласын арттырып келген жау, Қозы жасақтарын ойсырата жеңеді. Қозы да оқ тиіп қайтыс болады. Халық және аянышты халде қалады. Қозының өлген жерін халық «Ерқозы» деп атайды. Баркөл қаласы және жаудың шабуылында қалады. Баркөл қыздың да жағдайы мүшкіл халде қалады. Бірақ, қалай да жау қолына тірі түспеуге ант беріп, Баркөл қаласынан

сытылып шығады да беті ауған қу медиян, құба түзге жосып кетеді. Ол жүре-жүре бір тауға келсе, осынау қу медиян, таулы өңірде өзіне ес боларлық бір көк серке мен ақ серкенің жүргенін көреді. Олар да Баркөлдің қасында түнеп жүреді.

Баркөл қыз Баркөл қаласынан шыққан соң, Тәңір мынау жауларына қаһарын төгіп, жер сілкінтеді де, жаулар да қырылып, Баркөл қаласы да жер астына түседі.

Баркөл қыз ақ серке мен көк серкені ес қылып, мұнда жүре береді. бірақ, сусыз далада алдымен ақ серке мен көк серке өледі, өз бетімен қаңғып жүрген Баркөл қыз да ұзамай өледі. Кейін жұрт ақ серке мен көк серкенің өлген жерін сол екі серкенің атымен атап, ал, Баркөл қыздың өлген жерін «Мұңлықтың тауы», «Мұңлықтың ойы» деген атпен атап, мұң мен зарға шерменде болып өлген Баркөл қызды осылай еске алады екен.

Айтып бергендер: Зархан Қопақұлы, Күлқай Қозыбайұлы. Жинап реттеген: Баяхымет Жұмабайұлы. (Көктоғай ауданының халық аңыз-ертегілері, 1993: 232-235).

Ғалым А.Пангереев: «Егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факті ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – әпсана болады», – деп, топонимдік әпсана ұғымына, ал: «Кітаби және діни сюжетті баяндайтын шығармалардағы хикаяттық сипатқа сәйкес құрылған топонимдердің аталу астарынан мифтік белгілерді байқаймыз», – деп топонимдік хикаят ұғымына түсінік береді. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері туралы тұжырымын қорытындылай келе, ғалым жер-су атауларының шығу тарихына байланысты туған топонимикалық аңыз, әпсана, хикаяттардың қатарына жаңа түр – топонимдік әңгіме жанрын қосады: «Топонимдік әңгіменің өзіне тән белгілері бар және ол басқа жанрлармен аралас өмір сүреді. Оны аңыз бен әпсанадан айырар ерекшелігі – уақыт аралығында, жаңашылдығында, шындықты суреттеп айтуында, яғни әңгіме жанры басқаларына қарағанда әлдеқайда кеш пайда болады». Төмендегі *«Темірхан әлие және*

Қожам» атты аңыз да ел арасында күні бүгінге дейін сақталып, хатқа түскені белгілі. Мори ауданының Бостан ауылына қарасты Сәрсеке тауының батыс және шығыс жақ салаларында «Жай Қожам», «Ақтас Қожам», «Үлкен Қожам» деп аталатын үш орын бар. Бұл жерлердің «Қожам» аталуы Темірхан әулие туралы аңыздан келіп шыққан. Аңыз ел арасында мынадай айтылады.

Бұрын ағалы-қарындасты екі әулие болыпты. Ағасының аты Темірхан, қарындасының аты Әйшамхан (Әсілі аты Айжан екен. Ұйғырлар Әйшамхан деп атап кетіпті) екен.

Күндердің бірінде екі әулиенің қастас дұшпандары оларды өлтірмекші болады.

Темірхан әулие қара нарға азық-түлігін артып, қарындасын мінгізіп, өзі тұлпарына мініп алыс жолға сапар шегеді. Бірақ оның жаулары да өкше ізіне түсіп қуады.

Темірхан әулие қуғыншы жаулармен соғыса қашып, кеш бата Бостан сайына ілініпті. Күн батып кеткендіктен Бостан сайын өрлеп қалың мәуелі терек өскен бір жасаңды жерге келіп түнепті. Қазір бұл әулие түнеп аттанған жерді «Жай Қожам» дейді. Өрі бұрын салынған тас үй, жер-ошаққа ел ақтық байлап сиынады.

Жай Қожамға түнеп аттанған екі әулие Бостан сайын өрлеп, Ақтас сайының басына түсіпті. Ақтас суының басына келіп деп алып, ағасы шөмшек теріп, қарындасы нан илеп, түстік тамақтың қамына кіріседі. Тұлпарын арқандап қояды. Қара нары алысырақ барып жайылып тұрады. Дәл осы кезде қуғыншылар келіп басып қалады. Қара нар жау қолында қалады. Сонда Темірхан әулие қолын жайып тасқа айнал дегенде қара нар қара тасқа, илеп отырған нан ақ тасқа айналыпты. Қазір Ақтас сайының басында қара нар сияқты жалғыз өркенші қара тас, судың шығыс жақ беткейінде шашылып жатқан ақ тас бар болып, ел оны әулиенің тасқа айналған қара нары мен илеген наны дейді. сондықтан бұл жер «Ақтас Қожам» деп аталыпты. Ақтас сайының аты да осыған негізделіп қойылған екен.

Темірхан әулие сол кезде қарындасын мінгестіріп, қашып жаудан құтылып шығыпты. Қызылқораны өрлеп, Мұздық

тақтайының батыс қыратын қыраттай қашып, бір жерге келгенде жан-жағы түгел қамау-қамау жартас болып жол таба алмай қалады. Қуғыншы жау да жетіп оларды қоршап алады. Сол кезде қара жер қақ айырылып, әулиелер жер астына түсіп кетіпті.

Кейін бір моллаға түсінде Алла аян беріп: «Сен Темірхан әулиенің жатқан жеріне, басына күмбез орнат», – депті. Әулиенің жатқан жерін нұсқапты. Әлгі молла күмбез орнатып, өлгенше сол күмбезге қарапты. Қазірде Қожамда екі күмбез бар. Біреуі ағасы Темірханның, енді бірі қарындасы Әйшамханның қабірі дейді және бір тас үйілген шоқы бар. Оны «Тұлпар шоқы» дейді. ол жерге әулиелердің тұлпары өлген екен.

Күмбез орнағаннан кейін бұл жердің аты «Қожам» қойылып ел сиынатын болыпты.

Ислам дініндегі ұлттардың бәрі де Қожамды құрметтейді. Жайшылықта Қожамға келгендер құран оқымай өтпейді. Әсіресе қазақ халқы Қожамның тұсынан өткенде әйелдер аттан түсіп жаяулап өтеді. Ерлер ат үстінде үзеңгіден оң жақ аяғын шығарып, дұға оқып, иман айтып өтеді. Қазір адамдар Қожамға әр жылы барып, ақтық байлап, суын ішіп, құран оқып, шырақ жағып, нәзір беріп сиынып тұрады. Үлкендер: «Бұл әулие өлген емес, ғайып болып кеткен. Ол әлі тірі, сондықтан Қожамды құрметтеп сиынуымыз орынды», – дейді (Мори ауданының аңыз-ертегілері, 1999: 205-207).

Аңызда мифтік сипат бар екені анық көрінеді. Мифтің құбылу сарыны айқын көрінеді. Ол қуғыншылар келгенде жанынан қысылған Темірханның дұға оқып нар мен жайылып жатқан нанды тасқа айналдыруы, қуғыншылар ұстаймын деп жатқанда қара жердің жарылып, олардың жер астына түсіп кетуі, кейінгі халықтың оларды ғайыптан жоғалып кеткен әулиелер деп оларға күні бүгінге дейін құрметпен қаруы соның мысалы. Сондай-ақ бұл жер-су аңызында ислам діні хикаяларының да әсері бар екені анық аңғарылады. Олай дейтініміз- олардың құбылуына жасаған дұғаларының кереметтігінде деп түсіндіруінен анық көрінеді.

Алтай тау сілемдерінің Қытайға қараған бетінде де жер-су

атауларының қалай пайда болғаны туралы аңыздар молынан сақталған. Соның бірі Шыңжаң өлкесі Алтай аймағы Көктоғай ауданының халқынан жиналып, баспа бетінде жарық көрген фольклорлық мұралардан айқын көрінеді. Солардың қатарында «Алтай» тауының аты туралы, ондағы «Бұлғын», «Үш қыз шоқылары» атуының қалай пайда болғандығы туралы аңыздар сақталған. Алтай тауының атауы негізінен Асан қайғы есімімен байланысты айтылады. Алтайдың «Алтай» аталуы туралы аңызда Асан әулие жер жаһанды желмаясымен кезіп жүріп, Алтайға келгенде «Алты ай десе, алтай ай екенсің, жаздың алты айы – жаннат-ақ екен, қысың қатты, жазың тәтті жер екенсің. Алтының мол екен. Ат тұяғы тоздырар» деп бағалап кеткен екен (Көктоғай ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 218).

Қазақтың топонимдік аңыздары екі түрлі болып келеді. Бірі – тарихи оқиғамен, дәлірек айтсақ, қалмақтар мен қоқандықтарға қарсы соғыстармен байланысты болып келеді де, сол ұрыс болған жерлерді суреттеп, оқиғаны баяндайды (Қасқабасов, 2009: 179). Жоңғарлар мен қазақтар ортасындағы тарихи оқиғаларға байланысты туған жер аттары күні бүгінге дейін сақталған. Төмендегі аңыздар бірде басқа аңыздың ішінде айтылса, бұнда жеке-жеке сөз болады. Мәтінде өзгешеліктер болғандықтан оларды да бере кетуді жөн санадық. «Бұлғын» деген жер атауының шығуында аңыз былай баяндалады:

Алтайда қазақ елін моңғолдар Қобда жерінен Байыншаған деген батырын шығарып, әскер бастатып, мал қууға жіберіпті. Қапелемде елді басқан жауын көрген сол кездегі керейдің Бәйтік, Қаптық деген екі батыры сайлауыттармен сайысқа шығады. Сан жағынан үш есе моңғолдар қазақ сардарларын зор шығынға ұшыратады. Соғыста сан сарбаздар қаза табады. Кескілескен сайыс бір жұмаға созылып, ақырында Бәйтік пен Қаптық бірдей қалмақтардың қолына түсіпті. Байыншаған бастаған қалмақтар қазақ елін шұбыртып, Шіңгіл арқылы Мори, Баркөлге айдапты. Алтайдан айдаған ел Бұлғынға барғанда, шұбырған елден жібекпен тысталған бұлғын ішік қалғандығы үшін, бұлғын ішік қалған жер «Бұлғын» аталыпты (Көктоғай ауданының аңыз-

ертегілері, 1993: 219).

«Үш қыз шоқылары» атауы жайындағы аңызда Жоңғар батыры Байыншағанды өлтірген үш қыз моңғолдың қарауылынан аман құтылып, жапан кезіп зыр жүгіріпті. Тас қараңғы түнде зыр жүгірген үш қыз, әлде қандай бір жерге барып демалып жатып ұйықтап қалады. Келесі күні үш қыздың отырған жерінен үш төбе пайда болып, сол үш төбе пайда болып, қазіргі күнге дейін «Үш қыз аталыпты» (Көктоғай ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 220).

«Бәйтік-Қаптық» таулары туралы аңыз. Бәйтік пен Қаптық батырлар моңғол әскерлерін қырғындап, елдің жартысын таң ата Алтайға, жартысын Баркөлге көшіріп, екеуі екі атқа мініп екі тауға қарауылға шығып кетіпті. Алыстан көрінетін екі тау – қазіргі Бәйтік-Қаптық екен. Екі батыр сол кеткеннен қайтып оралмапты (Көктоғай ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 221). Жоғарыдағы жеке-жеке айтылған аңыздың жиналған ауданы басқа болғандықтан, сондай-ақ мәтін мазмұнында да сәл өзгешеліктер болғандықтан жеке-дара беріп отырмыз.

Шыңжаң өлкесінің Іле қазақ автономиялы облысына қарайтын Тарбағатай аймағының Шағантоғай ауданынан жиналған фольклорлық мұралардың ішінде де жер-су атауларына байланысты бір аңыз сақталған. Онда Шағантоғайдағы Қарашоқы, Қарадыр, Лаба, Саршоқы, Қаратамақ қатарлы жерлердің атауының шығуы туралы баяндалады. Аңыз мәтіні төмендегідей болып келеді. Біздің қазіргі мекеніміз болып отырған Қарадыр, Лаба, Саршоқы, Қаратамақ қатарлы жерлер қызай елінің мкені болып, Алтайдан Тарбағатай өңіріне Мұқы, Темір, Топай, Бұғыбай бастаған бір топ мықты батырлар келіп, қызаймен жауласып, оларды мекенінен қуып жіберіпті де өздері орналасқан екен.

Содан бірқанша жыл өткенде Көбен батыр (руы жантас), Есет батыр (руы жастабан), Бүлкендік (руы меркіт) деген кісі бар үшеуі қызай еліне барып жүріп, қызайдың бір қартымен бірге отырғанда, әлгі қария бұлардың мекенін сұрай келіп былай депті:

– Көбен батыр, сен қай жерді алдың? – депті. Көбен:

- Мен Қарашоқыны алдым, – дегенде, әлгі ақсақал:
- Ақ тышқан деген жұт келгенде төрт түлік малдан әрең ұрық қалған.

Жаманшылығына баққанда көлдің ортасы еді, – депті. Содан соң Есетке бұрылып:

- Есет, сен қай жерді алдың, – депті. Есет:
- Мен Қарадыр деген жерді алдым, – дегенде:
- Сен көлдің шетін алған екенсің, ақ тышқанда малдан әрең ұрық қалған еді, – депті қария.

Бүлкендік, сен қай жерді алдың? – депті әлгі ақсақал.

- Мен Лаба, Саршоқы, Қаратамақты алдым, – дегенде:
- Ең жақсы жерді сен алған екенсің. Өмірі жұт жүрмеген жер еді. Ақ тышқанда жұтқа бой бой бермеген болатын, – дей келіп, Түйесай деген жер бар. Қары түйе бойы түсетін. Сондықтан Түйесай аталған – деген екен әлгі қария. Айтып берген: Қыңырбек Өзілұлы, 80 жаста. Жазып, реттеген Шәкен Қабденұлы. (Шағантоғай ауданының халық аңыз-ертегілері, 1996: 90-91).

Аңызда негізінен 1860-1870 жылдар аралығындағы Алтайдан ауған керейлердің бір бөлімінің Толы ауданына қарасты Майлы-Жәйір тауларына орналасқан кезеңіндегі тарихи жағдайдан хабар береді. Бірақ, мұнда екі ел –керейлер мен қызайлар арасында қайшылық болмаған, негізі қызайлар Ілеге ауып кетіп, онда босап қалған елдімекенге келіп орналасқан жайы айтылады.

Мифтік сана, ұғымнан хабар беретін туындылармен қатар ел жадында көптеген топонимдік аңыз, әңгімелер де сақталғанын көреміз. Олар жер-су, тау, үңгірлердің, қала, ауыл, бүтін аймақтың аталу тарихынан мәлімет береді. Олардың сюжеттік негізін – өмірде болған, болмаса да әбден болуы мүмкін, кейде реалды оқиғалармен бірге нанымсыз, ғажайып/фантастикалық реңктегі жағдаяттар, факт, детальдар аралас жүрген, бірде бірнеше ғасыр бұрын орын алған, тарихтан белгілі, кейде бір өңір, аймақ үшін ғана маңызды, яғни жалпы халықтық мән-мағынасы жоқ оқиғалар құрауы мүмкін. Сол оқиғалардың

кейіпкерлері – есімдері тарихтан белгілі батыр, хан, әулие, қарапайым адамдар, ғашықтар т.б. Сондай-ақ жер-су, таулар т.б. жаудың есімімен, зат, бұйым, тұлпардың атымен де аталуы мүмкін.

Жер-су атауларының фольклорлық мұрамыздағы орны ерекше, себебі жер, су, тас, үңгір, төбе т.б. халық үшін жай ғана географиялық нүкте емес, олар – кір жуып, кіндік кескен туған жер, Отанның символы. Жер-су арқылы, соларды атау арқылы этнос сол мекенге, сол кеңістікте болған оқиғаға, сол төңіректің тарихына өзінің қатынасын, қатыстығын, байланысын білдіреді. Сондықтан мұндай шығармаларды халық ұмытпай, құнттап сақтайды.

Топонимдік аңыз, әңгімелер санатына мәлімет беру қызметі тұрғысынан өте жақын, бір типті болып табылатын, жоғарыда талданған «Әулие ағаштан» өзге де көптеген киелі саналатын ағаштарға арналған прозалық шағын аңыздарды жатқызуға болады, мысалы Шыңғырлау өңірінде 500-600 жылдай уақыт өсіп тұрған 6-7 кісінің құшағы жетпейтін «Шоқайтерек» деп аталып кеткен алып терек туралы, Қарағанды облысындағы «Екі ғасыр жасаған терек», «Әулие терек» деп аталатын зәулім ағаш туралы аңыздар. (Өзібаева, 2014: 12-13) Киелі ағаш, киелі үңгір, киелі арасан туралы аңыздар да ондағы халықтар арасында көптеп сақталған. Соның бір шоғыры Тарбағатай аймағына қарасты Сауан ауданының ел арасынан жиналған фольклорлық мұраларында кездеседі. Онда бірнеше Арасанның пайда болу жайы, олардың емдік қасиеті, бүгінгі атаулары туралы аңыздар ұшырасады. Солардың бірі Сауан ауданына қарасты жерден табылған «*Арасан туралы*» аңыз. Кезінде Қали арыстан яһудилермен осы арасанда жатып соғыс жүргізіпті. Үш көлшіктің ең аяққы көлшігінің астын ала, үш қатар текшеленіп жиылған жазықшадағы дала жайнамазы сахабалардың намаз өтейтін орны болған.

Осы үш бастауға жараланған сахабалар түсіп, олар жазылған соң қайта соғысқа барып отырған да, олар «Алып бұзаулы сиыр үңгірінде» жатқан. Қиян-кескі соғыс барысында

жаулар Арыстанның дүлдүлін садақпен атып жаралап, Арасанның маңына у шашып, осы күндегі у шөп содан шығыпты.

Сонымен Арыстан дүлдүлін жасырын Ақтас өзені мен Борқора өзенінің құйғанындағы текшеге арқандатқан екен. осындағы текше тастағы дүлдүлдің ізін көрген жаулары ол жерден де дүлдүлді өлтірмек болғасын, Арыстан дүлдүлді Боғданың төбесіне жайылтып, Арасаннан суарып тұрыпты. Яһудилер мұны да біліп қойғасын, Бабағұмар Саяпіддегі жауларды Боғданың басындағы ақ таспен атқылап, қала халқын жер астына түсіріп жіберіпті. Саяпіддің жағалауында қалған қалың ақ қойтас содан қалыпты. Сонымен дүлдүлді бұл жерден тағы қол жаздырып, Хотанның бір тауынан оқыр салдырып, сол жерде жемдеп тұрған екен. сол тауға барып кірсек, қай жағынан қарасаң да салынған оқыр көрініп тұратыны содан қалыпты. Ол тау «Оқыр тау» аталыпты.

Ал, осы күнгі Арасанның бас жақ шығыс қабағындағы текшедегі үлкен қара тастың түбіне дүлдүлді байлап емдегендегі тасқа басқан ізімен аққан қан «Аллеыт» деген сықылды толып жатқан тас ойма арабша жазулар сол кезде жазылып қалған екен. (оны хұңбиіңдер дәрі қойып жарып тастапты). Қазір сол белгілерден Арасанның бас жағындағы батыстан келетін алтын бастаудағы таста Арыстанның төңкерген қазанының ернеу табы, дүлдүлдің тасқа басқан ізі, қара тасқа жетектегендегі тамған қан дақтары бар.

Содан Қали арыстан жауларымен соғыса, соғыса Аршаты өзенінің басындағы мұз шыңда көлденең жиған тас бекіністің ар жағындағы яһудилердің Көкше әулиесін қуғаннан қуып Шицаңға ырақ өткізіп тастапты. Дұңхуаң ауданындағы ескерткіш үңгірге бір түнеп қайтыпты. Міне, сол тұста осы Арасан бастауларының көзі аршылып, кәдеге жарап, «бу бастау», «ем бастау», «бал бастау» атана-атана келе Чиң патшалығы Гуаңши жылнамасының 9-жылы жазылған «Шүйлай ауданының қариталы шежіресі» деген кітапта «Арасан қаланың батыс оңтүстігіндегі 230 шақырым жерге орналасқан» деп жазылуы Арасан аталғанына небары 200 жыл мөлшері болғандығын

мұндағы іс екенін әйгілейді.

Арғы ата тегіміз тапқан мұрамыз Арасанның тарихы суыртпақтала сұралып, жіктеле, зерттеле келіп осы аңыз туды.

Айтып бергендер: Шошай Тыныжанұлы, Ұлықбек Шыңғысұлы. Жазып алған: Құрманғажы Әкежанұлы. (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 245-248) . Жоғарыдағы аңыз негізінен ислам дінінің қазақ арасына тарала бастаған кезеңінде барлыққа келген тәрізді. Оның бір себебі ретінде Ислам тарихындағы әйгілі тұлғаларға байланысты айтылатын аңыз-әңгімелердің барлығы да діннің қазақ арасында кең етек жайып, тарала бастаған кезеңінің жемісі болса керек.

«Алтын бұзаулы сиыр үңгірі аңыздары». Сауанның Қорғыс арасаны көне бұтханасының солтүстік батысы мен аяқ жақ үстіртіндегі жаңа жатақтың оңтүстік батысын ала тау түбінде ауызы бітелуге айналған ескі «Киелі үңгір» әлі бар. Бұл үңгірдің ауызы бұтхана мен жатақтың бұрышына 26 метрден тең бүйірілі үш бұрыш болып бейнеленеді.

Бұл үңгірді халық бұрын «Бу арасаны», «Қали арыстанның сахабалары жатқан орын» десе, енді біреулер:

– Біз арасанға түсіп жатқанда, таңертең ерте үңгір аузында алтын арғымақ тұр екен. бізді көріп ішіне кіріп кетті, – дейді.

– Бұл үңгірдің түбі ұзақ, сонау Нылқыдан шығады, – дейді. Тағы біреулер, Бортүңке ауылының Алтынғол өзенінің басындағы Көктастан шығады екен. Қазір ол орын Алланың әмірінше бітеліп қалыпты. Бұл үңгірдің аузы Әнжіхай керішінен шығады екен деседі.

Осы жерде туып, жарты ғасырдан астам жасасақ та, осы «Киелі үңгірдің» бар екенін, оның үстіне ішінде қандай хикімет барлығын білетін адам бар-жоқтығын, құдықтың ішіне түсіп көрген адам бар ма, жоқ па, затында үңгір қандай қуыс екен білу тым тылсым еді.

Бажияху ауданының тұрғыны Қабыкен Бақтиярұлы, Бортүңке ауылының имамы Пәйзолла қажы, Шигоби ауылының он үш үйлі қыстақ тұрғыны Әбен қатарлы үш адамның көздері мен көріп, оның ішіне түсіп, жүріп жеткен жеріне дейінгі көріп

айтқандарынан «Алтын бұзаулы сиыр үңгірі» деген әңгіме туады.

Үңгірдің ішіне кіріп, әр төрт метр мөлшеріне барғанда, әр екі жағына кезек-кезек орналасқан төрт шаршы метрлік шамасында үйлер бар. Онан ары бірқанша уақыт жүргеннен кейін екі айрық болып, дәл осы түйілістегі тас астына бастырылған қағазда: «бұл екі ауызды үңгірдің солтүстік жақтағысы тоғыз тарамға бөлінеді. Оған барғандарыңмен қайтып келесіңдер, ал қиыс батыс оңтүстік бөлегіне жүрулеріңе болады» деп жазылған. Қағазда жазғандай болып, енді жүруге болатын үңгірге қарай жүргенде, әр жерге көлденең ағып жатқан жылы бұлақ, суық бұлақ, тік астына түскен үңгірлер жолығады. Осы үңгірді ұзақ уақыт жүрген кезде тағы бір тасқа бастырылған қағаздағы жазуда: «біз алтын бұзаулы сиырды қуалаған едік, жете алмадық. Тек осы жерге келгенде бір тал құмалағын тауып алдық. Сонымен қайттық. Бұдан былай жүремін десеңдер өздерің біл, жүрмеймін десеңдер өздерің біл» деп жазылған.

Ал, осы үңгірдің астына тік кеткен бір үңгірмен жүре-жүре қазіргі арасанның астыңғы мөлшеріне келгенде, бір бұлақтың басындағы шалшықта бөрене ағашын сүйреткендей ирелеңдеген бір жатады. Міне бұл айдаһардың ізі болып, осы бұлақ бастауда оның сілекейі бар делініп, 1931 жылы Өр Алтайдағы бір білікті адамның қылтамақ ауруына осы су ем деп құйып алып кетіпті. «Алтын бұзаулы сиыр үңгірінің» шын сыры зерттермендерді күтіп-ақ тұр.

Айтып бергендер: Ғалым Әбдікәрімұлы, Құсман Естемесұлы. Жазып алған Құрманғажы Әкежанұлы. (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 249-251).

Осы киелі арасан мен үңгір туралы аңыз Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағына қарайтын Қаба ауданындағы арасандарға да байланысты айтылады. Қаба ауданының аңыз-ертегілері жарияланған жинақта бірнеше арасанның пайда болуы мен табылуы жөнінде әңгімеленеді. Емдік арасанның табылуы – ел арасындағы аңызға арқау болғанын көреміз. Оның әуелгісі «Жаманқаба арасанының табылуы» туралы аңыз. Бұндағы аңыздар аңшы моңғолдардың көзбен көріп, қолымен ұстағанындай етіп

баяндауы арқылы беріледі. Аң аулап шыққан моңғолдар Қарашоқының Құзғынды деген жерінен бір бұғыны атып жаралайды. Оқ бұғының тоқбас жілігін үзіп кетсе керек. Бір аяғын сүйрете қашып отырыпты. Аңшылар артынан қуа беріпті. Әлгі жаралы бұғыны ертеңінде Жаманқабаның ішінен қуып жетсе, бір құлама жартастың түбінде, тастан ағып тұрған суға жарасын төсеп тұрғанын көріпті. Бұғы аңшыларды көре сала қаша жөнеліпті. Аңшылар оның жаралы аяғын жерге тірей басып бара жатқанын көріп, таңырқасып, бұғыны қумай, әлгі суда қасиет бар екенін сезіп, судан ішіп артқа қайтқан екен. Жаманқаба арасаны осылай табылыпты.

Айтып берген: Тоқтархан Тапалұлы. Реттеген Шәмен Исаұлы (Қаба ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 147) .

«Шие арасанының табылуы». Ертеде тау бөктерін меккендеген Әбілмәжін дейтін кісі қыстаудан көшкенде, жайлаудан түскенде Шие деген жерге келіп, біраз күн отырып аттанады екен. Әбілмәжіннің бір қызы «емес» деген ауруға шалдығып, денесін қотыр басып, ел көзіне көрінуден қалыпты. Тағы бір рет көшіп келіп, осы Шие арасанның бойына отыра қалыпты. Осы кезде үй ішіндегілер әлгі қыздың үнемі бір жерге барып қайтып жүретінін байқайды. Бұдан сезіктенген ата-анасы баспалап қызды аңдып барса, оның бір бұлақтың суына түсіп жатқанын көреді. Ал сонан кейін біраз уақыт өткенде әлгі қыз денесіндегі қотырдан айығып, бұрынғы қалпына еніп шыға келеді. Осыдан бастап бұл арасанның атағы елден-елге тарап, өз қасиетін әйгілей бастайды.

Айтып берген: Тоқтархан Тапалұлы. Реттеген Шәмен Исаұлы (Қаба ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 147-148).

Қытайдағы қазақтар шоғырланған өңірлердегі киелі арасандардың табылуы туралы аңыз бірнеше ауданның тарихи материалдарында жарық көргені байқалады. Соның бірі – Алтай аймағының Бурылтоғай ауданындағы халықтан жиналып, баспа бетін көрген «Бурылтоғай ауданының аңыз-ертегілері» деген кітапта жарық көрген. Онда тіпті, Арасан мен Қорасанды ғұлама адам, мықты дәрігер ретінде суреттейді. Адам денесінде шыққан

түрлі жұқпалы тері ауруларының алғашқы емін тапқан тұлғалар ретінде көрсетеді. Сондықтан да оларды бақсы сарынында кездесетін «Арасан» мен «Қорасан» атауларымен байланыстыра аңыздайды. Ауруды емдеп жазған, аурудың пірі іспетті қылып көрсетеді. Ол аңызда былайша баяндалады: Тарихи деректерге қарағанда осыдан бұрынғы 2500 жылдың алды-артында Орта Азия өлкесін түрік тайпалары немесе ірім-сылым тайпаларының мекендегендігі сөз етіледі. Әсіресе, сол кезде Үйсін тайпасының Жоңғар үстіртінде өркен жайғандығы хақ.

Сол дәуірде дерт жабысқан, ауырып жанынан қасым болған жандар шыбын жанына шипа тілеп, ғайыпқа тілек артып шын сыйынып:

– Арасан атты ақ бабам,
Қорасан атты қарт бабам.
Жолымды ашып,
Пәлеңнен қашып,
Өз алдыңа аттанам, – деп мінәжәт қылады екен.

Арасан, Қорасан деген адамдар сол кездің білгіш ғұламалары екен. Қорасан – шешек ауруының мекробын тауып, оның алдын алған атақты ғалым екен. сол уақыттағы адамдар оны дохтр деп танымай, «тәуіп», «тәлейлі адам» деп «Қорасанға қой айтып табынады» екен. Ал, Арасан деген адам ауа, су, топырақ және өсімдіктерді зерттеп, алдымен судың құрамын анықтап, оның дәрілік, шипалық қасиеттерін тауып шығады. Яғни, жанар тау атылғаннан кейін пайда болған жер асты магмасының жанар тау жолы арқылы шығып қалған сансыз элементтер қосындысының шипалы суын алғаш сол Арасан деген адам пайдаланады. Сонан басқалар «Арасанға ат айтып сиынады» екен.

Осылайша адамдар, тылсым табиғат құшағынан өзіне шипа тауып, басына барып суға түсіп, дем алып дауалануды әдет қылыпты.

Сөйтіп, іздену, өркендеу дәуірінің есігі ашылып, ғылымның шам-шырағы көріне бастайды. Сондағы Үйсін, Керей тайпаларынан шыққан Алтай, Сабыр, Ерен, Жайыр, Нори деген

әйгілі батырлар мықтылығымен бергі Сақ, Тоғалақ тайпаларына дейін келеді. Қазіргі ұлы таулардың аты солардың атымен аталғандығы мәлім.

Міне, содан бастап сан алуан тіршілік жолы тарап, үй хайуандары шаруашылығы кең жолға қойылады. Қазір біздің айтып жүрген төрт түлік малды жаратушы пірлеріміз – Шопан ата, Зеңгі баба, Қамбар ата, Ойсыл қара дегендер сол заманның малшаруашылығын құрған адамдар екен.

Арасан содан бері барлық жерде, барлық адамдар ортасында мәлім болғанның сыртында таулық халықтардың оны толық біліп, жете пайдаланғанын айтсақ ғажап қыруар аңыздарды құруға болады. Реттеп жазған: Дастан Омаров (Бурылтоғай ауданының халық аңыз-ертегілері, 1993: 181-182).

Алтайдың Көктоғай, Бурылтоғай аудандарына кең жайылып жатқан Үліңгір көлінің атауына байланысты да топонимдік аңыздың тарағаны белгілі болып отыр. Оны «*Үліңгір тарихы*» деген аңыздан толық танып білеміз. Ертеде Бурылтоғай өзенін «Үліңгір өзені» деп те атайды екен. Бұл туралы ел аузындағы тарихи аңыздарда былай делінеді.

Осыдан 600 жыл бұрын Асан қайғы халық үшін қамығып, болашақ ұрпақтарға мәңгілік рахатты орын «жер ұйықты» іздеп Азия құрлығының батысынан шығысына қарай жол тартыпты дейді. Сонан бір күні Асан қайғы Көксін тауының үстіне шығып желмаясын шалдыртып шолып өткен бірқанша жерлеріне баға берген екен.

Көксінді – Аяқтай суың, астаудай жоның ғана бар екен десе, Сауырды – Сауыр, Сауыр екенсің, аттың сауырындай-ақ екенсің, – депті. Салбыртыны – Салбурындық қана жер екенсің, – депті. Нарынқараны – Нарынқара ерте тұрып атыңның жалын қара, – деп тұрып Үліңгірдің қазіргі өнегесіне көз салып тұрып: «Құнарлылықтың иісі бар, «Ұлы аңғар» екенсің бұйрат құмды, шабыра қамысты, изен жусанды, борық майы аңқыған кемпір шашты, жері сортаң, топырағы бос екен, өлімі көп жер бола ма екенсің», – деп тұжырым жасапты.

Алтайды «Алтай, Алтай екенсің, алты-ақ айлық екенсің,

жазың жаннат, қысың миқынат жер екенсің», – деп тұжырым жасапты дейді. Ұлағатты ойдың кейінгі болжамына тәнті болған ата-бабаларымыз Асанқайғының осы атауы бойынша осы аңғарды «Ұлы аңғар» деп атап кейін келе, мөлшері осыдан 550 жылдай бұрын Үліңгір өзенінің Үліңгір көліне келіп тоқтаған айдынын «Ұлы үңгір» деп атап кеткен деседі.

Бурылтоғай өзені қысы-жазы арнасынан асып құйып жатса да ұлы аңғардың шұңқырын толтыра алмағанын көрген екі ұрпақ халық жүз жыл құйса толмайтын түбі тесік бұл неткен «Ұлы үңгір» еді деп, Ұлы үңгір аты ойға қонақтап ауызға қалыптасқандығын аңыз етіседі. Осыдан тартып табиғи түрде ауыздан-ауызға таралған түбір сөздің төркіні «Үліңгір» болып тарихта қалған екен.

Тағы бір айтылуда шығыс тарихшылары Сұң хандығы дәуірінде, Жаңа эраның 1200 жылы Асан қайғының осы ұлы аңғарын «Қаңқай» деп атаған дейді. Кейін келе су жүріп, көл орнап, аң-құс, балық базасына айналғанын көріп қалың ну, шырынды байлықтың таусылмас кеніне қарап ханзуша «Пухай» атандырыпты. Қазір де Үліңгір көлінің қазақша мағынасы «Бақытты көл» күйінде тарихта қалып отыр. Демек, қатысты тарихи деректерге қарағанда, Үліңгір көлі 1450 жылдың алды-артында пайда болғандығы айтылады.

Қазір Үліңгір көлінің жалпы аумағы бір миллион екі жүз мың му болып, 1859 жылы 6-айда Бурылтоғай өзенінің арнасы оңтүстікке аунап, қызыл аяқтардың тоғамы мен Бодыған қағына құйылып, қазіргі «Жылы көлді» жасайды. 1868 жылы сегіз жылдан кейін Бодыған қағы толып, Бурылтоғай өзені Қылыны бұзып, Үліңгір көліне қайта құяды. Қазір Жылы көлдің аумағы үш жүз елу мың му болып, екі көлдің жалпы айдыны бір миллион бес жүз елу мы му. Ең тереңдігі отыз метр, орташа тереңдігі 7,3 метр келеді.

Бұл көлде қазір жиырма түрлі балық өсіріліп, жылына үш мың тонна балық ауланады. Шыңжаңның маңызды балық базасы болып, ішкі өлкелерге дейін балық жөткейді.

Реттеп жазған, Дастан Омаров (Бурылтоғай ауданының

халық аңыз-ертегілері, 1993: 182-185).

Бүгінде халық арасында кең тараған, тіпті жырға айналып кеткен Сайрам көлі туралы аңыздың орны тіптен бөлек. Аңызды өлеңге айналдырған – Сұлтан Мәжитұлы. Жырды 1962 жылдың соңында Шыңжаңдағы «Шұғыла» журналының редакциясына тапсырған – сол кездегі Шыңжаң өлкесінің бастығы Ерғали Әбілқайырұлы. Аңыздық жыр алғаш «Шұғыла» журналының 1, 2 сандарында (Шыңжаң, 1963) жарияланып, кейін «Сайрам аңызы» деген атаумен (Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1991.) жеке кітап ретінде басылым көрді. Алғаш осы жыр жөнінде пікір білдірген зерттеуші – ҚХР, ШҰАР Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі, ақын, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлы. Ол 2012 жылы Іле облысында өткен Солтан Мәжитұлының туғанына 100 жыл толуына арналған конференцияда «Сайрам аңызы» және Солтан Мәжитұлы» деген тақырыпта баяндама жасап, Солтан ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы, «Сайрам аңызы» дастанының дүниеге келу тарихы, идеясы, кейіпкерлер образдары т.б. туралы құнды пікірлер білдірді. Жырдың экспозициясы ертеде Теміртек деген бай мен оның әйелінің байлығын, баласыздығын және олардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив-сипаттамадан басталады. Мысалы, жырдағы Теміртек байдың баласыздық налысын айтып, қайғыратын тұсында мынадай жыр жолдары ұшырайды:

– Ен байлық бәрін бердің, Тәңір, маған,
Разымын бергеніңе, құлдық саған!
Телміріп, тепеңдеймін бала тілеп,
Кетпес, – деп, – жұратты боп ризықты адам.
Көрем бе бір шыр еткен бұл жалғанда,
Дем бітіп өлсем бір күн мен арманда.
Артымда бір мирасқор ұрпағым жоқ,
Кім ие болады осы дүние-малға?!

Көптеген жырларда жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние жүзін кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты – атадан қалған мал-мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын

батыр іздеу болса, аталған жырда оқиға тек ұрпақ қалдыру мәселесіне қатысты өрбиді. Жырда Теміртек пен әйелінің қоластындағы күндеріне жауыздық жасап, оларды өлтіріп жаңа туған нәрестені өздеріне бала қылып алуы, Бисара атты қыздың ержетіп, өзінің өмірі туралы тарихты естуі, байдың қызын кәрі шалға ұзатпақшы болуы, Бисараның сүйген жігітімен қашып, анасының қабірін паналауы, қуғын боп келген жауды ұру үшін анасының басындағы құлпы тасты жұлып алғанда, астынан су атылып, көлге айналуы баяндалады. Мысалы, көлдің пайда болуы былайша суреттеледі:

*Аспанды қаракүіе бұлт басты,
Шама жоқ қарсыласар бұрып басты.
Ұрмаққа жеткен жауды жұлып алды,
Анасының басындағы құлпытасты.
Астынан алған тастың су атылды,
Аспанда атылған су шұбатылды.
Көл болып сол аймақтың бәрін басты,
Көмілді жаудың дағы үні ақыры...*

Жыршы адамгершілік пен мұратқа ұмтылу мәселесіне, яғни үнемі әділдіктің жеңіп, зұлымдықтың әшкереленіп отыратындығына айырықша ден қояды. Шығарманың сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын «түс көру», «түс жору», «бал ашу», «қоштасу» сияқты сарындар көрініс тапқан. Туынды «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 89-томында басылым көрді (Алпысбаева, 2019: 46-48).

Топонимдік фольклордың танымдық мәні мен қоғамдық маңызы да келелі мәселелердің бірі. Себебі топонимдік фольклордың сюжеттерінің бәрі қиялдан тұрмайтыны белгілі. Уақыт өте келе адамның болмысты тануы, табиғатты игеруі, одан бертін келе қоғамдық қатынастардың дамуы сияқты негіздер әлеумет өмірінің шындықты тұстарын бейнелеп көрсететін жер-су атауларының тарихының дамуына да әсер етті. Топонимдік фольклордың табиғатының осындай ерекшеліктері, оның қиялға қатысы, тарихи шындықты бейнелеудегі деректілік сипаты,

танымдық, эстетикалық қызметі сайып келгенде топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін саралауға, олардың функциясын айқындауға негіз болады. (Мұсаев, 2019: 10). Төменде ел ішінде белгілі батырлар мен тұлғалардың есіміне байланысты туған аңыздардың бір шоғыры бар. Олар қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарайтын үш аймақ пен екі төте қарасты автономиялы аудандағы жер-су атауларына байланысты туған аңыздар. Айталық, «Отыншы түбегі» мен «Алаөгіз дарасы» Еренқабырғадағы Манас дариясының тау ішіндегі аңғарының батыс жағынан түсетін «Жушай» деп аталатын басы мұз тауға тіреп, аяғы Манас дариясына құйып жататын кіші-кірім бір өзеннің су ағатын недәуір кең алқапты бір саласы бар. Осы «Жушай» аңғарының ішінде «Отыншы түбегі» дейтін бір түбек бар. Оның «Отыншы түбегі» атанғандығы жөнінде әртүрлі айтылымдар болып келген. Мысалы, біреулер «отыншы көп болғандықтан отыншы түбегі» атанған десе, енді біреулері «Керден отын алғалы бір адам сол жерге келіп өліп қалыпты. Сол өлген адамның бейіті – Отыншының бейіті делініп, бара-бара отыншы түбегі аталып кетіпті» деседі.

Иелеген деректерге қарағанда жоғарыдағылардың барлығы да шындыққа жанаспайтын сияқты, оның нағыз шындығы төмендегідей болып келеді.

Отыншы тегі бір адамның аты екен. 1875 жылдар шамасында сол отыншы он жеті үймен «Жушайға» барып, сонда жаз жайлап, қыс қыстап бірнеше жыл бекініп тұрыпты. Заман-заманнан бері тусып кеткен «Жушайда» Отыншы елінің мал басы тең өсіп байыпты. Он жеті үйден кеңейіп, жиырма неше түтін болыпты. Жан сандары жетпіс-сексен адамға жетіпті. Өстіп тұрғанда Отыншы дүниеден көшкен екен. Отыншы өткен соң бұл ел «Жушайға» асатын жалғыз жол «Қаракезеңге» қоятын қарауылды да қоймай бара-бара бейғамдасып бейбіт жасай беріпті. Отыншы елінің осы жайтінен қайсы жақ хабар тауып қалатыны бар ма, қалай? Әйтеуір бейбіт жатқан бейуаз елді «қызыл аяқ» деген жау қоршап алып, жалғыз күнде қырып салады. Мал-мүліктерін бұлап кетеді.

Сонда Кемзал деген жас әйел өзінің он екі жасар Дейжін деген қайнысымен Таңқай деген жеті жастағы інісін алып қашып, жасырынып тірі қалыпты. Бұлардан басқа үш қора бойдақ қойды отарлатып кеткен алты жігіт аман қалыпты. Және «Үйтас» деген жерге салған екі қысырақтың үйірі қалған екен. жау кеткен соң тірі қалған алты жігіт, бір әйел, екі бала өзара табысып, жиыны тоғыз адам болып, Ұлықпан деген жігіттің бастауында қырылған адамдардың сүйегін жерлепті де шабындыдан қалған үш қора қой мен екі айғыр үйір жылқыны малданып тұрыпты.

Отыншы елінің қырғыншылыққа тап болған жайты бірден-бірге таралып, Тарбағатайға жеткенде мәмбеттен Сәдуақас деген адам қырық адамды бастап Отыншының елін іздеп барған екен. Бұл қырық адамның «Жушайға» қарай Қаракезеңнен асқанын көрген тоғыз адам «тағы жау келген екен» деп басқа малды түгел тастап тек бір көкала өгізге азық-түліктерін артып адыр Жушайдың басына батысқа қарай Қызыл өзеннің басынан асып түсіпті. Бірақ, Қызыл өзеннің басындағы отын жоқ тақыр мұз таудың түбіне бекініп тұруға болмайтындықтан, қайтадан Манасқа қараған бір дараға асып түсіп сол жерге бекініпті. Іздеп келгендер бұлардың ізіне түсіп, бұларға таныстық берген соң барып бұлармен жамырасып амандасыпты.

Енді қайтқанда әлгі жүк артқан көкала өгіз табанынан таусылып тасырқап жүре алмай, сол арада тірі қалыпты. Сонымен сол көкала өгіз қалған сай «Ала өгіз дарасы» атаныпты. Да Отыншының сүйегі қойылған түбек «Отыншы түбегі» атаныпты. Біз айтып жүрген «Ала өгіз дарасы», «Отыншы түбегі» деген жер аттары осылай қойылған екен.

Отыншы тегі Семей жақта болыс болған адам екен. Шар патшаға қарсы тұрып соғысып, «Отыншы батыр» атанып Тарбағатайға қашып өтіпті. Сол тұста Шарроссия үкіметі Жұңгоға қашып өткен адамдардың кейбіреулерін Мәншиің үкіметі арқылы ұстап кететінде болады екен. Осы себепті Отыншы Жушайға барып бекінген дейді.

Құрманғажы (Қоңыз батыр) қайтыс болғанда оның Мырзасадық деген баласының әкесіне жазған жоқтауында:

Бұтабай берген торы жорға ат,

Мамырбек берген боз жорға ат, – деген сөзде Отыншы берген сары жорға ат бар мұнда. Отыншы болыс дәрежелі адамдармен қатар айтылып отыр. Осыған қарағанда Отыншының тегі болыс болғаны рас болса керек.

Отыншының руы – Мәмбет екен. Тірі қалған Кемзал деген әйел шотай қызы. Ол өзімен бірге тірі қалған он екі жасар қайнысы руы ақсары Дейжінге тиіпті. Осыған қарағанда бұлар әр атаның ұрпағынан ұйымдасқан ел екені анық.

Отыншының елі қырылғанда тірі қалған жеті жасар Таңғай ержетіп үйлі-баранды болып, Гүлжәмила деген үлкен қызын Шешсауыттың ағасы Жұртбаймен үйленеді. Осы барысты жақын жылдары қайтыс болған Шешсауыттың Таңғайдан естігендері. Айтып берген: Қабден Балықшыұлы. Жазып алып, реттеген: Қайранбай Әбікенұлы (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 251-255) .

«Серкебай» мен «Текебай». Еренқабырғадағы Қызыл өзеннің тау аңғарынан шығар аузында, таяу шығыс жағында «Серкебай», батыс жағында «Текебай» деп аталатын екі үлкен сай бар. Екеуінің де басы мұз тауға тіреп жататын қызыл сірікті кең алқап. Аяғы сай-сала болып өзенге құйып жатады. Осы екі сайдың аты жөнінде әртүрлі айтылымдар бар. Мысалы, «Тегінде қалың таутеке жайлайтын жер болғандықтан «Текебай» атаныпты. Текебайға шығатын сай қазір «Некенсай» аталып жүр. Оны тегінде Некен деген адам мекендеген екен» деп те айтылады. Бұлс айды Шичиың (Ыржаңгүй) деген деген ханзу мекендегенде Текебай дегенге тілі келмей, «Некебай» деп атаған екен. кейін бара-бара Некенсайға өзгеріпті.

Ал енді Серкебай жөнінде ХХ ғасырдың басында Шичиың деген бай ханзудың бір қора серкесі осы сайды жаз жайлап, қыс қыстап жатады екен. сондықтан «Серкебай» атаныпты деген сияқты бірталай айтылымдар бар. Шындығында осы айтылымдардың барлығы да болмысқа жанаспайтын аңыздар сияқты. Енді Серкебай мен Текебай деген нақтылы аталуы тарихы былай көрінеді.

Серкебай, Текебай деген екі ағайынды жігіт екен. олар шеруші Құлым дегеннің ұлдары болып, ХІХ ғасырдың соңын ала Толы ауданының «Қарабауыр» деген жерінен ағайындарымен өкпелесіп ауып келіпті де Қызыл өзеннің екі жағындағы осы екі сайды екеуі мекендепті. Аңыздарға қарағанда Серкебай мен Текебай дөңгелек дәулетті адамдар болып, Толыдан үш жүз жылқы, сексен түйе, неше мың тұяқ қоймен келіп, бірқанша жыл тұрған екен. малдары жерсінбей жұтап өліп, азая бастаған соң қайтадан Толыға көшіп кетіпті. Сонымен Текебай қоныстанған сай «Текебай сайы». Серкебай қоныстанған сай «Серкебай сайы» аталыпты. Уақыттың өтуімен мұндай жер аттарына да дәуірлердің бояуы сіңіп, таңбалары басылып, анша-мұнша өзгертін жайттары болатын көрінеді. «Серкебай» мен «Текебайдың» аталуында кейіндеп азды-көпті өзгерістер кіріп жүргенімен нақ шындығы жоғарыдай екендігі анық.

1908 жылы Серкебай, Жұртбайдың ағасымен бірге қажыға барғанда бұл әңгімені Серкебайдың өзі айтып берген екен. Шешсаут Жұртбайұлы әкесінің ағасынан естігені бойынша айтып берген. Серкебай сол қажы сапарында Байтолланың маңында дүние салған.

Айтып берген: Қабден Балықшыұлы. Жазып реттеген: Қайранбай Әбікейұлы (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 255-257) .

«Қодар дарасы» мен «Омар дарасы». Еренқабырғадағы Қызыл өзеннің тау ішіндегі аңғарының бастысы мен шығысында «Қодар дарасы», «Омар дарасы» деген жер аттары бар. Осы екі дараның аталуы былай екен.

Омар, Қодар деген ағайынды екі адам Сүндет деген Құлсары меркіттің баласы екен. Олар тегі Жайырдың «Майқабақ» деген жерін мекендепті. Омар мен Қодардың шешесі Моңғол қызы болғандықтан «бір баланың атын өзім қоямын» деп Қодардың атын шешесі қойыпты. Қодар ержеткенде мықты жігіт болып сол тұстағы Толыдағы Мамырбекке қарсы топтың белді адамы болып шығады. Қодардың нағашысы моңғол болғандықтан моңғолдармен көбірек араласатынынан

пайдаланып Мамырбек бір моңғол арқылы Қодарға у бергізіпті. Қодар удан өлмей қалыпты. Бірақ, удың зардабынан екі құлағы мүлдем естімей керең болып қалыпты. Сонда Мамырбек төренің «Қодардың құлағын алған, Әбденің екі көзін алған Құдай мені неге бақытсыз жаратсын» деген сөзі күні бүгінге дейін ел аузында бар.

Қодар сөйтіп саңырау болып денсаулығынан айрылған соң ендігәрі Мамырбекпен белдесе беруіне, тіпті Мамырбектің қоластына тұруына да болмайтын болғандықтан қоныс аударып барып Еренқабырғадағы Қызыл өзенді мекендепті.

Соңынан Тоқтаған Ерентауға қарай ауған елді қайтадан Тарбағатайға айдағанда Қодар сол дарға бекініп алып Тоқтағанға айдау бермей қойған екен. содан бастап Омар мен Қодардың бекінген жері «Қодар дарасы», «Омар дарасы» атанып кеткен екен. «Қодар дарасына» шығатын ну орманды, тұнық сулы сайды «Қодар сайы» деп атапты. Бұл күнде Қодар сайына алты қора қой жайлап, екі қора қой қыстайды. Қодар мен Омардың ұрпақтары әзір Қаратаудың Үрімжіге қарасты өңірінде.

Айтып берген: Қабден Балықшыұлы. Жазып реттеген: Қайранбай Әбікейұлы. (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 257-259) .

Тарбағатай аймағының Сауан ауданына қарасты жер-су атауларының бір парасы Нұрпай батырдың атына байланысты айтылады. Нұрпай батыр 1945 жылы үш аймақ төңкерісіне қатысып, есімі ел есінде қалған әйгілі батырлардың бірі. Сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза табады. Төменде батыр атына байланысты айтылатын бірнеше жерсу аттары кездеседі.

Нұрпай құмы. Қарамайлы қаласы Шөгей ауылының бас жағында, Манас өзенінің бұрынғы көне ағарының оңтүстік жиегінде бір үлкен биік құм төбе бар. Бұл құм төбені жерлік халық әліге дейін «Қарауыл құм», «Нұрпай құмы» дейді. Бұл неліктен бұлай аталған. Әліге дейін бұл атау неліктен өшпейді?

1933 жылдың желді айы еді. Манастың суы көкше мұз болып қатқан кез. Шың Шысайдың қанды терорлығы мен жантүршігерлік ауыр алман-салығынан Алтайға ауған ел Ақөлең

арқылы оңтүстік өкпе тұсы Қарауылқұмнан Манас өзеніне түсіпті. Мұндағы қалың қопа жиде мен қамыс, тораңғы мен сексеуілді паналапты. Бұл көшпенді қазақ халқын табанда жаншып тастамақ болып шыққан Манас сары аяғы Қарауылқұмның бас жағындағы Сауан потайына келіп түсіпті де, потайға қарауыл шерік қойып, Қарауылқұмнан босқан елді бақылапты. Ал аяқ жағындағы Шөгей шианынен шыққан сары аяқ, құмның аяқ жағындағы Мойынқұмға келіпті де, екі жақтағы шеріктер елді ортаға алып, түн жастанып жайғамақ болып, сымсыз телеграф арқылы бір-бірімен байланыс жасапты.

Қарауылқұмның басынан шеріктерден бұрын келіп бекініс, қарауыл алған Нұрпай дейтін батыр қасындағы Орысбай мен Мұқаш дейтін екі серігіне:

– Екі жағымыздан да шерік түсті. Көріп отырсыңдар, олар бізді түн жастана қырына алмақ. Сондықтан бұларды күндіз апанынан шығарып көз барда айқассaq. Оның амалы, менше ана потайдағы күзетшіні ату. Көз ұшындағы сол қарауылды атып түсіретіндерің бар ма? – деп сұрайды.

Абыржып қалған серіктері:

– Жоқ батыр, бұлдырап әрең басы қарасы көрінген ол шерікке оқ дарыту бізге қиын ғой, – депті үмітсізденіп.

Ондай болса, – депті Нүкең дүрбісін алып, Орысбайға беріп жатып, сен көз айырмай қарап отыр, мен атайын. Егер оқ тисе адам қалбаң етіп, шыр айналып барып жығылады, осыны бақылап отыр. Мүлт жіберме, – депті де тесік қарауыл бесатарын бетіне алыпты. Маса басылған аз-кемнен кейін қопаң етіп, қарауылдың қарасы өшіп, шеріктер сырнайларын тартып шабуылға өтіпті. Екі бүйірден қыса лап қойыпты.

Нұрпай батыр қасындағы Ертісбай, Батырбай, өзі үш бағытта қол бастап «қара қазан, сары баланың тілеуі үшін» сайысқа аттаныпты. Сайысыпты да оларды қынадай қырып, жес жастандырып тып-типыл етіпті. Жау оғынан аман қалған керей, уақ, найман аталарымыздың ұрпақтарын бастап қазіргі Сауан ауданының Бортүңке ауылының тауына бастап шығыпты. Міне, сол заманнан бері жерлік халық әлгі құмды «Нұрпайдың

қарауыл құмы», «Нұрпай құмы» деп атап кетіпті.

Айтып берген: Оралбек Тоқмоллаұлы. Жазып алған Құрманғажы Әкежанұлы. (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 262-264) .

Нұрпай тораңғысы. Сауан ауданының Шиху мен шекара Әнжыхай ауылы Жақазы малшаруашылық қыстағында Кегенши дейтін бір жері бар. Осы Кегеншидің ортасында Төбекөл, шығысында Қаракөл, оңтүстігінде Көкжиде аталатын жері болыпты. Таудан ағатын Әнжіхай өзенінің батыстағы тарауы «Ор» деп аталып, ол құлдай-құлдай Ақөлең, Шалатай, Арбақұмды жарып өгіп Жаманобаға барады. Әнжіхай өзенінің шығыста ағатын бөлігі Науалы, Қызылжыңғылды басып Шөгейдегі «Қыз бейітінің» бас жағы мен Нұрпай құмының аяқ жағынан Манас өзеніне құяды. Көкжидеде «Торғауыт өткелі» дейтін жалғыз өткел, әрі суат бар екен. осы Көкжиденің бас жақ жиегіндегі бір түптен он бұтақты қарт тораңғы өскен. Қаракөлде екі түп қос тораңғы болыпты. Ал «Нұрпай тораңғысы» дегеніміз осы Көкжидедегі қарт тораңғы. Бұл екі жердегі тораңғыны жерлік халық: екі мың жылдық тарихы бар киелі ағаш деп «тарихи мұра» етіп, беріге дейін аудандық халық үкіметі қорғатып келіпті. Осы Нұрпай тораңғысының қалған бір түбіне 1979 жылы 7-айда жай түсіп, орны күйіп кетіпті. Қазір мұнда Бес тораңғы қыстағының жүз отыз үйден тұратын әр ұл халқының дихандары жасап жатыр, – деп таныстырады, демалысқа шыққан қарт кадр Құрманбек ағай.

Бұл тораңғы неліктен Нұрпай тораңғысы аталған?

Нұрпай батыр 1921 жылдары Жайырдан Еренқабырғаға көшіп, жола Ақөлең дейтін құмды қыстапты. Жазғұтұрым Кегеншиге келіп қонғанда, Нүкеннің жылқысын Құржықайдың адамдары Торғауыт өткелінен суартпай қуыпты. Малға суат жоқ, тарыққан Нүкен, жер иесі Құржықайдың үйіне келіп аман-сәлем жасап, бұйымтайын айтпақ болғанда, Құржықай:

– Сен қайдан келген бай адам, қайда барады, бұл жерге неге қонады? – деп сұрапты. Сонда Нүкен:

– Мен осы тауға көшіп келемін. Малыма су ішетін суат берсең, осы жерді көктетіп, жайлауға шығып кетемін, – депті. Қазақшаны жақсы білетін Құржықай қожайын:

– Біздің ана адамдар, саған суат бермей малды қуатыны, мен егін саламын. Сенің қалың көк жылқың егінді басады, аз суды құртады және бір себеп: бұл жерде бір үйір жабайы шошқа, бір қабан бар. Ол әр жылы егінді жеп өнім алдырмайды. Тіпті, егін қорыған адамдарды да жарып өлтіріп кетеді. Осындай үлкен пәле бар. Ол сенің жылқыларыңды да, адамдарыңды да жазым қылады. Осындай себеппен саған суат бермеймін, – депті. мұны естіген Нүкең ләм-мим деместен қайтып кетеді. Арада үш күн өткеннен кейін, Құржықайдың малайлары қожайынына сүріне қабына келіп:

– Ойпырым-ай, қожайын, Көкжидедегі тораңғыда бір қабан байлаулы шыңғырып тұр. Есілген жабайы кендірмен тұмсығынан тесіп байлап тастапты біреу, – деп мәлімдепті. Мұны естіген Құржықай қара жорға атына мініп барып көрсе, күндегі таныс жыртқыш, ноқталы қабан. Құржықай мұны көргеннен кейін Көкжидедегі қопаларды түгел аралап көріпті. Қараса, бұл жердегі бір үйір жабайы шошқадан бірде-біреуі қалмай жоқ болыпты. Қожайын ойлана келіп:

– Мұны ұстаса, екі-үш күннің алдында біздікіне келген ана Нұрпай деген адам ұстауы мүмкін. Бұл қабанды атпапты, денесін жараламапты. Соған қарағанда бұл адамда шарапат бар. Ерекше батыр екен. сендер барып сол адамды қонаққа шақырып келіңдер, – деп бір адамын жұмсапты. Нүкеңнің алдына бір кесек алтын қойып, қабанды қалай ұстағанын сұрапты. Сонда Нүкең аз-кем мысқылды раймен:

– Мен өз үйімнен кеткен соң, екі жанарқанмен Қайранбай екеуіміз Торғауыт өткелінің екі жағында қамысқа түске таяу барып, шалманы жасап алдық та, екі жақтағы қамысты далдалап отырдық. Шалқар түсте шөлдеген қанды ауызың «бала-шағасымен» (мегежін, торайларымен) суға келіп бас қойды. Оның қожайыны аналар су ішкенше, басын көтеріп күзетте тұрды. Осы сәтте менің шалмам оның мойнынан сытылып, беліне

түсті де, Қайранбайдың шалмасы мойнына ілінді. Екеуіміз екі жақтан белдей тартсақ та бізді тоқтатпай ала жөнелді. Барып жоғарғы тораңғыдан өте бергенде екеуіміз тораңғының екі жағына шыға тартып, қабанды ағашқа орап жібердік. Оралған соң ол енді бізге тұтқын болмады ма? Жабайы кендірді дереу сыдырып естік те жеңдетінді тораңғыға таңдық. Таңдық та, арқанымызды босатып алып кеткеміз, – деп жымиыпты. Алдындағы алтынды сырып қожайынның алдына қайта қойып:

– Мен сізден алтын алмаймын. Мен сізбен дос болайын. Менің жылқыма суат берсеңіз болды, – депті. осыдан бастап Құржықаймен дос болып, Нүкең Кегеншиде көктеп, күзеп жүріпті.

Бала оқытатын мешіт салып, Асхап молладан Ыбырайхан (өз баласы), Бейісхан (інісі), Белтоқ, Тілеуберді қатарлы 20 баланы көнеше оқытып, тұңғыш білім шырағын жағыпты. Сол күннен бастап ел аузында бұл тораңғы «Нұрпай тораңғысы» аталып кетіпті. Айтып бергендер: Оралбек Тоқмоллаұлы, Мамырбек Шыңғысұлы. Жазып алған: Құрманғажы Әкежанұлы. (Сауан ауданының аңыз-ертегілері, 1992: 264-268).

Нұрпай суаты. Бортүңке ауылы мен Бортүңке мал фермасының малы жайлауда Алтынғол өзенінен Көпбейіт суаты қатарлы суаттардан ғана түсіп су ішеді.

Сонау ерте жылдарда Нұрпай батырдың мың қаракөк жылқысы осы суаттардан бір жолда түсіп су ішсе, Алтынғолдың суының аяғы тартылып қалып, көп жылқы бір жола қанып су іше алмағандықтан жылқының тойынуы мен өсуіне ықпал жасапты. Нүкең қол астындағы адамдарды ұйымдастырып, Ырғай суатының аяқ жағын қиялатып өзенге түсіріп қаздырыпты. Осы жолмен жылқысын шұбыртып түсіртіп әдеттендіріпті. Сонда жылқысының алды Алтынғолға түскенде, арты Көгалашоқы, Ақбұлақта жатады екен. аздан шұбырып түскен жылқы алды суға қанып, қайта шыға береді де, арты шұбырып келіп жататын болыпты. Суға әбден қанған жылқы Ұлужан мен Сарыадыр, Көгалашоқы мен Ақбұлақтың көкқасқа бетегесі мен бөрте жусанын, жұмыр сірігін жеп еркін өсіпті. Сол күннен қазірге

дейін бұл қазған жолды жерлік халық «Нұрпай суаты» деп атап келеді.

Халық аузынан жинаған: Құрманғажы Әкежанұлы (Сауан ауданының аңыз-ертегілері. 1992: 269) .

Төмендегі жер-су атына байланысты туған аңыз «Қозы Көрпеш-Бан Сұлу» жырының оқиғалығын еске салады. Бұл аңызда ақылды қыздың өзіне таласқан аңғал да, ақымақ Айбасқұлдан қалай құтылған жайы айтылады. Сонымен бірге бірнеше жер-судың атының қалай Қаба, Буыршын, Алқабек, Білезік аталып кеткені туралы да айта кетеді. Бұндағы Алқабек, Білезік қатарлы жер аттарының атауының пайда болуы белгілі бір заттың түсіп қалуына байланысты айтылса, ал Асан қайғы атымен айтылатын аңызда абыздың ат қоюымен байланысты әңгімеленеді.

Жер аттары жөніндегі аңыздар. Екі мерген. Ерте кезде арасынан қыл өтпейтін тату екі мерген болыпты. Ол екеуі өмір бойы көрші болып, аңшылықты кәсіп қылып күн көріпті. Оның бірі ұзын еңгезердей, енді бірі аласа, арық адам болса керек. Ел олардың бірін «Ұзын мерген», енді бірін «Арық мерген» деп атап кетіпті. Екеуінің тартқан жебесі жерде қалмаған. «Құралайды көзге атқандардың» өзі болыпты.

Бір кезде, екеуінің әйелдері де бірдей жүкті болған екен. аңда жүрген екі мерген «екеуіміздің әйеліміз де жүкті болды. Егер екеуі екі түсті болып туса құда болайық, екеуі бір түсті болып туса өмір бойы өзіміздей дос болып өтсін!» деп серт байланысыпты. Уақыт өтіп, күні жетіп екеуінің әйелі де бір күнде босаныпты. Ұзын мергеннің әйелі ұл, арық мергеннің әйелі қыз тауыпты. Екеуі бұрынғы айтқан серттеріне жетіп, сол кездің өзінде құда болыпты.

Айлар аунап, жылдар жылжып өтіп жатыпты. Екі балада толыса ержете беріпті. Ұзын мергеннің ұлы он жасында жиырмадағы атбал азаматтай батыр мүсінді болып жетіліпті. Ал, арық мергеннің қызы ақылы жанынан асқан, көркімен көз сүріндірер, қор қызындай сұлу боп бойжетіпті. Екеуі де камелетке толғанда Айбасқұл атты жер бетінде ешкім шақ

келмеген алып балуан, Арық мергеннің қызына ғашық болып, онымен той жасаймын деп елдің шырқын кетіре беріпті.

Бір күні арық мергеннің ақылды қызы Айбасқұлды алдына шақырып: «мені шын аламын десең, саған бірнеше нәрсе беремін соның бірде-бірін жоғалтпай бес күн ішінде қайта ораласың. Бәленбай деген жерде бір асқан бай бар, оның қос боз жорға аты бар, соны әкеліп бересің, шарт осы» деп қолына бір буыршын жетелетіп, оң қанжығасына білезік байлап, сол қанжығасына алқа байлап, Айбасқұлды жолға салыпты. Айбасқұл сол шапқаннан мол шауып, бір жерге келгенде буырнышын бұрдығып өліпті. Бұл ара содан бері «Буыршын» атанып кетіпті. Айбасқұл оған қарамапты. Далбақтап шаба беріпті. Бір өзеннің бойына келгенде қалың қопаның арасынан бір қабан шыға келіп астындағы атын жарып өлтіріпті. Айбасқұлдың атын қабан жарған бұл өңір кейін келе «Қаба» атаныпты. Айбасқұл оған да қарамапты. Ерін арқасына көтере салып жүгіре беріпті. Бір жерге барғанда оң қанжығасындағы білезігі түсіп қалыпты. Оны Айбасқұл білмепті. Кейін бұл өңір «Білезік» атаныпты. Айбасқұл және жүгіріп бір жерге барғанда, сол қанжығасына байлаған алқа түсіп қалыпты. Кейін алқа түскен бұл өңір «Алқабек» аталыпты. Айбасқұл содан жүгіріп бір жерге келгенде әбден діңкелеп, қалжырап барып жығылыпты, сол жерде жан үзіпті. Айбасқұл қалжырап өлген жер кейін «Қалжыр бойы» атанып кетіпті.

Ақылды қыз Айбасқұлды осылай жеңіп, өмірінде бақытты күндерді басынан кешіріп, қосағымен қоса ағарған екен. Айтып берген: Әбілмәжін Мықтыбайұлы. Жинаған: Жеңіс Тұрысбекұлы, Орман Шәменұлы. Реттеген: Шәмен, Әшімхан. (Қаба ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 148-151) .

Әленнің ақ шиі. Ертеде, Ертіс бойындағы шөбі шұрайлы, түңкелі жер Ақшиді Әлен деген адам мекендейді екен. бір жылдары Сауырдағы Жеңісхан төре жерге қызығып, баса көктеп қонып күзеулік етіпті. Кедей болса да өз елінде кеуделі өскен Әлен, жеріне сұраусыз қонып, шөбін тулақ сүйреткендей жеп жатқанына іші ашиды да, өзі көңіл жетер бір қанша жерлік мықты азаматтарды ұйымдастырып, төренің желісін қиып,

малын қуып Ертістің ар жағына өткізіп тастапты. Іргелі елге қолма-қол қарсылық көрсете қоймаған төре ауылы желқайықпен Ертістің ар жағына тасынып өткен күні түнде Жеңісханның бәйбішесі босанып ұл туыпты. Жеңісхан төре ырымшыл адам екен. сол күнгі көшті, өзін қуған Әленнің жүректілігін, «жақсылық нышан» деп ырымдап, адам жіберіп, әлгі Әленді қонаққа шақырып, баласына ат қойып беруді өтініпті. Кеше ренжіскенімен бүгін жайылып отырған Жеңісханның ақ көңілділігіне разы болған Әлен «балаңыз мен сияқты тентек болып, ата қонысын ешкімге иелетпейтін болсын», – деп өзінің атын қойыпты. Жеңісхан төренің ұлы атақты Әлен төренің аты осылай қойылыпты. Сол жердің аты да Әленнің ақшиі атанып қала беріпті. Айтып берген: Иісхан Қайырбайұлы, жинап, реттеген: Шәмен Исаұлы. (Қаба ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 151-152) .

«Жалаңаш, Ыдық». Бір кездері Білезік өңірі иен жатқан жер екен. Оған «уақ» дейтін ел ауып келіп, мекен теуіп қыстапты. Сол жылы ойылған ақсүйек жұт болып, тек ағаштың қыршынын жеген ешкі мен түйеден ғана аздап ұрық қалыпты.

Апаттың азуы батқан ел, жерді ырымдап жақтырмай, бұл жерге мекендеген жылы мал-жанымызды бірақ сыпырып, жалаңаштап кетті. Жалаңдаған «жалаңаш жер екен» деп Жайырға ауыпты. Олар бірлі-жарым қалған түйемен серкеге жүктерін артып, жаяу-жалпылы Жайырға көшіп кетіпті. Сонан бастап уақтың ауылы жалаңашталған жер «Жалаңаш» атанып кетіпті.

Ыдық деген уақ елінің атақты балуаны болыпты. Оның сол кездегі Жалаңаш өзенінен «Ыдық» жеріне қарай жол жөндегенде, өткел аршып, көтеріп қойған үлкен тасы әліге дейін «Ыдық көтерген балуан тас» деп аталады екен.

Ол шу асау жылқыларды серкеш құрлы көрмей, алып ұрып, өзі жалғыз соя береді екен. бір жолы ол аш қалған туыстары үшін бір байтал ұрлап әкеліп, сойып жатқанда, ізімен дереу қуып шыққан үш-төрт адам, дәл үстінен түседі. Олармен сөзге келмей-ақ, жаны шықпаған байталды қанын сорғалатып,

иығына сала салған Ыдық айбалтасын қолына ұстап, ауыл жанындағы үлкен молаға қарай ала жөнеліпті. Аң-таң қалған қуғыншыларға: «Малдарыңды молаға кеп алыңдар», – деп айқайлапты. Ыдықтың алып денесімен істеген қылығын көрген жоқшылар жанынан қасым болып, «байтал тұр ғой бас қайғы» деп жолына түскен екен. Ел аузынан жинап, реттеген: Шәмен Исаұлы (Қаба ауданының аңыз-ертегілері, 1993: 152-154).

Бұқпа бейіті. Тарбағатайдың оң қабырғасының, Сібеті өзені батыс сағасында, тау алқымына таяу жерде «Бұқпа бейіті» деген бейіт бар. Бұл күндері орны жерге айналуға таяған төмпешік, бұл бейіт киелі «киелі бейіт» деген атымен ел есінен орын алған. Ертерек делінеді, ертерек болғанда қаншалық ерте екендігі мәлім емес. Сол өңірде жасаған Бұқпа деген адам болыпты. Ол адам жыландардың тілін біледі екен және жыландарға әмір қылып айтқанына көндіреді екен. Оның маңайында, жыландар ирелеңдеп өріп қайшалысса да, қойын-қонышынан сумаңдап кіріп-шығып жүрсе де, алақанына салып ойнатса да оған залалы жоқ екен. жыландарды шақырса келтіріп, қуаласа кетіре береді екен. бұқпа осындай киелі өнерімен жыландардың тілін байлап тастағандықтан Тарбағатайдың күнгейіндегі жыландар уытсыз болып, адам, малды шақпайды. Шақса да уланбайды дейтін сөз бар екен. бұқпа бейіті тұсынан өткендер дұға қылып, тәуап қылмаса қырсық шалады екен, – дейді.

Айтып берген: Рақымғажы Кәрімжанұлы. Жазып алып, баспаға берген: И.Байғалиұлы. (Шәуешек қаласының аңыз-ертегілері, 1995: 157-158).

Төмендегі топонимдік аңыз Әмірсанаға байланысты айтылады. Бұл аңызда Әмірсананың өз еліндегі тақ таласында жеңіліп, қазақтарды, соның ішінде Абылай ханды қорған еткені туралы тарихи дүниелердің сұлбасы көрінетін секілді.

Тұманды аңызы. Осыдан 270 жылдың алдында моңғолдың Ғалден төресінің замнында, Ғалденнің жалғыз ұлы Әмірсана батыр болып, әркез соғысқа барып жүріпті. Әмірсананың әйелі болса өңді адам екен. Осыған көзі түскен Ғалден жалғыз ұлы Әмірсананы соғысқа аттандырып жіберіп, өз

келінін тоқалдыққа алып алады екен. Соғыстан кешігіп қайтқан Әмірсана бұған шыдай алмай Ғалденмен ренжісіп дала кезіп кетіпті.

Әмірсананың дала кезіп жүрген жерлері Жеменей, Алтай, Қобда аралықтары екен. Күндердің бірінде ел тонап азық түсіріп жүрген Әмірсанаға сол кездегі қазақтың белгілі батыры жекпе-жекке шығып сайысады. Нәтижеде қазақ батыры жеңіліп, Әмірсананың тақымында кетеді екен. Олар ұзап шыққаннан кейін қазақ батыры оған: «елімнен шыққанда сені жеңбей келмеймін, егер жеңілсем мені іздеп бармаңдар деген едім. Мен енді тірі елге бармаймын. Сен мені өлтіріп кет», – дейді екен. Сонда Әмірсана: «атым шыққанмен сен де батыр екенсің, дәл өзіңдей талайды тақымға салатын батыр екенсің екеуіміз дос болайық», – дейді.

Екеуі достасып бірнеше жыл бірге болады. осы кезде хабарсыз кеткен ұлын қолға түсірмек болып Ғалден көп әскермен іздеп шығады. Ақыры Жеменейде жасырынып жүрген Әмірсананың хабарын ұғып, сол өңірдегі қазақ еліне оны тауып беру жөнінде қысым жасайды. Қазақтар амалсыз атқа мінерлерін жиып, Әмірсанаға барып: «әкең Ғалден көп жасақпен келіп бізді қысап жатыр, сені тауып ұстап беріңдер дейді, қайтсек болады», – деп ақыл сұрайды. Мұны естіген моңғолдың батыры Әмірсана «қазақтарды талай жылдардан бері пана тұтып жүр едім, енді ажалға байлап беретін болдыңдар сонда сендер Ғалденге мынаны айтыңдар: «Әмірсана батыр екен, талай сайысып ала алмадық, ең жақсысы әскерінің ортасына алдап әкеліп берейік, сонан өздерің ұстап алыңдар, басқаға шарамыз келмейді», – деңдер деп ақыл беріпті. Бұл хабарды қазақтардан ұққан Ғалден төре , барылық әскерлерін шеп жайдырып, ұлының келуін бір саздауыт жерден тосыпты. Әмірсана қазақ батырын қасына ертіп, Ғалден төренің шеп жайған жеріне келіп, қазақ батырына: «менің ат-көлік, айыл-тұрманымды сен алып қал, мен мыналармен жаяу айқасам, мен соғысатын майдан анау, мен ана белден асқан соң жер-көкті соқыр тұман басып қалар. Аздан соң тұман айығып күн ашылады. Сонда ана белдің астынан аспанға тік жіңішке түтін

шықса онда маған бар, онда менің тірі болғаным. Егер олай болмаса менің өлігімді іздеп әуре болма, ат-көлік саған қарыз емес, есің барда еліңді тап», – дейді батыр. Айтқандай жауға жаяу араласқан батыр қалың қолмен жалғыз ұрыс жасап, майданды қанға бояп, белден асқан екен. Ол белден аса жер-көкті соқыр тұман қаптап бір кезде аспанға жіңішке түтін көтеріліпті. Қазақ батыры дереу барған екен, Әмірсана бір кішкене бастаудың басындағы жая таста тер басып найын тартып отыр екен дейді. Қараса Әмірсана Ғалденнің әскерлерінің ауданын қырып жіберген екен, бірақ Әмірсана мұңайып досына былай дейді: «ерлігімізге ел сүйінген екі батыр едік, басыма күн туғанда көмек қолыңды созып едің оныға рахмет, сондықтан мына жауды жеңдім. Бірақ бұл жолғы соғыста жарым жанымнан айырылдым. Себебі қандай соғыста істетіп жүрген бір тасым болушы еді, бұл киелі тас еді, менің аз болмаған күшім содан келуші еді, жаңа соғыста айрылып қалдым. Қанша іздесем де таппадым деп, екі батыр тағы жарым күн іздеп киелі тасты таба алмапты. Содан екі батыр қоштасып айрылысыпты. Содан бастап бұл жерге үнемі тұман түсіп тұратын болыпты. Кейін халық Әмірсана батырдың киелі тасы жоғалған осы бастаудың атын «Тұманды» деп атап кетіпті.

Айтып берген Рапхат Нығыметұлы. (Көктоғай ауданының халық аңыз-ертегілері, 1993: 235-238).

Жалғыз ағаш. Шәуешек қаласының солтүстік желкесінде Жалғызағаш деген жер бар. Ерте заманда осы Жалғызағаш деген жерде көптеген қара ағаш өсіп, өнген екен. Күндердің бірінде жай түсіп, бұл ағаштар өртеніп кетіп, бір жуан қара ағаш қана өртенбей аман қалыпты. Сонша көп ағаштан жай оғы тимей аман қалған бұл ағаштың «бір қасиеті болса керек» десіп, сол маңдағы ел оған табынып, түсінен шошыған, желігіп ауырған адамдарды, бала таппағн әйелдерді қара ағашқа апарып бас ұрғызып, тілек тілетеді екен. Басқа уақытта оның маңына жалғыз-жарым адам барудан қорқады екен. Бұл жалғыз қара ағаштың бұтақ жайғаны үлкендігі ерепайсыз болып, Әбілпейіз ханның Тұлыбай деген батыры Шәуешек ескі жамбылындағы амбыға кездесуге барып,

қайтар жолында нөсер жаңбыр жауып, Тұлыбайдың екі жүз адамы ат-тонымен сол қара ағаштың астына паналайды. Сол тұста осы жалғыз ағаш жөнінде қазақтың Әнуар деген ақыны:

Мың жылдық киелі бағана,

Айдалада тұр дана, – деп жырлаған екен. (Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. Аңыз-ертегілер. Т.13., 2011: 283-284).

Бұл аңыздағы «Жалғыз ағаш» туралы, оның «киелілігі» туралы түсініктің тым тереңде жатқаны анық. Фольклорлық ұғым-түсініктегі «Бәйтерек» бейнесі осы жалғыз ағашқа байланысты аңыздарда да анық аңғарылады. Алып бәйтерек үш әлемның символ ретінде көрінетінін, оның төменгі, яғни жер асты әлемінде қара ниетті жын-шайтан, құбыжықтардың өмір сүретіні, ортаңғы әлемінде жер үсті тіршілігі көрініс тапса, жоғары әлемінде құстар мен рухтар мекені екені белгілі. Жоғарыдағы жалғыз ағашты киелі санап, оның басына тәу етіп, одан өздерінің ауру-сырқауына ем-дом іздеуі, бала көтермеген әйелдердің басына барып ағаштан медет сұрауы соның айқын мысалы.

Төмендегі мәтінді аң-құстың киесіне ұшырап, өмірінің трагедияға айналып, құрдымға кеткенін баяндайтын аңшылар туралы аңыздармен сабақтастыра қарауға болатын секілді. Бұнда баланың қыран құстың ұясына түсіп, содан шыға алмай қалуын, жер түзілісінің қиындығымен, баланың арқанды ұстай алмауымен ерекшелендіреді. Бірақ, аңызды оқып отырғанда аңның киесі туралы ұғым-түсініктердің санада қоса жаңғыратыны байқалады. Аңыз Үрімжідегі Шыңжаң халық баспасы мен Құлжадағы Іле халық баспасының біріккен өнімі – «Халық ауыз әдебиетінің қазынасы» деп аталатын 25 томдық кітаптың 13-томынан алынып отыр. Бұл аңыз бұған дейінгі басылымдарда кездеспейді, соған қарағанда тұңғыш рет осы кітапта жарияланып отырған болуы мүмкін. Аңыз соңында қайдан алынғаны туралы, кімдерден жазып алғаны, болмаса белгілі бір кітаптан көшіріп басқаны туралы нақтылы мәлімет берілмейді. Сондықтан да осы томда тұңғыш рет жарияланып отырған болуы мүмкін деген тұжырымға келуге болатын тәрізді.

Ойбайлақ. Ертеде Баркөлдiң баурайында, қоңыр адыр қойнауында Тана атты құсбегі болыпты. Оның қарсақты қағып түсетін, түлкіні іліп, қасқырды жасқайтын бапты қыран құсы болыпты. Тана құс құмарлығынан Өр Алтайға дейін қақпан құра, бүркіт сала барып-қайтып жүреді екен. Қай жағынан көтерсең жүні солай төгілетін ойдың ақ түлкісі, қырдың қызы түлкісі мен қоңыр түлкісі, қызыл тастың қара түлкісі бәрі-бәрін алады екен. Тана осы еңбегімен қорасы толған бай болыпты.

Күндердің бірінде көл жағасындағы күзеуліктен көшер кезде ауылдың төбесінен тауешкінің серкешінің ішегін шұбатып батысқа қарай алып ұшқан қыранды көріп Тана тоқтай алмапты. Ауылды батысқа көшіруді бұйырып, жанына екі жолдас ерткен Тана көштен бұрын қыран кеткен жақты бетке алып, жолға шыққан екен. Олардың қанша жол жүргені белгісіз. Ат сабылтып жүріп әлгі қыранның ұясын тауыпты. Бүркіттің жартасты жаңғырта шаңқылдаған Тананы тіпті қызықтырыпты. Олар құз жаламаның ортан беліндегі жапсардағы ұядан ара-тұра көрінген балапандардың қанат құйрығы жетіліп қалғандығын көреді. Қарасаң бөркің түсетін жаламаның төбесінен арқанмен түсуден басқа амал жоқ еді. Олар қыранның қаһарынан жасқанып дағдарып қалады.

Осы кезде Тана ауылдың шетін ала, көшпен бірге келіп итарқаларының керегесін жайып жатқан жесір кемпірдің жалғыз ұлына көзі түседі. Баланы оңаша шақырып, ләйлаға келтірген соң, құз-жаламаның төбесіне бастап барып, арқасына ергеншек таңып, қолына тері қап беріп, ұяға түсуге бұйырады. Бұзау тістеп өрген арқанның екеуін қабаттап, үшеуін жалғап түсіргенде, бала әзер ұяға жетіп, балапанды тері қапқа салып, арқанға байлап береді. Арқан қайта тасталады. Бірақ, ұяның жоғары жағы қабақша екен де, бала арқанға қолын жеткізе алмайды. Қалай тырбынса да ештеңе өнбейді. Тана лажысыз қалады. Сол жесір ананың жетім баласы әлгі қияда қалған дейді. Ол заманда кімнің жоғын кім жоқтайды. Үміті үзілген бала: ойбайлап, зарлаумен болады. Жалғзынан айрылған шерлы ана жартас құшып қайғы жұтады. Күн еңкейіп, тау асады, қайта шығады. Сөйтіп бала,

жартас басында аштықтан, ана етекте құсадан өледі.

Жеті күнге жалғасқан мұңлы-зардың жаңғырығын ұлы табиғат қастерлей сіңіріп алыпты да, бұл жер содан бастап, «Ойбайлақ» атанған екен. (Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. Аңыз-ертегілер. Т.13., 2011: 385).

Жер-су аңыздарға байланысты туған дүниелерді А.Пангерев еңбегіне талдау жасаған Ж. Жақыпбаев ондағы қамтылған дүниелерді төмендегідей бағамдайды:

1 Жер-су – дүниежүзілік ғаламды (жоғары – тәңір, төмен – ұмай, орта – адам) біріктіруші ұғым.

2 Жер-су жоғары мен төменнің қосындысы, туындысы ретінде табынатын тәңірлік мәнге ие, бірақ тәңір емес, адамзат өмір сүретін әлем, кеңістік бөлігі.

3 Жер-су кіндік кесіп, кір жуған туған жер, атамекен, отан ұғымының байырғы атауы.

4 Жер-су – табиғаттың өзі, яғни географиялық объектілер.

5 Жер-су – ықылым заманнан бергі уақыт пен кеңістік шегінде адамзат қалдырып отырған өмір

таңбалары, топонимдер арқылы фольклор сюжеттерінен танылатын тарихи таным куәсі.

6 Жер-су – фольклор шығармаларындағы әлем туралы, кеңістік туралы ойлар мен көзқарастардың таңба, символдық мән түріндегі жиынтық бейнесі.

7 Жер-су – фольклор сюжеттерінде мотив тудырушы дәнекер, немесе кей жағдайда сюжеттік негіз (Жақыпбаев, 2019: 13). Біз сөз етіп нақтылы мысалдармен беріп отырған дүниелер де осы топтастырулар аясына тоғысатыны белгілі.

Жер-су атаулары белгілі дәрежеде сол халықтың тарихымен біте қайнасып жатады. Топонимдер бүгін қойып, ертең өзгерте салатын дүние емес, ол ғасырлар бойы халықтың санасында жатталып, жадында қатталып қалатын ұлттық код деп айтуға болады. Белгілі бір аймақтағы топонимдерге талдау жасай отырып, онда қандай халықтардың өмір сүргенін бағамдауға болады. Топонимдердің шығу тарихы, сол елдің тарихымен сабақтас деп айтуымыз сондықтан. Және бір назар аударатын

жағдай топонимдер сол аймақта жасаған халықпен бірге ұрпақтан қрпаққа жалғасып отырады. Соған қарап, бұл өлкеде қандай халықтың, болмаса мемлекеттің өмір сүргенін бағамдауға болады. Шыңжаң өңіріндегі жер-су атауларының бүгінгі жай-күйі соны айғақтап отыр.

Жоғарыдағыларды жинақтай келгенде бүгінгі Қытай аумағындағы, Жібек жолы бойында орналасқан елді-мекендерде сақ, ғұн, үйсін, түрік, қағанаттары тұсында көптеген жер-су атауларының сақталғанына көз жеткіземіз. Онда сақталған балбал тстар мен сынтастар, бұғытастар көненің көзіндей боп әлі сақтаулы тұр. Бірақ, сол елді-мекендердің тек тарихи құжаттар жүзінде аты ғана қалғанын, бүгінгі күндері сол жерлер мен қалалардың, бекіністер мен бектіктердің орнын қойғанда, атауының да ұмыт болғанына материалдар негізінде нақтылы тұжырымдар жасап отырмыз. Жоғарыдағы аттары аталған Бірбалық, Чамбалық, т.б. қалалардың қағаз жүзінде қатталып, бүгінгі күндері орны белгісіз болып, келмеске кеткенінің куәсі болып отырмыз. Сонымен бірге қазіргі кезеңде бұрынғы көне атаулардың сипаты өзгеріп, оның орнына қытайша жаңа атаулардың қолданылып, халық арасында кең етек ала бастағанына нақтылы мысалдар көрсеттік.

Тарихтан бері өз атауымен аталған елді-мекеннің, сол елді билеп отырған бүгінгі заңды иесінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты дыбыстық өзгеріске түсіп, бұрынғы атауларының өшкіндеп бара жатқанына нақтылы мысалдар келтірдік. Заманның өтуі, сол аумақтағы биліктің алмасуы, көне елді-мекеннің орнына жаңа мемлекеттердің бой көтеруі – ертеден бері жалғасып келе жатқан жер-су атауларына да өз әсерін тигізетіні туралы нақтылы дәлелдер келтірдік. Оның әуелгі себебі ретінде сол топырақта өмір сүріп жатқан ежелгі ру-тайпалардың жадында сақталған кодты жоюға әсерін тигізіп, жаңа ұғым-түсініктерді санаға сіңіру екеніне көз жеткіземіз. Осы шолуда топонимдік аңыздар мен әпсаналардан сілтемелер келтірдік. Онда біз ежелгі Жібек жолындағы қалалар мен бекініс, бекеттердің, кейбір елді-мекендердің атының шығуына

байланысты аңыздарға жан-жақтылы тоқталдық. Қытайдағы топонимдік аңыздардың сақталу жағдайына қарап, сақ, ғұн, үйсін, түрік қағанаты, олардың заңды жалғасы Қазақ хандығы мен оның ыдырап, біртұтас қазақ халқының екіге бөлінген кезеңінен кейін де, шегараның арғы бетінде қалған жер-суға байланысты аңыздардың күні бүгінге дейін сақталып, қағаз бетіне түсіп қатталғанын жарық көрген материалдардан сілтеме беруге тырыстық. Сондықтан да бұндай тарихи жер-су атауларын арнайы қарастырып, зерттеу нысанына айналдырып, нақтылы ғылыми тұжырымдармен дәлелдеп қағаз жүзінде қалдыру өте маңызды мәселе болып саналады.

2-тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстан аумағындағы топонимдерінің танымдық-этимологиялық сипаты

2.1 Жетісу аумағындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері

Профессор К.Байпақов кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы археологиялық зерттеулерде археологияны ұнатушылардың Түркістандық үйірмесінің өлкетанушылық бағыты онан әрі жалғаса түскенін атап көрсетті (Бернштам, 1941:12). А.Н. Бернштам Орта Азия археологиясының қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі (1917-1920 ж. соңы 30-жылдың басы) дамуын қорытындылай келе былай деп жазды: «Это был в общем послереволюционный «Бартольдovsky период» лишь в конце 20-х и в начале 30-х годов начинаются с более совершенной методикой и не в Мавераннахре, но и за его пределами». Сонымен, Орта Азия мен Қазақстан, Талас, Шу, Жетісу өңірлеріндегі ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің зерттелу тарихындағы айтылып жүрген «кеңестік кезеңнің бірінші сатысы» (1917-1935) шын мәнінде 1893 жылдан басталған Орта Азия Қазақстан археологиясының «бартольдтық кезеңнің» жалғасы болды. К. Байпақов Оңтүстік Қазақстан, Талас, Шу, Іле өңірлеріндегі ортағасырлық қала мәдениетінің зерттелуін XVI ғасырдан бастап кеңестік кезеңге дейін 2 кезеңге (XVI ғ – 1870 ж; 1870-1970 ж.ж), ал

кеңестік кезеңді төртке (1917-1935 ж.ж; 1936-1945 ж.ж; 1946-1959 ж.ж; 1960 жылдан бергі уақыт) деп жіктейді (Бернштам, 1941:14).

XX ғасырдың алғашқы 20 жылында Жетісу өңірлері және Қаратаудың ортағасырлық қалалары мен елді мекендерін зерттеуде саябырлық байқалды, бұл кезде жекелеген ескерткіштерге қатысты, не кездейсоқ табылған археологиялық заттарға байланысты қысқа хабарлар ғана шығып тұрды.

1921 ж. бастап ескерткіштерді есепке алумен және оларда шағын көлемдегі зерттеу жұмыстарын жүргізумен туркомстарис (Түркістандық мұражай ісі, көне ескерткіштерді, сәулет өнері ескерткіштерін және табиғатты қорғау комитеті) ал кейіннен Среднеазкомстарис айналыса бастады.

1924 ж. Городецкий Бурана, Ақбешім қалаларында, ал 1925 жылы А.Э. Шмидпен бірге Шудың жоғарғы ағысының, Ыстық көлдің батыс жағалауының тарихи топографиясын анықтау мақсатымен зерттеу жүргізді, соның нәтижесінде Бурананың шаруашылық аймағын қоршаған қамал қалдығы бары анықталды, ортағасырлық қаланың алып жатқан көлемі қалаларды зерттеудің бағыттарын саралау және ортағасырлық Баласағұн қаласының тарихи орнын анықтау үшін қосымша деректер жинау мақсатымен экспедиция Фрунзе - Тоқмақ аралығында барлау жүргізді. Барлау жұмыстарының нәтижесінде Үлкен Ақбешім, кіші Ақбешім, Бурана, Қызыл қала қалаларының тарихи топографиялық құрылымы нақтыланып, Ақбешім, Бурана және Қызыл қала қалалары аты жазба деректерде кездесетін Баласағұн, Кирмитау және Сарыт қалаларымен баламаланды.

Экспедиция 1938-1941 ж.ж. Шу өңірінде 21 ортағасырлық қалаларда зерттеу жүргізді. (бұл қалалар Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан), олардың 12-сі әдебиеттерде белгілі қалалар ал 9-ы жаңадан ашылған қалалар. Экспедиция тек 11 қаланың жобасын жариялады.

1933 жылдан бастап Жетісу өңірінде Шу алқабындағы ортағасырлық қалалар мен елді - мекендерді зерттеумен айналысқан А.Н. Бернштам 1941 жылы шығарған «Памятники старины Таласской долины» атты зерттеуінде Талас өңірлеріндегі

ежелгі б.д.д. III және IV ғасырлардан бастап XIII ғ. дейінгі аралықты қамтиды. Зерттеу VII - тараудан тұрады, негізінен еңбекте мынандай мәселелер қарастырылған:

1. Автор қалаға қысқаша сипаттама беріп, өзіне дейінгі В.В. Бартольд, В. Каллаур сияқты авторларға тоқталады;

2. Талас өңіріндегі ежелгі үйсін және қаңлы тайпаларының ролін;

3. Соғдылардың жетісу жеріне келуі және Тараз қаласының құрылуын;

4. VI-VIII ғасырлардағы Тараз тарихына;

5. Тараз қаласына исламның келуі мен қаланың ұлғайуы және Қарахан мемлекетінің құрылуы;

6. Тараз қаласының XI-XII ғасырлардағы гүлденуін;

7. Монғол шапқыншылығымен қаланың күйреуін көрсетеді.

1929 ж. Шу өңірінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендерін А.И. Тереножкин зерттеді. Ол Шудың сол жағасында Қарабалта қаласынан Боом шатқалына дейінгі аралықта барлау жүргізіп 16 ортағасырлық ескерткіштерді есепке алды, бірақ ескерткішке алынған ескерткіштердің жобасы түсірілмеген, суреттеп жазылмаған. А.И. Тереножкин Шу өңіріндегі қалалар мен бекіністердің дені VIII ғ. пайда болғанын айта келіп былай деп жазады: «в полне возможно, что именно в эту эпоху выросла основная масса укреплений, развалины, - «которых покрывают долину р. Чу в настоящее время» (Шәлекенов, 2002:104).

1933 ж. бастап Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді зерттеумен А.Н. Бернштам айналыса бастады. Шу, Талас өңірлері және Қаратаудың ортағасырлық қалаларын зерттеудің жаңа кезеңі А.Н. Бернштамның атымен байланысты болды. 1936 ж. СССР Ғылым Академиясының Н.Я. Марр атындағы заттай мәдениет тарихы институты (Ленинград), Ғылым Академиясының Қазақстандық бөлімі (филиалы) Қырғыз ССР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым комитеті бірлесіп құрған Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі – А.Н. Бернштам) 1936, 1938 жж. Талас өңірі мен Қаратаудың солтүстік

беткейінде ал 1938 – 1941 жж. Шу өңірінде кең көлемді археологиялық зерттеулер жүргізді.

Талас өңірі мен Қаратаудың солтүстік беткейінде жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Талас өзенінің жоғарғы ағысы, Тараз қаласының төңірегі, Таластың төменгі ағысы, Асса өзені мен Биліккөлдің жағасы және Талас - Шу өзендері аралығы зерттеліп ондаған ортағасырлық қалалар мен елді-мекендер ашылды, сонымен қатар бұрыннан белгілі қалалар қайта зерттелді. Ортағасырлық Ақтөбе, Жаманқорған, Шалдабар, Садырқорған, Қостөбе, Шөлтөбе, Түймекент, Ақыртас, Құлан қалаларында әртүрлі көлемде қазба жұмыстары жүргізіліп, олардың өмір сүру уақытын анықтайтын заттай деректер алынды.

1938 жылы ежелгі Тараз қаласының әртүрлі бөліктерінде қазба жұмыстары жүргізіліп, тұрғын үй кешендері, әр түрлі құрылыс қалдықтары, қамал, қақпа, су құбырлары және монша ашылды. Қала шахристанның оңтүстік-шығыс бұрышында жүргізген стратиграфиялық қазбадан алынған деректерге байланысты Тараз қаласының V-XV ғғ. кезінде өмір сүргені анықталды (Шәлекенов, 2002:10).

А.Н. Бернштам: Соғдылықтардың Жетісуда Испиджабтан Баласағұнға дейінгі аймақта бар болғандығы туралы XI ғ. авторы М. Қашқаридың еңбектерімен растайды. 1074 жылы жазылған еңбекте ол «А те, которые имеют два языка и смешались с населением городов, это Сугдак, Кенджак и Аргу», - ары қарай «Баласағұн тұрғындары да соғды, түрік тілінде сөйлейді. Тараз және Ақ қаланың (Мединат – ал - Бейда) қалалардың да халқы екі тілде сөйлейді. Жоғарыдағы М. Қашқари сөздерін келтіре келе Бартольд өздерінің елдерінде

соғдылар парсы тілін қабылдады, М. Қашқаридың сөзі бойынша Баласағұн тағы басқа қалаларда екі тілде сөйлесе, XI ғ. II жартысында Жетісу соғдылары денационализациялық (ұлт ерекшелігін жою) соңғы кезеңін басынан кешіріп жатты, халықтың арасында соғдыша сөйлейтіндер болды.

1938 жылы КФАН и ИИМК археологиялық экспедицияның нәтижесінде Талас өңірінен ежелгі Тараз

қаласының мұсылман кезеңіне дейінгі V қабатын тапты. Бұл жер қаланың солтүстік - шығыс бұрышынан 4 метр төмендікте құмды қабаты ежелгі соғды мәдениетіне жатады. Осы жерден Діни салт – дәстүрге табынуға арналған заттар табылды. Заттар табылған жерлерде ұзақ уақыт елдердің болуы және құрлысқа құм, топырақ тастардың алынуы бергі ғасырдағы төменгі қабатқа түсіп, ал ежелгі заттар жоғарыға шыққан.

V топырақ қабатынан табылған заттардың ішінде: балшықтан жасалған ат мүсіні ертоқымы мен әбзелдері, аттың жүтендері, анық көрсетілген, екі қолмен ұсталған жарты шар, өте үлкен емес балшықтан жасалған сұйық зат құятын сырты қолмен ұстаған ізі бар ыдыс, сары-қызыл жылтыр үш жақты соғды жазуымен жазылған; кішкене флаг секілді соудок (мустахара, сұйық зат құятын), бір жағы жалпақ, басқа жағы шар тәрізді, тізбектелген оюлармен қапталған; күйдірілген балшықтан жасалған адамның бетінің формасы, монета және басқа заттар табылды (Бернштам, 1941:19).

Тараз қаласы жөнінде жазылған зерттеулердің бірі Т.Н. Сенигованың «Средневековая Тараз» атты еңбегі (Сенигова, 1972:3). Еңбек негізінен толығымен Тараз қаласының пайда болуымен құлауына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл еңбекте Тараз қаласының қолөнер сауда, қоғамдық қатынастары, X-XII ғасырларда гүлденуі және XIII-XVIII ғасырлар құлдырауы келтіріледі.

Еңбекте автор 1958, 1961, 1965 жылдардағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған материалдар, тағы Л.И. Ремпеля 1950 жылғы зерттеуі және Е.И. Агеевтың II-VI шахристандағы 1961 және 1962 ж.ж. қазған кездегі мәліметтерді пайдаланған. Автор көбіне Бернштамның зерттеулеріне сүйене отырып жазады. Сенигованың зертеу еңбегін жазу барысында кездескен қиындықтары:

1-ден: Жиналған коллекциялардың әр қалаларда сақталуы (С-Петербург, Тараз, Алматы) және жазылған жазбалардың жоғалуы;

2-ден: Материалдардың бытыраңқылығы, құрылыс жүргізілген уақытта табылып, белгілі бір мәдени қабатпен ұштасып жатпауы;

3-ден: Тараз қаласының түгел қирап қалуы оның топографиясын жасауды қиындатты (Сенигова, 1972:18).

А.Н. Бернштамның айтуы бойынша, осы аймақта зерттеу жұмыстары жалғаса беретін болса, адамзаттың бұл жерде өмір сүруі б.з.д. II ғасырдан ары жатыр дейді. Сенигова бұл жөнінде соңғы кездердегі Қаратау жоталарындағы жүргізілген зерттеулер нәтижелері дәлелдей түсті дейді. Ежелгі адамдардың үңгірлері мен тұрақтарының ашылуы осы аймақта палеолит кезеңінен бастап адамдар мекендеді делінеді. Бұны автор Х.А. Алпысбаевтың «Находки памятников каменного века в хребте Каратау» атты еңбегін пайдалана отырып келтіреді.

Тараз қаласының төменгі қабатынан табылған шақпақ тас қырғыштар, әдемі істелінген неклеустер бұл аймақта неолит дәуірі де болған деп айтуға болады. Солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс Талас аймақтарында табылған өңделмеген жерлеу бөлмесінде бай жеке адамның мүлкіне жататын нәрселер (кең орақтар, әртүрлі омырауға тағатын әшекей бұйымдар, білезіктер) және солтүстік батыс аңғарынан кездейсоқ табылған қола бүгілмелі формадағы пышақ осы аймақта Жетісу жерінде қола дәуірінің болғанын дәлелдейді.

Тараз – қаласының қала ретінде пайда болуын Т.Н. Сенигова А.Н. Бернштам пікірін қолдап, VI ғ. Талас өңіріне соғдылардың келуімен байланыстырады.

Автор Тараз қаласының бұрын бес қабаты болған болса, олар төменгі VI –VII ғ.ғ. жатады, жоғарығы қабаты XIII-XV ғ.ғ. қамтиды, енді зерттеулер барысында тоғыз қабаты белгілі болып отыр, оныншы қабатының материалдары жиналды, бұл Тараз қаласының отырықшы мәдениеті б.з. I ғ. мен XVIII ғ. аралығын қамтиды деп өз тұжырымын келтіреді. Бес мәдени қабат туралы айтқан Бернштам пікірін қолдамағанымен, толығымен теріске шығармайды, тек сол уақытта жаңадан басталған экспедиция бұл мәдени қабаттарға жете қоймаған

дейді.



3-сурет. Көне Тараз қаласы

Тараз жазба деректер бойынша кең тараған Талас немесе яны Талас деп аталатын, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі тұрып жатқан тайпалар мен халықтырдың мәдени қабаттарына 2000 жылдық тарихы бар қала. Ерте орта ғасырдан бастап бүкіл қолөнердің және сауданың дамуы болды. Талас – Батыс Түрік қағанатының құрамына кіргенде тек Талас өңірінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл Жетісу жерінің орталығы болды. Бұған дәлел Түргеш қағанның атымен аталған көптеген монеталардың табылуы және деректерде айтылғандай қалада әр елдің саудагерлері сауда жасайды, ал қала қабырғаларынан парсы, араб тіліндегі сөздер естіледі. Тараз қаласындағы соғды аристократтарының көп болуы туралы факті, қаланың саяси жағынан осы облыстың орталығы болғанын дәлелдейді.

XVI ғасырдың 20 жылдары Мұхаммед - Хайдар Талас өңірі туралы мынандай мәлімет келтіреді: «Яны – бұл Моғолстанда атақты жер; Маураннахрда Яныдан көптеген халықтар тұрады; оларды барлығы Янылын деп атайды. Яны тұрған аймақта,

бірнеше қалалардың іздері байқалады; ол жерлерде монастырь, медресе, т.б орындар бар; бірақ нақты қай қаланы Яны деп атаған, ал қалған қалаларды қалай атады». Янги - бұл Тараздың моңғолша аты болу керек деп В.В. Бартольд өз тұжырымын айтады (Бартольд, 1965:495). «Яны» деген сөз жаңа деген мағына береді. Сондықтан, көне қала жанынан жаңа қаланың көтерілуі де ғажап емес.

Тараз қаласы – ежелгі заманнан белгілі қала. 630 ж. қытай саяхатшысы Сюань-Цзан өз жазбасында Таразды Ұлы Жібек жолының бойында тұрған маңызды сауда орны деп атайды. VIII ғ. Тараз қаласы Арғу-Талас, Алтын-Арғу, Талас ұлыс атауларымен мәлім болғаны анық.

Ежелгі Тараз тарихы оқиғаларға бай. Өзі өмір сүрген дәуірде VI-IX ғғ. қала қарлұқтарға қарады, ал Исмаил Ахмет жаулап алғаннан кейін, XI ғ. соңында Саманидтер әулеті иеліктерінің құрамына енді. X ғасырдың аяғы мен XI ғ. Тараз Қараханидтер мемлекетінің астанасы болды. XI ғ. ғұлама ғалымы М. Қашқари Тараз тұрғындары түрік, соғды тілдерінде сөйлегенін тілге тиек етеді. XI ғ. Таразда ақша сарайы жұмыс істеген. Көптеген Шығыс елдеріндегі археологиялық қазбалар кезінде Таразда жасалған күміс дирхемдер табылды. Тараз, Дех, Адахкес, Бехлу, Шелжі, Сус, Нужикес, Жекіл секілді шаһарлары бар үлкен аймақтың орталығы болды. Тараз қаласы Ақсақ Темір заманында Жаңа Талас аталады да, XV-XVII ғғ. қалада аздаған үйлер сақталып, XIX ғ. оның орнына Әулиеата шаһары салынады. Сонымен Тараз қаласы өзінің 2000 жылдық дәуірінде атауы тоғыз рет өзгерген: 1) Талас; 2) Тараз; 3) Янги Тараз; Ежелгі Тараз өзара қырқысу соғыстарын, қарақытай (XII ғ. аяғы) және моңғол шапқыншылықтарын (1220 ж.) басынан өткере отырып, тарих сахнасынан шет қалды. Бұл кезеңдерде Жаңа (Яны), Жаңа Талас деген аттармен белгілі еді. Бұл кезеңдегі Тараз тарихы италиялық Платано Карпини мен Франция королі Людовик IX елшісі монах Вильгельм Рубрук жазбаларында кездеседі. Моңғолдар дәуірінде Тараздың оңтүстігінде Янгинің болғанын білеміз. Аламри бірінші рет Янгинің Тараздан бөлектігін көрсеткен. М.Х. Дулатидің баяндауынша Янги – Тараздың

моңғолша аты, онда өзеннің арғы бетіндегі янгиліктер тұрған (Дулати, 2003:166). 4) Долос; Қытай тарихшыларының қолжазбаларында қаланы Долос деп те атаған. 5) Наманган көше; 6) 1826 жылы Аулие-Ата; 7) 1936-1938 жылы Мирзоян; 8) 1938 жылы Джамбул; 9) Тараз 1997 жылы Президенттің Жарлығымен (08.01.1997 ж. №3315а) ежелгі тарихи аты қалпына келтірілді.

Атаудың мағынасы жайлы толық та, дара анық, дұрыс пікір айту өте қиын. Атаудың шығу төркіні мен Тараз атауы Талас деген өзен атының дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі дегенді қолдаушыларға қарсы, Талас, Тараз екі бөлек, дербес атау деушілер бар. Бұл екі атаудың да көне түркі тілдеріне тән сөздер екенін айтқан. Ал ғалым Ғ. Ақпанбектің пікірінше: «Тарихи аты қайтарылған Тараз қаласы да аспан әлемімен байланысты». «Тараз» сөзінің мәні – «әдеміліктің үлгісі» дегенге келеді. «Тараз қыз» – «тал бойлы талдырмаш қыз» (Кеңесбаев, 1977:711). Сол сияқты «тараз» – «үлгі, жүйе» деген мағынада. Ғылым мен мәдениеті өркендеген көрікті қала. Қаланың үлгісі, әсемдік пен сұлулықтың эталоны, стандартындай деп танылған. Сондай-ақ Тараз ойконимі туралы мәліметтер жинау барысында анықтағанымыз Мәскеудің В.И. Ленин атындағы кітапханасында «План города Аулие-Ата в 1864 году» деген карта-сызбасы бар көрінеді. Карта-сызбаның төменгі жағында: «Масштаб 200 сажень в дюйме» (сажень – 2, 13 см, дюйм – 2, 54 см) деп көрсетілген. Бұл құнды карта 1890 ж. Петербург қаласында типографиялық тәсілмен басылып шыққан. Бұл картаның құрастырылған мерзімі белгісіз, бірақ ол, байқауымызша, Әулиеата қаласын орыс әскерлерінің басып алған кезеңіне сай келеді.

Талас – басы Талас жотасынан басталып, Жамбыл облысында аяқталатын өзен аты. Талас жотасының, Талас (Тараз) қаласының аттары осы өзен атынан алынғаны бұдан әлдеқайда ерте, түркі-моңғол тіл бірлігі заманынан белгілі. Қырғыз Республикасы жерінен өтіп, Қазақстан Республикасының Жамбыл облысы Талас ауданына келетін Талас өзенінің ұзындығы 661 шақырым, бас алабының айдыны 52,7 мың шаршы шақырым. Қырғыз Алатауынан бас алып, Талас даласы арқылы аққан бұл

өзен Мойынқұм құмдарына сіңіп кетеді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде Талас өзені V ғ. мәлім. Өзен бойына VI ғ. қала салынып, тарихта Тараз деген атпен белгілі болады. Зерттеуші ғалымдардың бір тобы Тараз атауы Талас өзені атауының дыбыстық (фонетикалық) тұрғыдан өзгерген түрі деп қарайды. Яғни сонор (үнді) л дыбысы сонор (үнді) р дыбысына, қатаң дауыссыз с дыбысы дауыссыз з дыбысына алмасқан деген болжам айтады. Тілдік табиғаты жағынан «Талас» атауы дербес мағыналы: тал және ас сөздерінің бірігуі арқылы жасалғаны анық байқалады. А. Әбдірахмановтың болжауынша: «Сөз түбірі түркі-моңғол тілдеріндегі далай//талай (теңіз, мұхит, көл, өзен) деген түбірге – з/с көптік жалғауы (кейде жаңа сөз тудыратын зат есім жұрнағы болуы да ықтимал) қосылып жасалған талуй//талай «теңіз» және «өзен» мағынасында Күлтегін және Тоныкөк ескерткіштерінде бар. Сондайақ «талай» сөзі XIII ғ. жазылған «Оғызнамада» «өзен» мағынасында анық жазылған», – дейді. Біздің пайымдауымызша, Талас, Талғар топонимдерінің құрамындағы тал сөзі өзара мәндес әрі бір түбірден болуы керек. Э. Мурзаевтың көрсетуінше, тәжік тілінде таль – «тау, жота, жон, шоқы, биік, төбе» (Мурзаев, 1984:653). Атаудың екінші сыңарындағы ас сөзі орал-алтай тілдерінде ерте замандарда қолданылса, қазірде кейбір тілдер қорында берік сақталған. Мысалы: ханты тілінде ас – «су, үлкен өзен», хакас тілінде Талакан (кан – «өзен» тава Азас) ас – «өзен, су», казас (ас – «өзен»). Егерде аталған сөздердің лексикалық мән-мағыналарына жүгінсек, Талас – «таудан құлай аққан өзен», «тау өзені» деген мағынаға ие сияқты. Талас ауданы, Талас өзенінің атының шығуы туралы әр түрлі жорамал бар. Мысалы: М. Қашқари еңбегінде «талас» деп ат үстінде доп қуалап ойнауды айтады екен (Қашқари, 1996-1998). Бұған қарап кейбіреулер осы ойынға байланысты шықты дейді. Талас атауының тым ерте, ежелгі замандардан біздің дәуірімізге жеткені тарихи еңбектерден белгілі. Талас пен Тараз ескі заманнан бірге аталады. «Қаратаудың құшағында қырық бұлақ бар болса, Талас өзенінің қырық сағасы бар», – деп айтады халық. Атақты Майкөт ақын Құлмамбет ақынмен айтысқанда: «Аса, Талас екі өзен, Ат бауырынан саз алған,

балдырғанын жегенде, баланың көңілі мәз болған», – деп жер байлығын жырға қосады. V-VIII ғғ. көне ескерткіштерде *talas*, *argu talas* – географиялық Талас қаласының бір аты екені аталады. Сол көне түркі жазбаларында Ертіс, Іле өзендерінің аттары да аталады. Бұлардың арасында Іле өзенінің, яғни Іле атауының мұнан екі мың жылдан бұрын қытай жазба ескерткіштерінде бары ғылымда белгілі. Демек, Талас өзен аты, қала аты ретінде де ежелгі заманнан, шамамен біздің дәуірімізден бұрынғы 2000-2500 жыл шамасы болса керек. Көне түркі, парсы тілдерінде тал – «шың, құз», ал екінші сыңардағы аса көне түркі тілдерінде «өзен», «су». Бұған қарағанда, Талас – «биік шың, құзды таудағы өзен» деген мәнді атауға жуықтау сияқты. Тараз атауының мағынасын дәл, анықтап басып айтпағанымызбен, Тараз (Талас) атауы туралы талдауда өз ой -пікірлерімізді келтірдік. Жамбыл атауына қатысты пікірді Т. Жанұзақ пен А. Әбдірахмановтың еңбектерінен оқуға болады. Ежелгі Тараз қаласы XIX ғ. мен XX ғ. басы аралығында «Әулиеата» деп аталғандығы мәлім. Жамбылдың ақындық атағы жер жарып, бүкіл елдің «абыз атасына» айналады. Мәскеуге барып, үкіметтің құрметіне бөленеді. Үкімет «Әулиеата» ойкониміне Жамбылдың атын береді. Ақын үкіметтің мұнысын ішінен қабыл көрмей тұрса да, үндемейді. Мәскеуден қайтып келе жатқан жолда пойыздың жайлы төсегінде көз іле алмайды. Өзінің атын алған қала тұсынан өтіп бара жатқанда ақын жүгініп отырған қалпы, «Әулие Атаның» аруағына сиынып, құран оқып, толғау айтады. Ақынның қасындағы серіктері мынандай екі жол сөзді ғана естиді: «Аруағыңнан айналайын, Әулиеата Атымды ап қойдың деп болма қапа», – деген екен. Жамбыл есіміне байланысты халық арасындағы әңгіме. Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ ауылы қақаған қыста қоныс аударып, тау-тауды сағалап көшіп келе жатыпты. Көшті қорғап келе жатқан сарбаздар қарсы кездескен жауды жолатпай, жанқияр ерлікпен шайқасады. Бір жағынан жау, бір жағынан бет қаратпай бұрқаған қарлы боран көшіп келе жатқан жұртты қатты қысады. Көш қысқы боранға оранып, жаудың тосқауылшыларынан аман өтіп келе жатады. Бірнеше күн, бірнеше түн боран құшағында келе жатқан жұрт шаршап

шалдығады. Көшбасының бәйбішесінің аяғы ауыр, айы-күні жеткен екен. Түйе үстінде толғақ басталады. Көш иесі жүк артқан түйелерді айнала шөгеріп жіберіп, айналасын, үстін киізбен қымтап жауып тастайды. Бұл кәдімгідей үй болып шығады. Толғақ қысқан ана осы үйдің ішінде таңға жуық босанады. Боран да басылып, жарқырап күн шығады. Елдің бойы жазылып, көп адамдарының қуанышында шек болмайды. Көшбасы айналасына көз салып тұрып, өздерінің бір таудың бауырында тұрғанын көреді. Ауыл ақсақалдары бұл таудың «Жамбыл тауы» екендігін айтысып әңгіме-дүкен құрысады. Көшбасы жаңадан туған баласының атын Жамбыл деп қояды. Жамбыл атауы – 1. а) фитоним; ә) қорған; б) ороним; 2. антропоним; 3. ойконим ретінде қызмет етеді. Яғни ол қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі бірнеше секторларға тән. Жалпы ойконимдік материалдарды жинап, онытарихи-лингвистикалық жақтан түсінік беріп талдаудың тіл тарихымен қоғам тарихы әрі этнография, география ғылымдары үшін мән-маңызы аса зор. Ойконимдерқұрамында көнед әуірдің куәсі ретінде сақталған атам заманғы көне атаулармен қатар, жаңа дәуір атаулары да мыңдап кездеседі. Қысқасы ойконимдік материалдар – халқымыздың мол қазынасы, мәдени байлығы, тілі мен тарихының қайнар бұлағы, атадан қалған мұрамыз.

ХІ ғ. Шу өңіріндегі соғдылардың орналасуы жөнінде нақты мәліметтер бар деп зерттеуші Махмуд Қашқаридың мынандай сөздерін келтіреді: «Сутдак - бұлар Баласағұнда орналасқан халықтар олар соғдыдан болып келеді, бірақ олар түріктердің мәдениетін, салт-дәстүрін және басқа ерекшеліктерін өз бойына сіңірді» дейді. Соғдылардың Шу өңіріндегі халықтардың өміріндегі рөлі жоғары болғанын мынандай жазбалардан кейін, ерекше айғақ дәлелдер қажет етпейді деп өзінің ойын келтіреді (Кожемяко, 1959:168).

Соғдылардың Жетісу жерлерін отарлауы туралы В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам еңбектерінде келтіреді. Егерде Бартольд тек жазба деректерге ғана сүйеніп айтса, ал Бернштам археологиялық материалдарға сүйене отырып, Жетісу жеріндегі

Соғдылардың алғаш отарлауына байланысты сұрақтарына нақты жауап береді. Автор олар егін шаруашылығы мен қолөнер кәсібін Шу өңіріне алып келді және оның ары қарай дамуына әсер етті деген А.Н. Бернштамның пікіріне, Шу өңірінде жүгізілген осы уақыттағы материалдар VI- VIII ғғ. Соғдыдан, Шаштан шу аймағына қоныс аударып келген адам топтары болғанын айғақтайды. Бірақ стратиграфиялық қазбалар берген мәліметтер бойынша; осы жердегі отырықшы - егіншіліктің пайда болуы көшпелі мал шаруашылығының отырықшылыққа көшуімен байланысты, кедейленген малдарынан айырылған көшпелілер отырықшылыққа көшіп, жер игерушілер мен қолөнершілердің қатарын көбейтті дейді.

1954-1955 ж.ж. П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі барлау жұмыстарын жасап 62 қала мен елді - мекендерді зерттеді, олардың 29-ы әдебиеттерде белгілі, ал 33-і жаңадан ашылған ескерткіштер. П.Н. Кожемяко барлық қалалар мен елді мекендердің жобасын түсіріп, 27 ескерткіште (56 қазба, 16 кесік) қазба жүргізді. П.Н. Кожемяко өзінің еңбегінде Шу өңірінің тарихи - географиясы, ортағасырлық қалалардың зерттелу тарихы көрсетіліп, керамикалық материалдарды үш хронологиялық топқа бөлген: VI-VIII ғ.ғ; VIII-IX ғ.ғ; X-XII ғ.ғ. П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі қалалар мен елді - мекендерді екі топқа бөлген, олар: ұзын қорғанды қалалар және шағын қоныстар, бекіністер. Шағын қоныстар мен бекіністер орналасқан жеріне қарай екіге бөлінеді: 1) ұзын қорғандар қалалардың аймағында, жазықта орналасқан; 2) Қырғыз Алатауының шатқалдарынан шыға берісте орналасқан қоныстар мен бекіністер (Кожемяко 1959:125) Еңбекте Шу өңіріндегі қалалар мен елді мекендердің пайда болып, дамуы туралы жаңа көзқарас айтылған. Қоныстар мен елді мекендер үйсін дәуіріндегі қоныстардың негізінде қалыптасқан болса керек, не көшпелі - бақташылардың отырықшылыққа көшуі негізінде қалыптасып дамыған, ол туралы П.Н. Кожемяко былай дейді: «Однако наши стратиграфические раскопки дают материал, позволяющий считать, что процесс возникновения и развития здесь оседло - земледельческих поселений в значительной мере связан с

переходом части кочевников - скотоводов к оседлому образу жизни» (Кожемяко, 1959:119).

1938-1941 ж.ж. Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың шаруашылығын, құрылыс техникасын, сәулет өнерін, қол өнерін сәулетендіретін аздаған деректер алған А.Н. Бернштам осы деректердің негізінде Шу өңірінде орта ғасырлық қалардың пайда болуы, дамуы туралы «Соғдылық» үлгіні ұсынды.

Дегенмен, 1938-1941 ж.ж. жұмыстар кезінде Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың толық қамтылмағанын, зертеулердің тек кейбір қалаларда ғана жүргізілгенін, оларда жүргізілген қазбалардың көлемі шағын, ал қазбадан табылған археологиялық заттардың аз екендігін ескеретін болсақ А.Н. Бернштам ұсынған: «Соғдылық» үлгінің негізсіз, біржақты пікір болғанын айтқан дұрыс деп келтіреді (Шәлекенов, 2002:106).

Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г «Средневековые город средей Азии» 1973 жылы жарық көрген еңбекте авторлар негізінен Өзбекстан жерінде орналасқан қалалар туралы кең көлемде мәліметтер беретін зерттеулердің бірі болып табылады. Авторлар Өзбекстандағы Мерв, Самарқанд, Бұхара қалалары туралы жан-жақты талдау жасайды. Ал Қазақстан жеріндегі қалалар жөнінде қысқаша мәліметтер немесе Өзбекстан қалаларымен салыстыра отырып жазған қосымша мәліметтер ғана бар. Беленицкий бастаған археологтар: Г.И. Пацевич Оңтүстік Қазақстанда 1954 жылы көрсеткен қалалардан да көп болған дейді. VII ғасырға дейін бұл ауданда 35, VII-IX ғ.ғ. 65-ке жетті, 1947-1951 жылдарғы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының есебі 1958 жылы басылған есеп бойынша 6 «цитаделін қалаларын» және 11 «рабадтары бар қалалар», жалпы қалалар саны айтылмайды, VII-IX ғ.ғ. 42 қаланы санайды. Г.И. Пацевич: қалалар тек саудаға ыңғайлы жерлерде ғана емес, сонымен қатар елдердің түпкі, ішкері аймақтарында да пайда болды.

Жетісудың ежелгі қалалары туралы П.Н. Кожемяко қалаларды жеке көрсетпейді, ол VI-X-XII ғ.ғ. ескеркіштерді бірге қарастырады. Араб географы Ибн Хордадбех 10 қала жөніндегі пікіріне қарсы 18 қала бар деп жазады. Бірақ оның тұжырымы

бойынша олардың бір бөлігі Ибн Хордадбек жасаған маршруттарынан кейін пайда болған дейді. Осыдан шыға П.Н. Кожемяко Шу өңірінде VI-VII ғ.ғ. аз дегеннің өзінде 13 қалалық аймақтар болды деп келтіреді (Беленицкий, 1973:25).

Тараз қаласы шахристаны солтүстік цитадельмен қоса алғанда (450х420). Шахристанда бірнеше рет (Бернштам, 1941 ж; Пацевич, 1956 ж; Сенигова 1966) қазба жұмыстары жүргізілген. Қазіргі уақытта қазба жұмыстары жүргізу мүмкін емес болып отыр дейді. Тарихи және географиялық жағдай Жетісуды екі облысқа бөледі: Шу және Іле аңғары. Әл - Истахри ибн Хаукалда Тараздан шығысқа қарай кеткен облыстар туралы мәліметтер жоқ. Ал Мукаддаси Жетісудағы 22 қаланы көрсетеді. Бірақ қаланың қай жерлерде орналақаны туралы ешқандай мәліметтер келтірмейді.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда урбанизация соңында жүреді. Қалалық тұрақтар тек XII ғасырда қарқынды түрде отырықшылыққа көше бастағанымен байланысты. XI-XII ғ.ғ. үлкен қалалардың қатарына Қойлықты (Талдықорғанға жақын 45 га жерді алып жатқан қала) жатқызуға болады. Екі Оғыз (Эквиус) Шеңгелді де орналасқан. Қалған қалаларды үлкен қалалар қатарына жатқызуға болмайды. Мысалы, Талғар қаласы небәрі 7 га жерді ғана алып жатыр (Марғұлан, 1950). Бұл жерлерде Шу өңіріндегі қалалар сияқты шахристан, рабадқа бөлінбейді, ал қалғандары хандардың бекіністері болған оларды қала деп атау өте қиын. Іле аңғарында орналасқан ірі қалалардың бірі Ақ - Там 4 га жерді ғана алып жатыр (Беленицкий 1973:205).

Баласағұн. Тарихи, аты аңызға айналған Баласағұн қаласы жөнінде көбірек, нақты мағлұматты Махмуд Қашқаридың «Түрік сөздігі» еңбегінен кездестіруге болады себебі, оның әкесі Ыстықкөлге жақын орналасқан Барысған қаласынан шыққан. «Барсған: Афрасиабтың ұлының есімі. Барсған қаласын салдырған сол. Бұл Махмудтың атасының шахры» (Қашқари, 1998:555). Махмудтың өзі Қашқар қаласында туылғанмен Баласағұнда және басқа да түрік қалаларын, елді мекендерін түгел аралап, осы еңбегін жазу үшін ғылыми деректер жинағанын, аталмаш

еңбегінің басында жазған. 1077 жылы Таяу Шығыс елдерін, Түркістанды тегіс аралап, өзінің өте құнды еңбегін түркі тілінде жазып қалдырған. Ол бауырлас түркі тілдес халықтардың данышпан ғылыми ретінде дүниеге белгілі. М. Қашқари заманында Баласағұн өзінің шарықтап дәуірлеген кезеңінде жасаған. Ол қалада жиі-жиі болып, өзінің естігенін, көргенін және білгенін жазып кеткен. Оның жазғандарына дұрыс қарап, қалдырған мұрасын дәріптеуіміз қажет. Өйткені М. Қашқаридың бізге қалдырған мұрасы, ертедегі ортағасырдағы тарихымызды шынайы мәнде жазуда көп мағлұмат беретінінде дау жоқ (Қашқари, 1998:91).



4-сурет. Баласағұн қалашығы

Енді Ақтөбе қаласының Баласағұн екенін дәлелдейтін ономастикалық және археологиялық деректерге тоқтайық.

Баласағұнның этимологиясы. М.Қашқаридың еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық: «Сағұн: Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптеріне Ата сағұн дейді» (Қашқари 1998: 462). Қаланың атының алғашқы

екі буынынан құралған «Бала» - деген түрік сөзі баршаға мәлім болса, «сағұн» - хақан, хан, князь. Олай болса, Бала + хақан; Бала + князь; Бала – хан – болып, Баласағұн деген ұғымды құрайды яғни жас түргеш, әйтпесе қарлұқ хақанының қаласы деген сөз. Белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдте бұл қаланың этимологиясын «Бала + князьдың» атымен аталғанын айтқан болатын (Бартольд 1965:57). Бұл айтылған Баласағұн шаһарының келіп шығуын тайға таңба басқандай М.Қашқари жазған: «... түріктердің » - Шу «есімді бір жас хақаны болған. Ол үлкен қосының иесі болған. Баласағұн жанындағы» Шу» қаласын салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған. Сонан соң өзінің атымен аталып кеткен Шу қаласын салдырады. Сол жерді ырымдап тылсымдатады. Күні бүгінге дейін әйектер сол тылсым сиқырлы қала маңынан асып кете алмайды. Шаһар тұсына келіп тоқтап тұрып қалады. Әрі қарай өте алмайды. Сол тылсым күні бүгінгі дейін бұзылмай сақталып келеді» (Қашқари, 1998:554).

Ғұламаның еңбегінен келтірілген үзінді де, жас Шу атты хақанның болғанын, Шу және Баласағұн қалаларын салдырғанын, Баласағұнды мемлекетінің астанасына айналдырып, қол астындағы бектердің мәртебелерін құрметтегенін, бұл қаланы тысылымды (загадочный), қасиетті жерге орналасқанын баяндаған. Бұл екеуін де өзінің есімімен атап, Баласағұн және Шу – деп ат қойған. М. Қашқаридың бұл айтқандарына дәлел болатын археологиялық және этнологиялық деректерді Баласағұннан табылды. Енді сол деректерге тоқталайық.

Көп жылдар бойына Баласағұн қаласын археологиялық тұрғыдан зерттегенде еліміздің белгілі нумизматик маманы, ғалым Р.З. Бурнашева зерттеген болатын. Оның нәтижесін 1986 жылы мақала ретінде жариялаған (Бурнашева, 1986:71-72).

Шу өңірінен табылған тохсилер мен түргештердің (түркештердің) монеталарын зерттеген, оларға талдау жасаған нумизматик О.И.Смирнованың айтуы бойынша, алғашқы монеталарды бұл аймақты мекендеген тохсилар, онан кейін түргештер деген пікірге келген (Смирнова, 1981:60). Бұл

монеталардың бетінде соғдыларша тохсилардың лауазым (титул) адамның аты «YWBW», әйтпесе, «YWSS YWBW» сөзі жазылып, сөздің ортасына «у» таңба қойылған. Қытай иероглифі бойынша бұл жазу «Шу» деген білдіреді (Смирнова 1981: 60). Бірақ, «Шу» сөзінің этимологиясы О.И.Смирнова да және басқа мамандар да біле алмай, әртүрлі жорамалдаумен шектелген. Біреулер «өзен» десе, В.В.Бартольд соғдыларша су (вода) деген пікірді қолдаумен келе жатыр (Бартольд, 1966:47). «у» таңбасы тохсы монеталарды Шу өңіріндегі Ақбешім, Красноречин және Ақтөбе (Баласағұннан) табылды. Бұл монеталарды О.И.Смирнова үш түрге бөлген: «Тип I на лицевой стороне имеет надпись согдийским полукурсивным письмом, как на монетах тургешей: «небесного тюргеш – хакана деньги». На обратной стороне – знак «Чу» «у» тухусов и надпись «тухусский YWPW», указывающая, что носитель этого титула является главной тухусских племен. Однако, надпись на лицевой стороне этого типа указывает на зависимость этих племен от тюргешского каганата.

Тип II в отличие от 1-го имеет на лицевой стороне надпись также согдийским полукурсивом «тухусский YWPW» со знаком «Чу», а обратную сторону – гладкую» (Бурнашева, 1986: 14).

Баласағұнды (Ақтөбені) археологиялық зерттеу кезінде табылған 35 дана тохсы мен түргештердің монеттеріне Р.З. Бурнашева талдау (анализ) жасады: «Они представлены одним металлом – бронзой. 17 экземпляров является подъемным материалом, остальные найдены в культурных слоях рабада, шахристана и цитадели. Материал разделяется в следующих хронологических рамках: VII-VIII вв., XI-XII вв.

Монеты VII-VIII вв. лучшей сохранности и представлены чеканом тюрок – тухусов (тохсы – У.Ш.) (7 экз) и тургешей (тургеш – У.Ш.) (3 экз). Известно, что тухусы в X веке представляли одно из богатейших племен живших Чуйскую долину» (Бурнашева, 1986:73-74).

1978 жылы Баласағұнның цитаделінің солтүстік жағынан кесу жұмысын жүргізгенде, тохсылардың 7 дана монеті (теңгесі) шықты. Р.З.Бурнашева оларды зерттеп, О.И.Смирнованың

көрсеткен бірінші түріне жататын анықтады. Оның сыртқы бетінде: «небесного түргеш-хакана деньга» деп жазылса, ішкі бетінде «тухусский YWPW» жазудың қасында «у» таңба лоуазым (титул) YWP (W) жазуы бар. Осы жылы шахристанда стратиграфиялық қазба кезінде 12 ярустан түргештердің 3 монеті шықты. Олардың сыртқы бетінде түргештердің у таңбасы салынса, оның ішкі бетінде «небесного түргеш – хакана деньга» жазу бар. Бұл монеталардың хронологиясы VIII-IX ғғ. жатады.

Баласағұннан табылған тохсы мен түргеш монеталарды талдаудың нәтижесі, Баласағұн қаласын салушы, оны Түргеш (Сарыүйсін) мемлекетінің астанасы еткен жас хақаған Шу екенін дәлелдейтін деректердің бірі. Бұл пікір М.Қашқаридың жоғарыдағы айтқанына толық дәлел. Сөйтіп, Шудың этимологиясы Түркеш хаканның аты. Астанасына жас хаканның, яғни «Баласағұн», - деп ат қойса, Шу қаласына өзінің нақты есімін берген. Сол кезде Баласағұнда монеталарды шығаратын орны болған. Ол цитадельдің оңтүстігіндегі шахристаннан табылды. Ол жерде Түргештер мен Қарахан мемлекеттері кезінде ақша шығаратын сарайдан 5000-дей Қарахандықтардың теңгесі мен мөрі табылғанына жоғарыда тоқталғанбыз.

Түркеш монетіндегі Шуды білдіретін у белгі (знак) салынған хұмның және құмыраның қақпақтарының сынықтары табылды. Олардың ішінен хұмның қақпағының бетінді үш тармақты (шанышқы) тәрізді белгінің қастарына ай мен жұлдыздар мен мүйіз сияқты белгілер салынған. Құмыраның қақпағының үстіне үш тармақты белгі берілген. Соған қарағанда, бұл таңбалардың Шу хаканның қасиеті атыменбайланысты бар деген пікірді ойға салады.

Сонымен, жоғарыдағы келтірілген жазба және археологиялық деректерге қарағанда, Баласағұн мен Шу қалаларын теңгеде жазылған «түргеш Тәңір – хаканның ақшасы» деген Шу жас хаканның салдырғанын анықтайды. М.Қашқари өзінің «Түркі сөздігі» еңбегінде Түркеш (Сарыүйсіндердің) мемлекеті Іле өзенінің орта ағысынан Мойынқұмға дейінгі жерді жайлап жатқаны туралы жазған сөзін жоғарыда келтіргенбіз.

Тарихи деректердегі Түркеш мемлекеті қуатты феодалдық мемлекет болып, оны бір басқару жүйеге салып, қармағындағы жерлерді 20 әкімшілікке бөліп басқарып, оның әрқайсысында мың тұрғындары болған болса, барлық бағынған адамдардың саны 140-150 мыңдарға жеткен. Осындай күшті мемлекетті басқарып тұрған әкімдердің (бектердің) құрметіне Шу хақан Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын таңертең 360 рет дабыл қақтырып тұруды, оның құдіреті күшті бастық екенін байқатады. Іле өзенінен Мойынқұмға дейінгі ұлан байтақ жерде қазірдің өзінде де Ұлы жүздің Сарыүйсін руларының ұрпақтары жасайды. Түркеш мемлекетіне Шу өзенінің алқаптарындағы басқа да рулар кіргенге ұқсайды. Сөйтіп, бұрыннан келе жатқан тұрақты мекеде Шу хақан өзінің астанасына айналдырып, өзіне лайықты Баласағұн атын берсе, оның қасына жаңа қала салып, оған өзінің нақ есімін «Шу» деп атын берген. Осы күнге Шу қаласы (станциясы) өзінің алғашқы атын сақтап келе жатқан тарихи ортағасырлық қалалардың бірі. Тілекке қарсы, бұл қаланың қалдықтары археологиялық жақтан әлі зерттелген жоқ.

Біз айрықша тоқталып отырған Түркеш хақанының теңгесіндегі у таңба, қазіргі сарыүйсін руының абақ-ашамай таңбасы мен шапырашты руының у таңбаларына жақын екені байқалады. Соңғы екі рудың таңбаларының бір-біріне жақын екенін С.Аманжолов өзінің «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты белгілі еңбегінде және «Қазақ шежіресі» кітапшада жазылған. Біздіңше, бұндай ұқсастықтың төркінінде генеологиялық туыстық жатқан сияқты. Сарыүйсіндер М.Қашқари жазған тохси, шігілердің ұрпақтары болуы керек.

М. Қашқари және басқада ортағасыр оқымыстылары еңбектерінде Баласағұнның Арғу екі таудың арасында орналасқаны айтылады. Оңтүстіктен солтүстік-шығысқа созылып жатқан Алатаудың батыс-солтүстік жақтарымен қатарласып шығысқа қарай созылған Қаратау, Жайсан тауы, Қордай таулары орналасқан. Осы таулардың арасындағы өзендердің алқаптарында ертеден түріктер елді мекендер мен қалалар салған. М.Қашқаридің заманында «Арғу», яғни таулардың араларында

орналасқан қалалар деп атағанын аңғарамыз. Осы екі таудың арасындағы Талас және Шу алаптарындағы орналасқан қалаларды Арғу, яғни екі таудың арасындағы қалалар деген. «Ұлұш қала, қыстақ (шігілше). Балас ағұн мен оның жағындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтар тілінде «иіш» сөзі «шаһар» – дегенді білдіреді. Содан барып Баласағұн шаһарын «Киз иіш» – «Құз ұлш» деп атаған». Бұл пікірге Ақтөбе қаласының орналасқан жері тура келеді. Жамбыл қаласы жағынан келе жатқанда, Ақтөбе екі таудың арасындағы жазық жердегі өзендердің жағасына орналасқан. Ақтөбенің оңтүстігінде қараулы төбе бар. Қаланың оңтүстігінде және биік төбе бар, оны тұрғындар Бозжорға (төбесі) деп атайды. Осы қаланың солтүстік-шығысында Тасөткелден шығысқа қарай созылып жатқан тау жотасы бар. Қазіргі кезде ол Жайсан (Бақылық тау) тауы деп аталған. Сөйтіп, бұрын Баласағұн екі таудың арасында орналасқан болса қазіргі Ақтөбе де сол орында, сол жерге көміліп, үлкенді-кішілі сансыз төбе болып жатыр.

М.Қашқаридың Баласағұнды тысылым (қасиетті) орны болып, онда аққұтан (дәйлек) келіп тұрақтайтын еске алып, этнологиялық деректерді жергілікті тұрғындар арасынан жинадық. Баласағұн қаласын аққұтан (дәйлек) жыл сайын ұялап, одан әрі ұшып кетпейді деген. Ақтөбе маңайын мекендеген тұрғындарынан сұрастырсақ, шындығында да, аққұтан бертінге дейін Калинин атындағы колхоздың орталығындағы биік теректерінің басына ұя салып, күзде қайтатынын көптеген тұрғындар айтты. Бұл құсты истам дініндегі жергілікті тұрғындар киелі құс деп білген. Оның ел арасында келуі адамдарға қуаныш, бақыр әкеледі деген сенімде болған. М. Ноғайбаев, Ж.Болатқұлов және т.б. тұрғындардың айтуынша «аққұтанды соңғы көруіміз 1976 жылы болды. Содан кейін келмей қойды» – дейді. Оның себебін білмейді. Біздіңше, 1972 жылдары Тасөткел, 1984 жылы Ақсу су қоймалары салынып, соның нәтижесінде Ақтөбенің атырабының экологиясы бүтіндей өзгеріп, жер асты сулары көтеріліп, бұрынғы шабындықты жерлер батпаққа, көпшілік жерлер қу тақырға айналып жатқанын көріп жүрміз. Міне, осыдан аққұтан

тіршілігіне қолайсыз жағдайлар пайда болған соң, олар да басқа жаққа жер ауған болса керек. Ғасырлар бойы аққұтандарға жазғы мекені болған, Баласағұнға олар енді келмей қойған.

Баласағұнтауы (Әулиетау). Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ М.Қашқари: «Құлбақ». Түріктердің үлкен діндар, әулие адамдарының біреуінің есімі. Ол Баласағұн тауларында тіршілік етті. Айтуларға қарағанда, ол қара тасқа: «Тәңірі құлы Құлбақ – Тәңірдің құлы Құлбақ» деп жазса, ақ жазумен жазылып шығады екен, ақ тасқа жазса, қара жазумен жазылып шығады екен. Оның іздері күні бүгінге дейін сақталған деседі» (Қашқари, 1998:534-535).

М.Қашқаридың осы сөзі бойынша зерттеу жүргізсек, Баласағұнтауы (Әулиетау) жоғарыдағы аты аталған Тасөткел су қоймасының солтүстік – батыс жағына орналасқан екен. Бұл тауда қазірдің өзінде жергілікті тұрғындар «Әулиетау» десе, орыс тілдестер «Святой гора» деп айтады. Осы атпен жергілікті тұрғындар «Әулиетауды» жақсы біледі және киелі тау деп құрметтейді.

Баласағұнтауы (Әулиеата) Ұлы жібек жолы өтетін жері.

«Әулиеата» Тасөткел су қоймасының солтүстігінде 600 метрдей жерде, Шу өзенінің сол жағасына орналасқан биік тау жотасы. Ол бірнеше биік-биік төбелерден құрылған. Соның арасында Шу өзенінің сол жағында тиіп тұрған биік төбе бар. Оны жергілікті тұрғындар «Әулиетау» - деп ардақтайды. Сондықтан біз ол төбені арнайы зерттедік. Оның үстінен болжау ретінде шұңқыр қазып, оны 2м. тереңдеттік. Қазған жерден мәдени қабат шықпай, төбенің үстінде құрылыс болмағанын анықтадық. Төбенің шығысында ой жер бар. Оны қазғанда, ол да табиғи жер екенін байқадық. Соған қарағанда, «Әулиетаудың» үстінде құрылыс болмаған. Оған қажетті уақыттарда елді басқарушылар жиналыс және оның үстінде той-думан өткеріліп жатқанға ұқсайды. Осы жиындар кезінде «Әулиетаудың» етегіне киіз үйлер тігіліп, той-думандардың болып жататынын жергілікті тұрғындардың естерінде әлі күнге дейін сақталған. Оның биіктігі 120-130 м., көлемі 4-5 гектар. Сол жерден «Әулиетау» басталып, батысқа және

оңтүстікке қарай созылып жатыр. Олар ойлы-қырлы сиыр бүйректеніп, көп жерде алып жатыр. Жалпы, осы жер «Әулиетау» деген атпен аталады және оның бір шегі Ақтөбенің солтүстігіне келіп тіреледі. «Әулиетаудың» үстінен Ұлы Жібек жолы Тасөткел арқылы Шу өзенінің оң жағына өткен. Көптен бері сол жерді мекендеген Т.Шөмішбаев, А.Е.Хмелев, С.Битов басқа да қариялармен сөйлестік. Олардың айтуынша, «Әулиетауда» М.Қашқари айтқан тасқа жазылған жазу бертінге дейін сақталып, 1972 жылы Тасөткел су қоймасының астына кеткенін бірауыздан растайды. Сөйтіп, жоғарыдағы аты аталған Құлбақтың жазған тасты жақынға дейін сақталып келген.

«Әулиетауды» анықтайтын тағы бір дәлел – Тасөткелдегі Тасқаладан 1962 жылы табылған түйенің жауырынына жазылған жазу (Шалекенов, 2002:124). Осы сүйектің екі бетіне қара сиямен жазылған жазуларды Өзбек ССР Ғылым Академиясының Шығыстану институтының профессоры Бөрі Ахметовке оқытқанда, мынадай сөздердің бар екені анықталды: 1-қатардағы сөздер: «Құлұқтың қызы Мийан Қабар», 2-қатарда- «Құлұқтың баласы Чуниси» оның екінші бетінде «Мухаммед Қази»; 4-қатарда- «Бар Мухаммед Құлұқ»; 5-қатарда- «Бар Құлұқ Әлидің ұлы»; оның екінші бетінде- «Құлұқ Махр»; 6-қатарда- «Құлұқ Әлидің бір баласы» және тағы солай жалғаса береді. Жазуы бар түйенің жауырыны.

Осы сөздерге сүйенсек, Баласағұнда өмір сүрген, өз заманында әулие деген атты иелеген, Құлұқ деген әйгілі дербiш болған. Соған қарағанда, осы жауырынға, Құлұқ әулиенің тегі баян етілген деп болжауға болатын тәрізді. Құлұқтың есімі Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінде Күлік деп дәл аталса, Махмуд Қашқаридің «Құтты білік» еңбегінде Күлік деп дәл аталса, Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрігінде» Құлбақ деп берілген. Бұл деректердің айтуы бойынша, ол кісі Баласағұн тауларын мекендеп, сол кісінің құрметіне бұл тауды «әулиелі» жер деп атап кеткен. Өйткені, Күліктің сүйегі Баласағұн тауына жерленген. Жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, Баласағұн қаласының негізгі үлкен моласы (мүрдесі) осы

Әулиетауда болған. Тұрғындардың моласы Тасөткел су қоймасының астына қалған.

Баласағұнда туған, әлемге аты кең тараған энциклопедист ғалым Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білігіне» «Еліктің Айтолдыға айтқан жауабынан» үзіндік келтірейік:

Елік айтты: - Ұқтым енді сөзінді,
Қуант мені, ықтият бол өзің де.
Мен айтайын, жаман атты білгейсің,
Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.
Зорлық етіп, қара күшке салғанды...
Ісі – олақ, өсек-өтірік тергенді,
Өзі ұшқалақ, көзі ұятсыз пендені.
Дөрекілік, қызбалық тағаттық –
Құлық болса қу құлқын мен шараптың.
Ондай жандар шығыса алмас менімен,
Айттым ашық: тең ғой әркім теңімен.
Адал қызмететкің келсе, кел біліп...
Мұндайлардан тый өзіңді ей Күлік!
Жақын тартып, бұл көңілің тоғаяр,
Менің де ізет, ықыласым молаяр! (Баласағұн, 1986:124).

Бұл келтірілген шумақтан Жүсіп Баласағұнның Күлік әулиеге сыйынғанын байқау қиын емес. Ж.Баласағұн XI ғасырда жасаған ғалым. Оның өмір сүрген кезінде Күлік әулие ретінде түрік тайпаларының арасында әйгілі адам болған көрінеді. Сондықтан, ғалым Құлұқтың өтініш ретінде адамдарды жаман әдеттен тыйым сала көр, сонда менің де ізет-құрметім баиды деген пікірді білдіреді. Сөйтіп, М.Қашқаридің жазған «Құлбақ әулиесі» мен М.Баласағұнның «Күлік қасиетті» деген бір адам, Күлік Баласағұнтауын мекенеткен және Ислам дінінұағыздаған алғашқы батыс түріктерінің бірі болған. Күліктің атымен Баласағұнтауы «Әулиетау» деп аталып кете берген. Міне, сол тау осы күнге ортағасырлық Баласағұнның солтүстік-батысында орналасқан. Сөйтіп, Махмуд Қашқаридің жазған Баласағұнтауы, бұрынғы Баласағұн, қазіргі Ақтөбе ортағасырлық қаланың арасында екені анықталды.

Әулиетау Шу өңіріндегі қазақ және қырғыздарға белгілі жер. Барлығы бұл тауды құметтеп, оған тәжім етеді. Керек десеңіз, ертеде қазақ пен қырғыздардың және осы өңірді жайлаған тұрғындарды ақсақалдары жылына бір рет «Әулиетауға» жиналып, таудың басына шығып кеңес құрып, халықтар арасындағы шешілмей жатқан келелі мәселелерді талқылап, бір шешімге келіп отыратындары әлі күнге дейін адамдардың естеріне сақталған. Бұл тауға жиналып, үлкен мәселелерді дұрыс шешуге «Әулиетау» жәрдемдеседі деген сенімнен туған болса керек.

Бақыртау. Тағы бір Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін М. Қашқаридің еңбегінде жазылған. «Бақырлықтау Баласағұнға жақын бір жердің атауы. Мысты тау-мыс көп тау» (Қашқари, 1997:553). Сонан кейін Бақырлықтау мыстың кені деп түсінік берген. Осы М.Қашқаридің айтуынша, Бақырлықтау да табылды. Бұл тауды қазір Жайсан тауы деп атайды. Ол үшкеп бөлініп аталады: Салажайсан, Ортажайсан және Қадыржайсан. Жайсантауының шығысы Қордай тауымен жалғасып жатыр. Оның батыс түстігі Тасөткөл су қоймасымен шектеседі. 1989 жылы Жайсан тауын аралап, оның бұрынғы Бақырлықтау (Мыстауы) екені анықталған. Мұндай жұмысты іске асыруда жергілікті азаматтар көп жәрдем көрсетті. Олардың осы қызметіне рақмет айтамыз. Баласағұнтауы (Әулиетау), Юн-Арик (Жонарық) және Бақыртау тарихи жерлердің онамастикалық картасы.

Жайсан тауының табиғаты адамның тұрмысына қолайлы жер. Таудың ішінде: Үңгірлі, Шатырқұл, Үшмайтас, Теректі, Бұқпан және Сүлікті өзендері бар. Осы өзендердің бойлары ерте заманнан қола мен темір дәуірлерінен бастап-ақ адамдардың қоныс басқан жері көрінеді. Оған дәлел, Жайсанда қола және темір замандарының ескерткіштері (шақтылары) көп сақталған. Олар біздің дәуірімізге таспен қоршаған обалар, биік –биік төбелер, өзеннің жағасындағы тастарға салынған таңбалар, суреттер және түрік кезеңдерінің тастан істелген мүсіндері кездеседі. Осылардың бәрі сол дәуірлерді айғақтайтын мұралар. Осы ескерткіштерді сақтауда, оларды зерттеуде ешкім көңіл бөліп, еске де алмаған.

Тарихтың жоғарыдағы аты аталған заманында Жайсан

тауындағы мыс кенін жергілікті тайпалар кең пайдаланып, өздерінің өмірлеріне керекті құралдарды, бұйымдарды істеп шығарса, ол мыс кенін, атап айтқанда, ертедегі ортағасырларда кең пайдалана білген. Сондай-ақ қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Баласағұн қаласының темір, мыс өндіретін кені осы Жайсан тауда болған. Осы тауды ортағасырда Бақырлықтау деп атаған. Ертедегі мыс қорытқан кендердің орындары Ортажайсан тауында жақсы сақталған. Олардың көлемі шамамен 5-6 шақырым жерді алып жатыр. Бұл жер қазіргі кезде «Шатырқұл кені» деп аталады.

Шатырқұл деген кісі атынан жасалған атау. 1723 жылдары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» дүниеге келген. Оның анасы жоңғарлардан қалып қойған екі қыздың бірі болған. Әкесі Ботпай руынан шыққан. Осы Ортажайсанды Шатырқұлды мекендеп, сол кісінің атымен осы жер Шатырқұл мыс тауы деп аталады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Шатырқұл тауынан қарахандар, қарақытайлар және жоңғарлар мыс өндіріп алғандарын естеріне түсіреді. Бұл пікірдің жаны бар. Баласағұнды мекендеген ертедегі ортағасырдағы түріктер, қарлұқтар, қараханидтер, қарақидандар және жоңғарлар Жайсандағы өте бай мыс кендерін пайдаланған. Өйткені, мыстан, күмістен және темірден істелген бұйымдар Баласағұнда мол кездеседі. Ол заттарға жоғарыда тоқталдық.

Шу өңірінде бұдан басқа ірі мыс шығатын кен орындары жоқ. Шатырқұл кенін Қазан революциясына дейін ағылшындар аздап пайдаланған. Бұл жерден алынған кенді руда күйінде түйемен Жезқазғанға жіберіп тұрған. Кеңес үкіметі жылдарында бұл кен көзі жабылып қалған. Бірақ, бұл кен орнын көңілден шығармай, Шатыркөл (Шатырқұл) кенінде зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1920-1934 жылдарда гидрогеолог Б.Г.Терлицкин, 1940 жылы геолог Н.П.Михайлов мамандар Шатыркөл (Шатырқұл)-да барлау жұмыстарын жүргізген. Онан кейін, 1949-1975 жылдары бірқанша геологтар кең көлемде зерттеулер жүргізіп, өздерінің пікірлерін мақалаларда жазып қалдырған. Шатыркөлден зерттеушілер қола дәуіріне жататын темір балғалар, қувалдар, сыналар, мыс ерітінділерін, шахтыларды, мыс, темір балқытушы

пештерді тапқан. Геологтар зерттеуді 25-30 м. тереңдікке дейін жеткеріп, жер асты суына жеткеріп қойған. Мамандардың пікірінше, солтүстіктен шығысқа қарай созылған негізі зона тек карьерлердің көптігімен ғана емес, үзілістермен тізбек ретінде бүкіл ұзындық бойынша ашылуымен ерекшеленетінің арнайы көрсеткен. Жалпы карьерлердің ұзындықтардың қосындысы 2540 м (55%). Оның орталық бөлігінде ең үлкен өндіріс ұзындығы 200 м-ге дейін, біреуі – 340 м., ені 40-45 м-ге дейін. Солардың ішінде мыстың қоры мол көлемді жерді алып жатқанын анықтаған. Темір кендерін тереңнен шахта қазып алған көрінеді. Сондықтан, бұл жердің кеңін кейінірек пайдалануды мақұл көрген. Жайсан тауының мыс кенін өндірістік игеру қолға алынған жоқ. Біз осы жерге барғанымызда ертедегі кен көзінің орнымен, жердің бетіндегі тау-тастарына жабысып жатқан көкпенбек мыстарды көрген болатынбыз.

Жайсан тауының түсті металлын Ақтөбенің тұрғындары кезінде пайдаланған. Бұл үлкен қаланың кең өндіретін орны Шатырқұл (Бақыртау) болған. Осы кеннен тек қана мыс емес, алтын, күміс, керек десеңіз шойын да өндірілген. Әртүрлі металдан жасалған бұйымдар Ақтөбедегі қазба жұмыс кездерінде жыл сайын табылуда. Мысалы, Ақтөбеден мыстан, күмістен істелген әдемі шырақтар, түрлі-түсті ыдыстар, түймелер, білезіктер, сырғалар, теңгелер, садақтардың ұштары және сол сияқты тұрмысқа керекті бұйымдар табылды. Шойыннан жасалған үлкен қазандар, темірден соғылған балғалар, кетпендер, шот балта және тағы басқа бұйымдар бар. Тек, бір бөлмені аршығанда құмырға салынған 5000 мыс Қарахан дәуірінің теңгесі табылды деп жоғарыда айтқан едік, Оның салмағы 20 килограмнан астам. Бұлардан басқа да жыл сайын археологиялық қазба жұмысы кезінде мыс теңгелер, моншақтар табылды. Осы бұйымдардың Ақтөбеден көп табылуын кездейсоқ деп қарауға болмайда. Бұдан шығатын қорытынды Ақтөбеде қолөнер кәсібі жоғарғы дәрежеде дамыған. Солардың ішінде, металдан тамаша бұйымдар шығаратын зергерлер, ұсталар темірді Жайсандағы Шатырқұл кең көзі М.Қашқаридің жазып қалдырған

Бакырлықтауды екніне күмән болмаса керек. Бұл тау қазіргі Ақтөбеден, яғни Баласағұннан 30-40 км. жерге орналасқан. Сөйтіп, ол да Ақтөбенің бұрынғы Баласағұн екеніне, бұрынғы Бакырлықтау, қазіргі Жайсан тауы (Шатырқұл кені) екеніне тағы бір дәлел, куә іспетті.

Юн-Арық (Жон-Арық). Махмуд Қашқаридің еңбегінде Баласағұнға жақын жерде, оның «Юн-Арық деп аталатын жайлауы бар» екенінін жазған болатын. Юн-Арықтың этимологиясы әртүрлі сөздіктерден қарағанда, мынадай түйінге келеміз: «Древнетюркский словарь» «Юн-Арик – географическое название летовкивблизии Баласагуна» (МК, III 145); «Таджикско-русский словарь» «Юн-бок – возвышенное место», қазақша – Жон-Арық дөңес жердің үстімен тартылған арық деген мағынаны береді. Олай болса, Арық сөзінің Қырғыстандағы Бурана қаласының қасындағы Дон-Арық қонысымен байланысы жоқ.

Бурананың қасындағы **Дон-Арықтың** этимологиясын қырғыз тілінде Бурана өзенінің төменгі бойына орналасқан ауыл деген түсінікті береді. Бұл қоныс Бурана шектесіп жатыр (Кожемяко, 1959:127). П.Н.Кожемяконың кітабындағы Бурананың жоспарына қараңыз. Қырғыз археологтары, соның ішінде В.Д.Горячев өзінің В.Д.Горячева өзінің еңбектерінде Юн-Арықты Дон-Арық деп жорамалдайды. Бұл пікір еш қисынға келмейді. Осындай қаланың қасына орналасқан Дон-Арық сияқты шағынауылдың жері дүниеге атағы шыққан, бірнеше ғасырлар түріктердің астанасы болған және онда мыңдаған тұрғындар мекен еткен шарһардың жайлауы қалай Дон-Арық бола алады. М: Қашқаридың еңбегінде және басқа ғылыми деректерде «Юн-Арық – Баласағұндықтардың жайлауы» - деп ашық айтқан ғой. Олай болса, буынсыз жерге пышақ салуға бола ма? Ертедегі ғұламалардың айтқандарын жоққа шығарып, тек біздің пікір дұрыс деу ғылымға жараспайды. Сондықтан, Бурананың қасындағы Дон-Арық тек қана қоныстың аты және ол Баласағұн сияқты қаланың ғана емес, кішкентай Бурана қаласының жайлауы да бола алмайды. Жайлау деген ұғым өте үлкен, әдейі кішірейтудің керегі жоқ. Әсіресе, Баласағұнның жайлауы өзіне лайықты кең

көлемді алып жатуы керек.

М.Қашқаридың сөзін қуалауп, Юн-Арықты іздесек, ол қазіргі археологиялық жақтан зерттеп жатқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының батысынан Луговойға (бұрынғы Құлан) қарай созылып жатқан жазық жер. Бұл жер Баласағұн сияқты үлкен қаланың жайлауына өте лайықты. Бұл жайлау Ақтөбеден басталып, Меркі ауданының солтүстігіндегі Луговой ауданының шығысындағы, Шу ауданының батыс-оңтүстігіндегі ұлан-ғайыр жазықты алып жатыр. Осы жайлаудың арғы жағы Мойынқұммен жалғасады. Жері жаз жайлауға өте қолайлы. Тоқташ, Сарғау, Қорғаты, Сарғау, Ойранды, Аспара, Қызтуған, Ойтал, Мунке сияқты үлкенді-кішілі бірнеше өзендер бар. Олардың барлығы құрғайты өзіне құяды. Құрғайты осы күнгі Кеңес ауылының тұсынан, Шу өзеніне қосылады. Суы мол, жайылымға өте қолайлы жер Баласағұн сияқты астаналық қаланың жазғы жайылымы болуына өте лайықты екенін байқау өте қиын емес. Аты аталған өзендердің бойлары жылқы, қара мал өсіруге қолайлы болса, Мойынқұм қой, ешкіжәне түйені жайылымы. Мойынқұм батысқа қарай созылып, Бетбақдаламен жалғасады. Осы жерлердің бәрін осканда, көп халқы бар Баласағұнның жазғы жайлауы ұлан-қайыр жерді алып жатқанын байқауға болады. Бұндай, кеңістікті Қырғызстаннан табу қиын.

Жонарықтың тарихымен танысуды Беларық ауылынан бастайық. Беларық «Тәтті» совхозының бір бөлімшесі. Ол Меркі ауданына қарайды. Беларықты кейде Жонарық деп те атайды. Себебі, бұл Арық жонның үстімен қазылған. Біздің түсінігіміз бойынша «жон» әйтпесе «бел» екі сөздің мағынасы бір. Бұл сөздер жоталы жер деген мағынада. Жонарық өзінің басын Мерке қаласының бергі жағынан Ойтал өзенінен алып, жотаның үстімен келіп, Қызтуған өзеніне қосылады. Жонарықтың ағысы қатты болғаны сондай, түйені де, өгізді де ағызып кететіні туралы халық арасында сөз қалған. Жонарық бұл кезде құрғап қалған. 1989 жылы біз Жонарықтың кеуіп қалған аңғарымен жүріп, оның қазіргі сақталған тереңдігі 80-100 м., ені 4 м. сақталған.

Жонарықтың төңірегінде жоғарыдағы аталған өзендерден

басқа тоғандар да бар. Оның оң жағы да 5-6 шақырым жерде Бұзаутоған, Жонарықтың сол жағында Тантай тоғандары орналасқан. Бұл тоғандар бұзау, тантай руларының қазған су жүйелері. Олар кейінірек қазылғанға ұқсайды. Себебі сол өте қолайлы екенін суреттеген, еларасында мынадай өлең шумағы бар екенін жоғарыдағы аты аталған қариялар айтып береді:

Шары, Қорғаты, Аспара еді,
Дәулеті талай жұрттан асқан еді,
Мұжықтар олардағы залап тауып,
Қарамай мал-мүлкіне қашқан еді.
Кейінгі халық не болды деп,
Көзіміз жасқа толған еді.

Осы келтірілген шумақтан, Жонарықтың бойындағы өзендердің тұрмысқа жайлы, «жері байдың, елі бай» деген сияқты бай жерлер екенін баяндаса, сол атамекеннен патшалық Ресейдің отаршылары жергілікті халықтарды қуып шыққанына қайғырады. Әлбетте, тек бұл жерде, патша үкімет шұрайлы, ең жақсы жерлерді Ресейден келгендерге бергені айдан анық қой. Қазірдің өзінде, Қазан революциясына дейінгі, орыс селолары суы мол, тұрмысқа қолайлы жерге орналасқаны көрініп тұрған жоқ па? Орыстардың селолары Шу өңірінде көптен кездеседі. Сөйтіп, М.Қашқаридің көрсеткен Жонарығы (Беларығы) қазіргі Ақтөбе ортағасырлық қаланың атырабындағы жер. XX ғ. 80-жылдарындағы қазір Жонарықтың бойында Мерке ауданының «Қазақстан», «Победа», «Аспара», «Мерке», «Тәтті» шаруашылықтары, Шу ауданының «Тасөткел», Абай атындағы совхоздары орналасқан. Бұндай көлемі үлкен жайлауға жарайтын жерді Ақбешім, Бурана төңірегінен табу былай тұрсын, Қырғыстаннан да табу қиын шығар.

Қарабалта. Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ, арбтың ортағасырда өмір сүрген ғалымы Махмуб ибн Валидің Баласағұн жөнінде жазып қалдырған «Бахр әл-Асрар» деген еңбегіне Баласағұнды кеңірек суреттеп, бір қашқарлық саяхатшының сөзін келтіреді: «Мен осы кітабымды Балх қаласында жазып бітірген кезде, Қашқаридан келген бір саяхатшы былай

дейді: «Қашқарияның басшысы қалмақтарды қуып, Моңғолстанға келді. Ол қалмақтарға қираған үлкен қаланың қасында жетті. Оның үйлерінің қабырғалы тапырақтан 3-3,5 м. шығып тұр екен. Олардың арасында минареттер, медресенің қабырғалары сорайып, 25-30 шақырымнан көрінеді. Осы ойран болған қаланың қасында, қуғыншылар мен қашқандардың (қалмақтардың) арасында шайқас болып, нәтижесінде қалмақтар жеңіліп, Қарабалта өзеніне тығылды. Сол жерден оларды ұстап, қайтадан жаңағы соғыс болған қалаға айдап келдік. Қашқарлықтар қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда: біздер білмейміз. Жергілікті тұрғындар қираған Баласағұн қаласы деп айтады» деген (АЭУ, 1990:15).

Бұл Махмуд ибн Валидің келтірген дерегі қашқарлықтардың келіп жеткен қаласы екеніне айқын дәлел. Себебі, Қарабалта өзені осы күнге Ақтөбенің батыс жағын қақ жарып, Ақсу өзеніне құйып жатыр. Қашқарлықтар қашқан қалмақтарды Баласағұн қаласының қасында қуып жетіп, осы жерде оларды ұстап, өздеріне бағындырған. Бұл дерек осы күнге Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдеуге тілге тиек болатындай мағлұмат. Махмуд Қашқаридің еңбектерінде көрсетілген Баласағұнның төңірегіндегі жер атаулары осы күнге Ақтөбе қаласының атырабынан табылды: Баласағұнтауы (Әулиетау), Бақыртау, Юн-Арық (Жонарық), Қарабалта өзені.

Бұл тарауда XIV ғасырда тарихи сахнадан түсіп, оның орналасқан жері белгісіз болып қалған, тек әлемге әйгілі ертедегі ортағасырда Ұлы Жібек жолындағы түріктердің ірі қалаларының бірі Баласағұн болғаны жазба деректерде сақталып қалған. Осы бұлақтарда, оның Түргеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қарахан жжәне Қарақытай (Қарақидан) мемлекеттерінің астанасы болғаны айтылғанына жоғарыда тоқталдық. Түріктердің осындай саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанын еске алып, шығыстанушы ғалымдар алты ғасыр бойына Баласағұнның тұрған орнын іздеумен әлектенуде. Бұл шиеленіскен мәселені шешуде, осы тараудағы келтірілген деректер тілге тиек болатынына тоқталдық. Солардың ішіндегі Ақтөбеден (Баласағұннан) табылған

түргеш теңгесіндегі «небесного тюргеш-хакана деньги» (аспандағы түргеш-хақан теңгесі) деген жазумен «у» Шу таңбасы М. Қашқаридың «Түрік сөздігіне» жазғанына дәлме-дәл келеді. Оның үстіне, Баласағұнды астана еткен мемлекеттердің теңгелерін жасайтын сарайының ашылғанына жоғарыда тоқталғанбыз.

Ақтөбе қаласының орналасқан жері Арғу, яғни таулардың арасына жайласқан қалалардың қатарына жататын да М.Қашқаридің жазғанынан алшақ кетпейді. Қырғыздың Алатауының солтүстігінде Баласағұн (Әулие) және Жайсан тауларының арасында, Шу өзенінің сол жағында іздеп жүрген Баласағұн қаласы орналасқан. Қаланың солтүстік шеті Тасөткілмен жалғасқан. Тасөткіл су қоймасының қазіргі орны. Ерте замандардан бері, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы осы Тасөткіл арқылы Шу өзенінен аяқпен керуендер, көліктер, жаяулар кешіп өтетін болған. Шу өзенінің осы жеріндегі судың астында табиғи тас төселген дөңестеу жерден әрлі-берлі өтетін жол болғандықтан, оны Тасөткіл, әйтпесе, иткешу деп атап кеткен. 1893-1894 жж. В.В.Бартольд зерттеу жұмысымен Шу өңіріне келген кезде, осы Иткешу туралы өзінің пікірін жазған: «Значительно севернее, на правом берегу Чу, недалеко от впадения в нее речки Курагаты, находятся развалины Ит-кичу, около брода того же имени. Этот брод в прежнее время имел некоторое значение для караванных путей; в 1859 г. Венюков с русским отрядом прошел путь от Верного к Ит-кечу и о пути от Аулие-ата, мимо Ит-кичу, к Балхашу... английский ученый Ховорс (Noworth) считает развалины Ит-кичу остатками Баласагун» (Материалы по истории, 1988: 241-242).

Ғұламаның сөз етіп отырған Иткешу, қазіргі біздерге жеткен Тасөткілге тура келеді. Өткілдің бұрынғы аталымы, оның мағынасына лайықты қойылған. Шу өзенінің бұл өтетін жері таяз болғандықтан, жаяуда, көліктіде, малдарда, иттерде өте беретін болғандықтан айтылып, өткілдің оң жағына салынған қонысқа да Иткешу аты берілген. Уақыттардың өтуімен бұл қоныстың аты өзгеріп, орны бұзылып төбеге айналған. Оны қазіргі кезде Тастұмсық қалашығы дейді. Аталмыш қоныс Тасөткіл су

қоймасының оң жағында орналасқан. Оның сол жағы 32 м., оңтүстік және батыс 25 м., биіктігі 1,7-2 м. Бұл ескерткішті 1980 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археологтары зерттеді (Бартольд, 1893:42). Тоқталып отырған қоныс қирап, тарихи ескерткішке айналып, көрсетілген көлемде төбе болып жатыр. Оның көпшілік бөлігі Тасөткіл су қоймасының астына қойған. Қоныстың су басқан жерінен әртүрлі бұйымдардың сынықтары мен бүтіндей заттар шығып жатыр. Жалпы ескерткішке қарағанда, бұл жерде үлкен қоныс болып, керуен сарайлар, қолөнер кәсіп орындары, базар сияқты орындар болғаны байқалады. Бұл ескерткіш кең көлемде археологиялық жақтан зерттелген жоқ. Ол алдағы жұмыс.

Бұрынғы **Иткешу**, қазіргі Тасөткілдегі Тастұмсық қалашығы Шу өзенінің сол жағындағы Қырқұй қонысы арқылы Баласағұнмен жалғасып жатқан. Қырқұй Ақсу өзенінің Шұға құятын сағасына орналасқан (Елуов, 2002: 322). Иткешу (Тасөткіл) Баласағұн мен Шу қалаларының арасына орналасқан Ұлы Жібек жолының күрделі бекеттерінің бірі. Осы тұрғыдан қарағанда, В.В.Бартольд келтірген ағылшын ғылымы Ховорстың Иткешу қонысы Баласағұн қонысының қалдығы – деген пікірін қуаттауға тура келеді. Бірақ, В.В.Бартольд Ховорстың бұл пікірін білдіріп, оның еңбегіне сілтеме жасаған (Noworth, Nistory of the Mongols: 6). Біз бұл ғалымның көрсетілген еңбегімен таныс болмағанымызға өкініш білдіреміз.

Баласағұнтау (Әулиетау) өзі аттас атамамен аталғаны даусыз екеніне жоғарыда тоқталдық. Бұл орынның «әулие» аталуы түріктің діндар адамы Құлықтың есімімен байланысты болғаны осы күнге дейін ел арасында ұмытылмаған. Сол маңды білетіндер, Шу ауданының тұрғындары ұлттарына, жынысына қарамастан Әулиетауға құрметпен қарайды және оның үстіне малдарын жаймайды. Біздер осы сезімнің талай куәгері болдық. Әулиетаудың үстінен Ұлы жібек жолы өтетін жер.

Жетісу қалаларының ішінде ең көп зерттелген, орта ғасырлық деректерде де көп жазылған қала ол Тараз қаласы. Ал Алматы, Талғар, Қойлық, Құлан қалалары жайлы Кеңестік

зерттеулер жоқтың қасы. Сондай зерттеу еңбектерінің бірі Бернштам «Прошлое района Алма-Ата» деген 1948 жылы шыққан еңбекте Алматы жайлы жан-жақты терең болмаса да біршама деректер келтіріледі. Енді соған кеңірек тоқталатын болсақ: Қазір Алматы қаласы орналасқан аймақта б.д.д. III-II м.ж. адамзат баласы өмір бастаған. Бұған дәлел Алматы қаласының кашғар көшесінің №42 үйінен табылған тереңдігі 1,5 м қатпарлары. Бұл осы жерде табылған қатпарлар ертеден адам сүргенін дәлелдейді. Олардың ұрпақтары, қола дәуірінің тайпалары, былайша айтқанда б.з.д. II-I м.ж. осы аймақта өте жиі орналасқандар. Ұзынағаш ауылында және Алексеевкада табылған қола дәуірінің ескеркіштері бұны нақтылай түседі (Бернштам, 1948:35).

Түйіндей келе айтарымыз, кеңестік кезеңде Жетісу қалаларын зерттеу біршама жүйелі түрде жүргізілді. Әсіресе Талғар қаласында қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары археологиялық тәжірибе ұйымдастырып тұрды. Оны ұзақ жылдар И. Копылов басқарды. Бір өкініштісі, алынған материалдар көп жарияланған жоқ. Басқа қалаларды зерттеуде үзілістер көп болды. Мамандардың жетіспеуі, жеткілікті дәрежеде қаражаттың бөлінбеуі Жетісу қалаларын зерттеуді тежеді.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғалы бері қалалар жөніндегі іргелі еңбектер дүниеге келді. Сондай зерттеулердің бірі Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардың бірінде дүниеге келген еңбектердің бірі К. Байпақов, А. Нұржановтың «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан». Еңбекте Қазақстан жерінде барлық қалалардың қысқаша сипаттамалары келтірілген. Ал қазіргі Қазақстан археологиясында талас тудыртып келе жатқан «Баласағұн мәселесіне» авторлар өз тұжырымдарын келтіреді: «Тан әулеті тарихындағы» қытай бағытнамаларын өзара салыстырған белгілі шығыстанушы Томашектің пікірінше, Суяб Ыстықкөлдің батыс етегіне қоныс тепкен. В.В. Бартольд Суябтың орнын одан гөрі батысқа қарай іздеу керек дейді. Зертеуші сондай-ақ Баласағұнды белгілі бір аймақпен шектеуді ұсынды, бастапқыда ол Баласағұн мен Бурана қаласының орнын бір қала десе, кейінірек Ақ Бешім үйінділерін Баласағұн деп есептеді. Бұл болжамдардың

алғашқысы XV-XVI ғасырлардағы Мұхаммед Хайдардың мәліметтерімен тиянақталады, онда: «Джу елінің бір тұсында үлкен бір қаланың орны бар, ондағы ғимараттардың, күмбездер мен медреселердің қалдықтары кей жерлерде сақталып қалған. Бұл шаһардың атын ешкім білмегендіктен моңғолдар оны Монара деп атаған». Сонымен қатар осы автор 1311-1312 жылдары қайтыс болған Баласағұндық Факих имамның құлпытасының сол кезде сақталып қалғаны туралы да баяндайды. Атаулардың ұқсастығына қарағанда Монара (Бурана) қаласының Мұхаммед Хайдар сипаттаған Бурана қаласы екеніне дау жоқ. Зерттеушілер бұны Бартольдтың «Очерк истории Семиречья» еңбегінен келтіреді (Байпақов, 1992:56).

Сонымен бірге, Баласағұнның үйіндіге айналған кезі туралы жазған Махмуд ибн Валидың (1634-1641) кейінірек ұсынылған мәліметтерге қарағанда, Баласағұн дәл осы Бурана қаласының өзі деген тұжырым сенімді болжамға айналған. Махмуд Ибн - Вали былай деп жазады: «Баласағұн - тарихта Моғолстан деген атпен белгілі болған Түркістан Заминнің бір қаласы. Моңғол шапқыншылығына дейін онда таза мұсылмандар тұрған. Олардың ішінен көп ғалым оқымыстылар шыққан. Мустауфидің айтуынша, Баласағұн -кең байтақ әрі табиғаты әсем ел; ауа-райы өте қатал. Кейбір жылнамаларда оның тас қабырғаларының жалпақтығы екі жарым кез болғаны баяндалады. Баласағұнда қырық күмбезді және екі жүз қарапайым мешіт, жиырма ханақ пен он медресе болған... Моңғолдар басып алған соң моңғолдардың салт-дәстүрлері өз әсерін тигізгенге дейін қала жайлы да гүл жайнаған күйде тұрды. Содан бері күні бүгінге дейін ол қаусаған және қаңырап бос қалған күйде келе жатыр. Әлдеқандай бір қашқарлық саяхатшы осы кітапты жазу үстінде Балхта былай деген екен: бірде Қашқардың билеушісі қалмақтарды жазалау үшін моңғолстанға енеді. Екі айдан соң шығыстан солтүстікке қарай жүре отырып олар құм астынан биік-биік ғимараттардың, мешіттердің, сарайлардың, медреселердің төбелері шығып тұрғанын және олардың ізі төрт фарса жерден байқалатын бір жерге келдік. Сол аймақтан көп ұзамай біз қалмақтарды қуып жетіп, шайқасқа

түстік.

Осынау дінсіздердің көбін тұтқындадық та, қайтар жолда өзіміз ғимарат қалдықтарын көрген тұсқа келгенде тұтқындардың бұл жердің қалай аталатынын сұрадық. Олар бұл жерде бұрын Баласағұн атты қала болғанын ғана білетінін айтты. Бір сөзбен айтқанда, бұл шаһар бұрынғы кездері осынау өлкедегі жақсы қалалардың бірі болғанын, бірақ түбінде ол (тіпті атауы да) мүлде ұмытылған». Екі автордың бір-біріне ешбір байланыссыз-ақ сәулет ескерткіштері, атап айтқанда мұнарасы сақталған қаланың орны туралы бірдей мәлімет беруі, ал Махмуд Ибн Валидің оның көне атауын баяндауы Баласағұн мен Бурананың бір қала екенін сөзсіз дәлелдейді (Байпақов, 1992:157). Бұл пікірді бүгінде көптеген зерттеушілер қолдап отыр, олардың ішінде археолог В.Л. Горячев пен нумизмат әрі эпиграфист В.Н. Настич те бар. Алайда соңғы кездері этнограф әрі археолог У.Х. Шәлекенов ұсынған, Баласағұн Шу өзенінің орта сағасындағы орналасқан Ақтөбе қаласы деген тағы бір болжам айтыла бастады.

Ал М.Елеуов бойынша Баласағұн қаласының әр түрлі аттары және осы қаланың төңірегіндегі жер атаулары жайлы деректер Махмұт Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігінде» келтірілген мәселен Баласағұнның Құз ұлұш, Құз Орда деп атаған Махмұт Қашқаридың осы шығармасында Баласағұн қаласының жанындағы Шу қаған салдырған Шу қамалы туралы аңызда берілген.

XIII ғ. басындағы Баласағұн қаласы туралы дерек 1210 жылы осы қаладағы қанды қырғынға байланысты берілген, 1218 жылы қала соғыссыз берілгендіктен, оны монғолдар «Гобалық» («Жақсы қала») деп атаған. Елеуов мұны Бартольд еңбегіне сүйене отырып келтіреді. Қорыта айтқанда, қытай дерегі бойынша Баласағұн Суяб қаласынан шығыста 20 лиде, Шудың сол жағасында орналасқан қала, ал Шудың арғы (Оң) жағасында Цзедань тауы бар. Араб парсы деректері бойынша Түрік керуен жолы бойындағы Навакет, Лабан қалалары аралығында, Занби (Шамсы) асуына жақын жерде орналасқан үлкен қала. Оның төңірегінде Ұлыш, Орду, Құлбақ, Бақырлық тәрізді жер аттары болған, тарихи қаланың бірнеше аты

болған: Баласағұн, Құз ұлыш, Құзорда, кіші орда, Жақсы қала т.б.

Баласағұн қаласының баламалануы мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ, оны бірқатар қалалармен баламалаған пікірлер бар. Ағылшын зерттеушісі Ховорс тарихи Баласағұнды Итшеку өткелінен солтүстікке едәуір жерде, Шу өзенінің оң жағасында орналасқан аты белгісіз бір қаламен баламалаған болатын. Шуға Құрағаты өзенінің құйған жерінде Иткешу өткелінен солтүстік - батыста 10 км жерде орналасқан Төрткүл көлемі 200 x 3180 м келетін, YIII-XIV ғ.ғ. кезінде өмір сүрген ескерткіш. Көлемі шағын, әрі түрік керуен жолынан солтүстікте 150 км жерде орналасқан бұл қала Баласағұн болуы мүмкін емес (Шәлекенов, 2002: 184).

70-жылдардан бастап ортағасырлық Бурана қаласындағы зерттеу жұмыстарды қайта қолға алынып, қаланың тарихи-топографиялық құрылымы мен өмір сүрген уақыты жөнінде жаңа деректер жарыққа шықты, соның негізінде Бурананы Баласағұнмен баламалаған зерттеушілер қатары өсті дейді.

Мәселен, Д.Ф. Винник, Б.Д. Кочнев, В.Д. Горячева, К.М. Байпаков, О. Караев, В.Н. Настич, Бурананы Баласағұн қаласымен баламалайды.

Бурана Тоқмақтан солтүстік-батыста 12 км жерде орналасқан ұзын қорғанды қала, орталық бөлігі төртбұрышты 570x520 м, оның мәдени қабаты жұқа және бірқатар бөлігін бос жерлер алып жатыр (ешқандай құрылыс қалдықтары жоқ - М.Е). Қаланың әртүрлі бөліктерінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында оның X-XIV ғ.ғ. кезінде өмір сүргені анықталды (Шәлекенов 2002: 185).

Сонымен, жазба деректерде X ғ. 40-жылдарынан бастап аталатын Баласағұн қаласы қай қала: Бурана ма? әлде Ақбешім бе? Біздің пікірімізше дей отырып автор әл - Мукаддасидің екінші тізімінде Орда (Урду) – Ақбешім қаласы, ал Баласағұн - Бурана болса керек. Бірақ бұл кездегі Баласағұн (Бурана) әл - Мукадаси айтқандай, «үлкен бай қала» емес, археологиялық зерттеулер барысында анықталғандай - жаңадан салынып жатқан, тарихи топографиялық құрылымы әлі толық қалыптаспаған , көлемі шағын қалашық болған, осы кездегі Баласағұн туралы В.Д.

Горячева былай дейді: ... «что центральная часть городища могла сложиться как загородная (или новая) резиденция туркского князя Орду (Ордукента) около середины или во второй половине X в». М. Қашқари Орда (Орду) мен Баласағұн қалалары туралы былай деп жазады: «Орда-Баласағұнның жанындағы қала. Сондықтан да Баласағұн Күз Орда деп аталады», соған қарағанда бұл кезде осы екі қала бір - біріне өте жақын орналасқандықтан оларды бір қала деп есептеген болса керек, мүмкін олар бір атпен «Күз Орда» не Баласағұн» деп аталған. XI ғ. кейін жазба деректерде Орда атты қала аталмайды. Жүсіп Баласағұн мен М. Қашқари кезінде Баласағұнды «Күз ұлыш», «Күз Орда», «Кіші Орда» деп атаған (Шәлекенов, 2002:187).

1210 ж. Мұхаммед Хорезм шахтан ойсырай жеңілген қарақытай әскерін қалаға кіргізуден бас тартқаны үшін Баласағұн қатты қиратылып, талан-таражға түскен. Жазба деректердің хабарлауына қарағанда осы қанды оқиға кезінде 47 мың баласағұндықтар қаза болған. Шамасы осы апаттан кейін Баласағұн қаласы қайта қалпына келе алмаған, оның Монғолдарға 1218 ж. қарсылық көрсете алмай «Жақсы қала» аталуының бір себебі осында болса керек. XIII-XIV ғ.ғ. кезінде қаланың кейбір бөліктері ғана өмір сүрген. Баласағұнмен баламаланып жүрген келесі қала ортағасырлық Ақтөбе. У.Х. Шәлекеновтің бірқатар мақалары мен еңбектерінде Ақтөбе қаласының тарихи Баласағұнмен баламаланған.

Ақтөбе Түрік керуен жолынан солтүстікке 45 км жерде, Ақсу мен Қарабалта өзендері жағасында орналасқан ұзын қорғанды қала. Тарихи-топографиялық құрылымы жақсы сақталған, көлемі жағынан Шу өңіріндегі үлкен қалалардың бірі. Ақтөбенің әртүрлі бөліктерінде жүргізілген стратиграфиялық және кең көлемді қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың VI-XIII ғ. басы аралығында өмір сүргені анықталды. Біз Ақтөбе қаласының Түрік керуен жолынан солтүстікте 45 км жерде орналасқанын, оның төңірегінде аттары жазба деректерде аталған ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің жоқтығын және бұл қаладағы тіршіліктің XIII ғ. басында-ақ тоқталғанын ескере отырып

Ақтөбе Баласағұн деген пікірге қосыла алмаймын деп М. Елеуов алдыңғы авторлардың пікірін қолдайды (Шәлекенов, 2002: 189).

У.Х. Шәлекенов Баласағұн жөніндегі пікірі: Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өңірінде ертедегі орта ғасырлық әйгілі үш қала болған: Баласағұн, Сужаб (Суяб), Талас (Тараз). Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болға. Олардың арасында ең үлкен, әйгілі Баласағұн. Бұл қала Ұлы Жібек жолы Жаркентке баратын тармағында орналасқан. Бұл қалаларға соқпай еш саудагерлер, саяхатшылар кете алмаған. Осы жолмен жүрген жолаушылар «Әулие тауды, басып өтетін жолмен келіп, Тасөткел арқылы Шудың жағасындағы Тасқалаға шығып, содан Шудың оң жағын жағалай отырып, Қастек асуы арқылы Ұзынағашқа өткен. Одан әрі Жібек жолымен Жаркетке тартқан. Сужаб қаласы Жібек жолының Ыстықкөл арқылы өтетін тармағында орналасқан. Баласағұн IX-XII ғ.ғ. бастап Қарахандардың (Қарақидан) (X-XII) астанасы, экономикалық, саяси және мәдени орталығы болды.

Бұдан кейін Л.Р. Кызыласов Ақбешімнің оңтүстік шығысындағы 5 км қашықтықта орналасқан Бурана қаласына көңіл бөліп, ол жөнінде өзінің пікірін білдірген: «Бұл қала Бұрана сайының бойына орналасқан, онда XI ғ. қыш кірпіштен салынған төрт бұрышты мұнара сақталған. Бұранада Қарахан дәуіріне жататын XIII-XIV ғ.ғ. қабаты жоқ. Көлемі кішкентай, оны тарихта әйгілі Баласағұнмен салыстыруға болмайтынын айта келіп, Ақбешім мен Бұрана жөнінде үзілді-кесілді, ғалым ретінде тұжырымын жазған: «Таким образом, ни городища Акбешим, ни городище Бурана не могут связываться с историческим Баласагуном. Их забытые имена еще предстоит установить историкам Киргизии» (Байпаков, 2005: 169-171) деп У.Х. Шәлекенов өз тұжырымын нақтылай түседі.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы Ақтөбе ескеркішін 1974 жылдан бастап зертей келе жатса, соның белсенді қазушылардың бірі М. Елеуов келтірген тұжырымдарына У.Х. Шәлекенов қарсы пікір айтады: М. Елеуов 1) Ақтөбе Түрік керуен жолынан 45 км

қашықтықта жатқанын айтқан. Тасөткелдегі Тасқаланы М. Елеуовтың өзі қазды. Бұл солтүстік Ұлы Жібек жолындағы тарихи өткел және сол жердегі қала. Ол Ақтөбенің солтүстік шетімен жалғасып жатыр. Солай болса, бұл қала әйгілі сауда жолында орналасқан; 2) Баласағұнның төңірегіндегі әдебиеттерде көрсетілген қалалардың жоқ екенін тілге тиек еткен. Бұл қаланың төңірегіндегі қалалардың көп болғанын айтқан деректер бар. Бірақ олардың аттары аталмаған. Тек, Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атамалары М. Қашқариде бар. Қазіргі кезде Ақтөбенің төңірегіндегі Қырғызстан және Қазақстан жерлерінде қалалардың орындары көп. Олардың кейбіреулері: Қарақыршын, Қырықкүй, Соқлық, Степное және т.б. 3) XIII ғ. басында Ақтөбе өмір сүруін тоқтатқанын айтқан. Біздіңше де 1210 жылы Гурхан (Қарақидандар) кезінде қирап, одан кейін де бүлінген күйінде жасаған. Бірақ, бұдан кейін Баласағұн астана болмаған. Бұл кезде Қарақидандарды Шыңғысхан тарапынан жаулап алғаны баршаға мәлім. Оның Баласағұнды (1218) билегені тарихнамаларда бар. Ұзақ жылдар бойы Ақтөбедегі археологиялық қазбаларға және ел арасынан жиналған анамастикалақ деректерді жинауда куә болған маман-археолог М. Елеуов, кейбір құнды деректерді еске алмағанын түсіну қиын.

Ақтөбенің төңірегінде табылған тарихи жерлерді Бұрананың төңірегіне кім алып барып орналастырар екен. Бұндай жерлерді Қырғызстан жерінен табу екі талай деп қатал сын айтады (Байпаков, 2005:175).

Жетісудың солтүстік-шығысындағы ортағасырлық қалалардың бірі **Талғар** қаласына 1978 жылдан бері Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Талғар археологиялық отряды Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі ортағасырлық аса ірі ескерткіш болып саналатын-ортағасырлық Талғар қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. 1978-1983 ж.ж. қаланың орталық бөлігі қазылып. Ол жерден екі көше мен 12 үйдің орны ашылды. 1986 жылдан бері Талғардағы қазба жұмыстары жалғасты, тағы да 2 мекен-жай ашылды, осы қазбадан 26 қалашық

пен 8 елді-мекен табылды. 1990-1993 ж.ж. қазба жұмыстардың барысында көптеген заттар табылды. 1994 жылдан бері қазба жұмыстарына америкалық ғалымдар, Германия, Жапония, Израил зерттеушілері қатыстырыла бастады (Байпақов, 2001:57). Бұл экспедицияның барлығын Т.В.Савельева басқарған. Біздің осы қала жөніндегі қарастырғалы жатқан еңбегіміз Т.В.Савельева және К.М. Байпаков, К.Чанг үшеуінің бірігуімен 2005 жылы шығарған «Средневековые города и поселение северо-восточного Жетысу» атты зерттеу жұмысы. Бұл еңбек ұзақ жылдар бойы археологиялық зерттеулер барысында жинақталған материалдар негізінде ортағасырлық дәуірдегі Солтүстік-шығыс Жетісудың қалалары мен қоныстарының дамуы, олардың құрылыс ісінің сипаты, транзиттік сауданың өсу, Ұлы Жібек жолы бойымен мәдениет дәстүрлері мен діни наным-сенімдердің таралуы жайлы түсінік беріледі.

IX-XIII ғғ. Талғар, Алматы, Шелек, Қаялық сынды ірі қолөнер орталықтары қалыптасады. Қазба жұмыстары нәтижесінде мыс өңдеу, қыш ыдыс пен шыны даярлайтын, әсіресе темір бұйымдар жасайтын өндіріс орындары анықталды. Алматуда теңге шығаратын сарай жұмыс істеді.

Көршілес елдермен және көршілес халықтармен Ұлы Жібек жолымен байланысқан, мұндағы қала мәдениеті - Евразиядағы мәдениеттер мен өркениеттер жүйесінің арасындағы өзіндік ерекшелігі бар өркениеттің ошағы болған (Байпақов, 2001:5).

Талғар қалашығы Алматы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 25 км қашықтықта орналасқан. Қала Талғар өзенінің оңтүстігінде, Іле Алатауының етегінде орналасқан. Қаланың алып жатқан аумағы, солтүстік – шығысы - 300 м, Солтүстік-батысы – 298 м, оңтүстік – батысы – 280, оңтүстік-шығысы- 302 м, 9 га жерді алып жатыр. Талғар қаласының алып жатқан территориясы туралы жоғарыда келтірілген А.М. Беленицкий бастаған авторлар 1973 ж. 7 га деп келтіреді. Бұл жерде шындыққа жанасатыны Савельеваның тұжырымы, себебі Беленицкий бастаған авторлар Талғар туралы жанама ғана мәліметтер келтіреді. 1978 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін аталған мәсеелемен айналысып келе жатқан

Савельеваның қате кетуі мүмкін емес.

Бұл еңбекте авторлар солтүстік-шығыс жетісу өңіріндегі ірі қалалармен қатар ұсақ қалаларға да анықтама беріп зерттеген. Олардың қатары 60-тан асады, VIII-IX ғғ. жататын Талғар, Шелек, Дүнгене, Антоновская, Сүмбені жатқызуға болады.

Талхир қаласы. Алдымен X ғасырдың соңғы жылдарында географиялық шығарма белгісіз автор жазып қалдырған парсы тіліндегі «Худуд-әл-Әлем» («Әлем шекаралары») еңбегінде кездеседі. Көрнекті шығыстанушы В.В. Бартольд пікірінше: «белгісіз автордың Орта Азия географиясы бойынша түпкілікті білімі болған. Әсіресе, ол өзінің замандастарына қарағанда, Орта Азияның шығыс бөлігі туралы анағұрлым білген».

Аталған шығармада ертеде ержүрек, батыр халық-түркілері мекендеген Тонг және Талхир қалаларының аттары аталады. Бұл елді-мекендер жікілдер мен қарлұқтардың шекарасында, Ыстықкөлге жақын маңда орналасқан делінген.

Талхир (Талхиз). Бұл атау қаншама ғасырларды басып өтіп бізге жетіп отыр. Сол сияқты Талғар (топонимі) да – өте көне сөз. Екі түбірден құралған бұл атаудың «ғар» бөлігі үндіевропа тіліне жатады және «тау» деген мағынаны береді (Байпақов, 2005:56).

Анықталып отырғандай, қала VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырда салына бастаған да, X ғасыр мен XIII ғасырдың басы аралығында жақсы өмір сүрген. Бұл кезеңде ол аса ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналады. Онда ұста, қыштан, шыныдан, сүйектен бұйым жасау, металл өңдеу кәсіптері қанат жайған. құрылыс ісі ерекше орын алған. Мұның бәрін қала орнынан табылған деректер толық дәлелдейді. Олардың ішінде ұсталардың құрал - саймандары - төстер, ожаулар, сонымен қатар темірден құйып жасалған соқа тістері, балта, пышақ, таға, шынжыр секілді түрлі-түрлі бұйымдар бар. Қазба жұмыстары кезінде әсіресе күйдірілген саздан жасалған бүтін ыдыстар, көбінесе олардың сынықтары жиі табылады. Олардың ішінде дән сақтайтын 200 литрлік үлкен ыдыстар да, жасыл және қоңыр құймамен боялған шырақтар да бар.



5-сурет. Талхир қалашығы

Саз балшықтан ұсақ ыдыс- аяқ, жылқы мүсіндері сияқты балалар ойыншықтары да жасалған (Байпақов, 2001:125).

Антоновка (Қойлық) Іле бойында орналасқан VIII-XIV ғ.ғ. ең ірі қала. Қала Ащыбұлақ өзенінің жағасында Антоновка (Қойлық) селосының шығыс бөлігінде орналасқан. Қаланың көлемі оңтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай 1,2 км, солтүстік-батыстан солтүстік -шығысқа қарай 1 км қашықтықта созылып жатыр. Әр 20-25 м-де бір мұнарасы бар қала қабырғасының солтүтік - шығыс жақтары жақсы сақталған. Қаялық қаласы туралы монах Г. Рубрук 1253- 1256 ж.ж. Монғолияға жасаған сапарында Қаялық қаласы туралы мәліметтер қалдырған. Осы қалада 12 күн жатқан саяхатшы Қаялықтың үлкен қала екенін, саудагерлер көп екенін айтады және Қаялықтан 4,5 км несториандық елді мекенді көріп ішіне кіргенін айтады. Бұл елді мекен Лепсі өзенінің жартасты сайынан шыға берісте, сол жақ жағалауда орналасқан Лепсі қаласына сәйкес келеді. Ол арадан елшілер үш күннен кейін кейін теңізге жетеді. Теңіз елшілерге «мұхиттай буырқанып көрінеді». Жолдасым теңіз суын тартып

көрмек болып, жағалауға жақындап барды. Дәмі кермек татиды, дегенмен де ішуге жарамды екен. Биік таулар арасында оңтүстік-шығыс бағытқа қарай кең жазық дала созылып жатыр. Содан ары таулардың арасында тағы да бір үлкен теңіз бар. Осы жазық арқылы бірінші теңіз бен екіншінің арасын жалғайтын бір өзен өтеді. Жазық далада ылғи да толассыз күшті жел соғып тұрады. Әрі-бері өтіп бара жатқан адамдар тіптен теңіз алып кетер ме екен деп қатты қорқатын.



6-сурет. Қойлық қалашығы

Осынау бір «мұхиттай буырқанған теңізді» Алакөл екендігін білу қиын емес. Рубрукқа дейін осы жолмен П. Карпинидің елшілік тобы өткен. Қызығы, Карпини де Алакөлдің күздің күнгі желінің күштілігін баса көрсеткен. Ол тіпті «жартастың арасынан соғып тұратын жел» туралы аңызда қалдырған (Байпақов, 2005:95).

Біздің бұл жұмысымызда Жетісу қалалары жөнінде

жазылған еңбектерге біршама талдау жасалынды. Кеңестік кезеңдегі еңбектерде Жетісу өңірінің қалаларының негізгі көп зерттелгені Шу, Талас аймағындағы қалалар, сонымен қатар қазіргі Қазақстандық археологтар арасындағы талас тудыртып келе жатқан «Баласағұн мәселесі» өзінің бастауын осы уақыттағы авторлардан алады.

Жетісу өңірінің Қазақстандық тарихнамасы тарауында кеңестік кезеңдегі авторлардың еңбектерімен салыстыра отырып, қалалардың біразына тоқталдық.

У.Х. Хамзаұлы, М. Елеуовтың, К.М. Байпақовтардың «Баласағұн мәселесі» туралы пікір таластарын, ой-тұжырымдарын келтірдік.

Сонымен қатар ұзақ жылдар бойы жинақталған археологиялық материалдарды ой сараптарынан өткізу арқылы солтүстік Шығыс Жетісудың ортағасырлық қалалары мен қоныстары жайлы толық түсінік беретін К.А. Байпаков, Т.В. Савельева, К. Чанг атты үш автордың «Средневековые и поселения Северо-Восточного Жетысу» еңбегі Іле өлкесіндегі VIII-IX ғасырлардың мәдени қабаттары бар қатарына жататын Талғар, Шелек, Дүнгене, Қойлық, Алмалы қалалары туралы мәлімет беретін бірден-бір еңбек. Біз еңбекті қарастыра отырып, Талхиз, Қойлық қалаларына тоқталдық.

Жетісу өңірі туралы еңбектердің көбі Тараз, Ақтөбе, Талғар, Құлан, Мерке қалаларына арналған, қазіргі уақытта жан-жақты, терең зерттеле қоймаған қалалар қатарына өзіміздің ірі орталықтарымыздың бірі Алматы қаласын жатқызуға болады. Қала әлі де өз тарихын ішіне бүгіп жатыр, Алматыны зерттеп ғылыми еңбек шығару болашақтың, яғни біздің еншімізде.

Соңғы уақыттарда қаланың (Алматының) іргетасы қай уақытта салынғандығы туралы көпшілік арасында пікір-талас туындады. Шовинистік пиғылдағы өлкетанушылар (Поздеев-Башта А.Г., т.б.) 1854 жылы мұнда салынған Заилийск (кейіннен Верный) бекінісіне орай қаланың 150 жылдық тарихын тойлауды ұсынды. Бұған бұқаралық ақпараттар көзінде бірнеше мақалалар жарияланды. Көпшілік мақалаларда «Бабырнама», «Тарих-и-

Рашиди» сияқты көне деректемелердегі Алматы қаласының тарихы орта ғасырлармен мерзімделетіндігі айтылып, мұндай олқылықтарға жол берілмеуі қажет екендігі айтылды.

Кезінде В.Н. Настич анықтаған Алматы қаласының хронологиялық мерзімі Х-ХІІІ ғасырлардан басталатынын білмейтін өлкетанушылар бірқатар ғалымдардың еңбектері жарияланғаннан кейін бұл мәселе күн тәртібінен алынып тасталды. Қала тарихына қатысты іргелі зерттеулердің қатарына З. Самашев, Ф. Григорьев, Г. Жумабекова сынды археологтардың «Древности Алматы» атты еңбегін жатқызуға болады. Онда қала төңірегін ілкі замандардан мекендеген ата-бабаларымыздың археологиялық нысандары жайлы нақты ақпараттар берілген.

2.2. Еділ-Жайық бойындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері

Қазақстанның батыс өңірлерінің қалалары Еуропа мен Азия сынды екі алып құрлықтардың шекарасында болғандықтан біршама саяси өзгерістерге үнемі ұшырап отырды. Бұл өлкедегі қалалардың құрылысына өз әсерін тигізгенін де байқатады. Еліміздің батыс өңіріндегі Сарайшық пен Жайық қалаларындағы жүйелі түрдегі қазба жұмыстары негізінен республика тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Бұл қалалардың тарихы ертеден басталатындығын зерттеушілер кезінде жазған болатын (Рычков, 1759:17).

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы - Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. 1937 ж. Н. К. Арзютовтың жетекшілігімен Қазақстанды зерттеу Қоғамының Батыс-Қазақстандық бөлімшесі Саратов облыстық мұражай қызметкерлерімен бірге қалашықтың кейбір жерлерінде зерттеулер жүргізді.

1950 ж. Ә. Х. Марғұлан тағы да Жайықтың суы мәдени қабаттарын үздіксіз жуып-шайып жатқан Сарайшық

ескерткіштерін жедел де кешенді түрде зерттеу туралы үлкен мәселе көтерді.

1996-2000 жж. зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңі анықталды. Ерте кезеңі қала өмірінің алғашқы он жылдығына сәйкес келеді. Сарайшықтың ол кезде, негізінен шикі кірпіштен соғылған, орталық бөлігіндегі ғимараттары көп салынды. Оңтүстігінен шетіне қарай біртіндеп киіз үйлермен және жеңіл каркас құрылыстарымен толықтырылды. Бұл бөлігі негізінен өзенді бойлап салынды. Зерттеушілердің болжамы бойынша оның ені шамамен 300 м. болған тәрізді. Келесі онжылдықтарда қаланың даму қарқыны, оның көлемінің неғұрлым ұлғайғаны анықталды. Дамуының екінші кезеңінде, 1330-шы жылдардан бастап әртүрлі факторлардың әсерімен Сарайшық өзінің кірпіштен соғылған орталық бөлігінде жүйелі түрде салынып шоғырланады да, Жайық пен оның сағаларында жайғасқан аралдың шеңберінде дамып кеңейді. Мұның өзі, осы мандағы өткелдер мен адамдардың іс-әрекетін мұқият бақылап отыруға да мүмкіндік берді.

Сарайшық. Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының авторлар басқарған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1996-2000 ж.ж. жүргізген тыңғылықты зерттеулері барысында қаланың әр бөлігінен оның өмір сүруінің бірінші кезеңіне жататын ауқымды жерлер аршылып, алғашқы тұрғындардың үй құрылыстары айқындалды. Қала құрылысы белгілі бір жобамен, көшпелілерге тән дәстүрмен салынған. Табылған үйлер шикі кірпіштен қаланған, көлемі 4х5 метр екі-төрт бөлмелерден тұрады. Бөлмелердің төр жағында етегінен ені 1,5-2 метр келетін көлденең орналасқан түтін шығатын қос каналмен жылынатын суфа орналасқан. Олар тандырлы ошақтан шығып, бөлмеден қабырғаның арасына жасалған тік жол арқылы төбеге шыққан. Барлық қабырғалар мен суфалар бірнеше рет саз балшықпен сыланып, әктелген. Суфаның біреуінен киіз кілемнің қалдығы табылды. Едені лаймен тығыздалған кейбір бөлмелерде шиден жасалған төсеніш сақталған. Суфаның үстіндегі қабырғада кезінде шырағдан, қымбат ыдыстар және басқа да

тұрмысқа қажетті заттар қоятын текшелей қуыс бар. Үйде тұрғын бөлмелерден басқа тары мен арпа сақтайтын баздар, сондай-ақ табылған дән-сүйектеріне қарағанда, өрік, алма, жүзім, жуа және алыс елдерден әкелінген миндал жаңғағын сақтайтын қойма бөлмелер де болған. Ол жерден қурап қалған пияздың бастары табылды. Қоймалар жылына жатын бөлмелерден ағаш қанқалы қабырғамен бөлектелген. Ағаш қанқалы қабырғаның арасы шикі кірпіштермен шырша әдісімен қаланған. Осындай конструкция бір жағынан декоративті болса, екінші жағынан қойма бөлмеде ауа алмасуды жақсарттады.

Бөлмелерден табылған ыдыстар формасы жағынан сан алуан. Атап айтсақ, олар – жергілікті көзешілер жасаған қыш құмыралар, құтылар, құмғандар және қазандар. Оны кашин балшығынан жасалып жылтыр бирюза құймамен жабылған құмыра толтырады. Осы ыдыстар жиынтығын Хорезмнен әкелінген тас қазандар, төменгі Волга қалаларынан әкелінген кашинді түрлі-түсті жылтыр кеселер, сондай-ақ жергілікті бай адамдар тым жоғары бағалайтын өте қымбат жасыл түсті қытай фарфоры – селадоннан жасалған табақтың, кесенің, тостағанның сынықтары толықтырады. Мұндағы мәдени қабаттардан жылқы мен түйенің сүйектері көптеп кездеседі. Бұл тұрғындардың қала өмірінің алғашқы кезеңінде қала құрылысы мен сауда жолында қызмет еткендігін де көрсетеді. Қаланың тек орталық бөлігі ғана дамып қоймай оның сырт жақтарында да құрылыстар салынған. Сарайшықтан бес шықырым жерде, өзен жағасын бойлай орналасқан усадьбалар кездеседі. Сарайшықтың тұрғындары жаз айларын бау-бақшасы, егістігі бар қала маңындағы үйлерде өткізген. Олар сондай-ақ Жайық өзенінің бойындағы жайлымдарда керуен үшін қызмет істеуге керекті жылқылар мен түйелерді ұстаған. Қаланың және усадьбалардың мәдени қабаттарынан кетпендер, орақтар, шалғылар және шығырға арналған құмыра түріндегі қыш ыдыстар табылды. Шығыр бұл өзендегі диірменге ұқсатылып ағаштан жасалған және осы қыш ыдыстар байланған үлкен дөңгелек. Малдың күшімен айналған дөңгелек ыдыстардағы суды жоғары көтеріп арықтарға құйған.

Осында бау-бақша өнімдерімен қатар арпа мен тары өсірілген. Оны шаруашылық шұңқырларынан табылған астық өнімдерінің қалдықтары дәлелдейді. XVI ғ. кейінірек Сарайшық билеушілері Орыстың астық өндіретін орталықтарынан осындағы егістіктеріне қажетті тұқымдық астықтың көптеп жіберілуін сұраған. Оған ноғайлының әйгілі бектербегі Смайылдың 1557 ж. орыс патшасы Иван IV-ге: «Сарайшық егістіктерін су басып қаңырап бос қалды сен бізге бір кеме тұқымдық астық жіберсеңіз екен», - деп сұрап жазған хаты дәлел бола алады (Маргулан, 1950: 326). Сарайшықтағы осындай егістіктердің көп болғандығы тастан жасалған қол диермендерінің көптеп табылуымен айқындалады.



7-сурет. Сарайшық қалашығы

Бекініс қамалы болмаса да қала маңындағы адамдар тыныш және тату- тәтті өмір сүрген. Бекініс қамалдың жоқтығын оң тарапы жарқабақты болып келген өзен жағасы көрсетеді. Бекініс қамалдың қала үшін онша қажеті болмады. Өйткені, Алтын Орданың әскери күші XIV ғ. екінші жартысындағы өзара қырқысуларға дейін мығым болды. XV ғ. басында да қаланы қорғай

алатын билеушінің күштілігі туралы пікірлер халық арасында сақталып келді. Оған мысал ретінде татар көпесі мен венециялық дипломат И. Барбаро арасындағы әңгімені келтіруге болады. Бұл әңгімінің желісі бойынша Танының (Азов) бекініс қамалын көріп жүрген И. Барбаро мұнараны көрсетіп тұрып, татар көпесінен: «Мынау бір таңғажайып тамаша зат емес пе екен?» - деп сұрайды. Сонда ол маған қарап, былай деді: «Ба! Кім қорықса, сол мұнара тұрғызады!». Бұл жерде, мен ойлаймын, ол дұрыс айтып тұр» (Утемиш-хаджи, 1992:90-91).

Қала өмірінің екінші кезеңі XIV ғ. екінші жартысынан басталады. 1330-шы жылдары Жайықтың тасуымен ерекшеленеді. Осыған орай тұрғындар қалаға тығыз орналасып, қайта жобалау жұмыстарын жүргізді. Сарайшықтың шетін су басқанымен, қайта жобалау қаланы көріктендіріп қана қоймай, негізгі көшелер мен кварталдарды сақтап қалды. Бұрынғы құрылыстар қиратылып, бөлмелердің іші топырақпен толтырылды. Қала тұрғындары бұрынғы үйлердің үстіне соған ұқсас, алай да өзіндік ерекшеліктері бар жаңа үйлерді тұрғызды.

Жинақылы жобамен салынған көп бөлмелі үйлермен қатар желілі ықшамды болып жобаланып, шаруашылық құрылыстармен бір шатырдың астына салынған көп бөлмелі үйлер пайда бола бастады. Бөлмелердің көп бөлігін бұрынғыша бір бөлігінде от жағатын орны мен «кәні» бар II немесе III түріндегі суфа алып жатыр. Кейбір бөлмелердің ішкі қабырғалары қалқанды немесе қаңқалы болып жасалған. Қабырғалар мен суфалар сыланып, әктелген және киізбен, кілемдермен безендірілген. Кейбір үйлердің еденіне ақ түсті алебастр қосылып жасалған күйдірілген қызыл кірпіш немесе тақталар төселінген. Әдетте от жағатын жердің маңында түбі жоқ үлкен ыдыстан жерге көміліп, беті күйдірілген кірпіштен қалаңған беті-қол жуғыш-ташнау орналасады. Осы ыдысқа аққан су жерге сініп кетеді.

Сарайшық тұрғындары өздерінің жоғары деңгейдегі сауаттылығымен ерекшеленеді. Оған қазба кезінде табылған ыдыстардағы, қола бұйымдардағы және қағаздағы әртүрлі мағынадағы жазулар дәлел бола алады. Әсіресе, қыш ыдыстардағы

жазулар жақсы сақталған. Сондай бір үлкен қыш ыдыс-хумның сыртына Шу аңғарында туып, Қашқарда өмір кешкен Жүсіп Баласағұни поэмасынан (XI ғасыр):

«Адам көркі - жүз, бұл жүз көркі - көз,

Ауыз көркі - тіл, бұл тіл көркі - сөз.

Тағы көркі кісіге - білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер, - деген үзінді жазылған».

Жанына «Бұл күбіге көз жасын құяр болар», - деп белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан. Екінші бірінде еркін шебер-көзешінің осы хумды жасағандығын дәлелдейтін таңба- белгі бар. Бетінде жазуы бар ыдыстың келесі бірі - кесе. Бұл кесенің бір бөлігі нақыл сөздермен көмкерілген. Оның бір нұсқасы былай деп оқылады: «Түнде екі әлемнің періштелері оның алдына келді». Ал зергердің тас қалыбында бізге дейін толық жетпеген қысқа: «Жұмыс», деген фраза сақталған. Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кең ауқымдағы халықаралық саудаға қатысқан.

Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді. Қытай фарфоры ауқатты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Жылтыратылған ашық жасыл түсті селадон деп аталатын бұл ыдыстар нәзік өрнектермен қоса бұлттар, құстар бейнелерімен, иероглифтермен де безендірілген.

Сарайшыққа сауда керуендері көп жол жүріп, қиыншылықпен жеткен. Мысалы, кең сахара даланы басып мемлекеттің астанасы Сарайға келетін сауда жолы 500 км болған. Дегенмен, төте жолдар арқылы сегіз күн ішінде кемелер арқылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауларына жетіп, одан әрі жағалай отырып Сарайшыққа, сонан соң Еділдің жағасындағы астанаға баруға болатын еді. Бұл туралы сол кезде көпестер мен жиһанкездер қалдырған толып жатқан ақпарлар бар. Солардың ішіндегі ертеден белгілері - Генуя көпесі Франческо Пеголоттидің 1340 ж. шыққан «Сауда ісінің кітабы» мен Италияның солтүстігіндегі Тосканалық беймәлім автордың жазбасы. Еділдегі Сарайдың тұсында тауарлар тиелген кемелерді Дон өзеніне дейін құрлық арқылы астына бөрене төсеп сүйреп жеткізетін бекет

тұрған, одан әрі тауарлар Қара теңіз бен Жерорта теңізіне жеткізілген. Каспий теңізінің кез-келген жағалауынан Сарайшықтан шыққан кемелерді көруге болатын еді.

Қала өмірінің үшінші кезеңі XV-XVI ғ.ғ. сәйкес келеді. Сарайшықта бұл кезде топографиялық өзгеріс орын алды. Жайық бойында орналасқан тұрғын жерлер қаңырап бос қалды және қаланың батысынан орамдала келіп Жайықтың солтүстік-батыс маңынан ағып шығатын, қазір Сорочинка деп аталатын өзен сағасының бүгіндегі құрғап қалған арнасы бойында, қаланың оңтүстік аумағына тұрғандар топтана бастайды.

Жайықтың арнасында осы кезеңде табиғи өзгерістер болған тәрізді. Австрияның Московиядағы елшісі Сигизмунд Герберштейннің 1549 жылы айтуынша, Сарайшықты бұл кездері ноғайлының бекзадасы Шидак басқарған. Ол картада Сарайшықты Жайық өзенінің сол жағалауына орналастырды (Герберштейн, 1988:179). 1558 жылы осы жерлерде болып қайтқан ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон осы пікірді растайды. Ол күндері Сарайшық Ноғай ордасының астанасы болды. Ордадағы басым билік маңғыт тайпасының өкілдерінде болды. «Ноғай» этнонимі XV ғ. аяғында ғана пайда болды (Герберштейн, 1988:225). Ноғай Ордасының негізгі территориясы Еділ мен Жайық арасындағы далада жатты.

Ноғай Ордасының құрамына жиырмадан астам тайпа мен рулар енді: наймандар, қыпшақтар, алаштар, қаңлылар, алшындар, қоңыраттар, қатағандар, ұйғырлар, маңғыттар және т.б. Бұл негізінен этникалық емес, саяси бірлестік еді. Ноғай Ордасы құлағаннан кейін көптеген рулар мен тайпалар этникалық құрамын және рулық байланыстарын сақтай отырып, қазақ халқының қалыптасуының күрделі процесіне қатысып, қазақ жүздерінің құрамына енді. Сарайшықтың рухани мәні осы уақытта да көрінді. Ноғай Ордасының мұсылман діни басшыларының орталығы осында орналасты. Сарайшықта тұрған сейіттерге өз қыздарын беруді ноғай бекзадалары мен мырзалары өздеріне бедел санады, Сейіттер Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтары деп саналды және осындағы дінбасылардың ерекше

тобын құрайды. Сонымен бірге Сарайшықта сейіттерден басқа бөлек топқа жататын ислам қызметкерлері өмір сүрді: шейхтер, молдалар, қажылар, хазифиздер, суфийлер, дервиштер. Бұл дәстүр XIII ғ. ислам дінін қабылдауымен орнықса керек. Дінбасылар әр жағдайларды ойланып-толғанды және мемлекет қайраткерлеріне ізгі кеңестер берді. Сонымен қатар дипломатиялық келісімдерге және қала мен даланың күнделікті өміріне белсенді араласты. Олардың көбісі Сарайшықта жерленген (TATARICA, 1997:43-80). Осында кейбір ноғай билеушілері, бекзадалары мен мырзалары да жерленген. Олар-Оқас, Ших-Мамай және тағы басқалар. Түйіндей келе айтарымыз, Сарайшықтан қазіргі қалған мәдени қабаттары - бақытты, махаббат пен күндестікті, қалалықтардың рахаты мен уайымын, ауыруы мен қайғысын ғасырлар бойы сақтаған ерекше бір тарихи кітап. Ұлы табиғат біз үшін сақтаған, табан ет, мандай термен жиналған әр бір жәдігерлік мейлі олар көркем керамика, мифологиялық бейнелері бар қапсырмалар болсын, әлде әшекейлер, теңгелер, т. б. болсын, бәрі де біздің ата-бабаларымыздың аса бай рухани әлемін көрсететін, біз әлі танып үлгермеген сол бір дәуірдің дерегін сыйлайды.

Ортағасырлық **Жайық** қалашығы Орал қаласынан оңтүстік шығысында 12 км жерде орналасқан. Батыс қазақстандық және алматылық ғалымдардың бірлескен ізденісі нәтижесінде 2001 жылы Орал қаласынан он екі шақырымдай жерден табылып, Жайық қалашығы деп аталған қаланың XIII-XIV ғасырларға жататындығы дәлелденді.

Жайық қалашығы Алтын Орда дәуірінде жоғарғы өркениетті, өзінің өндірісі мен қолөнері дамыған орталық болғанын, яғни қалалық мәдениеттің XIII ғасырда-ақ қалыптасқандығын археологиялық зерттеу нәтижелері нақты дәлелдермен көрсетіп отыр.

Жайық – Қазақстанда Орал, Гурьев облыстарын басып өтіп, Каспий теңізіне құятын өзен аты. Жайық өзенінің аты II ғасырда жазған грек ғалымы Птолемейдің еңбегінде Даикс түрінде кездеседі. Академик В.В. Бартольд бұл жөнінде былай деп жазды: «Птоломею Волга известна только под ее финским названием Ра,

Урал под турецким названием Даикс (Яик) (Бартольд, 1965:9). Көрнекті тюрколог Н.К. Дмитриев бұл атау Византия авторы Менандр Прогектордың (VI ғ.) еңбегінде Даих түрінде кездесетінін, оны daix деп оқу керек екенін, бұл сөз йай<йаз<зас деген етістік түбірінен жасалғанын айтады (ИСПТЯ, 1955:327), Жайық сөзінің этимологиясын талдасақ, бұл пікірдің дұрыстығы дәлелдене түседі. Бұл сөздің түбірі - жай. Жаю, жайылу етістігінің де түп төркіні осы сөзден шығады. Осыған -ық жұрнағы қосылып, Жайық гидронимі жасалған. Тарихи жағынан -ақ/ық, -к/к, -ұк/үк, -ик/ік т. б. жұрнақтары түркі тілдерінде өте өнімді болғандығын белгілі тюрколог Э.В. Севортян көрсеткен болатын (Севортян, 1965:342-345). Бұл жұрнақ арқылы көне түркі тілдерінде VІІ-XIV ғасырлар арасында йантук (склон горы), тұрұк (стоянка), йаңлұк (ошибка), қонұк (ночлег), йарұк (цель) т. б. сөздер жасалған (Малов, 1961:384-385). Қазіргі түркі тілдерінде де бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер жүздеп кездеседі. Қазақ тіліндегі ойық, орақ, тарақ, төсек салық, қиық, қорық т. б. сөздері осыған дәлел.

-Ық жұрнағы қосылу арқылы жасалған сөздер кейбір сын есім мен зат есімнің даму жолын көрсетеді. Жоғарыдай түрде жасалған сөздердің кейбірі (ойық, қиық қорықт. б.) сын есімдік және зат есімдік мағынаға қатар ие болғандықтан, оларды тек контексте ғана қай сөз тобына жататынын аңғаруға болады. Бірақ бұл жұрнақтар қазір өнімсіз қосымшаға айналып, өзінің көрінісін зат есімдерде, сын есімдерде және топонимдерде сақтаған. Олай болса, топонимдердің кейбірі лексиканың жалпы заңына бағынып, жаңа сөздер жасайды. Қазақстандағы Айрық, Жайық, Қорық деген топонимдер бастапқы кезде зат есімдік те, сын есімдік те мағыналарда қолданылған. Ал, Жайық сөзі қазірде әуелгі сын есімдік мағынадан зат есімге өтіп, одан бір объектінің жалқы атын білдіретін топонимге айналған. Оның алғашқы сындық мағынасын бір түбірден тарайтын «жайылған, жайылыңқы» сөздері арқылы көрсетуге болады. Сонымен ІІ ғасырдан белгілі Даик (Жайық) гидронимінің этимологиясын талдай келіп, бұл маңда түркі тайпалары сол кездерде мекен еткендігін аңғаруға болады.

2.3. Сыр бойындағы Ұлы Жібек жолы топонимдері

Ерте темір ғасыры мен Орта ғасырлар кезеңінде Батыс Еуропа мен Шығыс елдері арасындағы сауда қатынастарының дамуына ықпал еткен қазақ жерін кесіп өткен ірі халықаралық жолдар, яғни қазақ жеріндегі керуен жолдары біздің дәуірімізге дейінгі 1-мыңжылдықтың ортасындағы «дала сақ жолдарына» оралады. Біздің дәуірімізге дейінгі 1 мыңжылдықтың соңында Орта Азия мен қазақ жерінің орталығы Алтаймен және Оңтүстік-Батыс Сібірмен керуен жолдарымен жалғасты.Сыр өңіріндегі сыртқы сауданың дамуы темір дәуірінен бастау алады. «Ұлы Жібек жолы» халықаралық сауда жолының (8-сурет) тармағы Сырдарияның орта ағысының оң жағалауынан төменгі ағысы бойынша, Арал жағалауынан Оралға дейін, одан әрі батысқа қарай жүргізілді (Байпақов, 2007: 8).



8-сурет. Қазақстандағы Ұлы Жібек жолының картасы

Жалпы, Сырдарияның төменгі сағалары тас дәуірінен бастап бүгінге дейін арнасын 7-8 мәрте ауыстырған деседі. Ұлы өзеннің тас және қола дәуірлерінде Іңкәрлария арнасымен, сақ заманында Жаңадария сорабымен аққандығын археологиялық деректер дәлелдеп отыр. Тіпті ұзақ уақыттан кейін ескі жұлгесін қайта тапқан да кезі болған екен. Мысалы, Алтын Орда дәуірінен кейін Қызылқұмдағы қалалардың көпшілігі су жоқтықтан тіршілігін тоқтатқан, ал одан әлдеқайда кейінгі Қоқан, Хиуа, қарақалпақтарға қатысты тарихи деректердің бәрінде Жаңадарияның аты аталады (www.egemen.kz).

Ел арасынан жеткен аңызға ұқсас мына бір мысал желісіне ден қойсақ, дария жағасына орналасқан шаһарлы мекендердің көптігі соншалық, Шыназадан шыққан мысық күмбезді шатырдан-шатырға секіріп отырып, Арал теңізіне дейін жетеді екен. Деректерге зер салсақ, Сырдария өзенінің қос қанатында қала мәдениетінің қалыптасқандығын айғақтайды. Археологиялық еңбектер бұл жерді адамдар неолит пен қола дәуірінде-ақ меңгергенін меңзейді. Ал қарқынды түрде б.з.д. I мыңжылдық пен б.з. I мыңжылдығында игерілгендігін алға тартады.

Б.з.д. VI ғасырға дейінгі Геродот, Плиний, Страбон мен Птоломейдің алғашқы мәліметтерінде Сырдарияны бактрийліктер «Яксарт», Александр Македонский «Танаид», Арал теңізін «Оксий қоспасы» деген. Бұл кезең қазақ жері мен оны мекендеген халықтар жайлы алғашқы мағлұматтардың пайда болуымен сипатталады (www.qazaly.kz). Ғалым Б.Д. Жұмақаева: «VI-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Испиджаю сияқты қалалар бой көтерді» (Жұмақаева 2014: 67-68), - деген сөзінен Ұлы Жібек жолының арқасында қазақ жерінде урбанизацияның қарқынды дами түскенің анық аңғартады. Ал Беляевтың хабарламасында Шірік-Рабат, Орынбай қала, Сырлытам кесенесі, Жетіасар ескерткіштері, Жанкент, Жент қалалары мен Қорқыт ата кесенесі жайлы біршама деректер жиналған. Ғалым А.И.Левшиннің Сыр бойындағы Жанкент,

Жетіқала (Жетіасар), Құмқала, Көбенқала, Құлшұқтам, Сырлытам, Күйіктам ескерткіштеріне сипаттама бере отырып, Сырдария жағасында ешқашан тіршілік тоқтамағандығын жазған (Байпақов, 2007: 16).

Жалпы алғанда, Сырдария өзенінің көне атауларының этимологиясы қалыптасып қойған. Ортағасырлық саяхатшылар мен тарихшылардың еңбектерінен Сырдария өзені «Сейхун», «Яксарт», «Сырсу» атауымен белгілі болса, тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Шәлекенов «Авеста» кітабына жүргізілген зерттеулерінде Ранхы өзенін Сырдарияның төл атауы деген пікір келтіреді (Шәлекенов, 2014: 37). Көне гректерден жеткен мәліметтен өзенді «Яксарт» атауымен кездестіреміз. «Yakhsha Arta», яғни, «Үлкен маржан» атауымен белгілі бұл өзенді Гай Лэ Стрэнждің «Шығыс халифат елдері» тақырыбында жазылған еңбегінде Сырдария өзенін жергілікті халық «Шаш» өзені деп атайтындығын, ал, XIV ғасырда моңғолдар бұл өзенді Гүлзариян деп атағанын жазады. Ал, түріктердің қойған атауы Сырсу болса, шығыс деректерінде «Сейхун» деген атпен аталғаны айтылады (Қожа, 2006: 23). «Сейхун» атауының қолданыстан шығуы моңғол шапқыншылығымен байланысты болуы мүмкін. Бізге белгілісі бұл өзен моңғол шапқыншылығынан кейінгі жазылған еңбектерде Сырдария атауымен кездеседі.

Ұлы Жібек жолының Оңтүстік бағытындағы жолында Сырдарияның үлкен де бай қалалары тұрды, олар туралы XVI ғасырдағы тарихшы Рузбихан былай деп жазды: «Ходжент (Сырдария) өзені Түркістан бекіністерінің арасынан ағып етеді. Сейхун өзенінен қазып шығарылған арналардың жағасында сондай асқақ көрінетін аса биік замонтар сияқты биік бекіністер ортасынан ағып жатқан өзен жұмақтың қуаныш-шаттығын айтып тұрғандай» (Асылбеков, 1996: 494).

Ерте ортағасырларда түркі мемлекеттерінің қалыптасуы, қала мәдениетінің дамуына байланысты Ұлы Жібек сауда жолының қазақ жерінің үстінен өтетін бірнеше тармағы қалыптасты. Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы қалалардың Ұлы жібек жолы сауда қатынасына қатысуы, бұл

қалалардың керуен жолдары бойында орналасуымен тығыз байланысты. Ортағасырлық жазба деректер негізінде Сырдың орта және төменгі ағысында бірнеше ескерткіштің орны белгілі. Олардың қатарына Фараб, Сауран, Сығанақ, Асанас, Жент, Жанкент кіреді. Көп жағдайда Ұлы жібек жолының Сыр өңіріндегі бөлігі және басқа да керуен жолдары тек жазба деректерде аталған қалалармен көрсетіледі.

Сырдария бойы сонау тас ғасырынан бері үзілмей ел қоныстанған құтты өлке. Сырдария біздің заманымызға дейінгі антикалық грек-рим тарихшылары мен саяхатшылардың еңбектерінде Яксарт, арабша жазбаларда Сейхун деп аталғандығын жоғарыда атап өткен едік. Тарихқа толы бұл өлкеде қазіргі кезеңде 300-ге тарта археологиялық ескерткіштердің орны белгілі.

Сырдария төменгі және орта ағысы мен Қаратау аймағының керуен жолдарын терең зерттеп жүрген М. Елеуов екі ірі бағытты көрсетеді. Оның біріншісі – «сол жағалық Сырдария жолы», Жизақ – Самарқанд – Артықата – Бұзық – Көктөбе – Қандыөз – Қаратөбе – Абызтөбе – Келінтөбе – Мейрамтөбе – Аққорған – Өзгент – Балапантөбе бағытын қамтыған. Соңғы аталған Балапантөбе қалашығынан батысқа бағыттылған керуен жолы Асанасқа қарай жүрген. Екіншісі, «Оң жағалық Сырдария жолы» бағыты Сайрам – Түркістан – Шолаққорған – Сығанақ – Күйеутам – Мортық – Бестам – Сұлутөбені Ұлы жолмен, ал Ұлы жол Қаратау мен Арал теңізінің аралығын байланыстырған (Елеуов, 2009: 36)

Т. Қартаеваның пікірінше Ұлы Жібек жолы Сығанақтан шыға берісте үш тарапқа тараған:

1) солтүстік-батысқа бағытта Ақсұмбе өткелі арқылы Сарысу өзенінің төменгі ағысынан жоғарғы ағысы бойымен, әрі қарай Қаракеңгірден ежелгі кеншілер қонысы Қарсақпай мен Жезқазғанға, одан әрі Ұлытау тауы етегінен батысқа Жайық аймағына, одан әрі Ресей мен Батыс Еуропаға;

2) Сырдарияның төменгі ағысын жағалай Жетіасар шатқалына, Жанкентке, әрі қарай Аралдың теңізінен асып Шығыс Еуропаға;

3) Жент қалашығы, Қуаңдария арнасын жағалай, одан әрі Хорезмге бағытталған (Картаева 2014: 15)

Сол жағалық Сырдария жолы Жизақ, Самарқанд сауда қалаларын ортағасырлық Артықата, Бұзық, Көктөбе, Қандыөз, Қаратөбе, Абызтөбе, Келінтөбе, Мейрамтөбе, Аққорған, Өзгент, Балапантөбені жалғап жатты, Балапантөбеден батыс бағытына жүрген жол Асанас қаласына апарған.

Асанас қаласынан сауда жолы үш бағытқа бөлінген: солтүстік-шығыс жол Жетікөл, Қайырсуат, Сұлутөбе, Көпрабат, Дариялықтақыр, Телікөл, Сарысу бағытына апарған; оңтүстік-батыс жол Іңқардария, Көксеңгір, Қожақазған, Сырлытам, Ұйғарақ, Бестам бағытын жалғаған; солтүстікбатысқа бағытталған жол Қуаңдария, Қышқала, Жент, Сырлыасар, Қараасар, Құмасар, Үңгірліасар, Моншақтыасар, Аққала, Шахасар, Сортөбе, Жанкент, Кішікүйік, Арал теңізі Берг бұғазы, Дәулет тауы, Аралдың оңтүстік-батыс жағалауы, Тұщыбас түбегі, Бозай бағытын жалғап жатты. Оң жағалық Сырдария жолы Сайрам, Түркістан, Шолаққорған, Сығанақ, Күйеутам, Мортқы, Бестам, Сұлутөбені Ұлы жолмен, ал Ұлы жол Қаратау мен Арал теңізінің аралығын жалғап жатты. Жент қаласының саудасы қызған ірі базарына көпестер пайда тауып, қазынасын толтыру мақсатымен келген (Елеуов, 2009: 40).

Келтірілген жол жайлы жарияланған еңбектер мен карталарда Сығанақтан шыққан керуен жолды тура Асанасқа немесе Жентке тірейді. Олардың арасы бірнеше жүздеген шақырымды құрайды және Сығанақ өзеннің оң жағалауында, ал Асанас сол жағалауында орналасқанын ескерсек, екі арада өткелдер мен қоныстардың (керуен сарай) болуы заңдылық. Ортағасырлар кезеңінде төменгі Сырдарияның мол суы бірнеше арналармен (Іңкәрдария, Жаңадария, Нәнсай, Қараөзек) ағуы қоныстардың орналасуы мен керуен және көші-қон жолдарының өзгеруіне де алып келді. Ескерткіштердың

географиялық орналасуы Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі және Сырдария аудандарын қамтиды.

IX-XII ғасырлар аралығында ислам дінін ұстанған оғыз бен қыпшақ тайпалары өмір сүрген. Сол дәуірдегі Сырдарияның төменгі бөлігінде орын тепкен Жанкент, Баршынкент, Сығанақ, Асанас қалалары барлығы Жент өлкесі болып саналған. Сол кезеңде бұл қаланың жанданғаны соншалық Арал теңізін Жент көлі деген деректер де кездеседі (Байпақов, 1992: 127-128).

Аталған кезеңдерде Шу, Талас және Сырдария аңғарларында қалалық орталықтар қалыптасады, оларға мұнаралы дуалдармен қоршалған егіншілік қоныстар негіз болған еді. Қазір олардың көпшілігі Тянь-Шанның тау етегіндегі өңірінен, Арыс аңғарынан, Сырдарияның орта және төменгі ағысынан табылды. Бұл қалалар Арал өңірінің құрғақ шөл аймағында, Жетісар алқабында әсіресе жақсы сақталған. Олардың күн күйдірген сары дуалдары осы кезге дейін асқақтап тұр, сүйір ұшты мұнаралардың үңірейген көздері жазық далаға қарайды, ал тақырлардың астында ертедегі зор мазарлар жасырынып жатыр (Асылбеков 1996: 495).

Байқағанымыздай, Сыр бойында қала мәдениетінің дамуына көптеген факторлар әсер еткен. Оған Ұлы Жібек жолының да тигізген мол ісері барф анық. Сауданың қарқынды жүруі, ақшаның айналымға енуі, халықтар арасындағы мәдени байланыстың пайда болуы, соның негізінде тұрмыстың өзгеруі – бәрі де қалалық мәдениеттің дамуына алып келді. Отырықшы өмірдің негізінде егіншілік шаруашылығы да қарқынды дами түсті. Сыр бойында қалалық мәдениеттің қалыптасуының себебі сол болған еді. Ол туралы тарихшы Б.Д. Жұмақаева былай дейді: «Егін шаруашылығы елдің Оңтүстігінде, Сырдария, Арыс, Бадам өзендері алқабында, Жетісуда Шу, Талас, Іле өзендері бойында біршама жақсы дамыды. Орталық Қазақстан егіншілікпен судың тапшылығына байланысты тек өзен алқаптары мен тау бауырындағы жерлерде ғана шұғылданды. Елдің барлық жерлерінде егіншілік кәсіптері мал шаруашылығымен ұштасып жатты» (Жұмақаева 2014: 67).

Алайда қазақ жерінде болған ортағасырлық саяси оқиғалар, шапқыншылықтар мен соғыстар сауда қатынастарының ырғағының өзгеріске ұшырап отыруына тікелей әсер етті. Моңғол шапқыншылығы әсерінен сауда орталығы болған қалалардың қирауы, Әмір Темір мемлекетінің ыдырауы, Қазақ хандығының құрылуы себепті керуен жолдарының бағыттары да өзгеріске ұшыраған. Сауда қатынасы бірте құлдырып, бірде қайта жанданып отырды.

Испиджаб (Сайрам). Ұлы Жібек жолының қазақ жерінен өткен аймағындағы алғашқы бірегей ірі қала Испиджаб болды (9-сурет). Қалаға осы аймақтың барлық сулары - шығыстағы Талас-Шуда, солтүстік - батыстағы Сырдарияның орта ағысына дейінгі аумақ енген. Қазіргі уақытта Сайрам ауылының оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 км жерде орналасқан (Байпақов К.М., 1992: 42). Қаланың үлкендігі туралы Б.Д.Жұмақаева да айтып өткен: «Қазақстанның оңтүстігінде басты және ірі қалаларының бірі – «Исфиджаб (қазіргі Сайрам) болды» (Жұмақаева 2014: 66).

Испиджаб жазба деректерде VII ғасырдан-ақ белгілі. Сюань Цзяньның жол көрсеткішінде аталған қаланы «Ақ өзендегі қала» деп атаған. Испиджабтың бұлай аталуы – кейінірек Махмұд Қашқаридің XI ғасырда келтірген мағұлматтарының арқасында айқын болды. Ол: «Сайрам – Испиджаб деп аталатын ақ қаланың (Аль-Мединат әл-Байда) атауы. Оны кейде Сайрам деп те атайды», - деп жазған екен (Қайыркен, 2020: 245).

XIII ғасырда өмір сүрген араб географы Йақұт әл-Хамауидің «Му‘жам әл-булдан» еңбегінде Испиджаб деп аталатын көлемді мақаласы бар. Мақаланың басында Йақұт Испиджабтың орналасуы туралы мәліметтер келтіреді. «Испиджаб –Түркістан шекарасындағы Мауараннахрдың атақты қалаларының ішіндегі үлкен қаланың аты. Оның кең аумағы мен көптеген қала тектес ауылдары бар. Және де ол бесінші ықылымда. (Оның) бойлығы 98°10′, ал ендігі 39°50′-тең» (Көмеков 2011: 179-180).

Испиджаб ең ірі әкімшілік орталық ретінде ғана емес, өтпелі сауда орталығы ретінде де танымал. Қалада көптеген сауда

ғимараттары болды. Керуен сарайлары Нахшеба, Бұхара, Самарқанд саудагерлеріне тиесілі еді. Халықаралық сауда Орталық Азия мен Шығыс шығарған және XI-XII ғасырларда Испиджабтың өзінде шектелген жергілікті теңгемен жүргізілді. Испиджабтан ақ маталар, қару-жарақ, қылыштар, мыс және темір басқа жерлерге жеткізілді.



9-сурет. Испиджаб қаласының орны

Қала бүкіл Шығыста құл саудасының орталығы ретінде де танымал болды. Онда түрлі түркі тайпаларынан тұтқындар қатал соғыстар кезінде сатылып, әкетілді. Ол туралы «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін» атты еңбекте де айтылған: «Жібек жолындағы аса ірі орталықтардың бірі Испиджабқа беттейді. Мұнда түрлі елдердің саудагерлері тоқтаған, қалада Бұхараның, Самарқандтың көпестеріне қарасты сауда құрылыстары мен керуен-сарайлар болды, ал Испиджаб көпестері Мерв, Балх, Бұхара мен Хорезм көпестерімен бірге Бағдаттағы Харба ибн Абдаллах әл-Балхи рабадында өз факторийін ұстаған.

Испиджабтан құлдар, ак маталар, қару, семсер, мыс пен темір тасылған. Испиджабтан керуендер Шығысқа, Шарап, Будахкет калалары, Тамтаж және Абараж керуен-сарайлары арқылы Таразға беттеген (Асылбеков, 1996: 495).

Қалада қолөнер өте дамыған еді. IX-X ғасырларда Испиджаб пен Қазақстанның оңтүстігіндегі басқа қалалардың билеушілері балқытылған керамикадан бұйымдар жасауды үйренді. Шыны өндірісі, темір ұстасы, медицина, зергерлік бұйымдар өндірісі бекітілді. Қала ірі ауылшаруашылық өнеркәсібінің орталығы болды, оның тұрғындары дәнді дақылдар отырғызды, көкөністер мен жемістер жинады, ірі қара өсірді, қой ұстады.

Сайрамда «әулие жерлер» мазарлар көп болған. Олардың көбі әлі күнге дейін сақталған. Ең ежелгісі XI-XII ғасырларда өмір сүрген Падишах Малик немесе Мир Али бабаның мазары. Сонымен қатар Ахмет Иасауидің ата-анасы Ибраһим ата мен Алаша ана жерленген мазарлар да бар. Көне Сайрамның жобасын, ішкі қамалдың, шахристан мен рабаттардың бұрынғы орындарын анықтау қиын. Өйткені сол кездегі қалашықтың үстін қазіргі Сайрамның құрылыстары басып қалған екен. Ежелгі Сайрам каласының аймағы бір қарағанда қым-қиғаш шатасып кеткен болып көрінеді. Алайда қала кварталдары, көшелері мен бұрылыстары бір орталықтандырылған жобамен салынғаны көрініп тұр. Бекіністің орталық бөлігі бұрынғы шахристанның пішінін қайталаған болуы керек. Қала аймағындағы мұнаралары бар қорғандардың қалдықтары әлі күнге дейін сақталған. Кезінде шахристанға үлкен жасыл желек жамылған сауда-қолөнер аудандары жалғасып жатқан. Дуалмен қоршалған қабырға қалдықтарын қазіргі күні құрғап қалған Сайрам-Су өзенінің жағалауынан байқауға болады (Байпақов, 2007: 170).

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстары барысында айналасы төрт қақпалы дуалмен қоршалған, көлемі 28 га жерді алып жатқан қала орны анықталған. Қала ішінде көптеген мазарлар сақталған. Ең көнесі – Падишах Мәлік баба мазары. Бұл ескерткіштер 9 – 18 ғасырларға жатады. VI ғасырда тез өсіп- жетілген Испиджаб оңтүстіктегі ірі сауда және

мәдениет орталығына айналды. VII ғасырда Орта Азияға арабтар келген кезде бұл қала гүлденіп тұрған еді. 714 жылы араб әскерінің қолбасшысы Кутейба Шаш (қазіргі Ташкент) қаласын алғаннан кейін Испиджабқа үлкен жорық жасады. Бірақ бұл төңіректегі елдің күшті қарсылығы арқасында көп ұзамай кейін шегінді. Испиджабты өз резиденциясына айналдырмақшы болған араб қолбасшысының жоспары жүзеге аспады. IX ғасырдың басында Испиджаб қарлұқ мемлекетінің құрамына енді. 840 жылы қарлұқ көсемі және Испиджаб басшысы Білге Құл Қадырхан қаған атағын алды. Бірақ сол жылы Испиджаб Орта Азиядағы саманилер шабуылына ұшырады. Саманилермен болған шайқаста Білге Құл Қадырхан қаза табады. Мұнан кейін мемлекет билігіне оның екі ұлы таласты. Үлкен ұлы Базар Арсыланхан Баласағұн (Шу өзенінің бойындағы қала) аймағын билейді, ал екінші ұлы Оғұлшақ Қадырхан Тараз (бұрынғы Талас қаласы) аймағын билейді. Тараз қаласын 993-жылы саманилер басып алғанда, Оғұлшақ Қашқарияға қашуға мәжбүр болады. 840 жылы саманилердің Самарқандағы билеушісі Нұх ибн Асад Испиджабты жаулап алады. Бұл аймақты жер өңдеу мәдениеті сол заманда аса күшті дамыған болатын. Самани билеушісі Испиджабты және оның аймағындағы егістік (жүзім мен астық) жерлерді сыртқы шапқыншылықтардан қорғау үшін көптеген қорғандар соқтырды. Алайда Испиджаб Самани мемлекетіне түгелдей бағынышты болған жоқ. Қала және оның аймағын жергілікті түркі тайпалары биледі. Испиджаб аймағы өте үлкен болды. Оның шекарасы солтүстік-батыста Сауранға дейін, ал шығыста Талас аймағына дейін созылды. Испиджаб аймағы саманилер арқылы мұсылман діні тарады да, енді ол оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен діни орталыққа айнала бастады. X ғасырдың ақырында, яғни 990 жылы Испиджаб Қарахан мемлекетінің қарамағына енді. Қарахан әскері саманилерді Испиджаб аймағынан түгелдей ығыстырды (Қазақ мәдениеті, 2010: 534-535).

Испиджаб 13 ғасырдың басына дейін, яғни Моңғол шапқыншылығы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия мен Орта

Азияның көршілес аймақтарының мәдениетінің дамуын тоқтатқанға дейін өркендеді.

Қала туралы XIV-XVII ғасырлардағы жазбаша деректер аз. Алайда кейінгі ортағасырларда Испиджабтың Орталық Азиядан солтүстікке, Орталық Қазақстан, Шығыс және Моңғолия көшпелілеріне апаратын жолдардың қиылысында орналасуы қалалық және отырықшы өмір салты бар бұл аймақтың маңызын арттырды. Қала тек сауда жолдарын ғана емес, Оңтүстікке, Орта Азия иеліктеріне және қазақ даласына дейінгі жолдарды бақылайтын басты «стратегиялық орталық» болғандығы анық.

Қытай ғалымы Су Бэйхай өзінің «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде Испиджаб туралы құнды мәліметтер қалдырған және қаланы отырықшылық өркениеттің, қала мәдениетінің жарқын айғағы ретінде көрсеткен болатын. Ал Қытай саяхатшысы Сюань Цзан өз еңбектерінде былай дейді: «Талас қаласынан оңтүстікке қарай оншақты ли келетін жерде Сюгу қаласы бар... Осы жерден оңтүстік-батысқа қарай 200 лиден астам жол жүрген соң, Байшуй (Ақсу) қаласына жеттік. Қаланың айналасы 6-7 ли келеді. Жергілікті өнімдері мол. Ауа райы жанға жайлы», - деп келтірген. Осындағы Байшуй қаласы ерекше назарды аудартуды қажет етеді. Себебі қытайша «Байшуй» сөзі «ақ сулы қала» деген мағынаны білдіреді екен (Қайыркен, 2020: 245).

М. Қашқаридің «Түркі тілдері сөздігінде» қала атауы Испиджаб деп кездеседі және онда: «Сайрам – Исфиджаб деп аталатын ақ қаланың аты» делінген. Соғды-парсы тілінде оның мағынасы тағы да «ақ су» дегенді білдіреді. Қытайдың «Юань хандығы тарихында» аталмыш қала Сайланчэн, яғни Сайрам қаласы деп аталғандығын көре аламыз (Еженханұлы 2005: 37). Соның негізінде, Сайрам мен Испиджаб атауының бір қалаға қатысын және мағыналық байланыс барын анық көре аламыз. Тек Сайрам Испиджаб қаласының кейінгі атауы болып қалыптасқан.

Ибн Хаукал (X ғ.) бойынша Испиджабтың «төңірегіндегі қалалардың арасында Бадухкет, Субаникет, Тараз, Атлах, Шелджі, Кедер, Сүткенд, Шауғар, Сауран және Уасидж. Субаникет – Кенжид округінің басты қаласы», -деп көрсеткен. Ал әл-Мақдиси (X

ғ.) өз зерттеуінде қаланы «Бұл даңқты шекаралық бекініс және дін үшін соғысатын жер» деп сипаттап, Испиджаб округіндегі қалалар туралы барынша толық мағлұмат береді: «Испиджаб ауа райы бір қалыпты ықылыммен шектесіп жатыр. Бас қаласының атауы да Испиджаб. Испиджабқа қарасты қалалар – Хурлуғ, Жумушулағу, Арсубаникис, Бараб, Шауғар, Сауран, Турар Зарах, Шағлжан, Балаж, Барукет, Бурух, Яганкет, Азахкет, Деһ Нужикет, Тараз, Балү, Жикил, Барсхан, Атлах, Жамукет, Шалжи, Кул, Сус, Такабкет, Деһ Науи, Кулан, Мирки, Нушкет, Лақра, Жамук, Урду, Науикес, Баласағұн, Лабан, Шуй, Абалығ, Маданкет, Барсийан, Балағ, Жакаркан, Йғ, Йкалығ, Рауанжам, Катак, Шур Жашма, Діл, Ауас, Жаркерд» (Ильясова, 2016: 57-59).

Бұдан шығатын қорытынды, жоғарыда аталған аймақтар іс жүзінде болмаса да, номиналды түрде Испиджабтың экономикалық, саяси, мәдени ықпалының астында болды. Соның негізінде Испиджаб пен оның жерлерінің саяси рөлі қаншалықты жоғары болғандығын байқауға болады.

Сығанақ. Ұлы Жібек жолы бойындағы саудасы мен қолөнер кәсібі қатар дамыған атақты қалалардың бірі – Сығанақ қалашығы (10-сурет). Қазақ халқының тарихында Сығанақ қалашығы ерекше орын алады. Себебі, бұл Қыпшақ хандығының астанасы, одан соң Ақ орданың астанасы, көшпелі өзбектер ханы Әбілқайырдың басқару ордаларының бірі атанған қала. Ал Қазақ хандығы құрылғанда Түркістан қаласымен қатар осы Сығанақ қаласы қазақ жерін басқару орталықтарының біріне айналды. Жазба деректерге және қаланың географиялық орналасқан жеріне қарағанда, қала ортағасырлардағы Қыпшақ хандығы мен Орта Азия қалаларының сауда жасайтын тоғыз жолдың торабының түйіскен жерінде орналасқан.

X ғасырда белгілі болған Сығанақ өзінің географиялық орналасу жағдайының аса қолайлығына қарай XI ғасырдан бастап таныла бастайды. Сығанақ қаласы жайлы алғашқы деректер X ғ. анонимдік «Худуд ал-алам» географиялық трактатында кездеседі (Елеуов, 2009: 37). X ғасырда өмір сүрген араб географы ал-Мукаддаси (Мақдиси) Сығанақты Отырармен кіндігі бір егіз қала

деп көрсеткен. Екі қаланың ара қашықтығы 24 фарсақ (160 км). Ал, атақты түрік тілінің тұңғыш ғалымы Махмұт Қашқаридің XI ғасырда жазған «Дивани лұғат ат түрік» атты үш томдық еңбегінде «Суғнақ оғыздардың қалаларының бірі» деп жазылған (Байпақов, 2007: 17) Бұл хабарлар Сығанақ қаласының Қараханид мемлекетінің кезінде (X-XII ғғ.) өмір сүргендігін дәлелдейді.



10-сурет. Сығанақ қаласы орны

Ал XI ғасырдың бас кезіндегі жазба деректерде қала қыпшақ хандығының басты қаласына айнала бастаған. Яғни XI ғ.–XIII ғ. Басы. Бұл кезеңде Сығанақ жайлы мәліметтер парсы тарихшылары Жувейни, ал-Бағдади және ан-Насави еңбектерінде кездеседі. Ол ежелгі түрік қалаларының бірі, мұсылман деректерінде Сығанақ «Дарь-уль-куфр» (дінсіздердің ордасы) атанып келген. Себебі, Сығанақ XII ғ. соңы XIII ғ. басында әлі де мұсылман дінін қабылдай қоймаған, тәңірге табынған Қыпшақ хандығының астанасы еді. Академик В.В.Бартольд та «Абдулла-намеге» сүйене отырып, «ол ежелден Қыпшақ хандарының астанасы» деп жазған. Тарихшы Зардыхан Қиянатұлының пікірінше, «Сығанақ» атауы түрікшеден аударғанда «**қамал, қорған**» деген мағына береді (Жолдасбаев, 2010: 87).

Бұл ескі қаланың маңындағы тұрғын қазақтар өздерін «Сунакатаның тұқымымыз, біз қазаққа қосылмаймыз» дейді. Қаланың бір маңыздылығы осы өңірге Ислам дінін таратуда басты рөл атқарғандығы. Бұл қалада туып-өскен Сунақ атаның және оның ұрпақтарының Ислам дінін таратудағы еңбектерінің зор болуы, қалада мешіт-медреселердің салынуына және ғұлама ғалымдардың дүниеге келуіне әсерін тигізген. Сондықтан да бұл қаладан Шайхы баба Сығанақи, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығанақи сияқты ғұламалар шыққан. Мұның да тарихи мәні бар сөз. Өздерін «сунақ» деп атайтындардың тегі ескі Сыгнақ қаласымен байланысты екенін бірнеше автор айтқан болатын. Зерттеуші Т.А. Жданко қарақалпақ этнонимі алғаш рет Бұхар ханы Абдолланың грамотасында 1598 жылы кездесетінін, оның өзі Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Сыгнақ қаласының маңында екенін айтады (Якубовский 1929: 122, 136). Сунақ этнонимі қарақалпақ халқының құрамында бар. Олардың шежіресі бойынша қарақалпақтың құрамындағы он төрт рудың бірі - казаяқлы атанады. Ал казаяқлының атасы - Сунак. Қазаяқлы атануы оның таңбасы қаздың аяғына ұқсас болуымен байланысты.

Т.А. Жданко былай деп жазады: «Прозвище легендарного предка каз-аяклы – «Сунак», вероятно, связано с городом Сыгнак на Сырдарье, где каракалпаки обитали и были под политическим влиянием Бухары еще в конце XVI в., как об этом свидетельствуют уже упоминавшиеся нами «сыгнакские документы». Сөйтіп осы атаған мәліметтер негізінде Сыгнак қаласының аты мен Сунақ этнонимінің арасында тығыз байланыс бар екенін аңғаруға болады.

Зерттеуші Б. Орузбаева түрік тілінде басқа шығыс түркі тілдерінде кездеспейтін сөз жасау формалары бар екенін айта келіп, ол формалар басқа мағынада қолданылады - дейді де, мынандай мысал келтіреді: «Например, в турецком наряду с сыгынмак - «укрыватьсся», есть слово сыгынак - «убежище», наряду с ушмак - «летать», слово ушук - «самолет». Из этих примеров наглядно видна функциональная особенность формы -ак (восходящей к -мак) в турецком в сравнении с киргизским языком». Б. Орузбаева мұнда түркі тіліндегі «сыгынмак, сыгынак»

сөздерінің мағынасын дұрыс ашқан. Бірақ -ақ журнағы -мақ жұрнағынан туды деуі дау туғызады. Сығын сөзі XI ғасырдағы М. Қашқаридің еңбегінде бар. Онда былай деп берілген «сығынды: кэ,)к турағқа сығынды». Бұның мәнісі «киік орынға жасырынды» деген сөз. «Көне түркі сөздігінде» бұл сөзге «от сығ - укрываться» деген түсінік берілген (Әбдірахманов 2010: 185).

Сығын - «искать защиты, искать убежища» деген мағынада XIV ғасырдағы Рабгузидің шығармасында кездеседі (Малов, 1951: 424). В.В. Радлов Осман түріктерінің, қырым татарларының, алтай, телеут тілдерінде сығын (мак)//сықын (мак) сөздерінің бір мағынасы «отступать, прятаться, искать убежище, защищаться» деп көрсеткен. Қазіргі азербайжан тілінде «сығанақ», «сығыначак» – убежище, приют, сығынмақ – приютиться, искать убежище; прятаться» деген мағынаны білдіреді. Сөйтіп бұл келтірілген дәлелдер түрік, азербайжан тілдеріндегі сығын (искать, убежище) етістігіне есім тудыратын -ақ жұрнағы қосылу арқылы жасалғандығын дәлелдейді. Ал қазақ тілінде сөз ортасындағы ғ дыбысының түсіп қалуы кең тараған құбылыс. Сөйтіп, тарихи Сығанақ қаласының аты Сұнак формасына көшкен: **Сығынақ>Сұнақ**.

Оғыз-селжұқ саласындағы «ағайындарынан» алыс осман түріктері тілінде «Сығынақ» пана, панажай, баспана және бас сауғалайтын, тығылатын, тасаланатын, қалқаланатын орындар, жертөле, үңгір пана, қалқанша» мәндеріне саяды екен.

Топонимика саласының белгілі зерттеушісі А. Әбдірахманов «Сығанақ» этимологиясы туралы өз топшылауларын жинақтай келіп «Сығанақ – қорғаныс, бекініс» мәніндегі сөз дегенді айтады (Әбдірахманов, 2010: 186).

Ежелгі «оғыз шәһарының» (немесе «оғыздар еліндегі шәһардың) X-XIII ғасырлардағы аты Сунах (Сунаһ), Суғдақ болса, хижраның 772 жылы (1374-1375ж.) осында соғылған теңгелердің бетінде бұл араб әрпімен «Сғнақ» деп анық жазылған. Бұл «Сығынақ» немесе «Сығәнақ» деп оқылмақ. Теңгедегі жазудың түгел мәтіні «Зәрб Сығынақ (Сығәнақ) әл-жәдид», яғни «Жаңа

Сығанақ зерлемесі (теңгесі)» деп көрсетілген (Жолдасбаев, 2010: 114-115).

Халықаралық саудада өз орнын қалыптастырған ортағасырлық қала жайлы әр жылдары жүргізілген археологиялық деректерді (Жолдасбаев 2019) ортағасырлық автор шығармаларындағы деректермен дәлелдеудің мүмкіндігі бар. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Записки Бухарского гостя» атты шығармасында Сығанақ қаласын сипаттай келе, «Владение Сыгнак — конец благоустроенных земель северной стороны области Дешта. В старину он был очень большим, цветущим городом. Вся эта область весьма благоустроена и возделана, и всему тому краю содействовали всякого рода блага, спокойствие. Этот город в действительности является пограничной заставой Дешт-и Кипчака ...». Рузбихан шығармасында сонымен қатар қаланың сауда қатынастары мен қала базарларына келіп саудаланатын тауар түрлері жайлы да: «В эту страну со стороны Дешта, из Хаджи-Тархана доставляют множество благ, жирных овец, коней, верблюдов и другие ценные товары, как-то: шубы из меха киша и тина, то есть из соболя и белки, тугие луки, стрелы из белой березы, шелковые ткани и другие драгоценные изделия», - деген сияқты құнды мәліметтерді көре аламыз. Монғол шапқыншылығына дейін отырықшы-егіншілік оазисінің орталығы ретінде танымал болған қала, XIV ғасырдан бастап теңге сарайы бар ірі саяси және экономикалық орталыққа айналғандығы анық. Қаланың өркендеп дамуына, Еуропадан Орталық Азияға келетін сауда жолының Сыр өңірі арқылы өтетіндігі тікелей ықпалын тигізгенге ұқсайды (Алдабергенова, 2019: 24).

Сығанақтың ортағасырлық қазақ тарихында алатын орны жайлы мынадай тұжырымдар жасауға болады: қала Қазақстанның қала өркениетінің, суармалы егіншіліктің, отырықшылықтың ежелгі орталығы ретінде танымал. Сәулет өнері ескерткіштері жайлы Хафиз Таныш «Шараф-наме-йи шахи» шығармасында «1582 ж. Абдаллах хан Сығанақты аралап, Ходжа ханның қабірінің басына қойылған күмбез тәріздес құрылыс орнына келіп аялдайды» (Ибрагимов 1969: 288) деген жолдар жазады. Осындай

құрылыс ескерткіштерін салу барысында жинақталған тәжірибе тұрғын және шаруашылық мақсатта қолданылатын үй жайларды салуда жинақталғаны анық. Қазба барысында аршылған ғимараттар құландыларына және суармалы жүйелердің іздеріне қарай қала Х–ХІХ ғғ. аралығында ірі өркениет орталығы болғандығы жайлы баяндауға болады.

Фараб-Отырар. Ежелгі Отырар шұраты (11-сурет) Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында орналасқан. Оның жері Сырдарияның орта ағысы тұсындағы жағаларында орналасқан. Орта Сырдарияның алқабы, Тұран ойпатының бір бөлігі, Қызылқұм-Ортасырдария жазығына кіреді (www.lib.ukgu.kz/olketanu).



11-сурет. Отырар қаласының орны

Ғалым К.М. Байпақов: «Арыстың Сырдарияға құятын тұсында 300 шаршы шақырым жерде 150-ден астам ежелгі

қалалардың, елді мекендердің, кішігірім қожалықтардың және қарауыл мұнаралардың қтрандылары тұр» (Байпақов 2007: 182), - деген мәлімет келтіре отыра, сол жерлерде Алтынтөбе, Жалпақтөбе, Құйрықтөбе, Мардан, Пышақтөбе сияқты елдімекен орнында пайда болған төбелердің атауы болғандығын, соның ішінде Отырар ғана өз атауын сақтап қалғандығын айтады. Себебі, X-XII ғасырдың өзінде Отырарды қоршап жатқан қалалар қаңынап бос қалған екен. Ал оның бос қалуына, әрине, саяси факторлар әсер еткен еді.

Сырдарияны бойлай жүретін керуен жолындағы ең үлкен қалалар Отырар-Фараб пен Шауғар болды. Отырар көптеген керуен жолдарының тоғысатын торабында тұрғаны беліглі. Бұл жерден бір жол – Шауғарға, екіншісі Сырдария арқылы өткелден өтіп, Васидж каласына шығады. Соңғысы Шығыстың аса көрнекті ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері ретінде белгілі. XIII-XIV ғасырларда бұл кала Зернук деп аталған. Одан шыққан жол Сырдария бойымен жоғары өрлеп, оғыздардың Сүткент каласы арқылы Шашқа, төмен карай Жентке барған. Сол жерден Қызылқұм арқылы Хорезмге, Үргенішке, ал одан Еділ бойына, Кавказға баратын жол шығады. Жібек жолының бұл бөлігі әсіресе XIII ғасырда, Еділдің төменгі ағысында Алтын Орданың Сарай қаласы қалыптасқан кезде жандана түсті. XIII-XIV ғасырларда бұл жол Сарайшық, Сарай-Бату және Каффа арқылы өткен (Асылбеков, 1996: 498).

Жалпы, Отырар – арғы тарихы екі мыңжылдықтан асатын, ең көне қалалардың бірі. Жазба деректер негізіне сүйенсек шамамен IV ғ.пайда болған – деседі. Отырар 8 ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі. Бұл атау Күлтегін және Білге қаған құрметіне арналған көне түркі жазбаларда кездеседі. 8 ғ-дағы араб географы Якут “Тарбанд, Тұрар, Тұрарбанд пен Отырар – бір қала” деп жазады. Араб тарихшысы Табаридің Отырар патшасын әл-Мамун халифтың жауларының бірі деп атағанына қарағанда, Отырар 9 ғ-дың өзінде-ақ ірі қала болған. Артынша Отырар қаласы «Фараб» - деп аталған. Бастапқы кездері қаланың даму сатысы өте баяу түрде жүзеге асқан болатын.

Алайда IXғ. Басында қаланың даңқы арта бастады. Араб жылнамаларында: «Фараб қаласы қазіргі Араб халифатының ең күшті жауларының бірі. Ол күн санап өсіп, нығайып келеді» - деп қауіптен жазған екен. Уақыт өте келе Фараб қаласының қалалық дәрежесі артып, үлкен тарихи аумаққа айнала бастағанын көруге болады.

Ғалымдардың зерттеулеріне зер салсақ, Отырар сияқты қалалар осы өлкеде III-IV ғасырларда салынған. Ғалым А.Әбдірахмановтың пікіріне сүйенсек, қаланың аты болып осы аймаққа иран халықтарына жататын соғдилар келгенге дейін түркіше аты «Отырар» болған (Әбдірахманов 2010: 213). Сөйтіп, Ғалым: «Отырар алқабына VI ғасырда соғдилардың келуіне байланысты қаланың аты «Пұрап» болып өзгеріп, ал кейін VIII-IX ғасырларда араб жаутершілігіне байланысты және араб тілінің заңдылығына сай Фараб болып өзгеріске түскен», - деп есептейді.

Ғалымның осы бір пікірін Е. Бекмұхаметовтың мынадай пікірімен ұштастыруға әбден болады: «Фарабты түрік әулеті қыпшақтар салған. Бұл қаланың түрікше қойылған аты саудасаттықпен қатынасып жүрген фарсы (иран) елінің феодалдарына ұнамауы мүмкін. Сондықтан олар, шаһар орналасқан Сырдарияның екі жақ кемері тұщы суға толы, берекелі екендігін білгендіктен болар, қалаға «Пұраб» деп жаңа ат қойған көрінеді....». Осы пікір негізінде, Отырар қаласының көне атауларының бірі Пұраб екенін аңғарамыз. Соынмен қатар, ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, «Пұраб» атауы екі сөздің қосындысынан туған күрделі біріккен атау. Ондағы «пұр» – парсы тілінде «толы, мол, көп, бай» деген ұғымды білдірсе, «аб» - парсыша «су» деген сөз екен. Сонда «Пұраб» сөзі «мол сулы» деген мағынаны білдірсе керек. Артынша VII-VIII ғасырларда араб халифаты Орта Азияны жаулап алып, жергілікті халықты ислам дініне бағындырғаны тарихтан мәлім. Бағынышты елдерге арабтар өздерінің нұсқауларын, әдет-ғұрпын, дін оқуын, жазуын, тілін күштеп енгізді. Бертін келе бұл жағдай Сырдария бойынша қоныстанған қазақ еліне де жайыла бастады. Көп заттарға арабтар өздерінше ат қойды. Соның негізінде «п» әрпі арабтың дыбыстық

заңдылықтарына сай «ф»-ға айналып, Пұраб-Фараб болып тұрақталды (Әбдірахманов, 2010: 213-214).



12-сурет. Отырар қалажұртының әуеден көрінісі

Ғалым Ә. Қайдаров Отырар қаласының араб шабуылына дейін (VIII ғ.) Кангюй мемлекетінің орталығы болғанын көрсеткен (Қайдар 1984: 35). X ғасырда ислам дінінің Орталық Азияға таралу себебінен Отырар арабша Фараб қаласы деп аталған. X ғасырда Фараб қаласынан көптеген ғалымдар шыққан. Фарабтық ғалымдардың ең атақтысы энциклопедист-ғалым Әбу наср әл-Фараби еді. Бүгінгі күнге дейін қазақтың арабтанушы ғалымы Әбсаттар қажы Дербісәлі Фараб қаласынан шыққан 30 шақты ғалымды тапты. Атақты ортағасырлық араб саяхатшысы әл-Мақдиси Фараб қаласы туралы: «Ол – өте үлкен шаһар. Жетпіс мыңға жуық әскер жинай алады, шаһристанында күмбезді мешіт бар, базары қала іргесінде орналасқан» - деп жазған Қалада

арнайы сауда орталықтары мен білім беру жүйесі қалыптасып, мәдениеттің алтын діңгегіне айналды (Дербісалиев 1995: 8).

1218 жылы Мұхаммед Хорезмшахтың Отырардағы билеушісі Қайырханның әмірімен Шыңғыс хан керуенінің саудагерлері өлтіріледі. Бұл Шыңғыс ханның Орталық Азияға шапқыншылық жасауына сылтау болды. Тарихи әдебиеттерде бұл қырғын «Отырар апаты» деген атпен белгілі. 1219 жылы күзде моңғол әскерлері Отырарға жетті. Моңғол шапқыншылығы салдарынан Отырар қиратылып, қала тұрғындары қырғынға ұшырады. Бірақ 1219 жылғы апаттан кейін Отырар қайта жанданды.

1255 жылы армян саяхатшысы Отырарды Сырдария бойындағы ірі қалалар қатарында атайды. Отырар дүниежүзілік саудада бұрынғысынша делдалдық рөл атқарды.

Қала туралы 1320 жылы Флоренция көпесі Пеголоттидің Азов теңізінен Қиыр Шығысқа дейінгі сауда жолы туралы жазбаларында да баса айтылған.

XIV ғасырда Ақ Орда хандары мұнда медреселер, ханакалар, мешіттер, кеңселер салдырды. Ғасыр аяғында Отырар Әмір Темір мемлекетінің құрамына кірді. Әмір Темір мұнда бірнеше рет болып, Шығыс жорығына дайындығы қызған кезде (1405) осында қайтыс болды. Әмір Темір мирасқорлары мен Мұхаммед Шайбани әулетінің қазақ хандарымен күресі барысында Отырар тағдыры тағы да сынға түсті (Байпақов 2007: 35-57).

XVI ғасырдың 2-жартысынан бастап қала қазақтардың билігіне біржолата көшіп, шамамен XVIII ғасырдың басына дейін болған.

Отырарда археологиялық қазба жұмыстары кең көлемде 1969 жылы Қазақстан ҒА-ның К. Ақышев басқарған Отырар археологиялық экспедиция ұйымдастырылғаннан кейін басталды.

Тарихқа тағы бір зер салсақ, IX-X ғасырлардағы деректер Отырарды Испиджаб қалалары құрамында атайды. Испиджабтың алғашында халифатқа, кейін саманидтерге бағынышты болуы тарихтан белгілі. Деректерде Фараб - Отырар ең алдымен ұзыны мен көлденеңі бір күндік жолға жуық алқапты алып жатқан округ

орталығы болғаны сипатталады. Ал IX-XII ғасырлар Орта Азия мен Қазақстан қалаларының өміріндегі өрлеу кезеңі басталғандықтан, жаңа қалалар пайда болып, ескі қалалар үлкейе түсуімен жалғасын тапты. Сөйтіп, қала жері рабадтар есебінен, яғни саудасаттық кәсібі жүргізілетін базарлар мен керуен сарайлар есебінен кеңейе түсті (Байпақов, 1992: 64).

Қаладан табылған материалдық мәдениет арасында осы заманға дейін жеткен шығыс моншасының құрылыстары және оларға тартылған су құбырларының маңызы ерекше. Мұндай құрылыстар Оңтүстік Қазақстандағы қазба жұмысымен жүргізілген Отырардан, Түркістаннан, Тараз, Ақтөбе, Талғар т.б. қалалардан табылды. Тарихи деректерге сүйенсек, монша мешіттен кейінгі адамдар ең көп баратын орын болды (Жұмақаева, 2014: 69).

Жалпы, тарихи-географиялық орнына қарай Отырар қаласы ірі сауда нүктесіне орналасқан. А.Н.Бернштам: «Орта Азияда бұдан ең қолайлы, ең қауіпті орынды табу қиын болатын», -деп атап өткен еді. Отырардан шыққан сауда жолы Тараз бен Баласағұнға, Шығыс Түркістанға, Шаш, Соғдыға, Мерв пен Нишапураға, Хорезмге, Кавказға қарай кететін (Айтаханов, 2005: 47).

Тарихшы Б.Жұмақаеваның еңбегіне сүйенсек, саудасаттықтың дамуы ақша айналысының өркендеуіне алып келді: «Қалалардың ішкі саудасында мыс ақша қолданылды. Қалалар арасындағы, сондай-ақ, сыртқы саудада байлық ретінде жинап сақтауға қолайлы алтынның орнына күміс ақша пайдаланылды. IX- XII ғғ. Отырар мен Ясыда, Тараз және Исфиджаб қалаларында ақша жасайтын теңге сарайы істеді» (Жұмақаева, 2014: 69).

Отырар алқабындағы Мардан қорымын қазған кезде қабірлердің біреуінен қытайдың біздің заманымыздағы I-IV ғасырларға жататын жеті «У- шу» теңгесі табылған еді. Бұл теңгелердің князь Чжан-Цзянның жолымен Батысқа, соның ішінде Кангюй мемлекетінің орталығы орналасқан Сырдарияның орта тұсына бет алған сауда керуендерімен байланысы болғанына ғалымдар күмән келтірмейді. Қытай деректемелерінде ол кездер

туралы былай делінген: «...жуырдағы кездің өзінде шетелдік иеленушілермен қатынастар орнатуды күткен және бәрінен бұрын алыс шет аймақтарда белгілі болу данкын қымбат тұтқан Қытай сарайы Кангюймен байланысын үзбеді» (Асылбеков 1996: 501).

Сонымен қатар, Отырардан табылған күміс көмбе мәні жөнінен сирек кездесетін, халықаралық сауданы зерттеу үшін маңызды олжалар санатына жататын жәдігер болып табылады. Көмбе монғол империясы дәуірінде Жібек жолының бойында тұрған қалалардың өзінше бір «визит карточкалары» тәрізді болған деседі ғалымдар (Асылбеков 1996: 502).

Міне, Отырар қаласының Ұлы Жібек жолы заманындағы негізгі орыны мен дәрежесінің қандай болғанын осыдан ақ аңғаруымызға болады. Менің ойымша Отырар, ең бірінші: Фарабидей даналаларды дүниеге әкелген, киелі орын саналса, екіншіден мәдени ошақтың биігі іспеттес.

Кедер. X ғасырдан бастап жазылған еңбектерден бұл территория Фараб уалаяты деген атаумен кездесе бастады. X ғасырда жазылған «Худуд ал-Алем» атты еңбектен «Параб – бай уалаят, оның бас қаласы Кедер деп аталады» - деген мәліметті кездестіруге болады (Қожа, 2006: 123). Бұл жердегі Кедер қаласы (13-сурет) қазіргі Қоғам ауылының солтүстік-батысынан 2,5 км жерде орналасқан Құйрықтөбе қалажұртымен сәйкес келеді.

Мұхамед ал-Истахри жазбасында Субаникенттен Бараб округінің бас қаласы Кедерге дейін екі күндік жер екендігі келтірілген. Ибн-Хаукалдың деректерінде Испиджаб округіне жақын орналасқан қалалар ретіне Кедер де аталады, және бұл деректерде Отырар аталмайды. Мақдиси қалдырған деректерде, Кедер Фараб округіндегі бой көтерген жаңа қала ретінде аталып, онда орталық мешіт барлығы және жергілікті халықтар арасында дінаралық қақтығыс болғандығы көрсетілген.

Кедер қаласындағы жергілікті халықтардың өзара қақтығысы туралы толығымен баяндалмаған, шамасы бұл қақтығыс жергілікті халықтар мен Сырдың орта ағысын жаулап алған оғыз тайпаларымен болған қақтығыс болуы мүмкін. Кедер қаласының негізі Оғыз мемлекеті құрылғанға дейін қаланған,

және саманиліктер билігі кезінде мұнда ислам діні кеңінен тарала бастаған (Сералы, 2020: 57).

Оғыз тайпалары ислам дінін қабылдағанға дейін отқа, пұтқа табынған, шамасы жоғарыда айтылған кішігірім қақтығыс исламды ұстанған жергілікті халықтар мен кейбір оғыз тайпаларының арасында болуы мүмкін. X ғасырда Кедер қаласы Фараб округінің бас саяси экономикалық орталық болуының себебі, бұл жерлерге Оғыз мемлекетінің нығайуының әсерінен.



13-сурет. Кедер қалажұртының көрінісі

Оғыз билеушілер жергілікті халыққа қысым көрсетпей, Сырдың орта ағысындағы дамыған қала мәдениетінің көркеюіне қолдау көрсете отырып, экономикалық жағынан дамуына ықпалын тигізген. Сырдария өзенінің алабы мен Қаратау бөктеріне дейінгі жерлерге билігін жүргізген оғыз жағбулары осы жерлерді басқару үшін саяси орталықтар құрған. Кедер қаласы Фараб округін басқаруға тиімді саяси орталықтың бірі болған. Ортағасырлық деректерге сүйене отырып, археологтар Кедер

қаласының қирандысының орнын толық анықтаған. Қиранды орны Отырар қалажұртының солтүстік-батысында 5 км қашықтықта орналасқан қазір Құйрықтөбе атауымен белгілі тарихи ескерткіш. Құйрықтөбе қалажұрты 1951 жылдан бастап археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған. Ауқымды қазба жұмыстары 1981 жылы жүргізіліп шахристан, цитадель аумақтарында VII-XII ғғ. кезеңдерін қамтитын құрлыс орамдары қазылып аршылды.

Кедер қаласын X ғасырда оғыздар салған және бұл қала Отырар (Фараб) қаласымен жарыса кеңейіп өсті (Байпақов 2007: 21). Кедер қалажұртының астаналық дәрежеде болғанын әл-Истахридің 933 ж. шамасында жазылған «Жолдар мен елдер» атты еңбегінен де кездестіруге болады. Аталған еңбектің XI–XII ғғ. жасалған парсы аудармасында «Кедер Фарабтың бас қаласы... Васидж де Фараб қалаларының бірі ... Фараб бұл өлкенің аты. Оның ұзындығы бір күндік жол. Алайда барлығы бекіністі. Өлке таулы болып келеді. Оның шетінде Шаш өзенінен суландырылатын жазық бар» деген құнды мәліметтер сақталған (Сералы 2020: 56-58). Құйрықтөбе сонымен қатар, Отырар өңірінен анықталған ең ежелгі мешіттің табылуымен де танымал болып отырған қала.

Шахристан аумағында жүргізілген жұмыстар барысында тұрғылыққа арналған тұрғын жайлармен қатар, көпшілікке арналған қаланың орталық жұма мешітінің орны анықталды.

Мешіт қабырғалары күйдірілген кірпіштермен қаланған, ғимараттың жалпы көлемі 36,5х20,5 м, қаланың құлдырау кезеңінде жергілікті тұрғындар қаланы жартылай тастап кеткен кезінде мешіттің құрылыс қабырғалары XIII-XIV ғғ. мұсылман зираттарының қабір құрылысына бұзылып алынған. Қазба барысында алынған материалдарды сараптау нәтижесінде мешіт X-XII ғғ. тән екендігі нақтыланған.

Цитадель аумағында жүргізілген қазба барысында салтанат сарайының орны аршылды. Қазба барысында ғимарат ішін қаптаған шала өртенген ағаштан жасалынған әрлеуіш тақталардың қалдықтары табылды. Бұл тақталарда түрлі стильде жасалынған өсімдік тәрізді өрнектер мен құдай бейнелері ойылып

салынған. Зерттеулер нәтижесінде бұндай бейнелер Пенжикент, Гиссар жоталарынан табылған бейнелерге өте ұқсас болып келетіндігі анықталды. Осы материалдардың негізінде зерттеушілер Кедер қалажұртында оттың, табиғаттың тылсым күшіне табыну діни-нанамдары соғдылықтар арқылы тарағандығы туралы тұжырым жасаған. Осыған қарағанда соғдылықтар мәдениеті Сыр бойындағы халықтар арасында саудагерлер арқылы тарап, сол жерлердегі діни ағымдарына етене араласып кеткен. Оғыз дәуірінде ислам діні кең тарай бастағанмен, заратризм діні біраз уақытқа дейін тұрақтап тұрған (Байпақов 2005: 27).

Оғыз державасының құлдырау кезеңінде Кедер қаласы да құлдырау кезеңін бастан кешірген. Қала Фараб округіндегі бас қала мәртебесін айрылып бұл өлкенің саяси орталығы ретінде қайтадан Отырар аталады. XII ғасырдың екінші жартысынан бастап қаланың негізгі бөлігібос қалған және шахристан бөлігі мұсылмандық жерлеру орнына айналған. Кедер қалажұртының рабат бөлігінд тіршілік тоқтамаған, әсіресе, монғол шапқыншылығынан кейін бұл жерлерде өндіріс ошақтары қайта көркейген. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде, Құйрықтөбенің рабат аумағынан кірпіш күйдіретін өндіріс орындары анықталынды. Шеберхана бірнеше кірпіш күйдіретін ошақтар мен тұрғылыққа арналған тұрғын үй орамдарына тұрады, шеберхана XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XIV ғасырға дейін қолданыста болған. Ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінен рабат аумағынан Құйрықтөбенің негізгі суландыру каналының бойында темір ұсталарының шеберханалары болған. Үлкен аумақты алып жатқан темір ұсталарының орамынан бірнеше шеберханалардың орны мен бірнеше жанұяға тиесілі тұрғын үй орамдары анықталынған. Әр шеберхананың өзіндік функциясы болған, бір шеберханада тұрмысқа қажетті темір бұйымдарын жасаса, екіншісінде арнайы рудалардан темір қортпасын бөліп шығаратын болған (Акишев, 1987: 178-187). Кедер қаласы X-XII ғғ. Фараб округіндегі үлкен сауда мен өндіріс орындары шоғырланған орталық болған, қазба нәтижесінде бұл

толық анықталынды. Оғыз державасы ыдырап қаланың негізгі бөлігі бос қалғанымен оның рабат аумағында тіршілік тоқтамаған.

Сауран-Сабран. Қалашық (14-сурет) Түркістан қаласының солтүстік батысынан 40 км қашықтық пен Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облысының қиылысынан 35 км қашықтықта орналасқан. XII ғасырда ірі сауда орталығы ретінде іргетасы қаланған. Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 30 шақырым жерде орналасқан орта ғасырдағы қалалардың бірі. Биіктігі 6 м қабырғамен қоршалған қалашықтың өлшемі солт-шығыстан оңт-батысқа қарай 800 м. солт.-батыстын оңт-шығысқа қарай 500 м мәдени қабатының биіктігі 2 м (www.lib.ukgu.kz/olketanu).

Қала жөнінде алғашғы жазба деректер X ғ. жарық көрген. Абу-л-Касым ибн Хаукалдың «Жолдар мен елдер» атты кітабында «Сабран- ғұздардың бейбіт заманда сауда келісімдерін жасау үшін бас қосатын қаласы. Ол өз заманына сай гүлденген қала» (Байпаков, 1981: 20-62). Кейіннен Сауран туралы Ибн әл Асир мен Якут Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі сауда – қолөнер орталығы ретінде айтып өтеді. XIII ғасырдың ортасындағы армян елшісі Гетумның жүріп өткен жолының бағытында ол «Савран» деген атпен Сығанақ (Сгнах), Қаршық (Карачук) және Йасымен қатар көрсетілген (Гандзакеци 1976: 224). X ғасырлар шамасында Сауранды көрген Ибн Хаукал: «Бұл Сауран – қала, мұнда ғұздар бітім және уақытша келісім, бейбітшілік кездерде сауда келісімдерін жүргізуге жиналған: ол бекіністі қала», - деп айтса, ортағасырлық автор әл-Мақдиси өз (X ғ.) «Ахсан ат-такасим фи-марифат ал-акалим» атты шығармасында «Сауран (Савран, Сабран) – үлкен қала, бірінен кейін бірі жеті қабырғамен қоршалған, онда рабад бар. Мешіт қаланың ішкі жағына салынған. Ол – оғыздар мен қыпшақтарға қарсы салынған шекаралық қамал», - деп суреттейді (Алдабергенова 2019: 157-158). М. Қашқари жазбаларында Сауран (Сабран) оғыз қалаларының бірі ретінде аталады.

Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атымен белгілі шығармасында келтірілген мынадай жолдар дәлелдей түскендей: «Сауран бекінісінің тірегі мықты бекітілген, өте күшті әрі ірі қамал

болып табылады, тіпті тағдыр қолы ешқашан да оның дуалының түбіне жете алмады». Шығармада Сауранның сол кезеңнің жасыл-желекке оранған, гүлденген қала екендігін айқындайтын мынадай жолдар кездеседі: «Хан қалаға түскі намаз уақытында жетіп, қала шетіндегі бау-бақшада аялдады да, қала төңірегін, мұнараларын, дуалын, қалаға кіретін және шығатын қақпаларды асықпай қарауға көшті». Сауран қаласының қорғаныс жүйелері мен қамалының мықтылығы жайлы автор мынадай жолдар келтіреді: «Сауран қаласы жақсы бекінген қала. Аспан астында мұндай мықты бекінген, қорғанының биіктігі аспан денелеріне дейін жететін.



14-сурет. Сауран қаласының орны

Қамал орының тереңдігі сонша ағып жатқан өзенге ұқсайтын. Осы ордан қорғанның ең биік нүктесіне дейін 50 гыз шамасында ...» (Пищулина, 1969: 17-21).

Қала туралы құнды деректер мұнда 1514-1515 жылдары өмір сүрген ақын және жазушы Васифидың мемуарларында

кездеседі. Ол: «Оның айванының иықтарына орасан зор және аса келіскен екі биік мұнара қойылған. Ол мұнаралардың «гулдастына» екі шынжыр бекітілген, ал әр мұнараның күмбезінің астына бөрене (чуб) орналастырылған; біреу-міреу бөренені қатты күшпен қозғалысқа келтірсе, шынжыр тербеледі де, қарама-қарсы мұнарада тұрған адамға мұнара құлап кететін сияқты көренеді, ал бұл – әлем ғажаптарының бірі», - деп, қалада ерекше етіп салынған теңселмелі екі мұнарасы бар медресе туралы құнды мәлімет қалдырып кеткен (Байпақов, 1992: 84).

Сырдың орта ағысында Оғыз мемлекетінің негізі қаланған кезде Сауран Сырдың төменгі ағысындағы жерлермен байланыстыратын шекаралық қала болған. Оғыз мемлекеті кемеліне келгесін ауқымды жерді тиімді басқару үшін оң қанат, сол қанат (Ескі Гузия, Жаңа Гузия) болып екіге бөлінген. Осы екі қанаттың арасындағы шекаралық қала Сауран болуы мүмкін. Ертедегі атауы сақталынып қалынған ескерткіштердің бірі - ол Сауран. Қазіргі біз білетін Сауран қалажұртының негізі XIII ғасырда қаланған, ал моңғол дәуіріне дейінгі қаланың орны қазіргі Сауран қалажұртының шығысында 3 км қашықтықта орналасқан Қаратөбе ескерткіші екендігі археологиялық зерттеулер барысында анықталынған. XI ғ. екінші жартысында қыпшақ мемлекетінің жаугершілік соғыстары барысында қала қиратылып, біршама уақыттан кейін қазіргі Сауран қаласы қайтадан бой көтерген.

Шыңғысханның шапқыншылығы жайлы жазылған деректерде Сауранның аты аталмайды. Бірақ XIII ғасырда Сырдария арқылы өткен армян патшасы Гетум қаланы Савран деп, Сығанақ (Сгнах), Қарашық (Харачук), Иасы (Асон) қалаларымен бірге атап жазған. Ғалымдардың пайымдауынша, моңғол шапқыншылығынан кейін қала орнын ауыстырып, басқа жерден салынған. XIII ғасырға дейінгі Сауранның орны қазіргі Қаратөбе қала жұрты. Онда жүргізілген зерттеу жұмыстары қалашық бірнеше қорғаныс қабырғасымен қоршалғанын анықтаған. Қазба материалдары қаланың тіршілігі моңғол шапқыншылығынан кейін тоқтағанын көрсетеді. Оның есесіне

жаңа қаланың орны Қаратөбеден солтүстікке қарай үш шақырым жердегі кең жазықтан бой көтерген. Сауран қаласы XIV ғасырда Ақ Орданың құрамына кіріп, бір кездері оның астанасы да болған. 1320 жылы қайтыс болған Ақ Орданың билеушісі Сасы Бұқа осы қалада жерленді. Оның ұлы Ерзен Сауран, Отырар, Жент және Баршынкент қалаларында медресе, мешіт, ханака секілді қайырымдылық мекемелерін салдырды. Шаһар саяси және экономикалық орталық ретінде өзінің маңызын кейінгі жүзжылдықта да жоғалтқан жоқ (Байпақов, 1992: 85-93). Сауран үшін өзбектер мен Қазақ хандары арасында қаншама қанды шайқастар өткен. Қазақ хандығының құрамына шаһар толығымен XVI ғасырдың соңында өтіп, оның басты қалаларының біріне айналды. Дегенмен Сауран бұған дейін де белгілі бір уақыт аралығында қазақтардың билеуіне өтіп тұрды. Мысалы, қазақтың алғашқы хандарының бірі, Жәнібектің ұлы Жиренше хан XV ғасырдың 80 жылдарында шаһарда бірнеше жыл билік құрған. Деректерде Сығанақ пен Сауранның маңында тонаушылықпен айналысып жүрген Мұхаммед Шайбанидің әскери тобын Сауранның билеушісі Жиренше ханның жасақтары талқандағаны жайлы айтылады. Ашық даладағы жазық жерге салынған осы шаһардың тамаша табиғаты мен жаныңды жадыратар тұнық ауасы, оны айнала қоршай салынған алып қорғаныс қабырғалары жайлы көптеген жылнамашылар жазған. Сол кездегі жаугершілік жағдайға лайықтап тұрғызылған қалың қорғаныс дуалдары осы күнге дейін жақсы сақталған. Шаһар Қазақ хандығының құрамына толықтай өткеннен кейін ерекше көркейіп, ірі рухани орталыққа айналады. Сол кезде қаншама мешіт, медреселер салынған. Сондай керемет құрылыстардың бірі қос мұнаралы медресе мен жұма мешіті жайлы XVI ғасырда бір жылға жуық Сауранда тұрған ақын-жазушы Уәсифи қызыға жазған. Шаһарды сумен қамтамасыз ету әлемде сирек кездесетін суландыру тәсілі «кәріздер» арқылы жүргізілген. Уәсифидің айтуынша осы суландыру жүйесін шаһарға мұсылман әулиелерінің бірі Мір Араб сыйға тартқан. Басын шаһардан 7 шақырым жерден алатын осы кәрізді каналды салуға 200 үнді құлдары пайдаланылған. Сол

әулиенің есімі осы күнгі Саураннан солтүстікке қарай 6-7 шақырым жердегі Міртөбе бекінісінің қираған орнында (15-сурет) қалған. Әлгі кәріздердің басы да сол маңнан басталады (Байпақов, 1992: 94-96).

XIV ғ. бірінші жартысында Жошы заманында Сауран Жошының ұлы Орда Ежен негізін салған, Ақ Орда хандығының астанасы да болған. Қала бұл статусты кейін де сақтайды. Сауран қаласына XVI ғ. Рузбихан сипаттама беріп, мынадай жолдар келтіреді: «Сауран қаласы айтарлықтай жанға жағымды, ашық әрі тегіс дала төсіне орын тепкен, адам санасына қуаныш пен күш сыйлайтын сергітетін таза ауасы бар. Әр түрлі ағаш тұқымдары өсетін қала маңында қой отары тәрізді жабайы ешкілер жайылып жүреді. Қаланы жау қолынан қорғайтын биік қорған дуалдар қоршаған, ал оның сыртынан ор қазылған» (Исфакхани, 1970: 116).

Сауран қала жұртында XIX ғ. II жартысында медресе мен мешіт құландылары, минарет қалдықтары жайлы зерттеуші шығыстанушылар ежелгі архитекторлар мен құрылысшылардың шеберлігі жайлы таңдана жазған. Қолөнершілер орамдары мен қала сыртындағы қоныс жайларда жүргізілген қазба жұмыстары, қала территориясынан табылған керамика мен теңгелер, тұрмыстық заттар Сауранның өңірдің басқа қалалары секілді Қазақ хандығының дамуына өз үлесін қосқан саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғандығын дәлелдейді. Қала өмірінің сан қырын ашуда жазба деректердің алар орны да ерекше. Қаланың топографиясы, қаладағы құрылыс ескерткіштері, фортификациялық жүйелердің мықтылығы жайлы деректер жазба мәліметтермен толығы түседі (Сералы, 2020: 60-61).

Сыр бойында бой көтерген қалалар мен онда тұратын халықтар негізінен сауда мен егіншілікті кәсіп еткен. Сауран халқы көбіне қауын, қарбыз, тары, бидай секілді бақша өнімдері мен дәнді-дақылдарды суармалы жерлерге егіп шығаратын болған. Оған қажетті суды Қаратау баурайынан ағатын Қарашық, Жіңішке секілді өзендерден алып отырған. Сол өзендердің арнасын бұрып арық қазіп, сол арқылы қажетті суды егістікке жеткізе білген. Сол дәуірдің өзінде су тапшылығы жиі болып

тұратындығы жайлы аңыздар сақталған. Қазіргі Қарашық, Шорнақ ауылдарында ерте кезде Сүйір атты тайпа өмір сүрген екен. Сауран қаласының аты да осы сүйір атты тайпаның атына қатысты дүниеге келген деген жорамалдар да бар.



15-сурет. Міртөбе бекінісінің қираған орны

Қазақ аңыздары ішінде Асан қайғыныңалатын орны ерекше. Хандық дәуір әдебиетінің бастауында тұрған Асан қайғытың толғау, термелері ауыздан ауызға тарап бүгінгі күнге дейін жеткен. Кезінде Қазақ халқына жайлы қоныс іздеп Арқа мен Сыр бойы, Еділ мен Жайық арасын шарлайды. Сауран қаласының таржерге салынғанын көріп оның болашағына күмәнмен қарайды. Асан қайғы айтыпты дейтін мынадай аңыз сақталған: «Асан «басы байрақ, аяғы тайпақ екі-ақ ауылға қоныс екен»...деп Сырдың бойын тарсынады. Түркістан қаласын және оның қасындағы ескі Сауран қамалын көріп «Әттеген-ай, қорғанды қорғай алмайтын жерге салған екен. Айнала тақ шеті, шөлтастың өті. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып өскен нуы

жоқ –түбі тұрақты қала бола қоймас» -деп ұнатпайды екен (Адамбаев 2008: 40).

Халық арасында тараған таңы бір аңызға сеңсек, Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған Арыстан баб Пайғамбардың аманатын арқалап араб түбегінен Отырарға келгендігі оның ұзақ жасағандығы айтылса, Мұхаммед пайғамбардың жорықтарына қатысқан деп айтылатын Укаша ата, Садуақас сахабаларға қатысты аңыздар да сақталып қалған. Соңғысы Сауран шаһарына шабуыл жасаған деп суреттеледі. Аңызда былай дейді: «Ескі Сауран шаһарының қасында ұзындығы он метр, биіктігі бір жарым метр қабір бар. Мұны діндарлар Садуақас «әулиенің» қабірі деседі. Бір кездерде оның басында күмбезді ескерткіш те болса керек (Әбжет, 2023: 192).

Кезінде қазақтың хандары мен оған бағынышты болған бұқара халық Сыр бойында көшіп-қонып жүрген. Сол кезде қазақ «Қыр қазағы және Сыр қазағы» деп аталған. Сауранға қатысты соңғы аңыз-әңгімелер XVIII ғасырда болған қазақ-қалмақ соғысына қатысты айтылады. Тегеурінді жаудың екпініне шыдамаған қазақ қолы Сығанақ, Сауран қалаларын тастап Орта Азия мен Қарақұм, Қызылқұм ішіне қарай көшеді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде жоңғарлар Қаратау бойын жайлаған қазаққа күйрете соққы берген кезде, жау екпініне шыдамай үдере қашқан қазақ халқы Сауран айналып, Бұхараға қарай ауған. Ел аузында «Сауран айналған» деген тіркес содан қалған дейді (Әбжет, 2023: 194-195).

Яссы-Түркістан. Қазақстанның ең көне қалаларының бірі, іргетасы V-VI ғасырларда қаланған. Исфиджаб - Сайрамнан солтүстік-батысқа қарай орталығы болған тарихи елден 200 шақырым жерде кейінгі ортағасырдағы Оңтүстік Қазақстанның астанасы, қазақ хандығының ірі бай Түркістан қаласы (16-сурет) орналасқан.

Археологтар Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Түркістан қаласының айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері — Шоқтас, Қошқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін

көрсетеді. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтан Түркістан қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңіріндегідей Андронов мәдениетін жасаушылар тұрған. Түркістанның ежелгі аты — Яссы. Археологтар ертедегі Яссының орны қазіргі Күлтөбеге сәйкес келетінін дәлелдеп отыр. VII—XII ғасырларда Түркістан төңірегі Шауғар өңірі атанған. Бұл өңір Түрік қағанатына қарады. IX ғасырда қарлұқтар мен оғыздардың қол астында болды. Бұл өңірге 809-819 жылы аралығында Хорасан билеушісі әл-Манун, X ғасырдың соңында саманилік билеуші Наср жаулаушылық жорықтар жасаған. XII ғасырдың 1-ширегінде қидандар шабуылынан Шауғар құлағаннан кейін, Яссы өлкенің орталығына айналды. Қожа Ахмет Ясауи осында келіп қоныс тепкен кезде атақ-даңққа бөленді. Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін оның қабірі басына мазар тұрғызылды. Ол қасиетті орын деген атқа ие болды.

Қаланың Ұлы Жібек жолының бойында, Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның аралығында болуы, географиялық жағдайдың қолайлылығы, сонымен бірге адамдардың мазарға төуөп етуі, сауданың қызу жүруі елді мекеннің өркендеуіне ықпал етті. Ясы қаласы туралы деректер XIII ғасырда жарық көрген Киракос Гандзакенцидің «Армения тарихы» атты еңбегінде кездеседі. Бұл еңбекте Ясы қаласы Асон деген атаумен берілген. Яссы атауы XIV ғасырдан бастап тарихи шығармалардың беттерінде жиі көріне бастады. Шараф әд-Дин Әли Йездидің хабарларына қарағанда, 1388 жылы Яссыны Тоқтамыстың әскерлері талқандап, түрік тайпаларының қасиетті мекеніне айналған Қожа Ахмет Ясауи мазарын тонайды (Байпақов, 1992: 78-79).

X ғасырдың өзінде Отырар мен Сауранның ортасында Шабғар қаласының болғандығы айтылады. Осыған қарағанда, Шабғар қазіргі Түркістан қаласының маңында орналасқан. Бұл атаумен қала XII ғасырға дейін белгілі болып, содан соң жаңа атау Иасыны иеленді. Иасы атауы алғаш рет армян елшісі Гетумнің (XIII ғасыр) жазбаларында кездеседі. 15000 жылы қаланы Тоқтамыстың әскері талан-таражға салды. Олар тіпті Қожа Ахмет Иасауидің кесенесін де тонап кеткен. Келесі ғасырларда Иасы қаласы бірде

Өмір Темір ұрпақтарының, бірде Өзбек ордасы хандарының қолына өтіп отырды (Байпақов, 2007: 171). Ол туралы ғалым Б.Д. Жұмақаева да айтып өтеді: «ХІ ғасырда Ясы (Түркістан) қаласы Шауғар округінің орталығы саналған. Мұнда ХІІ ғасырдың аяғында Ахмет Иассауи күмбезі салынып, қала діни орталыққа айналады» (Жұмақаева, 2014: 67).



16-сурет. Түркістан қаласы

XVI ғасырдың ортасынан бастап Иасы қазақтардың қолына қарады. Тап осы уақытта Түркістан облысының қарамағында орналасқан қалаға жаңа атау берілді. Ол да Түркістан аталып, қазақтар қаланы өз орталықтары етіп алды. Қаланың Түркістан деп аталуы облыстың атын шығарудан туса керек. Осы Түркістан қаласы XVIII ғасырға дейін (ара-тұра үзіліс болмаса) қазақ хандарының ірі орталығы және ресми ордасы болды. Бұрынғы қалашықтың аймағын қазір жаңа қала құрылыстары басып жатыр. Алайда ежелгі Түркістан қалдықтарын әлі күнге дейін Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің жанынан көруге болады.

Ескі Түркістанның үйлері біздің заманымызға дейін сақталмады. Тек XIV ғасыр архитекторларының тамаша туындысы - Қожа Ахмет Иасауи кесенесі ғана бізге қаланың көне тарихынан

сыр шертеді. Қожа Ахмет Түркістанда туып, өмірінің көбін осы арада өткізген. Ақын әрі сопы Қожа Ахмет мазарына жыл сайын қажылыққа мыңдаған адам ағылып келіп жатады. Бұл – Әмір Темір қалдырған ескерткіш. Кезінде әулиенің зиратын көрген ол кесене салуға бұйрық берген екен (Байпақов 2007: 173).

Қала топографиясының ерекшелік терін аңғартатындай жазбалар сақталған. П.И.Рычков суреттеулерінде: «Қаланың Қарасу өзенінің бойында тұрғанын және оның «көшелері қисық әрі өте тар, кей тұстарында көлденеңі тіпті бір сажынға да жетпейді. Үйлері осы жақтың үлгісімен салынған, бірақ Ташкенттегіден нашар... Тұрақты бір бекініс құрылысы жоқ, тек айналасы дуалмен қоршалған, айналдыра шағын ор қазылып, су толтырылған. Үш мешіт бар, оның біреуі өте ескі әрі құрылысы әсем және оның ішіндегі тұрғын-жайларының саны өте көп... Бұл қалада ешқандай базар жоқ... Танабында бидай, арпа, тары және мақта өседі», - деп кездеседі (Байпақов, 2007: 174).

Бұл деректер XVII ғасырдың аяғында тобылдық көпес Тауш Мерген жазып қалдырған мәліметтерге сәйкес келеді: «...бұл Түркістан қаласы қам кірпіштен тұрғызылған, кей жерлерінде күйдірілген кірпіштері де бар; қаланың биіктігі үш сажын, айналасы 500 сажын, қабырғаларында атысқа арналған ойықтары бар; қалада мұнара да бар, қалаға төрт қақпадан (*Түркістанның қақпалары Ишақ-қапқа, Мусая-қапқа, Ысты-Ата-қапқа және Дарбаза-қапқа*) кіруге болады, ал қаладағы қазақтардың саны 1000 қаралы».

Жалпы Түркістан атауы «түрік+стан» біріккенінен шыққан. Түрік сөзі бұрыннан белгілі атау. Түркістан атауындағы стан сөзі «ел қонысы» мағынасындағы парсы сөзі деп аталып келеді. Жазба ескерткіште келтірілген IX-XIII ғасырлардағы Түркістан ел, жер атауы XV ғасырда Йасы (Яссы) қаласының атауына да айналды. Еліміздің тарихи географиясында ежелден қолданылған Асы өзені, соған сәйкес Асы жайлауы тәрізді атаулар қазір де Жамбыл обылысында бар. Ас деген сөз көне заманда су, өзен, көл мағынасында қолданылған. Мысалы Тек-ес, Кел-ес, Тал-ас (/Тар-ас) сияқты т.б. өзендер аты. Яғни, қала осы аңғар Йасы өзенінің

аңғары болып келген де, қала осы өзен атымен аталған деген болжам жасауға болады (Бекжан www.ulagat.com/2020/07/14).

Түркістан қалашығы сол уақыттарда ірі сауда жолдарының бірі болған. Сондықтан қиындықтан тез жол тауып, қайта даму жолына түсе бастайды. Орта ғасырларда қала дамып келе жатқан сауда жолында ыңғайлы орналасқандықтан, қарқынды гүлдену кезеңін өткереді.

XVI-XVIII ғасырларда бұл нысаналы қала Қазақ хандығының астанасына айналады. Ол сауда жолдары қиылысында орналасқандықтан, ұзақ уақыт бойы өңірдің саяси және мәдени орталығы саналды. Әрі қаланың сыртында және ішінде орналасқан көптеген көрнекті діни ғибадатханалардың арқасында ортаазиялық мұсылмандар үшін қасиетті қала – кіші Мекке атағына ие болды (Сагидолда, 2018: 225-226).

Бұл жерге алғаш рет 1972 жылы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Күлтөбеден 7-8 ғасырларда пайдаланылған Отырар зергерлерінің теңгелері мен қыш ыдыстары табылып, сол жәдігерлер туралы ғана ақпарат берілді. Белгіленген аймақтар алты метрге дейін қазылып, одан сайын тереңдей түсті. 23 қыш ыдыстың сынығы табылды. Бірақ олар толық зерттелген жоқ. Археологтардың болжауынша, бұл ыдыстар 4-5 ғасырларда кеңінен қолданылған. Қазбаның ортасынан үлкен шар тәрізді мекенжай табылған. Тарихшылар 14-ғасырда Күлтөбедегі бекініс қиратылып жойылғанын, оның бүкіл аумағы зиратқа айналғанын айтады. Бүгінде қаланың тарихи орталығының аумағы 88,7 га құрайды. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде кесене ғимаратына солтүстік шығыстан жалғасқан және қамал қабырғаларымен шектелген қалашықтың бөлігі оның орталығы – қамалы болғаны анықталды.

Рузбихан бұл жерде қыр-даланың, Орта Азияның, Қытайдың сауда жолдары түйіскен деп мәлімдеген. «Солтүстік жағындағы өзбек жерлерінен Андижанға жүретін жолдарменен Қытайдың шегарасына дейін... Иасыға заттар мен сирек бұйымдар жеткізіледі. Мұнда саудаға түседі. Бұл саудагерлері мен жолаушыларының аялдайтын жері» Түркістан үлкен

диқаншылық аймақтың да орталығы болған, құқықтық куәліктерде Ходжа-Тұмасы құдығы, Қара-бұлақ, Сарай-бұлақ т.б. арықтар айналасындағы суармалы жерлер аталған (Байпақов 1992: 80). Түркістан алқабының қалалары мен қоныстары туралы жоғарыда берілген мәліметтерге қарап, оның Ұлы Жібек Жолы бойындағы зор мәдени және экономикалық орталық болғаны айқын екенін көруге болады.

Жент. Ортағасырлық құнды ескерткіш – Жент қалашығы (17-сурет). Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 115 шақырым жерде Жаңадарияның оң жағалауында орналасқан. Қалада мұсылман дінін ұстанған түркі тайпалары қоныстанған. Осы аймақта орналасқан Жанкент, Баршынкент, Ашнас (Асанас) қалалары Жент өлкесінің қалалар тобын құрады (Байпақов, 2007: 238).

Жазба деректерінде қаланың оғызқыпшақ иелігінде, 1138-1152 жж. қараханидтер билігінде болған. Тарих беттерінде «Худуд әл Алам» атты еңбекте Жентті X ғасырға жататын оғыз қаласы ретінде көрсетеді. Бұл – селжүктер династиясының алғашқы көтерілу кезеңінде және хорезм-оғыз қатынастарының тарихында басты рөл атқарған қала. 1220 жылы қаланы Моңғол әскері жаулап алған, біраз уақыт Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ордасы болады. Саудагерлер пайда табу мақсатымен келетін базары болғанын, XI ғасырда Арал теңізі Жент теңізі аталып, мұнда Анадолы түріктерінің атасы Селжүк жерленгені айтылған. Ортағасырлық жазба деректерде және археологиялық қазба нәтижелері Женттің ірі сауда орталығы болғанын, этномәдени саяси байланыстарда маңызды рөл атқарғанын көрсетеді (Бурнашева, 1993: 45) .

Жентті П.И. Лерх (1870 ж.), Каллаур (1900 ж.), И.Кастанье (1910 ж.) т.б. өз еңбектерінде атағанымен, орнын нақтылай алмаған. Сырдария өңірінің үлкен зерттеушісі, этнограф ғалым С.П. Толстов алғаш рет 1946 жылы Жент қаласының орнын көрсетіп, үстіңгі бетінен жинаған деректер бойынша, оның жасын XII-XVI ғғ. деп тұжырымдады. Оның пікірінше, XII-XIII ғғ. Жент Хорезм мемлекетінің қаласының бірі болған. Кейін 1958 жылы Б.В.

Андрианов, 1961 жылы С.П. Толстов ескерткіш орнында зерттеу жұмысын жүргізді.

Моңғол шапқыншылығынан кейін Жент қаласы қайта жанданып, Сыр өңіріндегі ірі мәдени-экономикалық орталыққа айналды. Қалада ақша сарайы жұмыс істеп, күміс және мыстан соғылған теңгелер шығарылды (Курманкулов, 2007: 85-86). «Моңғол шапқыншылығына дейін Жент үлкен қала болатын.



17-сурет. Жент қаласының орны

Қаншама зобалаңға ұшыраса да ол сауда-саттыққа қолайлы қала болып қала берді... Бұл жерде әлі күнге дейін сауда орны жұмыс істейді. Саудагерлер өз саудаларын мақтап, табысты екендеріне бәсекелеседі. Қала базарлары көл-көсір... Ол жерде ылғи да таразы басы құбылып тұрады», – деп жазды XIII ғасырдың тарихшысы Жамал Қаршы.

Академик В.В. Бартольд Сыр өңіріндегі қалалардың XV ғасырдан бастап қаңырап бос қалуы Сырдарияның өз арнасын басқа жаққа өзгертуімен байланысты болар деп пайымдайды. 1946 жылы Сырдария мен Әмударияның аралығында орналасқан

ескерткіштерді толық аралап шыққан С.П. Толстов Женттің негізгі орнын тапты. Ол – Қызылордадан 115 км жерде орналасқан Жанқала жұрты. Жанқалада 1946-48, 1957-58 жж. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі Толстов) зерттеу жүргізіп, жиналған қыш ыдыстардың негізінде қала Х-ХІІІ ғасырлар аралығында болған деп топшылады (Курманкулов, 2007: 241).

Құрылымына қарай Жанқала қаласы үш бөліктен тұрады: Цитадель, шахристан және рабад. Қаланың цитаделі сыртқы қабырғамен қоршалған сарай мен бұрышта орналасқан солтүстік-шығыс мұнарасы бар бірнеше элементтерден тұрады. Енінің қалыңдығы 1 м болатын сыртқы қабырғалар сарайды қоршап жатыр және цитадель қабырғаларының ішкі көлемі 75×75 м құрайды. Шартты түрде сарай орны болып саналатын орталық құрылыстың көлемі 37×28 м. Диаметрі 8 метр болатын сегіз қырлы мұнара цитадельдің солтүстік-шығыс бағытындағы сыртқы бұрышында орналасқан. Қаланың сыртқы қабырғасы ені 20 м болатын ормен қоршалған. Батыс шетінде ені шамамен 4 м болатын әуіздің орны байқалады. Цитадель қабырғасының бағыттары 15° ауытқитын шамада дүниенің төр тарапымен бағыттас жатыр. Цитадельдің оңтүстігі мен батысындағы ордың орны жоғарғы жағынан көрінбейді. Цитадельге оңтүстік қабырғаның орта тұсындағы қақпадан кірген. Қабырғаның бұзылу пішіні мен сақталған бөліктерін ескерер болсақ, кірер қақпаның ені шамамен 5 м және ені қабырғамен ендес, екі жағы сыртқа шығыңқы пилондармен қорғалған. Цитадельдің сызығы бойымен, солтүстігі және оңтүстігі жағымен шығыстан батысқа қарай бағытталған ені 8 метр, тереңдігі 3-5 метр болатын екі канал жүргізілген (Бурнашева, 1993: 116-120).

Қаланың шахристанының құлаған қабырғаларының ені 5 м. Қабырғаның барлық бөлігі қатты зақымдалған. Дегенмен, оның биіктігі 0,2 м-ден 3 м-ге дейін барады. Шахристанның көлемі 236370 ш.м. шахристан қабырғасының бағыты цитадель қабырғасының бағытын қайталайды. Шахристан қабырғаларының оңтүстік, батыс және шығыс бөліктері тікбұрышты, ал пішіндері толықтай

тіктөртбұрышты болып келген. Қабырғаның солтүстік жағы айтарлықтай сыртқа қарай шығыңқы келген. Шахристан аумағында бірнеше үлкен құрылыс орындары орналасқан. Олардың арасындағы екі үлкен нысан керуен сарайдың орны болуы мүмкін.

Қаланың рабады барынша ауқымды. Шығыстан батысқа қарай қабырғасының ұзындығы 1800 м, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 1500 м жерге дейін созылып жатыр. Рабадағы құрылыстар жүйесіз. Бұл жерде маңызды алаңқайлар, көптеген бағытқа тармақталған су арналары іздері, діни ғимараттар, тұрғын жайлар, қоғамдық нысандар және кішігірім саяжайлардың орындары кездеседі. Рабадағы құрылыс қалдықтары көбіне кішігірім төбелер түрінде сақталған және үстінде ыдыс сынықтары көп кездеседі.

Қаланың рабадында орналасқан бедері едәуір жақсы сақталған құрылыс қалдықтары арасынан қала сыртында орналасқан керуен сарай (көлемі 30×25 м) орнын ерекше айтуға болатын. Құрылыс қабырғаларының бағыттары цитадель қабырғаларының бағытына сәйкес келеді. Керуен сарай шахристанның сыртқы қабырғасынан жарты шақырым жерде, қаланың шығыс бөлігінде орналасқан (Курманкулов, 2007: 94).

Қаланың оңтүстік-батысында сыртқы резиденция орналасқан. Оның атқарған қызметі көлемі 37×26 м болатын орталық құрылысы есебінен анықталды. Құрылыс қам кесек пен күйдірілген кірпіштерден қаланған. Оның айналасы 48 000 ш/м көлемде дуалмен қоршалған және көптеген кіші құрылыстар мен суғару жүйесі бар. Қала сыртындағы орда қалыңдығы 1 м болатын қабырғамен қоршалған. Шығыс қабырғасының орта тұсында ені 3 м портал пештак түріндегі қақпасы бар.

Рабадтың солтүстік жағында қабырғамен (ені 0,7–0,8 м) қоршалған, ішкі құрылыстары байқалмайтын, көлемі 45000 ш.м болатын дуалмен қоршалған аймақ орналасқан. Қабырғамен қоршалған аймаққа аумағы 124×128 ш/м болатын айнала ормен қоршалған құрылыс қалдығы жалғасады (Курманкулов, 2007: 87).

Қаланың шығыс жағында шахристанның сыртқы қабырғасына жақын жерде мешіттің қираған орны анықталды. Оның көлемі 9,7×9,7 м болатын михраб қабырғасы мен нишасы бар мешіт құландылары анықталды. Мешіт қабырғасы қам кесектен тұрғызылған. Мешіт еске алу қызметін атқарған секілді. Бұлай ойлауға осы ескерткіштің төңірегінде орналасқан өсімдік сипатты өрнектелген, сырлы қыштармен безендірілген, күйдірілген кірпіштен қаланған екі кесененің құландылары түрткі болды. Қаланың оңтүстік бөлігінде, сонымен қатар рабад аумағында қыштан қаланған тағы бір мешіттің құландысы анықталды. Мешіттің көлемі 12,3×7,3 м, михраб орналасқан қабырға мен михраб нишасы жақсы сақталған. Мешіттің қабырғалары қам кесектерден қаланған. Мешіт тұрған аймақ шамасы сиынатын орын болса керек. Өйткені мешітке жақын жерден күйдірілген кірпіштерден тұрғызылып, қабырғалары өсімдік нақышындағы штамп өрнегі салынған сырлы тақталармен қапталған екі кесененің орындары анықталды. Қаланың оңтүстік жағындағы рабадтың аумағынан күйдірілген кірпіштен тұрғызылған тағы бір мешіттің қираған орны анықталды. Мешіттің көлемі 12,3×7,3 м., екі залы бар. Сыртқысы көрхана, ішкі жағында мешіттің өз бөлмесі. Жеке иеліктер, кесенелердің т.б. түрлі құрылыстар мен бос жатқан жерлер рабад аумағында шашырап орналасқан (Курманкулов, 2007: 90).

Рабадтың құрылыстары тығыз орналаспаған. Ол ашық кеңістіктерге, ашық далаларға, әртүрлі бағыттағы арналарға бөлініп жатыр. Қаланың суландыру жүйесі Жаңадариядан шығарылатын ірі оман арық арқылы жүргізілген. Оман арықтардың сызығы батыс бағытында тартылып, қала аумағына жетпей, екінші қатардағы үш-төрт үлкен арықтарға бөлінген. Осындай тармақтардың бірі тағы да үшінші қатардағы бірнеше арыққа, көлемі бойынша бірінші және екінші қатардағылардан қалыспайтын арықтарға тармақталған. Арықтардың бірі шахристанның ортасынан қиып өтіп, оны солтүстік және оңтүстік бөліктерге бөліп жатыр. Шахристан аумағында, оның батыс жағында осы арыққа, тағы үш арыққа бөлінетін, рабадтың батыс

жағы мен одан ары артық су кететін су үлестіруші салынған. Шағын арықтар қорғаныс орларына, егістік пен бау-бақшаға су жеткізген. Осындай көптеген арықтарға байланысты құрылыстардың басым бөлігі биік жерлерге орналасқан (Курманкулов, 2007: 94-97).

Жанқала қаласы Республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіші. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралардың алдын ала тізіміне «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинация компоненті бойынша 2012 ж. енгізілген (26-сурет).

Зерттеуші Бартольд Женд қалашығын Бұқара мен Хиуа аралығында жатқан көне Қышқаланың қираған орны деп топшылайды. Женд шаһары заманында жеміс-жидектің, азықтың мекені болған деседі. Мұнда табан тіреген жолаушылар жер жәннатына кіргендей күй кешкен екен. Бұл қала мәуелі бағымен, егістігімен көпшілікті тамсандырған. Сонымен қатар, Жент шаһары мәдениеттің де ордасы болған. Қаладағы медреселер мен мешіттер рухани ілімнің қайнары болса, ақындар мен ғалымдар, жезтаңдай әншілер мен өнерлі адамдар күн сайын жиын өткізіп, әсем шаһардың көркін қыздыра түскен.

Рухани орталық болған Женд қаласынан ұлы тұлғалар шыққан. Түрк-и Женди (Қожа Женди), Гийас Ад-Дин Әбу-л Маджид әл-Женди, әл-Халафи әл-Джанди, Махмұд ибн Сағид әл-Женди, Мұхаммед ибн Аййуб ибн Хасан ибн Насыр әл-Женди, Ала ад-дин ибн Хасан әл-Женди сынды көптеген ақын-шайырлар мен ғұлама ғалымдар Жендті мекен еткен. Бұл тұлғалардың арасында араб тілі грамматикасына байланысты бірнеше еңбек жазғандары бар. Мәселен, Ахмет әл-Жендидің «Әл-Ихлид» еңбегі басқа күрделі жазбаларды үйренуге ашылған жол деп айтылады. Мұндағы «ихлид» сөзі кілт деген мағынаны білдіреді. Бұл туынды «Әл-Муфассал» сынды күрделі шығарманы оқып үйрену үшін жазылған делінеді. Грамматикалық деректер, қасиетті Құран, хадистерден мысалдар келтірілген «Ихлид» түсіндірмесіне кейінгі ғалымдардың өзі жүгініп келген. Трактаттардың қыр-сырын ұғынуды жеңілдету үшін мұндай еңбектер өте қолайлы болған. Ғалымдардың трактаттары әлі күнге дейін оқылып жүр.

Көне Өзгент шәһарының аты да оның тұрғындары отты ұлықтап, пір тұтқан қауымнан екендігін аңғартады. Бұл жай «оғызкент», яғни «оғыз-қала» мәнімен бірге, осетин тіліндегі «ус» – қыз-келіншек, әйел, қатын (ауызекі тілде) мәндерімен байланысты қарасақ, «қыз-қала» мағынасын аңғарамыз. Бұл – шәһар аттары аталмыш кенттердің Оғыз, соғды қауымдарына ортақ болғандығын байқатады. Сығанақ «тұманындағы» (иелігіндегі) Көк кесененің кейбір аңыздарда Гүлбаршын есімімен байланыстырылуы, Әуелбек Қоңыратбаев зерттеулері бойынша X ғасырда Алпамыс батырдың жүрген жері Сыр бойы екендігі Өзгент – қыз қаланы Баршынкентпен сәйкестіретін де секілді. Өзгент, Қырғы Өзгент (ішкі Өзгент) Баршынкенттің байырғы (әуелгі) орындары болуы да ғажап емес. Бұрын Өзгент – Женд – Өзженд, кейінірек Қырғы Өзгент деп те аталған екен («Женд шәһәрі Қырғы Өзгент диб айдүр-ләр. Кітабләрде ікі тариха баян қыладүр-ләр. Өзгәнт диб уә һәм Өзженд дидүр-ләр...»).

Женд (Жент) – шамасы соғдылықтардан шыққан атау. Осетин тілінде «чындрз» – келін (невестка) деген сөз бар екен. Бұл оғыз-қыпшақ тіліндегі айтылу барысында «Дженд(з) – Женд» болып өзгеріске түсуі мүмкін. Өзженд – «өзкелін» (яғни, «өзіміздің келін») оғыз тілінің орамдарына тән атау (Дербісалиев, 1995: 115).

Женд қаласы туралы деректер XIV ғасырдан кейінгі жазбаларда кездеспейді. Қазақ зерттеушілері болса, Женд шаһарының орны Қызылорда облысының аймағында деп болжайды. 2010 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде сол маңнан кеңдігі 60 см, түбі 30 см болатын құмыра табылған. Құмыраның ернеуінде мөр секілді таңбалық белгілері бар. Өмір сүру мерзімі IX-XV ғасырларды қамтитын Женд шаһарын зерттеу ғалымдардың қызығушылығын туғызып отыр. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының зерттеушілері бұл шаһардың сыр тұнған тарихын ашуға жұмыс жасап келеді.

Сүткент. Шардара ауданына қарасты Сүткент қалажұртын (18-сурет) 1900 жылы Н.В. Руднев, 1949 жылы А.Н. Бернштам бастаған ОҚО археологиялық экспедициялары зерттеді. Сүткент қалажұрты туралы X-XV ғасырдың жазба


деректерінде кездеседі. X ғасырда Ибн-Хаукаль «қалада мешіт бар, оған көптеген түркі тайпалары келеді» деген дерек қалдырған. Сүткенттің аты XI ғасырдың соңынан XV ғасырдың басына дейінгі деректерде кездеспейді. Тек 1404–05 жж. Әмір Темірдің Отырарға жорығы кезінде қайта аталады (Агеева 1958: 15). Шардараның маңында қаланың атын осы күнге дейін сақтап қалған екі қалашық бар.

Тарихи деректерге жүгінсек, Сырдария өзенінің орта тұсы мен Ұлы Жібек жолының бойына қоныс тепкен өте батыл, еңбекқор отырықшы халық оғыз тайпасының мекені, үлкен сауда орталығы болған шаһар. Зерттеулерге қарағанда, оғыз ескі сөздіктен аударғанда «қаймақ» немесе «үю» деген мағына береді екен. Яғни, бұл «сүт бетіндегі қаймақ» деп аталған тайпаның сол кездегі беделін, әлде сүттей ұйыған бірлігі берік мекен екенін суреттеу арқылы «қаймақ» та, «үю» да сүтке қатысты болғандықтан, «Сүткент» атауы шыққан болуы мүмкін. Аңыз-әпсаналар мен көнекөз қариялардың сөздеріне сүйенер болсақ, Сүткент – Ұлы Тұран даласында аты мәлім ірі-ірі сауда орындары болған жеті кенттің бірі.

Әл-Идриси «Оғыздарда қала көп, олар солтүстікке және шығысқа қарай бірінен кейін бірі созылып жатыр» десе, Махмуд Қашқари Сығанақ, Сауран, Қарнақ, Сүткент шәһарларында оғыздар тұратынын айта келіп, олар «басқа жерлерге көшпейді, соғыспайды, ятұқ деп, елеусіз қалған жалқаулар деп аталады» дейді.

Жергілікті халық Сүткент қаласын Шыңғысхан төбе деп те атайды екен. Ел арасында сақталған аңызға сүйенсек, Шыңғысхан Қазақстанның оңтүстігін жаулап алғаннан кейін Сырдарияның сол жағалауы арқылы Хорезмге сапар шегіпті. Осы жолда Шыңғысхан әскерімен біршама уақыт ат тынықтырып, күш жинаған екен. Қаланың құрылымы өте күрделі. Рабады үлкен, көлемі 860х876 м. Айналдырыла қорған-қабырға тұрғызылып, ені 18-23 метр келетін ормен қоршалған. Қаланың цитаделі рабадтың батысында орналасқан. Айналасы ормен қоршалған ішкіі қамалдың формасы төрткүл тәріздес, бұрыштары дүние тараптарына қарата

салынған. Көлемі 145х161 м. Қалаға төрт жағынан кіретін қақпа болған. Әр қақпаның екі жағында үлкен мұнара орындары сақталған.



18-сурет. Сүткент қалажұртының сызбасы

Спутниктік түсірілім арқылы қаланың рабад бөлігіне кіретін негізгі қақпа орнын солтүстік-шығыс қабырғада болғанын байқауға болады. Бұл жерде ордың сыртқы жиегінде дм-рі 20-22 метр келетін екі мұнара орны сақталған. Қалаға жүргізілген зерттеу жұмысы барысында көптеген құнды материалдар алынған (Сералы, 2020: 61-62).

Сүткент I қалажұрты Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан қалалардың ең үлкені, қала ортағасырда Испиджаб, Фараб аймақтарын Мауренаһр жерімен басланыстыратын маңызды орталық қызметін атқарды. Сүткент I қалажұртында XIII ғ. алғашқы кезеңінде тіршілігі тоқтаған, осы уақыттарда Орта Азия жерінде түрлі саяси оқиғалар кезеңін бастан кешірді. Қарақытай мемлекеті мен (батыс ляу патшалығы), найман Күшлік хан және Хорезм шахы Мұхаммедтің арасындағы соғыстар, монғол шапқыншылығы өркендеген қала мәдениетіне үлкен зардабын

тигізді. Алайда Сүткент I қалажұртының ортағасырлық деректерде Хорезм шахы Мұхаммедтің жаугершілік соғыстары барысында немесе монғол шапқыншылығы кезінде қиратылғандығы туралы жазбалар кездеспейді. Тіршілігі тоқтаған қалажұрт араға біраз уақыт салып XI ғ. қайта тұрғызылды (Сералы, 2020: 63). Нақты қай әміршінің бұйрығымен және қай мемлекеттің тұсында қайта бой көтергендігі белгісіз.

Зерттеушілердің пайымдауынша Сүткент қаласының бастапқы орны Сүткент-1 болған, XV - XVIII ғасырларда Сүткент-2-ге ауысқан. Археологиялық материалдар Сүткент-1 XI - XV ғасырларда, Сүткент-2 XV - XVIII ғасырлар аралығында өмір сүргендігін көрсетеді (Байпақов, 2007: 243). Қайта тұрғызылған Сүткент қалажұрты бұрынғыдай көлемі үлкен өркендеген қала болмаса да, өзінің географиялық орнының қолайлылығына байланысты, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы ірі орталықтың бірі ретінде өз маңыздылығын жоғалтпаған.

Қарнақ. Ол орта ғасырдан белгілі қала орны. Түркістан қаласының солтүстік-батысына қарай 25 км жерде, қазіргі Атабай аулы ортасында орналасқан. М. Қашқаридың жазбаларында оғыз қалалары ретінде Қарнақ қаласы да аталады, бірақ бұл қаланың орналасқан жері көрсетілмейді. Мақдиси жазбаларында Қарнақ, Шавғар мен Сауран қалаларының ортасында орналасқандығы келтірілген. XVII ғасырдың аяғында, Федор Скибин мен Матвей Трошин Қазақстан мен Орта Азияға барған сапары барысында жазылған күнделігінде, Қарнақ қалажұрты жайында мағлұматтар кездеседі (Байпақов 1992: 80). Зерттеушілер арасында қаланың нақты орналасқан жері туралы пікірталастар көп болған, Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің зерттеулерінде, Қарнақ қаласының орны Шорнақ елді мекенінің маңындағы Садық-Ата (Сейдақ) ескерткіші деп нақтылағын. Сонымен қатар, аталған археологтар Қарнақ қалажұртында қазба жұмыстарын жүргізді, бірақ белгілі бір қорытынды шығара алмады.

XIX ғ Түркістан әскери округінің картасында бұл төбе Шорнақ деп Қарнақ қалажұртының топографиясы (19-сурет) аталған, осы деректерге сүйене отырып, Шорнақ Қарнақ атауының

диалектикалық өзгертілген түрі деп тұжырымдаған (Агеева, 1958: 104). К.М. Байпақов Қарнақ қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған материалдарды негізге ала отырып, Шорнақ (Садық-Ата) қалажұртында VIII ғ. тіршілік тоқтағандығын айта келе, Қарнақ қалажұртының орны Атабай ауылының маңындағы Ишкент қалажұрты деп пайымдаған (Сералы, 2020: 59).



19-сурет. Қарнақ қаласының топографиясы

Осы Қарнақ қаласында XIV ғ Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне арнап қоладан тайқазан құйылған. Ресей патшалығының Қазақ хандығына жіберген елшілері Ф.Скибин мен М.Трошин қазақтардың оқ- дәрілік қорғасынды Қарнақ қаласында балқытқанын атап көрсетеді. Қарнақта медресе болған. Медреселерде көптеген қазақ зиялылары оқыған. Солардың ішінде ақындар Шортанбай Қанаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Молда Мұса (Мұсабек) Байзақұлы, т.б. болған (Байпақов, 2007: 259).

Қазіргі орны төртбұрыштанып келген топырақ дуалмен қоршалған, іргелері: солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 100 м және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 150 м, биіктігі 1-1,5 м. ішкі солтүстік-шығыс бөлігінде биіктігі 6 м төбе түріндегі қамалдың пішіні байқалады, оның табанының көлемі 60х70 м, кіре беріс қақпасы оңтүстік-батыс іргесінің орта шенінде.


Қарнақ атауының шығуы бойынша болжамын ғалым З.Жандарбек беруге тырысқан: «...«нақ» жұрнақты атаулар Карчи жылнамасында бір мағына берумен шектелмейді. «Нақ» жұрнақты сөздер тек, елді мекеннің, жердің атын білдіріп қоймайды, елдің, жұрттың атауына, ру-тайпалар атауына жалғасатынын көреміз. Мысалы, ақжұрт печенегтері (бажанақ) немесе Журанақ хандығы. Қазманақ хандығы. Ру-тайпа аттарына жалғанған «нақ» жұрнағы бар сөздерге бажанақ (печенег) тайпасының атын мысал ретінде көрсете аламыз. «Нақ» жұрнақты ру-тайпа аттары тек, Карчи жылнамасында емес, қазақ шежірелерінен де кездестіре аламыз... Карчи жылнама деректерінде «нақ» жұрнағы қала атына да байланысты қолданылатынын көруімізге болады» (Жандарбек, 2020: 13-16). Сөйтіп, ғалым түбір сөздерге жалғанған «нақ» жұрнағы «қала-қалашық» деген мағыналарды беріп тұрғандығын көреміз. Демек, Қарнақ атауы да қалаға берілген атау екендігін көруімізге болады. Ал түбірдің өзін «қаңлы, қоңырат, кенгерес, кенегес, Алтын қаңлы, Қаңлы елі, Қанға баба, Канг-дез» сияқты ру, тайпа аттары мен жер атауларына ортақ болып келетін «канг» түбірімен байланыстырып, атаудың оғыздардың сол жерде билік еткен уақытында пайда болғанымен негіздеген болатын.

Жанкент. Жанкент – Қазалы ауданындағы Өркендеу ауылынан оңтүстікке қарай 1,5 км жерде орналасқан, мықты бекіністі ортағасырлық қала. Қаланың жоспары шығыстан батысқа қарай созылып жатырған «Т» әрпі тәрізді, шығыс бөлігі шығыңқы тіктөртбұрышты болып келеді. Оның аумағы шамамен 15 га, 415х230 м (шығыс бөлігінде – 320 м).

Қаланың басты қақпасы шығыс қабырғасының ортасында орналасқан болуы керек, себебі бұл арада қақпа алдында салатын

мұнаралардан шығарылған жартылай дөңгелек құрылыс байқалады. Сонымен қатар, қаланың батыс қабырғасының да ортасынан қақпа іздеріне ұқсас «жырық» байқалады (Елеуов 2009: 224-227).

Қала батыстан шығысқа қарай созылған қабырғаларға параллель жатқан басты көше арқылы екіге бөлінген. Қалашықтың солтүстік-батыс бұрышында көлемі 110x110 м болатын шаршы формалы цитадель орналасқан. Сырт көзге ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінің төмен, яғни құрылыссыз, ал солтүстік-шығыс бөлігі биік (тығыз құрылыстар салынған) екені байқалады (20-сурет).



20-сурет. Жанкент қаласының орны

Қазалы ауданы территориясындағы Өркендеу ауылдық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII - XIV ғасырларда Жанкент, Янгикент қаласы өмір сүрген. Түрікмен тарихшысы Абұлғазы Баһадүрдің айтуынша, оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген, Сыр өзенінің аяғында тұратын ұлы мұра - Жанкент қаласы еді (Құрманқұлов, 2011: 167). Оғыздар осы жерді ерте заманнан мекендеп, патшалары астана қала – Жанкентте отырған. Жанкент

шаһары Сыр өзенінің сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде жатыр.

Қуаңдария, Ескідария және Сырдария өзендерінің Арал теңізіне құяр маңы, яғни, Жанкент қала-жұрты оазисі көне заманнан тұрақты сауда, Орта Азия және Қазақстан аймағындағы көшпенділерінің мәдени және этникалық қарым-қатынас, сонымен қатар, көшпенділер өркениеті мен ортаазиялық отырықшы оазистерін байланыстырған аймағы болған. Осы жерде атақты сауда жолдарымен (әсіресе Ұлы Жібек жолы) бірге, тарихи миграция жолдары және олардың өзіндік тоғысу іздері жатыр (Құрманқұлов, 2011: 56).

Аңыз бойынша Жанкентті билеп тұрған қатыгез Санжар хан Қарабура Әзім әулиенің қаһарына ұшырап, 1153 жылы қарауындағы халқымен бірге опат болады, сақталған жазба деректерге сүйенсек, 1219 жылы күзде Жанкент қаласына моңғолдар шабуыл жасайды. Халықты қырып, қаланы өртеп жібереді. Отқа оранған қаланың үстімен қаһарлы Жошы хан шауып өтеді.

Жанкенттің өмір сүруінің тоқтауына байланысты ел аузында мынадай аңыз сақталған: «Жанкенттің әміршісі Санжар хан нөкерінің ғайбатына сеніп, күнәдан пәк Бегім сұлудың оң қолын шауып, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіліп жазықсыз жазалайды. Бегімнің әкесі атақты Қарабура әулие қанішер ханға «Қызым ақ болса шабылған қолы, кесілген бұрымы, тілінген танауы қалпына түседі» дейді. Әділдік үстем шығып, Бегімнің дене мүшелері қалпына келеді. Қызының нақақ жәбір көргеніне назаланған әулие Санжар ханды қарғапты. Құдіреттің күшімен аспаннан іші ордалы жыланға толы мес түсіп, хан бағыныштыларымен бірге ажал құшыпты. Қаланың халқын жылан шағып өлтірген. Бегім сұлу ақ құсқа айналып көкке ұшып кетіпті. Қонған жеріне керемет Бегім ана мұнарасы пайда болыпты», – делінеді. Міне, осыдан соң, ондаған жылдардан кейін ғана қала халқы өздерінің сауда мен қолөнер кәсіпшіліктеріне қайта кіріседі. Қала XIV ғасырда бұрынғы қалпына келеді. Енді жаңа Жанкент араб - мұсылман мәдениетінің орталығы саналады. Осылайша «мың өліп, мың

тірілген» Жанкент тағы бір ғасыр өткен соң мәңгілікке жойылады. Яғни, ХҮ ғасырдан бері қаланың көне тарихтың куәсіндей орны ғана жатыр (Тәжекеев, 2011: 78).

Жанкент қаласы оғыздардың атын жаһанға танытқан Қорқыт атаның туып-өскен жері. Бұл туралы ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан өз еңбектерінде жазған. Академиктің айтуы бойынша, Қорқыт ата VII-X ғасырларда Сыр өңірін мекендеген тұлға. Оның шыққан тегі Оғыздар табына қарасты Қияраттарға жатады. Ал, ол заманда қаңлы тайпасы Қаңлы-қыпшақ не болмаса Оғыз-Қыпшақ деп айтылған. Әрі астанасы Сырдария бойындағы Жанкент қаласы болды дейді. Сондай-ақ екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің де Жанкент шаһарына табан тірегені туралы мәліметтер бар. Бойындағы дарынымен әлемді тамсандырған әл-Фарабидің күйшілік өнері де болған екен. Арун-Рашид дәуірінде әл-Фарабиді Бағдатқа Жанкенттен арнайы алдыртып, оның әдемі күйлерін ел-жұрт сүйсіне тыңдаған деген де деректер кездеседі (Тәжекеев, 2011: 77).

Әл-Жувейнидің, Ан-Насавидің және Әл-Омаридің кейбір еңбектерінде ол “Шакаркент” деп те берілген. В.В. Бартольдтің пайымдауынша, Жанкент 10-11 ғасырларда Оғыз мемлекеттік бірлестігі билеушілерінің қысқы ордасы болған. Жанкентте 1867 жылы П.И. Лерх және М.К. Приоровтар кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, жобасын түсірген.

Араб географы және тарихшы Ибн Русте, географ Ибн Хаукаль (X ғ.) және Туманскийдің (X ғ. аяғы) еңбектерінде Жанкент қаласы «оғыздар патшасының» ордасы деп жазылады. Ортағасырлық Жанкент қаласында алғашқы қазба жұмыстарын 1867 ж. П.И. Лерх жүргізген. П.И. Лерх ескерткіштің топографиялық жоспарын жасап, сол кездегі бекіністің және суландыру каналдарының жағдайын сипаттайды. Оның жетекшілігімен жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде қала маңынан кейінгі ортағасырлық қорым табылды (XIV-XV ғғ.)

Саяхатшылар Плано Карпини мен Рубрук XIII ғ – да мұның растығына куә болғанда, сенер – сенбесін білмей дағдарды. Саяхатшылар өз жазбаларында: «Бұл жерде біз сансыз қираған

қалалар, бекіністер мен бүлінген тұрақтар таптық. Осы жерде аты белгісіз бір үлкен өзен бар. Онда белгісіз Янкент атты, басқа да Бархинь және 3-ші Орнас есімді қалалар тұрады» деп көрсеткен болатын (Тәжекеев, 2018: 242).

Қашқарға сапарында қазақтың ұлы зерттеушісі Шоқан Уәлиханов осы араға дамылдап, Жібек жолының бір нүктесі ретінде белгілеп өткен. 1856 жылы Шоқан «Шығыс Түркістанға саяхат күнделігі» атты еңбегінде Жаркент өңірінде болған кезін суреттей келе, «Үсек өзенінің жағасында аялдауға лаж болмады. Шынында да айналасында құм мен тас, тым болмаса бір шөп болсашы, үй тіккендей таза орынның өзін төңіректі барлап, қанша іздесек те таба алмадық», – деп жазған. Шоқан атаған Өсек өзенінің арнасы күні бүгінге дейін сарқылған жоқ.

Саяхатшылардың айтқанындай, «Егінге түсер қаптаған шегірткедей» Моңғол басқыншыларының қалың қолы қазіргі Қазақстан жерімен шабуылдап өтті. Жергілікті халық туған жерін оңайлықпен бергісі келмеді. Ерлікпен қарсы тұрды. 1219 ж. Жошының басқаруымен моңғол әскерлері Жанкентті қиратып тонады. Аянбай қарсыласқаны үшін көшелерін қанға бояп, от – жалынға орады.

Араб географы Ибн-Хаукал «Оғыздардың басты қаласы Жанкент болды, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Әл-Харият, сарматтар Дахи Нау деп атаған»,– дейді. Жанкент атауының өзі Янгикент-Жаңакент-Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді. Жанкент тарихы ғасырлар қойнауында жатыр. Қаланың гүлдену дәуірі IX ғасырдың 2-жартысы мен XI ғасырдың алғашқы ширегі.

Шаһардың төрт қақпасы болған. Әрбір жұма күні шаһар орталығындағы базар алаңында сауда қызу жүріп отырған. Жанкенттің шығыс пен батысты жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолы бойындағы тоғыз жолдың торабына орналасуы қаланың географиялық, экономикалық маңызын арттыра түсті. Қытай жібектері, Үнді маталары мен жемістері, араб елдерінің құрмасы, науаты осы қалада сатылымда болған. Осылайша, Оғыздарда қалалық мәдениет жоғары дамыды (Каратева, 2014: 75).

Жанкенттің архитектурасы ерекше болған. Оның кейбір іздері бүгінге дейін сақталып қалған. Қорғанның айналасы қышпен қоршалыпты. Қыш қамалдың қабырғасы 6 метрге жуық. Оңтүстік-батыс бөлігінде биік мұнара сақталған. Сонымен қатар, оқ ататын орындарды да көруге болады. Зерттеу кезінде арабша жазылған сауыттар, қабырғаға салынған суреттер, әшекей бұйымдар сияқты бағалы дүниелер табылған. Жанкент қазба жұмыстары кезінде кезіккен ерекше дүниелердің бірі — шеберхана орны. Бұл шеберханадан глазурь қорытып жасайтын пеш қалдықтары шыққан. Пештің үстінде шойыннан жасалған қазан бар. Оның ішінде қатып қалған глазурь жатыр (Құрманқұлов, 2011: 29-30).

Жанкенттің ескі қабырғалары мен архитектуралық дүниелері де жарым-жартылай сақталған. Тіпті бірқатар көшелерінің ізі де бар екен. Сырттай қараған адамға Жанкент үлкен төбе сияқты үйінді болып көрінген. Қамал қабырғасының қалыңдығы 6 метрге жуық. Қаз-қатар тізбектеліп, бірнеше биік мұнаралар мен оқ ататын тесік көздер орнатылған оңтүстік қабырғасы сол кезде жақсы сақталған. Ал ең биік мұнара оңтүстік-батыс беткейінде орын тепсе, қаланың қақ ортасында жан-жағын қоршаған ескі сарай болған көрінеді.

Зерттеулер барысында ғалымдар үйлердің орны мен қабырғасын ашып көргенде бірқатар көріністерге куә болған. Олар сан алуан архитектуралық үлгілер, қабырғаға түсірілген суреттер, күйдірілген кірпіштерді байқаған. Оған қоса көк және қызғылт шынымен жабылған көзе тақталар да көптеп кездескен. Араб қарпімен әшекейленген сауыттар және өзге де өнер өрнектерді ғалымдар тапты. Осындай орасан зор мәдени байлық Жанкенттің өркениетті өмір сүргенін дәлелдей түседі.

Жанкенттік керамиканы бірнеше түрлі бұйымдарға бөліп қарастыруға болады, ал олардың ең маңызды бөлігі, әрине ыдыс-аяқтар. Керамикалық ыдыс-аяқтар: асүйлік, асханалық ыдыстар және арнайы азық сақтау мақсатында қолданылған ыдыстар болып бөлінеді (Тәжекеев, 2011: 30).

Асүйлік көзелер (21-сурет) қазба барысында аршылған барлық бөлмелерден табылды. Табылған кезде ыдыс тік сызық

бойымен екіге бөлінген, бір бөлігі көлденең құлаған күйінде қалып, екінші жартысы еденде шашылып қалған. Көзе бөліктерінің арасындағы кеңістікте, еденде, қошқардың бас сүйегі жатқан. Көзенің фрагменттері құлаған ғимарат қалдықтарымен қатты ұсақталған болуы мүмкін. Көлемі 4-5 литр шамасында болатын көзенің сыртқы бетінде күйе дақтары анық көрінеді. Технологиялық сипаттамасына сәйкес табылған ыдыс асүйлік көзе ретінде анықталды. Жанкент қаласынан табылған барлық ыдысаяқтардың түбі тегіс болып келеді. Пішіні бойынша ыдыстар негізінен екі түрге бөлінеді – шар тәрізді және қос конустық.

Ас үйлік көзе ыдыстарды қалыптау техникасы таспа әдісіне негізделген болуы мүмкін. Бұл жағдай ыдыстардың сынған жерлерінің сипатынан және ыдыстардың ішкі бөлігінде таспалардың түйісу сызығынан көрінеді.



21-сурет. Жанкент қаласынан табылған асүйлік көзелер

Ас үйлік көзелердің сыртын өңдеудің негізгі әдістеріне ою-өрнек салу және ыдыстың бетін қосымша саз балшықпен көмкеру болып табылады. Ыдыс-аяқтардағы ою-өрнектер эстетикалық қызмет атқарады, сонымен бірге оюлар ыдыс-аяқ категориясымен және ыдыстың пішінімен байланысты болып отырған. Ал ыдыстың

сыртқы бетіне жағылған саз балшық эстетикалық қызметпен қоса технологиялық қызмет те атқарған.

Ас үйлік көзелердің ерекшеліктеріне тән сәндік аймақтары бар: олар ернеу және бүйірдің жоғарғы 2/3 бөлігі. Көптеген көзелерде мойыннан бүйіріне өту сызығы, төменгі бөліктері және түбі өрнектелмеген күйде қала береді. Ыдыстардың бүйірі мен түбіне саз балшық жағылған. Ыдыстардың саз балшық жағылған ернеулері ою-өрнекпен безендірілмейді немесе көлбеу сызықтармен өрнектелген. Тек ернеуі ою-өрнекпен өрнектелген, ал қалған беті сәл жылтыратылған ыдыстар кездеседі. Ас үйлік көзелер сынықтарынан қою сұр түсті, кей жағдайда кірпіш-қызыл реңктерді байқауға болады. Бұл сапасыз ашық от үстінде күйдірудің нәтижесі болып табылады (Тәжекеев, 2011: 30-32).

Шардара. Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан Шардара, Арыс аудандарының территориясында орналасқан ортағасырлық қалажұрттар мен ондағы жүргізілген зерттеулерге назар аударатын болсақ, Шардара, Сүткент, Байырқұм және Мыңтөбе обалы қорымы туралы мәлімет географ А.П. Федченконың 1884 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы суландыру жүйесіне жүргізген зерттеулерінде аталып өтеді (Агеева, 1958: 10-12).

Шардара ауылының оңтүстік шетінде, Сырдың сол жағалауында орналасқан Шардара қалажұртын (22-сурет) 1950 жылы А.Н. Бернштам, 1958 жылы Е.И. Агеева, Г.И. Пацевичтердің жетекшілігімен ОҚОАЭ-сы ашып зерттеген болатын.

Қала құрылысы ортағасырлық қалалар тәрізді цитадел, шахристан және рабат бөліктерінен тұрады. Қаланың рабады шағын, солтүстік және солтүстік-батыс бөлігінде ғана орналасқан. Формасы төрткүл тәрізді сопақша, көлемі 120х140 м етіп салынған қала шахристанын ені 14 м келетін ор қоршап жатыр. Шахристанның сақталған биіктігі 4,5–5 м шамасында. Ішкі қамал орны шахристанның ортасында домалақ төбе күйінде сақталған.

Қорған-қабырғалары үлкен мұнаралармен бекітілген ішкі қамалға төрт қақпа арқылы кіретін болған. Қазіргі таңда Шардара атауының шығу тарихы жайында көптеген пікір қалыптасып отыр.

Көне грек тіліне сүйенетін болсақ «Дора» сөзінің мағынасы сыйлықты білдірсе керек.



22-сурет. Шардара қалажұртының көрінісі

Түрік, тәжік және ауған тілінен де Дерек – Дара сөздерін кездестіруге болады. Парсы, түрік, тәжік тілдерінде Дерек (дара) сөзі сай, жар, тау өзені мағынасын берсе, ауған тілінде де дара – сай, жыра мағынасын береді екен (Бияров, 2012: 66). Бұлардың қатарында парсы тілінен енген «төрт қаппа» мағынасын беретін Шардара атауы жақын болар деп жорамалдап отырмыз. Бір кездері Хиуа мен Бұқараға сапар шеккен керуеннің жолында орналасқан Шардара қалажұрты ірі сауда орталығы болған деген тұжырым жасалуда. Бұл жерде қаланың құрылымына назар аударған және осы арқылы қала атауының тура мағынасын тапқан дұрыс сияқты.

Шардара қаласының солтүстік шетінде, Сырдың оң жағалауында орналасқан Жаушықұм қалажұртын 1958 жылы А.Г. Максимова басқарған ОҚОАЭ-сы ашып зерттеген болатын. 1959

жылы Шардара су қоймасының құрылыс жұмысына байланысты Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты жанынан Шардара экспедициясы құрылып, 1959-1963 жылдары аралығында Е.И. Пацевич бастаған экспедиция археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген болатын (Максимова, 1968: 173).

Қарашық. Ортағасырда Сырдарияның орта ағысындағы жерлерде бірнеше округтер мен оларды басқаратын саяси орталықтары болған. Оғыз мемлекеті кезінде сондай округтердің бірі Түркістан, жазба деректерде бұл округ пен оның саяси орталығы Шавғар қаласы туралы көп қамтылған. Оғыз мемлекеті құрылғанда округтың саяси орталығы Шавғар емес Қарашық (Каражук) қаласы болған. Ортағасырлық деректерде Қарашық қаласы туралы деректер көп кездеспейді, тек М. Қашқаридың еңбегінде ғана «Каражук Фараб атауы оғыз қалаларының бірі» екендігі келтірілген (Сералы, 2020: 58). Шамасы түрлі саяси жағдайларға байланысты Фараб округінің аумағы (шекарасы) өзгеріп отырған, М. Қашқаридың жазбасына қарағанда Түркістан өлкісі Фараб округінің аумағына кіргендігі сөзсіз.

XI ғасырда Сырдария өзенінің солтүстік-шығысында жатқан тау жоталары Қарашық атауымен аталған және оғыз тайпаларының негізгі шоғырланған жері Сырдарияның орта ағысындағы жерлер мен Сығанақ қаласының маңы болған. Қарашық Қаратау жотасының ежелгі атауының бірі, осы жерден түркімен-сұлжуктері Хорезім жеріне қарай ойысқан, Қарашық және Сығанақ жері түркімен сұлжіктерінің негізгі отаны ретінде аталады (Сералы, 2020: 59).

Ортағасырлық деректердің аздығынан Қарашық қалажұртының орны ұзақ уақытқа дейін нақтыланбай келді. Көптеген зерттеушілер қала орнын Түркістан қаласының оңтүстік-шығысында 8 км қашықтықта орналасқан Шойтөбе (Шавғар) ескерткіші деп келген. Соңғы археологиялық зерттеулер барысында Қарашық қалажұрты Түркістан қаласының солтүстігінде 6 км қашықтықтағы Қарашық өзенінің оң

жағалауында орналасқан Төрткүл I ескерткішінің орны екендігі нақтыланды (Байпаков, 2007: 56-57).

К.Миллер, А.Герман, Х.Хасанов, Т.Чороев сияқты ғалымдар «Қарачук» сөзінің «Қаратау» деген мағына беретіндігін айтады. Ал Молла Мұхаммед Садық Сапарбекұлының «Түркістан баяны» атты қолжазбасында Қожа Ахмет Яссауидің «Қырық қақпалы Қарашық Азим қаласына келгендігі» жазылады. Бұдан араб-парсы жазба деректеріндегі «Шабғар» қаласының түрікше аты Қарашық екенін көруге болады. «Шабғар» сөзінің мағынасына байланысты В.Шуховцовтың пікірінің дұрыстығын деректер де айғақтап отыр. Бұл жерде қытай жазбаларындағы «Шы-мен» мағынасының байланысы бар екенін көруге болады. Осыған байланысты мынадай тізбек құруға болады: «Шы-Шавгар-Қарачук-Қарашық».

Ел аузында сақталған аңызға қарағанда «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деп жергілікті халық Түркістанды екінші Меккеге балаған. Оның қасиетті қалаға айналуын осында жерленген Қожа Ахмет Ясауидің кесенесімен байланыстырады. Алайда кейінгі зерттеулерде Түркістан маңындағы Қарашық қаласының ежелгі қаңлы тайпалары кезінде құрбандық шалатын киелі орны болғандығы туралы да айтыла бастады (Әбжет 2023: 190).

Ясауитанушы З. Жандарбек былай дейді: «Екіншіден, Қарашұқ қаласында ғибадатхананың болуы, оған Кангюй халқының әрбір құрбандық шалған сайын мың қой сойып, құрбандық шалуы, әскери жорыққа шығар алдында мұнда келіп, тізе бүгуі, көне тарихта жазылып қалған болса, онда Түркістанның екінші Мекке атануы Қожа Ахмет Ясауи атымен ғана байланысты еместігін, бұл жердің көне дәуірден киелі мекен болғандығын білдіреді. Қожа Ахмет Ясауидің өзі бұл жердің киелі мекен екендігін сезген сияқты. Әйтпесе, сол дәуірдегі ірі саяси және экономикалық орталықтар болған Отырар, Сайрам, Тараз сияқты қалаларға тоқтамай көне Қарашұқ қаласына келуі көп нәрсені аңғартады» (Жандарбек, 2020: 17).

Қазақстан тарихы кітабындағы Ұлы Жібек жолының Ортағасырлардағы Қазақстандағы байланысына қарағанда

Қарашық қаласы өте жақсы сауда қаласы болғандығын көреміз. Сол кітаптағы картаға қарағанда Қарашық қаласы ортағасырлық дамыған қалалардың бірі және басқа қалалардан келген тауарлар осы қалада жақсы өткенін білеміз. Жібек жолының бойындағы аты шыққан қалалардың бірі Испиджап қаласы сол қаладан бұл жол қазіргі қала Шымкентке келген, бұл қаладан өтіп Отырарға ұласқан. Отырар қаласынан кейін Қарашық «Төрткүл төбе» қаласына келген жол бар. Қарашық қаласынан кейін Қарнақ қаласына кеткен жол бар, тағы бір жол Сауран қаласына өткен жол бар. Қарашық қалашығы 3 жолды біріктіріп тұрғандықтан орталық сауда қаласы деп есептеуге әбден болады.

Қорытындылай келе, Сырдария бойын жағалай орналасқан Испиджаб, Сығанақ, Отырар, Сауран, Түркістан, Кедер, Жент, Сүткент, Қарнақ, Шардара, Жанакент және Қарашық қалалары Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі орталықтардың бірі ретінде танылған орындар екені айғақталды.

Жібек жолы қазақ жеріндегі бөлігінің халықаралық саудада маңызы зор еді. Ұлы Жібек жолы сауданың дамуына, көптеген қалалардың пайда болуына, өркендеуіне жол ашты. Бұл жол мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарды. Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір саналды.

Жол бағыттарында қалалар мен тұрақтар, сауда орталықтары ғана емес, ғылым мен мәдениет ошақтары да орналасты. Жібек жолы бойымен діни наным-сенімдер, тауарлар және олардың өндірілуі туралы ақпарат, атап айтқанда, жібек, түрлі түсті шыны, қағаз, оқ-дәрі т.б. дайындау тәсілдері таралды.

Жібек жолымен қытайлықтар бүкіл әлемге өздерінің ойлап тапқан жаңалығы – қағазды таратты. Қағаз өндірісі Қытайдан Орталық Азияға келді. Ол жерден қағаз Батысқа тарап, бұрынғы жазу материалы пергамент пен папирусты ығыстырып шығарды. Адамдар мен идеялардың еркін қозғалыста болуы аса көрнекті энциклопедияшы ғалымдар, ақындар мен философтар және олардың мектептерінің пайда болуына ықпал етті. Әбу Райхан әл-Бируни мен Ибн Синаның (Авиценна) еңбектері бүкіл Шығыс

әлемі және Батыс Еуропа медицинасына зор әсер етті. Қытай мен Үндістанға теңіз жолы ашылмас бұрын Ұлы Жібек жолы Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу арқылы бүкіл Еуропаға өтіп, XV ғасырға дейін жұмыс істеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде Сырдария бойындағы ортағасырлық ірі қалалардың көне этимологиялық атаулары зерттеліп, ескерткіштердің тарихи кезеңдер бойынша атаулары анықталды. Сонымен қатар, ортағасырлық жазба дереккөздерін, өлкетанушылар мен археологтардың зерттеулерімен салыстыра отырып, ескерткіштердің тарихи маңыздылығы және архитектуралық ерекшеліктері анықталды.

3-тарау. Ұлы Жібек жолының Орталық Азиядағы сілемі

Географиялық атаулар көне заманнан бері адамзат тарихында маңызды орын алады. Олар көптеген ғасырлар бойы, көбінесе мыңжылдықтар бойы сақталады және оларды жасағандардан ғана емес, сонымен бірге олар пайда болған тілден де ұзақ ғұмыр кешеді. Сондықтан олар өткеннің ең құнды куәгерлері ретінде қызмет етеді. Адам географиялық атауларды сонау тарихтың ең көне дәуірінде бір жерді екінші жерден ажырату қажеттілігіне байланысты жасаған. Алғашқы адамдардың сөздік қоры өте шектеулі болғандықтан, атауларды қосуда да шектеулер болды. Сол себепті, көп жағдайда, өзен, көл атауларына «су», төбе, қырат атауларына «тау» сөздері қосылып жатты.

Қоғам дамуының алғашқы кезеңінен бастап адамның өзінен бастап табиғат нысандарына дейінгі әрбір заттың дерлік өз атауы бар. Сондықтан көне атаулардың кімнің, қай тілде жасалғаны белгісіз болғандықтан, өз бетінше дамыған сияқты. Тарихтың ең көне кезеңінің өзінде адамдар айналасындағы заттарды атай бастады, бұл адам танымының өсуімен байланысты болды.

Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп

өтіп, ерте дүние мен орта ғасыр дәуірінде сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ үзігі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті. Байланыс кезінде олардың араларында жасалған саудада қымбат бағалы жібектің жүргендігі сөзсіз. Қытай деректері бойынша, VI ғасырда Батыс Түрік қағанының және нөкелерінің жібек шапан кигендері белгілі. VI ғасырда жібектің бүкіл Еуразияға әйгілі болған кезеңі. Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып тарихқа енді.

Ұлы Жібек жолы – Еуразия құрлығының басым бөлігін басып өтіп, Батыс пен Шығыс елдерін байланыстыратын керуен сауда жолдарының жүйесі. Ол 17 ғасырдан астам уақыт, яғни б.з.б. II ғасырдан бері өмір сүрді. XV ғасырға дейін оның бүкіл тармақтары 7000 шақырымға созылып, сол кездегі ең ұлы өркениеттер – Қытай, Үндістан, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Еуропа халықтарын байланыстыратын шын мәнінде алып жол болды.

«Ұлы Жібек жолы» атауының символдық мәні бар. Ежелгі заманнан бері қытай жібегінің даңқы бүкіл континентке тарады және көптеген халықтар осы бірегей өнімді сатып алғысы келді. Бірақ Қытайдан келген жібек Жібек жолындағы жалғыз құнды тауар емес еді. Ираннан күміс бұйымдар, Орталық Азиядан жылқы мен жүн кілемдер, Үндістаннан дәмдеуіштер мен асыл тастар, Еуропадан былғары мен аң терісі үлкен сұранысқа ие болды. Керуен негізінен шығыстан батысқа қарай жылжыды.

Ұлы Жібек жолының орасан зор маңызы елдер мен халықтар арасындағы сауда қатынастарын қалыптастыруда ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынастарды дамытуда, технологияны жетілдіруде және рухани алмасуда екенін атап өткен жөн. Ұлы Жібек жолы арқылы байланысқан елдер белгілі бір тауарларды өндіруде бір-бірінің дағдыларын меңгеріп, жаңа тілдермен, мәдениеттермен және діндермен танысты.

Орталық Азия (23-сурет) – Еуразиядағы тарихи-географиялық аймақ. Орталық Азияның неғұрлым жалпы тарихи-географиялық аймағынан айырмашылығы, бүгінде Орталық Азия Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстанды қамтиды.



23-сурет. Орталық Азия аймағы

Қытай мен Орталық Азия арасындағы алмасу туралы мәліметтер негізінен I ғасырдан бастап қытай жылнамаларында кездеседі. Алғашқы деректер Орталық Азия аймағы елдерінен император сарайына жіберілген сыйлықтар туралы айтады. Орта Азиялық сыйлықтардың ішінде қытайлықтар «аспан» және «қанатты» деп атаған атақты Давани жылқылары ерекше бағаланды. Қытай нанымдары бойынша, өзінің құдайлығын орнықтыру және өлместікке жету үшін император аспан аттары көмегімен көкке көтерілуі керек болды. Қытайға «аспан» жылқыларын әкелген Чжан Цзянь болды.

Бұл іскер саяхатшы Орта Азиядан жылқы ғана емес, оларға азық – жоңышқа тұқымын да әкелді. Көп ұзамай жоңышқа дақылдары бүкіл Қытайға тарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда байланысы бірте-бірте нығайып келді. Жыл сайын императорлық сот бірнеше жүз күзетшілермен бірге батысқа кем дегенде бес ысапар жіберді. Олар өздерімен бірге жібек пен металдан жасалған бұйымдарды әкеліп, оларды Орталық Азиядан жылқыға, нефритке, маржанға және басқа да тауарларға айырбастады. Қытай өнімдері тек Орталық Азияға ғана арналмаған. Персияда және оның батысындағы мемлекеттерде бірегей жібек маталар айтарлықтай сұранысқа ие болды (Кобзева, 2002: 6-7).

Орталық Азия халықтарының сауда байланыстары б.з.б. III-II мыңжылдықтардан тамыр алады. Қытай жазба деректерінде Үйсін мемлекетінің Қытай өкіметімен қарым-қатынастары жайлы мәліметтер табылған. Байланыс жолдарының бірі – көктас (лазурит) жолы. Көктас (24-сурет) Шығыс елдерінде ертеден асыл тас ретінде жоғары бағаланды. Бадахшан тауынан өндірілген көктас Иранға, Месопотамияға, Сирияға, Египетке және Анатолияға жеткізілді. Бадахшан өңірі Бактрия патшалығының иелігінде болатын. Көктас жолы екі мемлекеттің – Бактрия мен Ассирияның арасындағы сауда байланысы болғанын аңғартады. Б.з.б. I мыңжылдықтың басында көктас Қытайға да тасыла бастаған. Азия елдеріне Соғдыдан сердолик (қызыл, қызыл-сары түсті асыл тас), Хорезмнен көгілдір ақық (бирюза) тасылды.

Нефрит өзге елдерге таратуда делдал ретінде қызмет атқарды. Батыс Ганьсу мен Шығыс Түрістанның көп жерін алып жатты. Нефрит жолы Шығыс Түркістанды Солтүстік Қытаймен жалғастырды. Нефрит Қытайда үлкен сұранысқа ие болды. Мемлекеттік, айырым белгілер жасауда және діни рәсімдерде, тұрмыста кеңінен қолданылды. Дала жолының қызметі б.з.б. I мыңжылдықтың орта шенінде жандана бастаған. Тарихтың атасы Геродоттың (б.з.б. V ғ.) еңбегіде Дала жолы туралы мәліметтер кездеседі Дала жолы Азияны Таулы Алтай және Оңтүстік Сібірмен жалғастырды. Қара теңіз жағалауынан Донға, Оңтүстік Орал

тауларына, ары Ертіс, Алтайға дейін жеткен. Ежелгі дәуірде савроматтар (Оңтүстік Оралда), аргиппейлер қоныстанды. Дала жолымен бағалы металл бұйымдар, парсы кілемдері, мал, аң терілері тасылды. Тауарлар алмасу ежелгі дәуірде стихиялы түрде жүрді; тауарды бір тайпа екінші тайпаға жеткізді, бір аймақтан келесі аймаққа делдалдар арқылы таралды. Жолдардың қалыптасуында тайпалар мен халықтардың миграциясы үлкен рөл атқарды.



24-сурет. Көктас

Ғұндардың тұсында Шығыс Түркістаннан Солтүстік Моңғолияға баратын жол ашылды. Ғұндарға Соғды елінен, Грек-Бактрия және эллиндік Сириядан тауарлар жеткізілді.

Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында Батыстан Шығысқа әйнек бұйымдар әкеліне бастады. Әйнектен жасалған моншақтар сақ қорғандарынан көптеп табылды. Мөлдір әйнектен жасалған моншақтар мен білезіктер Оңтүстік Памир және Тянь-Шань, Алтай өңіріндегі сақ дәуіріндегі молалардан шықты. Әйнек

бұйымдар б.з.б. II мыңжылдықтан бастап Шығыс Жерорта теңізі аймағында өндірілетін.

Жол тораптарының көптеп салынуына Грекия мен Египеттен Орта Азия мен Үндістанға дейін кең-байтақ жерді алып жатқан Ахеменид мемлекеті өзіндік үлес қосқан. Эфестен Суз қаласына дейінгі аралықты жалғаған 2400 шақырымды құрайтын «патша жолы» болды. Ахеменидтік жол тораптарында белгілі қашықтықта байланысшы атты адамдар тұрды, хабарды бірінен біріне айтып, мақсатты жеріне дер кезінде жүргізіп отырған. Байланыс жүйесін ежелгі парсылар «ангариетон» деп атаған.

Батыстан Шығысқа баратын ежелгі сауда жолдарын былайша топтастыруға болады:

- Еуропа мен Азияны жалғастырған құрлықаралық маңызы бар жолдар (мысалы, Ұлы Жібек жолы);
- құрлықтық маңызы бар жолдар, бір құрлықтағы түрлі аймақтарды жалғастырды (мысалы, Бактрия мен Үндістанды);
- аймақтық маңызға ие жолдар (мысалы, Бактрия мен Соғды елін, Бактрия мен Хорезмді жалғастырған жолдар);
- облыстық маңызы бар жолдар. Қала мен қала арасын, белгілі бір тарихи-мәдени аймақтың ішіндегі ірі елді мекендерді жалғап жатты;
- соқпақ жолдар болса, елді мекеннің өз ішінде болатын.

Жолдардың арақашықтығына келсек, құрлықаралық жолдар 10 мың шақырым, құрлықтық – бірнеше мың шақырым, жергілікті – бірнеше ондаған шақырым, соқпақ жолдар бірнеше жүз метрден бірнеше ондаған шақырымға дейін созылды.

Ұлы Жібек жолының бағыттары ауысып тұрғанымен, екі негізгі арнасы – оңтүстік және солтүстік жолды бөлуге болады.

Оңтүстік жол Қытайдан шығып, Орта Азия арқылы Таяу Шығысқа, Солтүстік Үндістанға апаратын. Солтүстік жол Қытайдан Памирге, Арал бойы арқылы өтіп, төменгі Еділге және Қара теңіз бойына апаратын. Оңтүстік және солтүстік жолдың аралығында бірнеше жалғаушы, аралық бағыттар болды. Уақыт өте келе негізгі бағытқа қосылған жолдар тарамдалып, көбейе берді (25-сурет).

Ұлы Жібек жолы қызметінің дамуы әртүрлі елдердің керуен жолдарына бақылау жасауға деген геосаяси қарсыластығына аса тәуелді болды. Ұлы Жібек жолының табысты қызмет етуі үшін халықаралық саяси тұрақтылық қажет болатын.

Ұлы Жібек жолының тарихында бүкіл жолды бір ғана мемлекет бақылаған үш қысқа мерзімді дәуір болды.

- VI ғасырдағы Түрік қағанаты;
- XIII ғасырдағы Шыңғыс хан империясы;
- XIV ғасырдағы Темір империясы.

Ұлы Жібек жолы қызметінің нашарлап кетуі VI ғасырға дейін, Еуразияда қайтадан қуатты державалар қалыптаса бастағанға дейін созылды. 570-600 жылдары Түрік қағанаты Жерорта теңізінен Солтүстік Қытайға дейінгі жерлерді біріктірді. Соның нәтижесінде сауда ісінде көпестер жетекші рөлге ие болды.



25-сурет. Ұлы Жібек жолы бойындағы Орталық Азия

VI-VII ғасырларда Қытайдан батысқа баратын жол жандана түсті. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін. VI-VIII

ғасырларда Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты: Сирия-Иран-Орта Азия-Оңтүстік Қазақстан-Талас аңғары-Шу аңғары-Ыстықкөл ойпаты-Шығыс Түркістан болды

VI ғасырда Қазақстанның батыс бөлігін Қиыр Шығыспен, Амур өзені бойымен «Бұлғын жолы» дейтін жол жалғастырды. VI ғасырда «Жапонияға баратын жол» деп те аталған. Расында жолмен Византиядан, Ираннан, Түрік қағанаттары мен Соғдыдан шыққан керуендер Жапонияға жететін.

VI-VII ғасырларда Ұлы Жібек жолының Оңтүстік немесе Ферғана тармағымен жүрудің қиындап кетуіне байланысты Солтүстік немесе «Түрік жолы» ауыстырды. Ферғана жолымен жүру, біріншіден, жолдың жартысына жуығының асулы, таулы жерлер арқылы етуіне байланысты қиындық тудырса, екінші жағынан, Ферғана өңіріндегі өзара қырқысуларға байланысты қауіпті болды.

Түрік қағанаттарының күшейіп, керуен жолдары бойында қалалар мен қоныстардың күшеюі Ұлы Жібек жолының «Түрік жолы» тармағының басты қатынас жолына айналуына себепкер болды.

VIII ғасырдың екінші жартысында Орталық Азиядағы халықаралық байланыстар жүйесі біршама өзгерді. Тибеттіктер Шығыс Түркістан мен Батыс Қытайға басып кіріп, Ичжоудан Ганьсуға дейінгі Ұлы Жібек жолының басым бөлігіне иелік етті. 30 жылға жуық керуен жолының бөлігі тибеттіктердің бақылауына өтті. Бәйтиннен Баркел көліне дейін, одан солтүстік шығыстағы Ұйғыр қағанатының астанасы Қарабаласағұнға (Харабалғас) дейін апаратын «Ұйғыр жолы» күшейді. «Ұйғыр жолы» Шығыс Түркістанды Солтүстік Моңғолиямен жалғастырды. Ұйғырлар, қытай деректеріне қарағанда, жолды «Цаньтянь қағанның жолы» деп атаған, себебі жолмен қағанға түркі салық апарылған. Тан әулеті кезінде «Ұйғыр жолымен» жібек пен жылқы саудасы белсенді түрде жүрді. «Ұйғыр жолымен» Шығыс пен Батысты жалғастырған басты керуен жолы ретінде ұзақ уақыт қызмет етті. XIII-XIV ғасырларда жол Моңғол империясының астанасы – Қарақорымды өзге елдермен жалғастырған күретамырға айналды.

IX ғасырда Қырғыз қағанаты күшейіп, қырғыздар Орталық Азиядағы басты әскери және саяси күшке айналады. Шығыс Түркістанның солтүстік аймағынан Оңтүстік Сібірге баратын «Қырғыз жолы» жандана бастайды. Тұрфаннан Жоңғария арқылы Моңғол Алтайына, Саяннан Минусинск ойпатына, қырғыз қағанының ордасына апаратын «Қырғыз жолы» арқылы Қытаймен және басқа көрші елдермен сауда-саттық қарым-қатынастар жүрді. «Қырғыз жолы» Қырғыз қағанаты әлсіреген кезде өз жұмысын тоқтатқан болатын.

Ұлы Жібек жолына тармақ болып қосылатын жолдың бірі «Алтын жолы» және «Күміс жолы». «Алтын жолы» Ферғана, Ыстықкөл арқылы өтіп, Сібірге бастайтын, «Күміс жолымен» орталықазиялық күмістерді керуендер күмісі аз елдерге Киев Русі мен Еуропа елдеріне қарай апаратын.

Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығысты ғана емес, сонымен бірге «үш Шығысты»; Үндіні, Қытайды, Араб халифатын да байланыстырған. Мысалы үндінің *синапатто* – «қытай жібегі» деген сөзі куә, осы жөнінде деректер б.д.д. IV ғасырда жазалған «Артхашастра» (Саясат ғылымы) трактатында кездеседі.

VII ғасырда кейін теңіз қатынас-тасымалы дамығандықтан, «Жібек жолы» біртіндеп екінші орынға түсті, XIII ғасырға дейін шығыс пен батыс қатынасының маңызды жолы болды.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің элитасына отырықшы империялардағы билеуші топтармен қатар, Іле, Шу, Талас және Сырдария алқаптарында қала орталықтары, дихандардың алғашқы тектері орналасқан елді мекендердегі көшпелі-отырықшылардың тұлғалары да жатты. Көпшілі халық туралы деректер қазір Тянь-Шань тауы етегінен, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы алқаптардан ашылып отыр. Ислам Ренессансы өкілдерімен қатар, қолдары алтын зергерлер мен құмырашыларды, әскербасыларды, діни қайраткерлерді айтсақ та жеткілікті.

Ұлы Жібек жолы жанданып, Орталық Азия қалаларындағы жоғары мәдениеттің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бастапқы кезеңінде, I мыңжылдықтың

алғашқы жартысында, Орталық Азияда он шақты қалалардың ғана аттары аталса, Тан империясы мен Ислам Ренессансы уақытында, VIII-XII ғасырларда өңірде болған саяхатшылар жүздеген мәдениет орталықтары туралы дерек береді, мысалы Сюань Цзян Жетісудың өзінде осындай ондаған қалалар бар екені жөнінде хабарлайды. Марко Поло, Ұлы Жібек жолы әрекет етіп тұрғанда Орталық Азияда болған сирек саяхатшының бірі, моңғолдар шапқыншылығынан кейін қалалық мәдениет күйдіруге жеткізгеннен кейін, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Ұлы Жібек жолынан керуен арылған жоқ дейді.

Ұлы Жібек жолының ерекшелігі оның орталықтарының басымдық таныта алмауында болды. Оның үстіне ол кезде мәдени артерияны бақылаушы түркілерде жалғыз үстемдік етуші жүйе әлі қалыптаспады.

Ұлы Жібек жолы халықтардың достығы мен ынтымағының жарасымдылығы деп түсінген жөн. Оның қызметінің тарихынан тағылым ала отырып, бүгіндері жаңа мыңжылдықтың жолына түсе отырып, адамзат баласы қауіпсіздікке, тұрақтылыққа және дамуың беріктігіне ұмтылуда.

Ұлы Жібек жолы бүкіл әлемге танымал жол болатын. Батыс пен Шығысты, бітімгерлік пен ынтымақтастыққа ұмтылған халықтарды өзара байланыстырған бұл жол мәдени-экономикалық көпір іспетті еді (Сапарбаева, 2013: 1).

3.1 Өзбекстан Ұлы Жібек жолы бойында

Ферғана мен Бұхара ежелгі және орта ғасырларда халықаралық сауданың ірі орталықтары болды. Сауда-экономикалық және мәдени қатынастарда олар Үргеншімен, Самарқандпен, Қашқармен және сол кездегі басқа да танымал қалалармен сәтті бәсекелесе алды.

Ауыл шаруашылығы, тау-кен, қолөнер т.б. дамуы және қалалардың өсуі ішкі және халықаралық сауданың жандануына әкелді. Бұхара мен Даван (кейінірек Ферғана) тұрғындары қолөнерде қабілеттерімен ерекшеленді. Қытайдың ресми тарихы

сол жерден керемет өнер туындылары пайда болатынын хабарлады. Осыған байланысты Ұлы Жібек жолының Бұхара-Ферғана сегментінде ғана емес, сонымен қатар осы бірегей сауда магистралінің бүкіл бойында сауда үдерістерінде үнемі пайда болған тауарлардың екі түрін ерекше атап өтуге болады: бұл Бұхарадан шыққан керемет «занданачи» матасы және Ферғанадан келген жылқылар.

Сауда керуендері әрдайым Жібек жолының Ферғана сегментімен жүрді. 627-647 жылдар аралығында Зарафшан алқабынан Қытайға оннан астам сауда керуені жіберілді. Қағанатта біртұтас орталықтандырылған билік болмаса да, өздерінің тәуелсіз билеушілері басқаратын бірқатар салалардың билеушілері сауда саласында күш біріктірді.

Түркі қағанатында сауда Бұхара оазисі мен Ферғана алқабы тұрғындарының маңызды кәсіптерінің бірін құрады. VI ғасырдан бастап, сауда жолдары оңтүстіктен солтүстікке қарай жылжыған кезде, Ұлы Жібек жолының осы бөлігіндегі керуен саудасының қарқындылығы айтарлықтай артып келді. Осы кезеңде түркі қағанатының жақын және алыс елдермен сауда байланыстарының аумақтық ауқымы, жергілікті билеушінің Қытай императорына берген сыйлықтарының ұзақ тізімінен басқа, VII ғасырдың бірінші жартысында Батыс Түркі қағанатынан Қытайға тоғыз сауда елшілігінің келуімен куәландырылады.

Арабтардың жаулап алу дәуіріне қарай Орта Азия салыстырмалы түрде шағын аудандарға бөлінді. Олар Соғды, Бұхара, Ферғана, Термез, Уструшана болды. Арабтардың жаулап алуы аймақтағы сауда-экономикалық байланыстардың сипатын өзгертті.

VIII ғасырда екі сауда бағыты қолданылды. Біреуі Шығыс Түркістаннан Жоңғария арқылы Хакасияға апарды, кейбір дереккөздерде оны «Қырғыз жолы» деп атайды. Екіншісі – Турфаннан Моңғолияның солтүстігіне дейінгі «Ұйғыр жолы». Археологтар Қашқардан келесі бағыт бойынша өтетін сауда жолының жанданғанын көрсететін көптеген ескерткіштер мен

айғақтар көрсетеді: Ош-Мингтепа-Құба-Ферғана-Ходжент-Самарқанд-Бұхара.

Ферғана. Ферғана (26-сурет) деректерде «Түркістанның қақпасы» деп аталады (Hudud al-'Alam, 1970: 115). Қытай деректерінде Ферғана алқабының шығыс бөлігінде орналасқан Хюсюнь қаласы туралы айтылады. Ол үйсін этнонимімен байланысты деген болжам бар (Өмірзақов, 1978: 54). Қытай деректерінде Ферғана мемлекеті деп аталатын Даван атауы ұйғырдың «үлкен өзен аңғары» дегенді білдіретін давен сөзінен шыққан (Абдулхамидов, 1968: 43). Ферғана мен Шығыс Түркістан арасындағы бірден-бір ыңғайлы қатынас болып табылатын биік таулы Терек-Даван асуының түркі атауынан шығуы да мүмкін (Статистикалық шолу, 1901: 55). Құшан текті әулеттен шыққан Ферғананың жергілікті билеушісі өмір сүрген VII ғасырда болған Хумын қаласының атауы «уголь» мағынасын беретін «көмір» түркі сөзі ретінде реконструкцияланады (ДТС, 1969: 314; Бернштам, 1952: 232).

Ферғананың көне тарихының көрнекті зерттеушісі – Н.Г. Горбунова. Оның Ферғана аумағындағы ежелгі малшылардың қозғалысы мәселелерін, Ұлы Жібек жолы бағыттарының қалыптасу мәселелерін зерттеуге, сондай-ақ Ферғана туралы ежелгі авторлардан мәліметтер жинауға сіңірген еңбегі зор (Горбунова, 1990: 33-35.).

Ферғана алқабының ортағасырлық топонимиясында түркі немесе гибриді жер атаулары басым, бұл оның сол кездегі халқының құрамын көрсетеді. Айталық, Ферғананың бас қаласының аты Ахсикат (al-Istakhri, 1967: 335, 346; Hudud al-'Alam, 1970: 116) немесе Ахшикат (Ibn Naukal, 1967: 482, 463) (әл-Балазуриде – Хшикат (әл-Балазури, 1987: 28), соғды құжаттарында – 'usykanḏh, 'usykt (СДГМ III, 1963: 101-102)) түркілік «ақ» және соғдылық «кат» сөздерінің бірігуінен шыққан, сәйкесінше «ақ қала» деген мағынаны білдіреді деген этимологиялық нұсқа бар (СДГМ III, 1963: 101; Қораев, 1978: 30). Тиындарда оның атауы Ахши түрінде де берілген (al-Zauyat, 1981: 293). Қаланың аты Нарын өзенінің ортағасырлық атауы Ақсу өзенінің атымен қойылуы

мүмкін деген болжам бар (Асқаров, 2004: 26). Кейбір деректерде Хасакат (Ахсикат) түркілер еліндегі ең үлкен қала деп аталады (al-Zauyat, 1981: 293). Орта ғасырларда Ферғанада Кука́т қаласы бар болған (Hudud al-'Alam, 1970: 116), оның атауы түркілердің «көк» сөзінен шыққан болуы мүмкін (Lurje, 2003: 196).




26-сурет. Ежелгі Ферғана қазіргі кезде

Орта ғасырларда Ферғана жерінде соғды, иран, араб тілдерінен және шығу тегі белгісіз топонимдермен қатар түркітөктес Құба (Гусейнзаде, 1971: 118-123), Ош (Уш) (al-Istakhri, 1967: 333, 335, 347) және Кучкарбаши (Гардизи, 1991: 84), Авал (Hudud al-'Alam, 1970: 116) және басқа атаулар кездеседі. «Хуртегин қаласы» (Ибн Хордадбех, 1986: 65) ретінде де айтылатын, Йузканд (Сиасет-намэ, 1949: 135, 155) тұлғасында қолданылған Үзкент (Узганд) қаласының атауы көне түркі тіліндегі уз (аңғар, асу) сөзімен (Lurie, 2004: 103) немесе уз (йуз) этнонимімен байланысты. Хуваканд қаласының атауы түркі тіліндегі «хур» (қазіргі қазақ тілінде «өр» – авт.) сөзі мен -канд компонентінен

тұрады және «өрдегі қала» деген мағынаны білдіреді (Бабабеков, 1987: 102-103). Түркілермен шекаралас Бисканд қаласының атауы соғды тіліндегі руш (артында) немесе түркі тіліндегі беş (бес) сөзінен шығуы мүмкін (al-Istakhri, 1967: 286). Буканд (Йуканд) (al-Moqaddasi, 1967: 262) қаласының атауы түркі тіліндегі bök (қоршау) немесе jog (биік жер) сөзінен шыққан деген пікір бар (Lurje, 2003: 198-199).

Бұхара. Әлемнің әртүрлі мұражай коллекцияларында Бұхарадан (27-сурет) 30 шақырым жерде орналасқан Зандани ауылында өндірілген «занданачи» жібек матасының үлгісін кездестіруге болады және оның керемет қасиеттерінің арқасында шығыс және батыс елдерінің тұрғындары арасында үлкен жетістікке жетті.



27-сурет. Бұхара – Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қала

Сыртқы киім осы жолақты матадан жасалған. Занданачи Үндістанға, Иранға, Египетке, Византияға экспортталды. Бұхарада ежелгі уақытта Арқа қақпасының жанында жібек жамылғылары

жасалған бұхаралықтардың ірі тоқу шеберханалары болған. Мұнда заңданачилар да шығарылды. Ферғананың шалғай аудандарынан көпестер адам көп жиналатын базарларға жиналды. Араб және қытай тарихшылары Бұхара қалаларының экономикалық өсуіндегі халықаралық сауданың маңызды рөлін бірауыздан атап өтті. Ірі сауда-өткізу пункті Ош болды. Олар сондай-ақ Қытайдың сол кездегі қала тұрғындарының өміріне мәдени ықпалының маңыздылығын атап көрсетеді. Негізгі тауар – жібекпен қатар Қытайдан Орта Азияға қола айналар, лак бұйымдары, қағаз әкелінді. Жүн маталар, кілемдер, асыл тастар, дәрі-дәрмектер, асыл тұқымды жылқылар Орталық Азиядан Қытайға экспортталды. Осылайша, Бұхара мен Ферғана Самарқандпен, Ұлы Жібек жолының маңызды аймағы Хиуамен бірге ғасырлар бойы әр түрлі тілдер, діндер, көркем мәдениет өкілдері кездесіп, тұрақты сауда алмасуы жүргізілген ауыстырып тиеу пункті болды. Мұның бәрі қалалар мен олардың айналасын дамытуға негіз болды, бұл құбылыстардың синтезі XVI-XVII ғасырлардан бастап жаңа саяси және экономикалық салмаққа ие болған Бұхара мен Ферғананың ерекше және қайталанбас өмірі болды (Касимов, 2023: 1).

Орталық Азияда әлі күнге дейін шығу тегі белгісіз көне топонимдер көп. Олардың қатарында облыстағы ең ірі қалалардың бірі Бұхараның аты да бар. Бұл топоним алғаш рет Бұхараның соғды жазулары бар ең ерте мыс теңгелерінде (IV–V ғ.) (Наймарк, 1995: 37) Пугар (pwγ'r) немесе Пухар (pwx'r) түрінде айтылған (Смирнова, 1982: 143), ал хорезмдік жазулары бар тиындарда (VI ғ.) Пукар (pqr) түріндегі тіркелген (Мухаммади, 2000: 91). Соғды деректерінде (VIII ғ. басы–IX ғ.) Pugar (pwγ'r) және Puhar (pwx'r) тұлғары да кездеседі (СДГМ II, 1962: 182; Henning, 1940: 10), ал Күлтегін жазбасында (VIII ғ. басы) – Бұқар (buqar) деп беріледі (Малов, 1951: 19-20).

Бұл атау «шіркеу | монастырь» дегенді білдіретін санскрит тіліндегі vihara сөзінен шыққан деп топшыланған (Frye, 1956: 106-119). Алайда соғды тілінің нормалары бойынша бұл атауды соғды тілінде βṛx'r сөзі қолданылған vihara сөзінен жасалуы мүмкін емес

еді (Lurie, 2004: 20). Парсы тілінде бұл сөз «фархар» (Баевский, 1980: 88) немесе «бихар» (Hudud al-'Alam, 1970: 108), ал араб тілінде әл-бахар (немесе әл-бухар) түрінде беріледі (al-Khowarezmi, 1968: 34). Демек, *rwḫ'r* емлесі *buxar* (*buḡar*, *buqar*) немесе соғдылық емес (Tremblay, 2004: 122), мүмкін эфталит текті сөздің негізінде жасалған *riḡar* (*puḡar*, *puqar*), тәрізді дыбысталған атауды береді, (Лившиц, 1954: 155, 157). Енисей тілдерінде (ханты) «арал» дегенді білдіретін *puḡar* (*puḡyr*) сөзі бар (Мурзаев, 1984: 470). Осыған байланысты кейбір дереккөздердің деректері қызығушылық тудырады. Жувайнидің пікірінше, Бұхара атауының негізінде жатқан *buḡar* сөзі мугом тілінде (*ba-lug'at-i muḡan*) «ғылым жинағы» (*majma'-i'ilm*) деген мағынаны білдіреді. Пұтқа табынушылардың (*ba-lug'at-i but-parastan*), ұйғыр және қытайлардың тілдерінде олардың пұттары орналасқан ғибадатханаларды (*ma'abid ishan ke mawzi'-i butan*) атау үшін қолданылған. Сондықтан бұл қала Бұхара, ертеде Бунжикат деп аталды (Бартольд, 1963: 214). Көне ұйғыр тілінде *buḡar* сөзі «ғибадатхана», «құлшылық үйі» деген мағынаны білдірген (Будагов I, 1869: 285). Махмұд Қашғари Бұхара қаласының бұлай аталу себебі онда пұтқа табынушылар ғибадатханасы болғанынан деп атап өтеді (Kaşgarli, 1915: 111). Бұл деректерден Бұхара қаласының атауы санскрит тіліндегі *viḥara* (буддалық ғибадатхана) сөзінің соғды емес, түркі (ұйғыр) тілінен *buxar* (*buxar*) сөзі ретінде берілуі арқылы жасалуы мүмкін екендігі шығады.

Хорезм. Бұрындары қазіргі Қазақстан, Түркіменстан және Өзбекстан территорияларында орналасқан Хорезм (28-сурет) одан өткен Жібек жолының арқасында өзара қарым-қатынасқа толы болды. Содан кейін Хорезмнің ежелгі қалалары негізгі сауда жолдарының бөлігі ретінде маңызды рөл атқарды. Хорезмнің негізгі қалалары Кас (Кат) және Гурганж «Гуз Түркістанның қақпасы» деп аталады (Hudud al-'Alam, 1970: 121-122). Хорезм топонимінің этимологиясына қатысты (дереккөздерде *Khwarazm* немесе *Khwarizm*) оның шығу тегін ежелгі ирандық негізден бастау алатыны жайлы пікір айтылды (Толстов, 1948: 74-75). Харазм атауы

Шығыс Оралдың самодий тілдерінен «жартасты» деген мағынаны білдіреді деген пайым да бар (Яйленко, 1988: 133).



28-сурет. Хорезм орны

Бұл сөз түркілік «хуар» мен «ас» түбірлеріне -м бірінші жақ тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы (хуарам) шыққан және «өзен адамдары» деген мағынаны білдіреді деген пікір де кездеседі (Zekiyeu, 2002: 425-432). Хорезм атауын үрүк (түркі) ішіндегі хорзум тайпасының және сарық тайпасына жататын херзем руының атымен де байланыстыруға болады (Еремеев, 1970: 139).

Б.д. III-VIII ғасырларында бұл аймақта көптеген саяси өзгерістер болды. Құшан империясы құлағаннан кейін Эфталит немесе Сасанид сияқты әртүрлі билеушілер арасында қиындықтар туындады. Бұл жағдай XII ғасырдың аяғында арабтар келгенге дейін болды. Бұл себепті де осы саяси-әлеуметтік өзгерістерге жауап ретінде Хорезм қоғамы мен мәдениеті ғасырлар бойы өзінің

сауда жолдарындағы негізгі ұстанымын сақтай отырып, үнемі дамып отырды.

Хорезмдік саудагерлер аймақтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызды рөл атқарды және ерте орта ғасырларда Орталық Азиядағы сауданың өтуі үшін маңызды болды. Таң әулетінің ресми тарихи шежіресі есептелетін «Цзю Тан шу» кітабында қытай авторы өгіз арбамен шалғай аймақтарды аралаған Хорезм саудагерлерінің сапарын суреттейді. Белгілі болғандай, көліктің бұл түрі осы аймаққа тән болған.

Сонымен қатар IV-VIII ғасырлар аралығында Хорезм экономикасы үшін Арал, Солтүстік-Батыс Каспий, Еділ және Жайық өңірлерімен сауда қатынастарының маңызы зор болды. Демек, осы солтүстік аймақтармен сауда-саттық халықтың мәдениетіне де әсер етіп, мысалы, үйлердің интерьерінде немесе керамика пішіндері мен әшекейлерінде көрінді. Хорезмдегі мәдениет дәстүрлі жергілікті ерекшеліктер мен сауда арқылы шетелдіктер енгізген мәдени элементтер арасындағы тарихи және мәдени өзара әрекеттесудің нәтижесі болды.

Саудадан бөлек ғылымның дамуы Хорезм өлкесінде де маңызды рөл атқарды. Атап айтқанда, математика (әсіресе алгебра), география, астрология және астрономия ғылымдары бойынша тамаша еңбектерімен танымал Хиуа қаласынан шыққан Әл-Хорезми (VIII-IX ғ.). Әл-Хорезми Хиуадан Бағдадқа дейін Жібек жолы бойымен саяхаттаған ғалымдардың көрнекті үлгісі болып қала береді. Тағы бір мысал – Хорезм күнтізбесі бойынша мәліметтерді құрастырған Әл-Бируни (973-1048). Ауызша деректерге, көне дәстүрлерге және тарихи әдебиеттерге сүйене отырып, оның «Ежелгі халықтардың хронологиясы» («Китаб әл-аттар әл-бакия») еңбегі бүгінгі күнге дейін көне күнтізбенің ең дәл жазбасы болып қала береді. Әл-Бируни астрология саласындағы еңбегімен де танымал, ол осы салада үлкен жетістіктерге жету үшін ол Жібек жолында бар әртүрлі теорияларды қарастырды.

Түрлі саяси өзгерістерге қарамастан, Хорезм аймағы өзінің ерекше сипатын, болмысын сақтап, дамуын жалғастырды. Дегенмен, мәдени байлық оның дәстүріне сол кездегі Жібек жолы

бойында болған әртүрлі сыртқы көркемдік эволюциялар мен стандарттардан туындайтын басқа әсерлердің интеграциясынан келді (UNESCO).

Чач/Ташкент. Ташкент оазисі, оның ішінде Шыршық өзенінің аңғары мен оған оңтүстіктен іргелес жатқан Ахангаран өзенінің аңғары жазба деректерде Чач деген атпен белгілі. Бұл атау алғаш рет б.з.б. II-I ғ.бірінші жартысына жататын Шымкент маңындағы Күлтөбе қалашығының күйдірілген кірпіштерінде сызылған соғды жазуларында кездеседі (Грене, 2006: 35-36). Зороастр Қағбасына қашалған Сасанид шахы I Шапурдың (б.з. 262 ж.) жеңімпаздық жазбасында Кух-и Чачстан таулары (Чач елінің таулары) атауы кездеседі (Sprengling, 1953: 7; Луконин, 1967: 16). Чач топонимі III-IV ғасырларда Канг билеушісі шығарған теңгелерде, IV ғасырдағы күміс табақтағы жазуда да кездеседі (Rtveladze, 1997: 308–309). Чач топонимі Муғ тауынан табылған соғды құжаттарында және VII-VIII ғасырлардағы түркі-соғды теңгелері деп аталатын аңыздарда да c'cynk – «чачтық» түрінде (Смирнова, 1963: № 747-783), сондай-ақ җаҗ – Чач деп те оқылатын (С.Г.Кляшторный оқылуы бойынша) көне түркі руникалық жазуы бар Канка қалашығынан алынған керамика сынығында да кездеседі (Буряков, 2002: 11). Б.з.б. II ғасырдағы қытай деректерінде оның атауы Ши немесе Чже-ши иероглифімен берілген (Кюнер, 1961: 174). Ислам дәуірінде Чач топонимі Шаш немесе аш-Шаш түрінде қолданылған (Ibn Naukal, 1967: 507-510).

Чач (Шаш) топонимінің этимологиясына қатысты бірнеше көзқарас бар. Кейбір зерттеушілер оның шығу тегін Аши авесталық ұранында («Ард-яшт») айтылған (Авеста, 1990: 119-120) және Месопотамия немесе Ауғанстан Түркістанында орналасқан Чайчақта көлінің атауымен байланыстырады. Сондай-ақ Чайчақта көлі деген бұл Арал көлі деген пікір бар (Ходжаева, 2003: 93-98). Чаечаста (җаеҗаста) атауы об-угор тіліндегі җаҗ сөзінен шыққан, ол «су» дегенді білдіреді (Яйленко, 1988: 133).

Басқа пікір бойынша, Ташкент атауы таз немесе тадж сөзімен байланысты және «таздар, яғни арабтар немесе мұсылмандар қаласы» дегенді білдіреді (Мурзаев, 1957: 254).

Ортағасырлық түркі сөздіктерінде чач (čač) немесе час (čas) сөзі «егін ору» дегенді білдіреді (Умаров, 2005: 29), ал šaš (шаш) – «темір» сөзі. Бұл сөз ұзын ā арқылы – šaš (шаш) «толғанған, абыржыған» дегенді білдіреді (Умаров, 2005: 33). Алайда жоғарыда берілген көзқарастар әлі де салмақты дәлелдерді қажет етеді деп есептейміз.



29-сурет. Шаш тиындары

Сонымен қатар жазба деректерде Чач (Шаш) атауының шығу тегіне қатысты тікелей пайымдар бар. Мәселен, Берунидің пікірінше (XI ғ.), аш-Шаш (түркі тілінде Ташканд деп аталады, «Тас қала» (Беруни, 1976: 576), ал грекше – «Тас мұнара» (Бируни, 1957: 471)) астанасы Бинкат қаласы Шаш деп аталған (Бируни, 1963: 271). Клавдий Птолемейдің еңбегінде берілген 26 географиялық картаның бірінде шын мәнінде Орталық Азиядан Қытайға Іахартес (Сырдария) өзенінің шығысына апаратын сауда жолында орналасқан «Тас қамал» (Terra Lapidea) туралы айтылады (Tabulae Geographicae, 1583: VII). Бұл картада (30-сурет) Ташкент қаласы жазылған деуге негіз бар. Махмұд Қашғари (XI ғ.) бойынша Шаш қаласының шын атауы Таркан (Кошгарий I, 1960: 414) немесе түркі тілінен аударғанда «Тас қала» деген мағынаны білдіретін Ташканд (Кошгарий III, 1963: 164). Е.Чаваннестің көрсетуінше, Чач (Шаш)

атауын білдіретін қытай иероглифі Ши немесе Жеши қытай тілінде «тас» дегенді білдіреді (Chavannes, 1903: 140-142), бұл түрікше Ташканд атауы.



30-сурет. Клавдий Птолемей атласы

Чач атауының қытай деректеріндегі әртүрлі тұлғалары Чач атауының қытай транскрипциясы (Чжэчжи, Чжэчжэ, Чжэши) және калькасы (Ши – «тас») (Chavannes, 1903: 140), ол көне түркі чач/таш – «тас» сөзінен шыққан.

Шаш атауы Чач соғды топонимінің (Кораев, 1991: 11; Мухаммаджонов, 2002: 53) немесе түркілік Таштың (Хасанов, 1965: 38) арабтанған түрі деген пікір бар. Алайда Чач, Шаш атаулары түркі тіліндегі таш сөзінің диалектілік түрі болып табылатынын, онда «т» дауыссызының «ч»-ға, одан кейін «ш»-ға ауысуы орын алатынын дәлелдейтін деректер де бар. Бұл түркі тілдерінде кең таралған (Бобоёров, 2003: 111). Түркі тілдерінде «р» дауыссызының

«ш» дыбысына ауысуы да бар, бұл бір қала атауының Таркан(д) және Ташканд деген екі түрінің сәйкестігін түсіндіре алады. Қаланың екінші атауы Таркан көне түркілердің «салықтардан босатылған» деген мағынаны білдіретін таркан (тарқан, тархан) титулымен байланысты болуы да мүмкін (Мурзаев, 1984: 547).

3.2. Қырғызстан Ұлы Жібек жолында

